Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.21 Қолжазба құқығында

**НУРБЕКОВА САЛТАНАТ МОЛОТОВНА**

# Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту

8D01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі:
Философия докторы (PhD),
қауым. профессор м.а.
Алимбекова А.А.

Шетелдік кеңесшісі:
п.ғ.д., профессор
Козак Л.В.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

## МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**……………………………………………………3
**АНЫҚТАМАЛАР**……………………………………………………………..4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**………………...……………………5
**КІРІСПЕ**…………………………………………………………….........................6
**1 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**
1.1 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың ғылыми аспектілері.........................................................................14
1.2 Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудағы ойын іс-әрекеті...........................................................................................................40
1.3 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары........................73
**2 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**
2.1 Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мазмұны және педагогтің кәсіби бағыттылығы..................................................87
2.2 Заттық – дамытушы ортаның ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудағы рөлі .......................................................100
2.3 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.......................................110
3 **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**
3.1 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың диагностикасы..................................................................122
3.2 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту технологиялары ...................................................................159
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері .....................................169
**ҚОРЫТЫНДЫ**...................................................................................................188
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**...............................................190
**ҚОСЫМША А -** Ойын технологиялары......................................................... 212
**ҚОСЫМША Ә -** Бейімделген бағдарлама.......................................................215
**ҚОСЫМША Б -** Ендіру актілері.......................................................................221

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1 Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

2 Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. (30.12.2022 жылғы №177-VII өзгерістер мен толықтырулар).

3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2020 ж.

4 Педагогтің кәсіби стандарты Жалпы ережелер. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша (19.12.2022 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

5 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.

6 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

7 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 12.08.2016 ж. № 499 бұйрығы (14.10.2022 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

8 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі ҚР Үкіметінің 15.03.2021 ж. № 137 қаулысы.

9 ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы 1-қосымша.

## АНЫҚТАМАЛАР

*Креативтілік* - зерттеу жұмыстарында тез ойлап табу, әрекет нәтижесінде айрықша идея шығару, жаңа дүние жасау, білім мен ғылымның барлық салаларында жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ойлаудың дәстүрлі шеңберінен шығу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу, ұшқыр ойлылық.

*Креативтілік* - тұлғаның ізденіс арқылы алға ұмтылуы мен ерекше ойлай білуінің нәтижесінде жаңалық ашу, жаңа зат ойлап табу немесе мәселені өзгеше шешу әрекеті.

*Әлеует* - ресурстар, мүмкіндіктер, қабілеттіліктің баламасы немесе әртүрлі ресурстарды, мысалы: білім, ақпарат, тәжірибе, уақыт, техникалық және т.б. бірлестікте пайдалану мүмкіндіктері.

*«Әлеует», «әлеуеттілік»* - адамның мүмкіндігі, ішкі күші, іс-әрекетке қабілеттілігі.

*Креативтік әлеует* - ойлау мен іс-әрекеттің қатаң ережелерінен бас тартып, олардың жаңа тәсілдерін табуға мүмкіндік беретін, тұлғаны сапалық жағынан өзгертетін, сырт көзге байқалмайтын адамның ішкі мүмкіндіктерінің жиынтығы.

*Мектепке дейінгі ересек жастағы баланың креативтілік әлеуеті* – оның танымдық үдерістерінің дамуы, жинаған тәжірибесі, білім-дағдыларының негізінде бұрынғыдан жаңашылдығымен, бірегейлігімен ерекшеленетін ой-пікір айтуынан, тиімді шешім, айрықша дүние, заттар ойлап табуынан көрінетін ішкі мүмкіндіктерінің жиынтығы.

*Ойын* - балалардың танымын кеңейтудің, жан-жақты дамытудың, өмірге бейімдеудің және қоршаған ортамен әрекеттесуінің басты құралы.

*Педагогикалық шарттар* - өзара тығыз байланысты, бір-бірін толықтыратын, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мақсатына бағытталған іс-шаралардың жиынтығы.

*Заттық-дамытушы орта* - мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, дербестіктері мен бастамашылдықтарын ескере отырып, физикалық, психикалық, әлеуметтік-мәдени, зияткерлік, эмоционалдық дамуын, танымдық белсенділігінің артуын қамтамасыз ету арқылы олардың креативтік әлеуетінің дамуына ықпал ететін үйлесімді құрылған кешен.

*Алгоритм* - алдын-ала белгілі нәтиже бағытталған нақты іс – әрекеттердің реттік тізбегі.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
МЖМББС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
МДҰ – Мектепке дейінгі ұйым
МКҚК – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын
ӨТШТ – өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы
МУҚ – мөлшер, уақыт, құн
КАМ – кішкентай адамдармен модельдеу
ЭТ- эксперименттік топ
БТ- бақылау тобы
ҚЭД-қалыптастырушы экспериментке дейінгі
ҚЭК- қалыптастырушы эксперименттен кейінгі

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазіргі қоғамда әлемге сыни және шығармашылық көзқарасы бар, ерекше идеяларды шығара алатын, туындаған қиын жағдайлардан шығу жолын тауып, жетістіктерге жете алатын креативті тұлға ерекше бағаланады. Қоғамда болып жатқан инновациялық туындыларда креативті тұлғалардың іс-әрекеті негізінде жүзеге асып жатыр деуімізге болады. Кез келген инновацияны жасайтын креативтік әлеуеті дамыған тұлға.

Президент Қ.К.Тоқаев «.....Әлемнің жетекші мектептері толығымен балалардың креативтік әлеуетін дамытумен айналысуда, олар цифрлық технологиялар мен нақты ғылымдарды оқытады. Педагогтер оқыту әдістерін ойын форматына қарай өзгертуде, олар үнемі ізденіс үстінде...» - деп атап көрсетті [1].

Креативтік әлеует - сапаның, дағдылардың, білімнің дамуы мен концептуалды жаңа зат жасау, идея ойлап табу үшін қолданылатын дағдылар. Қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адамның креативтік әлеуетін дамытуды балалық шағынан бастау керек.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы бойынша жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі боп табылады [2].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың «танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады» және «әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу.....заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды» - деп көрсетілген [3].

Яғни, білім беру ісінде креативті ойлауына назар аударылып, халқымыздың «баланы жастан» деген қағидасын өрбіте отырып, саналы ойы мен жүйрік тілін, қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуы және өмірлік маңызды дағдыларды мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру кезеңінде жетілдіру керектігі меңзелген.

Әдістемелік нұсқау хатта ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында): «дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының

өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар. Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады» делінген [4].

Демек, мектепке дейінгі ұйымдардан дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту арқылы баланың креативті идеяларын қолдап, шығармашылығын дамытуға жағдай туғызылуы талап етіліп отыр.

Креативтік әлеуетті зерттеу, бағалау және дамытуды әдіснамалық тұрғыда қарастыру мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды жан – жақты зерттеуімізге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы» - екендігі айтылады [5].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру ...тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ойын түрінде түрлі балалар әрекетінде жүзеге асырылады.» - деп көрсетілуі оқу-тәрбие үдерісіндегі ойынның рөлін айқындап береді [6].

Зерттеу жұмысымыздың өзектілігін анықтайтын осы аталған мемлекетіміздің заңнамалық құжаттарының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтайтын еңбектерде ойлауға үйрету, баланың ой, қиял, қабілетін, тілін, танымын дамыту ежелгі философтар Сократ [7], Платон [8], Аристотель [9], қазақ ойшылдары мен ағартушылары Әл-Фараби [10], Ж. Баласағұн [11], А. Құнанбаев [12], Ш. Құдайбердіұлы [13], Ы. Алтынсарин [14], А. Байтұрсынов [15], Н. Құлжанова [16], М. Жұмабаев [17], Ж.Аймауытұлы [18] және т.б. еңбектерде сипатталған.

Креативтілік ұғымы, оның сипаты мен деңгейлері, байқалу кезеңдері және т.б. мәселелерді Дж. Симпсон [19], Гилфорд [20], Е.П. Торренс [21], М.Т. Медник [22], Стернберг [23], Т. Любарт [24], М.А. Воллах [25], Я.А. Пономарев [26], М.А. Холодная [27], Л.Я. Дорфман [28] және т.б. көптеген ғалымдар зерттеген.

Елімізде болашақ ұрпақтың шығармашылығын дамытуда ерекше рөл атқаратын болашақ педагогтердің креативтілігінің дамуын Б.А. Оспанова [29], А.С. Швайковский [30], Қ.М. Нағымжанова [31], Ш.Т. Таубаева [32], Р.Ш. Сыдыкова [33], А.А. Жолдасбеков [34], И.И. Сагдуллаев [35], А.К. Мынбаева [36], А.Б. Тасова [37], Ж.Б. Бураева [38], Е.Е. Мырзабеков [39], Ж.Е. Жумаш [40] және т.б. отандық ғалымдарымыз зерделеген.

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік мінез-құлқын, қабілетін

ерте жастан дамытуды, бақылау әдістерін зерттеген ғалымдар Кейли Маргарет Мэри [41], Кэролайн Шарп [42], Зейнеп Дере [43], Голинкофф Роберта Михник, Хирш-Пасек Кэти [44], Шембергер Т., Чотар Конрад [45], В.Т. Кудрявцев [46], И.А. Майданник [47], Т.А. Сидорчук [48], Л.Н. Прохорова [49], Е.В. Алфеева [50], О.П. Рыбникова [51], Н.В. Мартышкина [52] және т.б. атап көрсетуге болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар ойыны туралы зерттеулер Жан Пиаже [53], Л.С. Выготский [54], А.В. Запорожец [55], Л.А. Венгер [56] Б.Д. Эльконин [57], А.Н. Леонтьев [58], И.Е. Берлянд [59], Е.О. Смирнова [60] сынды психологтар мен Е.И. Тихеева [61], Р.И. Жуковская [62], Е.А. Флерина [63], А.П. Усова [64], Д.В. Менджерицкая [65], В.Я. Воронова [66], С.Л. Новоселова [67], Е.В. Зворыгина [68], А.К. Бондаренко [69], Н.Я. Михайленко мен Н.А. Короткова [70] және т.б. педагог-ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ халқында бала дамуының ұлттық колоритінің ерекше көрінісі болып табылатын ұлттық ойын түрлерін М. Тәнекеев [71], Б. Төтенаев [72], Ә. Бүркітбаев [73], М. Балғымбаев [74], Е.С. Сағындықов [75], М.Т. Турскельдина [76], Т. Иманбеков [77], Г.М. Қасымова [78], А.К. Айтпаева [79], С.А. Төкеев [80], Н.Ж. Бәрімбеков [81], Б.О. Арзанбаева [82], Ұ.Т. Төленова [83], Г.С. Оразаева [84], Б.М. Меңдалиев [85] және т.б. ғалымдар зерттеп, оны мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие жұмысында пайдалану мәселелерін, ойын іс-әрекеттерінде кәсіби құндылық бағдарын зерделеп, ойынды тәрбиелеу, оқыту, дамыту құралы ретінде қарастырған.

Қазақстандық ғылыми еңбектерде мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту мен тәрбиелеу, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандарын дайындау мәселелерін *психологиялық аспектіде* У.И. Ауталипова [88], М.Қ. Бапаева [89], Ж.К. Әубәкірова [90]; *педагогикалық аспектіде* Б.Б. Баймұратова [91], Р.К. Аралбаева [92], А. Бақреденова [93], А.К. Меңжанова [94], М.С. Сәтімбекова [95], Ә.С. Әмірова [96], Р.Қ. Бекмағамбетова [97], Т.А. Левченко [98], З.Е. Жумабаева [99], Ф.Н. Жұмабекова [100], А.Е. Манкеш [101], Р.Қ. Керімбаева [102], С.Н. Жиенбаева [103], Ғ.З. Таубаева [104], К.М. Метербаева [105], Г.Т. Абитова [106], Г.Қ. Белгібаева [107], А.А. Алимбекова [108] және т.б. Соңғы жылдары мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша Г.Т. Абилбакиева [109], М.А. Шауенова [110], Т.С. Жумашева [111], А.Ж. Жакупова [112], Г.М. Мышбаеваның [113] қорғаған диссертация жұмыстарын атап айтуға болады.

Диссертациямызға сәйкес көптеген ғылыми еңбектерді оқып, зерттей келе, көптеген құнды идеялар сараланып, теориялық-әдіснамалық негіздерін құрайтын мол еңбектер анықталды және зерттеу мәселеміз бойынша қарама-қайшылықтар байқалды. Олар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың өзектілігі мен оны жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделуінің жеткіліксіздігінің арасындағы; мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық-психологиялық тұрғысынан күрделілігі және оны шешудегі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілудің төмендігі арасындағы қарама-

қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге зерттеу мәселемізді анықтап, диссертация тақырыбын «*Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту*» деп таңдауымызға себеп болды.

**Зерттеудің мақсаты:** Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, әдістемелік кешенін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

**Зерттеу нысаны:** Мектепке дейінгі ұйымның ересектер тобындағы тәрбиелеу-білім беру үдерісі

**Зерттеу пәні:** Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделіп, шарттары анықталып, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілсе, онда қоғам талабына сәйкес, жан-жақтылық пен шығармашылыққа бейім креативтік әлеуеті дамыған ересек жастағы балалар қалыптасады, өйткені мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы креативтік әлеуетінің жоғары деңгейде дамуына жағдай жасалып, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің тиімділігі артады.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды теориялық – әдіснамалық тұрғыда негіздеу;
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау;
3. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
4. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдістемелік кешенін әзірлеу және оны тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін ойын арқылы дамытудың кешенді әдістемесі физикалық жағынан дамыған, ізденімпаз, шығармашыл, бастамашыл, табанды, бейімделуге қабілетті, көпшіл, өзіне сенімді, командада жұмыс істей білетін, эмоционалды жауапты тұлға тәрбиелеуге, өзі, отбасы, қоғам, мемлекет, әлем және табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді.

**Зерттеудің көздері:** философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми зерттеу жұмыстары, ҚР ресми құжаттары, ғылым және білім саласына қатысты нормативті құжаттар, ғылыми мерзімдік басылымдар, докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

**Зерттеу кезеңдері:**

*Бірінші кезеңде* (2019-2020 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге талдау жасалды. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың нормативтік құжаттарда қарастырылуы, креативтілік,

креативтік әлеует мәселесінің зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді.

*Екінші кезеңде* (2020-2021ж.ж.) Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың моделі жасалып, компоненттері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» тақырыбында мектепке дейінгі ұйымдарға арналған бейімделген бағдарлама және «100 креативті ойын» атты ойындар жинағы әзірленіп, тәжірибелік эксперимент жұмысы жүргізілді.

*Үшінші кезеңде* (2021-2022ж.ж.) Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту бойынша тәжірибелік эксперимент нәтижелері сараланды. Нәтижелер диссертация мазмұнына енгізіліп, тиісті тұжырымдар жасалып, ұсыныстар берілді. Әдебиеттер жүйеленіп, диссертация талап бойынша рәсімделді.

**Зерттеу әдістері:**

*теориялық:* ғылыми-зерттеу еңбектерін теориялық-әдіснамалық тұрғыда талдау, зерттеу жұмыстарына шолу, мектепке дейінгі білім берудің нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік құралдарына контент-талдау, негіздеу, модельдеу.

*эмпирикалық:* бақылау, диагностикалау, сауалнама, әңгімелесу, тест, педагогикалық эксперимент, зерттеу нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу.

**Зерттеудің базасы:** Алматы қаласындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын №108 және №166 бөбекжай-балабақшалары.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:**

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді;

2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттары анықталды;

3. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

4. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдістемелік кешені дайындалып, тәжірибелік- эксперимент жүзінде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

Зерттеу нәтижелерінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды тиімді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген *«Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың»* бейімделген бағдарламасы; *«100 креативті ойын»* жинағы; авторлық *этнографиялық «Зергер» ойыны* және *креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмінен* тұратын әдістемелік кешен жоғары педагогикалық оқу орындарының мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби даярлау үдерісінде, тәрбиешілердің кәсіби біліктілік жетілдіру курстарында, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үдерісінде, қосымша білім беру ұйымдарында, педагогикалық колледждер тәжірибесінде пайдалануға болады.

**Зерттеудің қорғауға ұсынылатын қағидалары:**

1. Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мектеп жасына дейінгі балалардың құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және бала тұлғасын дамытудағы биогендік, социогендік, психогендік факторлардың маңыздылығына; баланың шығармашылығын дамыту мен өзін-өзі көрсетуге білім, білік, тәрбиенің ықпалының жиынтығына бағытталған; баланың қабілеті, ойлауы, қиялы, зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, сенімі, ерік-жігері мен эмоциясы ретінде креативтік әлеуетін дамытуға ықпал ететін танымдық үдерістер берілген.

2. Ойын үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарының ішінде балалардың креативті әлеуетін дамытуға бағытталған педагог пен бала арасындағы интерактивті әрекеттестік; мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғааралық тиімді қарым-қатынасы үшін мектепке дейінгі ұйымда шығармашылық кеңістік ретінде заттық-дамытушы ортаны құру және балалардың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына қосымша мүмкіндік жасау; қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құруда, баланың креативтік әлеуетін дамытудың бірлескен білім беру бағытын жасауда ата-аналар мен педагогтердің тиімді өзара әрекеттесуі.

3. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісінде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері; жүйелік, іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, когнитивтік, интегративтік тұғырлары және ішкі мотивацияны қолдану, сенім мен қолдау, ғылымилық, еркін шығармашылық және ынтымақтастық, мәдениеттер диалогы ұстанымдары; технологиялар, формалары, құралдары, әдістері, диагностикасы, креативтік әлеует түрлерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель.

4. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамуын тиімді қамтамасыз ететін «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың» бейімделген бағдарламасы; «100 креативті ойын» жинағы; авторлық этнографиялық «Зергер» ойынынан және креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмінен тұратын кешен.

**Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы:**

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық мазмұны, халықаралық ғылыми практикалық нәтижелерінің талқылануы:

Диссертациялық жұмыс бойынша барлығы 12 еңбек жарияланды, соның ішінде Scopus базасына енген басылымдағы мақала саны-1; ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы мақала саны – 4; Google Scholar, Research Bible, Index Copernicus халықаралық библиографиялық деректер базасында индекстелген басылымдағы мақала -1, Халықаралық ғылыми конференция жинақтарындағы мақала саны - 4, бейімделген бағдарлама-1, ойындар жинағы-1.

Scopus деректер қоры базасына енген басылымда:

1. Integrative approach to the quality of preschool education in the development

of the creative potential of preschool children // World Journal on Educational Technology: Current Issues (WJET) Volume 14, Issue 3, 2022., P. 909-914. (Co-authored by: S. Zhiyenbayeva, A. Alimbekova, D. Nurgaliyeva, E. Aitzhanova).

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда:

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың «креативтік әлеуетін» дамыту мәселесі // Қазақстанның Педагогикалық Ғылым Академиясының «Хабаршысы». Алматы, №1 қаңтар, 2021 ж., 153-162 б. (Қосалқы автор: А. Алимбекова).

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуға қолданылатын ұлттық ойын түрлерінің жіктелуі //Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика және психология» сериясы, №3 (52) – Алматы, 2022, 263-272 б. (Қосалқы авторлар: А. Алимбекова, У. Кыякбаева).

4. Using types of games to develop the creative potential of senior preschool children //Bulletin of the Karaganda University. «Pedagogy» series, №4 (108)/2022. P. 22-30. (Co-authored by: A. Alimbekova, L. Kozak).

5. Development of the creative potential of older preschool children in play activities // Abai Kazakh National Pedagogical University Bulletin. «Pedagogical sciences», Almaty, №4 (76), 2022, P. 251-257. (Co-authored by: A. Aitpayeva, A. Alimbekova).

Google Scholar, Research Bible, Index Copernicus халықаралық библиографиялық деректер базасында индекстелген басылымда:

6. Play as a means of developing the creative potential of preschool children // BORYS GRINCHENKO KYIV UNIVERSITY Pedagogical Education: Theory and Practice Psychology. Pedagogy Scientific Journal № 36 (2) 2021 (July — Desember) P. 31-37. (Co-authored by: L. Kozak).

Халықаралық ғылыми конференция жинақтарында:

7. The genesis of the development of the creative potential of older preschoolers through games // II international scientific and practical internet conference INTEGRATION OF EDUCATION, SCIENCE AND BUSINESS IN MODERN ENVIRONMENT: WINTER DEBATES Dnipro, Ukraine, February 4-5, 2021, 87-89. (Co-authored by: A. Alimbekova).

8. Теоретические основы развития креативности у детей дошкольного возраста // I международная научно-практическая конференция «DÉBATS SCIENTIFIQUES ET ORIENTATIONS PROSPECTIVES DU DÉVELOPPEMENT SCIENTIFIQUE» Париж, Франция, 5 февраля 2021 г. стр. 115-117. (Со-авторы: С. Еркебаева, Л. Тайтелиева, М. Изат, Г. Мусина)

9. The role of improving thinking in the development of the creative potential of senior preschool children // VII international scientific and practical conference SCIENTIFIC HORIZON IN THE CONTEXT OF SOCIAL CRISES Tokyo, Japan February 6-8, 2021, P. 273-276. (Co-authored by: A. Alimbekova).

10. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға отбасының тигізетін ықпалы //«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2020: CENTRAL ASIA» XI халықаралық ғылыми-практикалық конференция Нұр-Сұлтан қ. 2020. 49-53 б.

Диссертация нәтижесінде жарық көрген оқу-әдістемелік еңбектерде:

11. «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» бейімделген бағдарламасы. – Алматы, Нур-Диас, 2022. – 46 бет. (Қосалқы автор: А.Алимбекова).

12. «100 креативті ойын» атты мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған ойындар жинағы. – Алматы, Нур-Диас, 2022. – 56 бет. (Қосалқы автор: А. Алимбекова).

**Диссертацияның құрылымы** – кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысы 220 бет, 41 кесте, 36 сурет.

# 1 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың ғылыми аспектілері

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының алдында қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, өмірде өз орнын табатын, тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді көркейту үшін өмірге жаңаша қарайтын креативті тұлға тәрбиелеу мәселесі тұр.

Шығармашыл, креативті болуға деген ұмтылыс ерте заманнан бастау алған. Шетелдік, отандық зерттеушілердің еңбектерін қарастыра келе, қазіргі күні креативтілік мәселесінің аз зерттелмегенін байқадық.

Ойлауға үйрету, баланы жастайынан дамыту мәселесі ежелгі грек философтарының еңбектерінен бастау алып, әлі күнге дейін өзектілігін сақтауда.

Сократ пайымдау логикасының бірнеше жолын көрсетеді. Ол шығармашылық қабілеттерді анықтау үшін шабыттанған адамды бақылау әдісін пайдаланды. Жетекші сұрақтардың көмегімен адамның бойындағы жасырын білімді жарыққа шығаруды «майевтика өнері» деп атады [7].

Платон қоғамның креативті адамдарға деген қажеттілігін талқылап, бала кезден оларды ойын арқылы тәрбиелеу шабыттандыратын, шығармашылыққа жеткізетін ынталандыру жолдары екенін айтқан [8].

Аристотель креативтілікке жаңа көзқарас ретінде шабыт адамның өзінен, оның психикалық ассоциацияларының реттілігінен туындайды деген идеяны алға тартқан [9].

Ой тәрбиесі, баланың ойлау қабілетін дамыту, дүниеге көзқарасын қалыптастыру мәселелері қазақ ойшылдары мен ағартушыларының да еңбектерінен тыс қалмаған. Әл-Фараби ой еңбегін қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал, әлеуметтік-этикалар күрделі мәселелердің шешімін, уақыт талаптарының жауабын табатын әдіс деп түсінді. Ой еңбегінің мақсаты тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу деп санады. Адамның өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән бере келе, философиялық, логикалық, этикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырды.

Әл-Фарабидің ойлау мен тіл арасындағы өзара байланыс, таным логикасы, ұғым мазмұны мен сөзбен бейнелеудің арақатынасы, олардың қолданылуы, тіл білімінің архитектоникасы, сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіруге байланысты «Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ» деген пікірлері өз құндылығын жоғалтқан жоқ [10].

Демек, ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылып, адамның креативті ойлауына мүмкіндік пайда болады. Осыған

байланысты адамның бойында креативтілік қасиеттерінің болуы балалық шақтан ақыл-парасаттың дамуына, логикалық ой-жігерінің жетілуіне кәсіби ықпал ететін мектепке дейінгі ұйымдардың баланың креативтік дамуына бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі жоғары. Мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде баланың қисынды ойлауына, шығармашылығының артуына, дүниетанымының кеңеюіне, тілдік қорының баюына ықпал етіліп, креативтіліктің дамуына жағдай жасалады.

Мектепке жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытуда Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі құнды теориялық идеялардың мәні зор. Оның ойынша, адам үшін құттың ұясы, бақыттың шыңы байлықта, билікте емес ақыл мен білімде. Ақыл мен білім жеке адамға және қоғамға пайда әкелуі тиіс дей келе,

« - Ақыл, - деді ол, - қымбатыңның қымбаты,
Ақыл жоқта, құнсыз тәннің сымбаты.
Ақыл тұрар қатпарында миыңның –
Бас қой орны - қимас асыл сыйыңның.
Кісіге ақыл бейне кісен тәрізді,
Ісі үлгілі, қылығы оңды, әрі ізгі» - деп жырлайды.

Ойшыл адамның қымбатты қасиетінің бірі ақыл, ақылсыз тәннің сымбаты құнсыз екенін, ақыл-біліммен адамның құндылығы артатынын меңзейді.

«Туғанда ақыл-есі болса адамның,
Сияды соған бар ғылымы ғаламның,
Күнде өсіп-қарап, зерттеп бағады,
Зерттеген соң зердеге сап алады» - деген өлең жолдарынан адамның парасаттылығын бала кезінен дамыту идеяларын байқаймыз [11].

Осыдан, Ж. Баласағұнның негізгі идеясы ақылды, білімді, парасатты, бастамашыл, көшбасшы, әділ басқарушы адам тәрбиесі екенін білуге болады. Аталған адами сапаны бала кезден қалыптастыру креативтік әлеуетті дамытудың қайнар көзі болып табылады. дамып, ойлау қабілеттері шыңдалатынына сендіреді. Бұл пікір бүгінгі педагогикадағы өздігінен ойлауға, шешім қабылдауға, қиындықтарды жеңуге тәрбиелеу мақсаттарымен үндесіп жатыр.

Баласағұн идеялары Абайдың еңбектерінде көрініс табады. Абайдың дүние танымы бойынша күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен сана, ақыл пайда болып, толығады. Оны «Он тоғызыншы сөзінде» «Бала ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» деген ойынан байқаймыз [12].

Осылайша, ақын баланы кішкентайынан жақсы мен жаманды ажыратуға, көруге, білуге, есті болуға ұмтылуға, жақсыдан «ғибрат алып» білім жинап, дүние танымын кеңейтуіне ықпал ету керектігін меңзейді.

Олай болса, ақынның жастарды жаман қылықтардан аулақ болуға, еңбек етуге, жастық шақты пайдасыз істермен өткізбей, білім алуға жұмсау

керектігін, ерте жастан ізденуді, жаһандық жаңалықтан құр қалмай, өнер-білім нәрімен сусындауды, имандылыққа, адамгершілікке бет бұруды, ғылым-білім үйренуді өсиет еткен идеяларын басшылыққа алу мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытуға өз үлесін қосады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігінің негізгі құрауыштары қиял, ойлау, ойлану ұғымдарына Шәкәрім Құдайбердіұлы да зор мән берген. Оның шығармаларындағы «Ақыл – өлшеусіз жарық нұр», «Ақылды байлап қылма құл», «Барлық ғылым қиялдан, ойлаудан туған», «Аз ойна-көп ойла», «Адамның бұл дүниеде, бұл табиғатта жоқ нәрсені ойлануының өзі мүмкін емес, болуға мүмкін істі ғана ойлай алады. Бұл – бір. Екінші – сол қиял, болмайтын нәрсе деп отырғанымыз ұлғайтылып, өзгертіліп, ауыстырылып айтылған болашақ болуы мүмкін» - деген сөздерінен ақынның ақыл-парасат, ой, қиялға өзіндік сипаттамалар бергенін көреміз [13].

Ақын табиғатта жоқ нәрсені ойлау деген қиялдау, ғылым қиялдан, ойлаудан туады, кез-келген нәрсені ақылға салып шешу, ұғынып түсіну керек деген ой тұжырымдарының өнімді ойлау мен қиял арқылы креативтілікті дамыту теорияларына жақын екенін байқаймыз.

Халқымызда «креативтілік» сөзі пайдаланылмағанымен, ұтқырлық, жасампаздық, тапқырлық сынды адами құндылықтар жоғары бағаланып, креативтілік — тапқыр адам бойынан анықталған. Осыған орай *«Асыл тастан, ақыл жастан», «Асыл ердің баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды», «Талабы жоқ жас ұлың - жалыны жоқ шоқпен тең», «Қына тастан шығады, өнер, білім жастан шығады»* деген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден бала тәрбиесіне қазақ халқының зор мән беріп, болашақ ұрпақтың бойында шығармашылықтың дамуына әсер ететін тәрбиенің бала табиғатымен үйлесімді болуына ерекше назар аударылғанын байқауға болады.

Балаларды тапқырлыққа, алғырлыққа, шешендікке, сыннан сүрінбей өтіп мақсатына жетуге тәрбиелеу халқымыздың ауыз әдебиетіндегі айтыс-жырларына, аңыздары мен ертегілеріне арқау болған. Ауыз әдебиетінде өмір тәжірибесін пайдалану, сөзді ұйқастыру, шебер қиюластыру, халықтың арманы мен ұшқыр қиялы *«Қырық өтірік», «Ұр тоқпақ», «Ұшқыр кілем», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ер Төстік», «Алтын сақа»* және т.б. көптеген ертегілерінде де кең көрініс тапқан. Қазақ ертегілерінде адамның дене мүшелерінің табиғи күш мүмкіндіктерін әсерлеу арқылы *«сақ құлақ», «жел аяқ», «тау соғар», «көл тауысар», «құйыршық», «қаңбақ шал»* т.с.с қиял-ғажайып бейнелерінің баланың қиялын дамытуға зор ықпалы бар.

Креативтілік мәселесін тапқырлық, ұтқыр ойлау, дұрыс шешім қабылдау ретінде өз шығармаларында сипаттаған Ы. Алтынсарин өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін айтады [14].

Ағартушының баланың ойын, қиялын дамыту, танымын кеңейту сияқты ойлары әр туындысының астарында тұрады. Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде әлеуметтік немесе еңбекқорлыққа баулу сияқты тәрбиелік мәселелерден өзге балалардың психологиясы, олардың дүниетанымы, шығармашылық әлеуеті мәселесі көтеріліп отыр. Жалпы шеті-шегі жоқ, қысы

қатал, иен далада тірі қалудың өзі адамнан нағыз креативтілікті талап етеді. Көштен қалып қойған балалардың жағдаяттан қалай шыққанын баяндау арқылы «Сен де осындай жағдайда не істер едің?» деген ой алдыға тартылады. Бала қиялы бұндай жағдайда белсенділеніп, жасауға болатын әрекеттерді тізбектейді. Аман қалғың келсе ойлан, сау-саламат болудың жолын ізде. Міне, осындай ойлар «Бай баласы мен жарлы баласынан» көрініс тапқан.

Сондай-ақ, «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Бір уыс мақта», «Өнер білім бар жұрттар» және т.б. көптеген шығармаларының мазмұнында балалардың креативтілігіне негіз болатын дүниетанымды, ойды, қиялды, тілді дамыту мәселелері астасып жатыр.

А. Байтұрсынов "Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халыктардың қолына көшпекші. Мұның себебі бұл заманда не нәрсе болмасын машинаға айналды. Адам баласын көкке құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған да ғылым. Отарба, откемелерді жүргізген ғылым" деп өнер мен ғылымның жасампаздық күшін паш етеді.

Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... қазақ, ішіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқу-біліммен түзеледі" – дейді [15].

Ғалым «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге». «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау».

Кез келген адам өз ойын дұрыс тұжырымдап, шебер жеткізе алмайды. Адамның жан-дүниесіне, сезіміне әсер етіп, жүрегін тебірентетіндей етіп көркем, шешен сөйлеу нағыз өнер болып саналады. Сондықтан А. Байтұрсынов айтқан ақыл, қиял, көңілге негіздей отырып, сөз өнеріне баулу арқылы мектеп жасына дейінгі баланың креативтілігін дамытуды жүзеге асыра аламыз.

Н. Құлжанова баланың қимыл-қозғалысы, сөйлеуі, ойлауы, ерік-жігері, қоршаған ортаны танып-білуге деген ұмтылысы, оларды дамыту жолдары, бала ойынының маңызы туралы әңгімелей келе, баланың өсіп-жетілуіне, дүние-танымына табиғат аясындағы емін-еркін әрекеттерінің ықпалын «суға түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасын сайрандап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп өркендемек» - деп суреттейді [16].

Демек, Н. Құлжанова маңыздылық беріп отырған баланың танымдық дамуы, суға түсу, серуендеу, жүгіру сияқты еркін іс-әрекеттері, жаяу жүргенде адам миына идеялар көп келетінін, серуеннен кейін де ойлау біраз уақыт жоғары деңгейде сақталатын, көрікті жерлердің адам шабытын оятатынын дәлелдеген ғалымдардың ойымен мазмұндас бола отырып, қимыл-қозғалыс пен табиғаттың ықпалын креативтілікті дамытудың бір жолы ретінде алуға шақырады.

М. Жұмабаев: «Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен

басқыштап іс істеу керек. Өркендету жолдары мыналар:

1) Баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуына ықтиһат қылу керек. Әсерленулер, суреттеулер өздері аз болып және дұрыс һәм ашық болмаса, баланың ұғым, хұкім жасауы һәм ой шығаруы қате болады. Ойдың өзінің терең болуы үшін әсерлену һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды. Сондықтан балаға бір пікірді ұқтырмақшы болсақ, жалаңаш пікірді айтуда қасиет жоқ, бала пікірді суреттеудің өзінен шығарып алсын.

2) .....баланы заттарды, көріністерді тап-тапқа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармауға керек.

3) Бала көріністердің, ойлардың араларындағы байламды һәм олардың қайсысы қайсысына себеп екенін тауып үйренсін. Бұл балаға мысалдардан ереже – заң шығартқызып үйрету сықылды істермен болады» деп жазған.

М. Жұмабаев: «Балада қиял, әрине, оянады. Бірақ оның жанында суреттеулер аз болғандықтан, қиялы да бай емес, Әйткенмен де бала әсерленімпаз болғандықтан, оның аз, тайыз қиялы ашық, жанды болады. ....Бала ертегінің бәрін шын деп ұғады. Жоғары ерні қыбырлап, төменгі ерні жыбырлап, Қобыландының Тайбурылы сөйлейді десек, көк ешкінің құйрығы жұлынып қалған соң, бір құйыршық бала болыпты десек, қотыр тай құрық салғанда құнан болыпты, жүгендегенде дөнен болыпты, ерттегенде бесті ат болыпты десек, бала осылардың бәрін шын көреді»- деп баяндайды [17].

Ағартушы сипаттағандай балалар қиялдағанды, армандағанды ұнатады. Олардың қиялының жүйріктігі сондай, кайбір заттарды қиялындағы заттарға айналдырып алады. Мәселен, шыбықты ат қып мінеді, имек ағашты тапанша қылып қолданады, ыдыстың қақпағын көліктің рулі етіп айналдырады, әжесінің түтіп отырған жүнін аспандағы бұлттарға, ол бұлттарды түрлі жан-жануарларға ұқсатады. Мұндай ойындар баланың арманын асқақтатып, қиялын байытады. Болашақта бұл қасиеттер олардың креативтілігіне негіз болып, бала өмірінде, шығармашылығында, оның қарапайым тұрмыс-тіршілігінде байқалады.

Ж. Аймауытұлы мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту үшін маңызды барлық психикалық үдерістер туралы сөз қозғаған. Соның ішінде қиялды жаңғыртушы және жасаушы қиял деп екіге бөліп қарастырады. Жасаушы қиялдың тетігін келесідей сипаттайды.

«Берілген берненің бөлек-салағын алып, шығарып тастауымызға мүмкін. Мәселен, үй жерде болмақ қой, жер деген бернені алып тастап, орнына суды орнатамыз. Кеме жүретін суды алып тастап, судың орнына әуені қоямыз. Біз дәуді, періні, жез тырнақты, ергежейліні қиялдаймыз. Сол тәрізді нәрсенің салмағын шығарып тастап, қаңбақтай деп қиялдауымызға мүмкін.

Сол сықылды, нәрсеге өзінде жоқ сипатты теліп қоямыз. Қиялымызбен адам кеуделі, арыстан бөкселі жануар жасаймыз. Екі басты самұрық, екі басты айдаһар жасаймыз, әйтпесе адамға қанат бітіреміз. Және ойдағы нәрселерді құрастырамыз. Әрі адам, әрі кісі жандықтар туғызамыз. Сөйлеуші жануар, алтын балық, алтын алма, сүт өзен, кәусар көл, аққу, пері қызы, жалғыз көзді жалмауыз, жалғыз аяқ сұмырай жасаймыз».

Сонымен қатар бала қиялын сөз арқылы дамытудың жолын былай көрсетеді, «Жас балаға «шөл» деген сөздің мағынасын ұқтыру үшін «Мидай жазық кең далаға құм төселсе, шөп, ағаш сықылды өсімдік, не бір ұрттам су болмаса, сондай даланы «шөл» деп атайды. Бала жазықты, шөбі жоқ тақыр жерді, құмды бұрын көрген. Балаға осылардың басын құрастыру керек, сөйтіп қиялымен «шөлдің» бернесін жасау керек» - дейді [18].

Жоғарыдағы Ж. Аймауытұлының сипаттамасына қарай отырып, Г.С. Альтшуллердің ӨТШТ технологиясы, В. Гордонның «Синектика», Ч. Вайтингтің «Фокалды нысандар» әдістері сияқты қиял мен ой арқылы бала креативтілігін дамытудың өзіндік жолдарын нұсқап отырғанын көреміз.

Қазақ баласының қиялы кең болғанын осы мысалдардан-ақ аңғаруға болады. Яғни, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың ойлауы мен қиялын жетілдіруде көрнекі құралдар пайдаланбас бұрын осындай тәсілдерді де қолдану жақсы нәтиже беретіні күмәнсіз.

Сонымен ежелгі грек философтары, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының идеяларынан мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамыту үшін баланың танып білуге деген қызығушылығын ояту, жаңалық табуға, табиғат сырларын білуге ұмтылдыру, дүниені тану арқылы ойын, қиялын, тілін дамыту, білімге талаптануға, өзін үнемі жетілдіруге, ізденісте болуға, өмірлік тәжірибе жинақтауға үйретудің және ондағы ойынның маңыздылығын байқаймыз.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту мәселесін қарастыру үшін зерттеу тақырыбымыздың негізгі категорияларының бірі - «креативтілік» ұғымының мәнін ашып алуымыз керек.

Философиялық сөздікте «креативтілікті» (латынның «creo» - шығару, жасау деген сөзінен) проблема немесе жағдайға жаңа ерекше көзқарас тудыруға әкелетін шығармашылық әрекетке қабілеттілік» - деп анықтайды [114].

Жалпы «creativity» сөзінің тарихына көз жүгіртсек, ағылшын тілінде 14 ғасырдың басынан бастап, әсіресе Д. Чосердің «Дін қызметшісінің уағыздарында» құдайдың жаратылысын білдіретін ұғым ретінде кездеседі екен. Алайда, оның адамның шығармашылық әрекеті ретіндегі қазіргі мағынасы XVIII ғасырда Еуропада Ағарту дәуірінен кейін пайда болған [115] .

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «креативтілік» ұғымы жаңа нәрсені қандай да бір жолмен жүзеге асыру мүмкіндігі немесе жасау қабілеті ретінде сипатталған [116].

Психологиялық-педагогикалық сөздікте ««креативтілік» ұғымы ойлауда, сезімде, қарым-қатынаста, әрекеттің жеке түрінде көрініс табатын адамның шығармашылық мүмкіндіктері, түрлі бірегей идеяларды тудыру қабілеттілігі» делінген [117].

Осылайша сөздіктердегі анықтамалары бойынша «креативтілік» дегеніміз жаңа зат немесе тың шешім ойлап табу, идеяларды тудыру немесе түрлі нұсқаларды іздеу қабілеттілігі деген пікірлерді қорыта келгенде, «креативтілік» терминін қазақ тілінде «жасампаздық» сөзімен шендестіре отырып, яғни, жасағыштық, ойлап тапқыштық мәнінде де, жаңалықты қолдап, адамдарға жаңа серпіліс беретін идеяларды жүзеге асыру деп те түсіндіруге

болады.

1922 жылы Дж. Симпсон адамның ойлаудың қалыптасқан тәсілдерінен бас тарта білу қабілетін «креативтілік» деп атап, осы терминді тұңғыш пайдаланды [19].

«Креативтілік» ұғымы психология ғылымында 50-жылдардың басында пайда болды. Креативтілікті зерттеуде Дж. Гилфорд пен Э.П. Торренс «психометриялық» тәсілді негізге алды.

Дж. Гилфорд «креативтілікті ойлаудың стереотиптік тәсілдерінен бас тарту қабілеті, креативтіліктің негізі – дивергентті ойлау...» - деп, конвергентті және дивергентті ойлау арасындағы айырмашылықты көрсетті. Адамға көптеген жағдайлардың негізінде жалғыз дұрыс бір шешімге келу қажет болғанда конвергентті ойлау жүзеге асады. Дивергентті ойлау «әртүрлі бағытта ойлау түрі» немесе мәселені шешудің түрлі тәсілдері күтпеген қорытындылар мен нәтижелерге яғни, шығармашылық ойлауға әкеледі. Ол нағыз шығармашылық үшін конвергентті және дивергентті ойлаудың бірлігі қажеттігін айтты [20].

Э.П. Торренс креативтілікке кемшіліктерге, білімдегі олқылықтарға, жетіспейтін элементтерге, үйлесімсіздікке әсерленген қабылдау қабілеті деп анықтама береді. Психолог креативтілік мәселесін зерттеуді 1958 жылдан бастап, бүкіл ғұмырын осы проблемаға арнады. Креативтілік дегеннің не екенін дәлірек анықтау үшін Торренс елу шақты тұжырымдаманы талдады. Нәтижесінде, «Креативтілік белгісіздік немесе шикілік жағдайында күйзелісті жеңілдету үшін адамның күшті қажеттілігінен туындайтын табиғи процесс» - деген анықтамаға тоқталды. Креативтілікті үдеріс ретінде қарастыру шығармашылық қабілетімен қоса осы процесті қамтитын және ынталандыратын жағдайларды анықтауға, сонымен қатар оның нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді [21].

С. Медниктің пікірінше креативтіліктің мәні психикалық синтездің соңғы сатысында стереотиптерді жеңу қабілетінде және ассоциациялар өрісінің кеңдігінде жатыр [22].

Р. Стернбергтің көзқарасы бойынша креативтілік дегеніміз ақылға қонымды тәуекелге бара білу, белгісіздікке төзімділік, ішкі уәж бен кедергілерді жеңуге және айналадағылардың пікіріне қарсы тұруға дайын болу қабілеті. Шығармашылық орта болмаса, креативтіліктің байқалуы мүмкін емес. Шығармашылық үдеріске жауапты жеке компоненттер өзара әрекеттеседі. Олардың өзара әсерлесуінің біріккен әсері басқалардың әсерінен төмендемейді. Мотивация шығармашылық ортаның жетіспеушілігін өтей алады, ал мотивациямен өзара әрекеттесетін адам шығармашылық деңгейін айтарлықтай арттырады [23].

Т. Любарт «Креативтілік – күрделі құбылыс, оның зерттеулері психологиядағы әртүрлі тәсілдер бір-бірін қалай толықтыратынын және оларды метатеориялық деңгейде қалай кіріктіруге болатынын көрсетеді»- дейді [24].

М. Воллах, Н. Коган «креативтілік жаңа мәселелерді тұжырымдау және шешу жағдайында тың идеяларды тудыру мүмкіндігі [25].

А. Маслоу креативтілік пен өзін-өзі танытудың арақатынасын зерттеуде креативтілік тұлғаның жетістігін емес, ол тұлғаның өзін сипаттайды деген.

....Жалпыланған креативтілік дегеніміз – тұлға өмір сүретін барлық аумақтарда көрініс табатын, тұлғаның креативтік бағдарлары мен креативтік өзіндік қызмет етуі. А. Маслоу креативтілікті тек шығармашылық қасиет емес, нағыз адамгершіліктік қасиет деп атаған [118].

Э. Фромм креативтілікке «таңдану және танып білу, стандартты емес жағдайларда шешім табу мүмкіндігі, бұл жаңа заттарды ашуға және өз тәжірибесін терең білуді көздеу» - деген анықтама береді. Оның іс-әрекет барысы белгісіз немесе мақсаттың өзі айқын емес проблемалық жағдайларда жалғасатынын айтады [119].

Я.А. Пономаревтің пікірінше креативтілік шығармашылық ойлаудың әртүрлі кезеңдері, деңгейлері мен түрлері ажыратылатын үдеріс ретінде зерттеледі:

1 кезең – саналы жұмыс (жаңа идеяның интуитивті көрінісін дайындау);

2 фаза – бейсаналық жұмыс (жетекші идеяның пісіп жетілуі);

3 фаза – бейсаналықтың санаға ауысуы (шешім идеясын сана аймағына аудару);

4-кезең – саналы жұмыс (идеяны әзірлеу, оны түпкілікті ресімдеу және тексеру).

Ғалым балалардың психикалық дамуын және ересектердің міндеттерді шешуін зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, шығармашылықтың психологиялық механизміндегі орталық буынның деңгейлік үлгісінің сызбасын жасады [26].

М.А. Холодная креативтілікті «регламенттелмеген іс-әрекет жағдайында алуан түрлі бірегей идеялардың көпшілігін туындату қабілеті» - дейді [27].

Л.Я. Дорфман креативтілікті зерттеуде бірнеше бағытты белгіледі. Бұл креативті ойлау, онымен байланысты танымдық процестер, креативті тұлға және тұлғаның креативтілікке үлес қосатын басқа да қасиеттері, креативті мінез-құлық және сыртқы креативті өнімдер, әлеуметтік-мәдени факторлар, шығармашылық процестің фазалары және сана ағыны ретінде қарастырылатын креативті үдеріс [28].

О.Н. Сомкова «Креативтілік ерекше идеяларды тудырудан, дәстүрден тыс ойлаудан, мәселелі жағдайларды тез және өзгеше шешуден байқалады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін креативтілік көріністері - әлемді танудың табиғи үдерісі. Олар баланың түсінігі жетпейтін түрлі жағдаяттар, байланыстар, бейнелер арқылы елестететін әлем туралы танымын толықтырады. Сондықтан да, балалар психологиясындағы Л.С.Выготскийдің жеке бейнелер жасау мен оны түрлендіру арқылы әлемді танудың шығармашылық тәсілі әр балаға тән, әрі өте ерте жастан дамытуды талап ететіні күмән туғызбайды» - дейді [120].

А.В. Морозов "креативтілік жеке тұлғаның зияттық және тұлғалық ерекшеліктерінің кешені, мәселені өз бетімен шешетін, жаңа бірегей идеялардың туындауы және мәселені қалыптан тыс шешу" деп анықтама береді [121].

Б.А. Оспанова креативтіліктің мәселелер сезімталдығы мен жылдам қабылдаушылық қабілетімен белгіленетінін, жаңа идеяларды қабылдағыштығымен ескіні жойып, одан жаңаны жасауға мақсаттылыққа

бейімділік, өмірдегі мәселелерге ерекше, біртума шешімдер жасауға қабілеттілік ретінде сипаттайды [29].

А.С. Швайковский студенттердің креативтік әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары негізінде инновациялық білім беру технологияларын қарастырады [30].

Қ.М. Нағымжанова жоғары оқу орындары білімгерлерінің креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастыруды негіздеп [31], сонымен қатар Қ.М. Нағымжанова мен Ш.Т. Таубаева «Креативті ойлауды дамыту және шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру мәселесін талдағанда, оның көрінуінің негізгі аспектілерінің бірі ретінде бастамашылдыққа назар аудару керек. Бастамашылдық жеке тұлғаның өз бетінше мәселе қоюға, сыртқы ынталандырусыз бір ғана тапсырманы шешу негізінде терең талдау жүргізуге дайындығын білдіреді» - дейді [32].

Р.Ш. Сыдықова [33] жоғары оқу орындары жүйесінде болашақ музыка мұғалімдерінің креативтілігін дамытудың теориясы мен практикасын, А.А. Жолдасбеков [34] креативтіліктің психологиялық негіздерін, И.И. Сагдуллаев [35] болашақ мұғалімдердің акме-креативтілігін, А.К. Мынбаева [36] шығармашыл білім ортасын құрудағы педагогтің дидактикалық креативтілігін, А.Б. Тасова [37] бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін, Ж.Б. Бураева [38] болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін, Е.Е. Мырзабеков [39] болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау, Ж.Е. Жумаш [40] болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін өз еңбектерінде қарастырады.

«Креативтілік» мәселесі тұрғысындағы зерттеулер арасынан негізгі бірнеше тұжырымдарды бөліп қарастырдық. (1- кесте )

Кесте 1 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда негізге алынған ғылымда қалыптасқан креативтілік теориялары

| Ғалымдар және еңбектері | Тұжырымдары |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Дж. Гилфорд, Э.П. Торренс | Конвергентті ойлау мәселені шешу үшін әртүрлі шарттар негізінде бірден-бір дұрыс шешім табу қажет болған жағдайда өзектіленеді. ....Дивергентті ойлау «әр түрлі бағытта жүретін ойлау түрі» ретінде мәселені шешудің әртүрлі тәсілдеріне мүмкіндік береді, күтпеген қорытындылар мен нәтижелерге әкеледі [20, 448 б.] |
| С. Медник | Шығармашылық үдерісте конвергентті де, дивергентті де элементтер бар. Мәселенің элементтері неғұрлым алыстан алынған болса, оны шешу соғұрлым креативті болады. ...Бірақ сонымен бірге элементтердің жинақталуы креативті емес, стереотипті болуы мүмкін. ...Шығармашылық шешім стереотиптік шешімнен ауытқиды: креативтіліктің мәні нақты операцияларда емес, психикалық синтездің соңғы сатысында стереотиптерді жеңу қабілетінде [22, 430 б.] |

1-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Р. Стернберг, Т. Любарт | Авторлардың теорияларында негізгі ұғым мәселені шешу болып табылады. Мәселелерге сезімталдық креативті үдерістің алғышарты болып табылады. Зерттеушілер креативтілік пен зиятты теңестірмегенімен, зияткерлік қабілеттер біліммен, мотивтермен және жеке қасиеттермен бірге шығармашылықтың қайнар көзі деп санайды [23, 90 б.], [24] |
| М. Воллах, Н. Коган | Авторлар уақыт шектеулеріне, бәсекелестік атмосферасына және жауаптың дұрыстығының бірден-бір критерийіне қарсы, яғни «дәлдік» критерийінен бас тартады. Олардың пікірінше, креативтілік үшін еркін, қолайлы жағдай қажет. Шығармашылық қабілеттерді зерттеу субъектінің тапсырма тақырыбы бойынша қосымша ақпаратқа еркін қол жеткізе алатын қарапайым өмірлік жағдайларда жүргізілгені жөн [25, 353 б.] |
| Я.А. Пономарев | Субъектінің ерікті талабымен қол жете қоймайтын адам тәжірибесінің белгілі бір қабаты бар. Оның шын мәнінде бар екенін және шешімін таба алатыныңызға сенімді бола аласыз. Я.А.Пономарев бұл тәжірибені интуитивті деп атады. .... Шығармашылық интуитивті және логикалық үдерістердің ынтымақтастығына негізделген. Түйсік жаңа идеяларды ашуға, ал логика оларды қалыптастыруға мүмкіндік береді [26, 303 б.] |

«Креативтілікке» зерттеу жұмыстарында тез ойлап табу, әрекет нәтижесінде айрықша идея шығару, жаңа дүние жасау, білім мен ғылымның барлық салаларында жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ойлаудың дәстүрлі шеңберінен шығу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу, ұшқыр ойлылық деп анықтама беріледі. Осыдан, креативтіліктің өркендеуге, дамуға, нәтижеге жетуге бағытталғанын байқаймыз. Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, ғалымдардың креативтілікті ерекше қабілет, қалыптан тыс ойлау түрі, нәтиже, іс-әрекет ретінде қарастырғандарын байқадық.

*Сонымен, креативтілікке тұлғаның ізденіс арқылы алға ұмтылуы мен ерекше ойлай білуінің нәтижесінде жаңалық ашу, жаңа зат ойлап табу немесе мәселені өзгеше шешу әрекеті деп анықтама береміз.*

Әдебиеттерде «креативтілік» және «шығармашылық» бір ұғым ба, бір ұғым болса, неге жеке қарастырамыз, егер бөлек ұғымдар болса, олардың айырмашылығы, ұқсастығы, ортақ белгілері қандай деген пікірлер де кездеседі. Сондықтан, ғалымдардың еңбектеріндегі осы мәселелер туралы салыстырмалы пікірлерді төмендегі кестеде көрсеттік (2-кесте).

Кесте 2 - Ғалымдардың еңбектердегі шығармашылық пен креативтілік туралы салыстырмалы пікірлері

| Авторлар | Шығармашылық туралы пікірлер | Креативтілік туралы пікірлер |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Прохоров А.М. | «Шығармашылық - бұл сапалы жаңа | «Креативтілік - шығармашыл, |

2-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | нәрсе тудыратын, қайталанбайтындығымен, шынайылығымен және әлеуметтік-тарихи бірегейлігімен ерекшеленетін әрекет. | жасампаз, жаңашыл іс-әрекет» [122] |
| В.В. Мороз | «Шығармашылық» ұғымы неғұрлым жалпылама болып (оның ішіне креативтілік те кіреді) әрі субъективті аспектілерден басқа жаңашылдық үдерісін айқындайды. | Креативтілік тұлғаның басқа емес, әрекет етуші субъект күтетін ең маңызды және қажетті сипаттамасы болып табылады. Тұлғалық даму құндылық-моральдық мәселелерді шешу, қажет болған жағдайда қоршаған ортаға қарсы тұру және оның сыртқы қысымнан тәуелсіздігін, шығармашылық көріністердің мүмкіндігін қорғау арқылы оған белсенді әсер ету сияқты ішкі ресурстарды шығару стратегиясын білдіреді [8, 24-25 б.] |
| Р.Нельсон | «Шығармашылық үдеріс автордың шабытына, қабілетіне, оның ұстанатын дәстүріне негізделеді. | Ал, креативті үдерістің басты құрауышы - прагматикалық элемент» [123] |
| М.М. Кашапов | Шығармашылық үдеріс автордың шабытына, қабілетіне, ол ұстанатын ережелеріне негізделеді.<br>....шығармашылық арнайы ерекшелігі бар, әрі жаңа нәрсе жасауға әкелетін үдеріс. | Креативтіліктің негізгі құрамдас бөлігі алдымен не үшін, кім үшін, қалай жасау керек және нақты не қажет екенін түсіну.<br>....креативтілік - әлеует, адамның ішкі ресурсы [124, 79-80б.] |
| Лекс Купер | «Көптеген адамдар «креативтілік» пен «шығармашылық» синонимдер деп ойлайды. Бұл қате пікір. Шығармашылық деген автордың шабыты, оның қабілеті. ....шығармашылық адамдары өздерінің шедеврлерін тек өздерінің көңіл-күйлері мен эмоцияларын басшылыққа ала отырып жасайды. | Креативтік үдеріс прагматикалық элемент пен мақсаттарға бағытталған. Креативті адам өз өнімін жасай отырып, оны не үшін жасайтынын, кімге қажет болатынын, қалай жасау керектігін және оған нақты не қажет екенін біледі [125] |
| С.Л. Рубинштейн | Шығармашылық дегеніміз нәтижесінде жаңа материалдық және рухани құндылықтар жасалатын іс-әрекет. [126, 374 б.] | Креативтілік шығармашылықтың ішкі ресурсы, онсыз шығармашылық үдерісі іске аспайды [8, 4б.] |

Жоғарыдағы зерттеуші ғалымдардың пікірлерін саралай келе, «креативтілік» және «шығармашылық» бірдей ұғымды білдірмейтінін, алайда бірінсіз-бірі әрекет ете алмайтын жақын ұғымдар екенін байқаймыз.

Психологияда креативтілік жаңа, ерекше зат жасау әрекеті немесе үдерісі, тұлғаның шығармашылықты қалыптастыруға ықпал ететін сапасы, танымдық және жеке ерекшеліктері ретінде түсініліп, шығармашылықтан

айырмашылығы адамның ішкі ресурсы ретінде қарастырылуы деуге болады.

«Креативтік әлеует» мәселесіне келсек, «әлеует» ұғымы ғылым салаларында мүмкіндіктер, қабілеттіліктің баламасы немесе әртүрлі ресурстарды, мысалы: білім, ақпарат, тәжірибе, уақыт, техникалық және т.б. бірлестікте пайдалану мүмкіндіктері мағынасында кең қолданылады.

С.А. Ожегов сөздігінде әлеует қандай да бір қатынастағы қуаттылық дәрежесі, құралдар мен мүмкіндіктердің жиынтығы, ішкі мүмкіндіктер ретінде сипатталады [127].

Философияда әлеует ұғымы «мүмкіндік» және «шындық» терминдерімен қатар, психология адамның дене күші мен рухани қуатының үйлесімі ретінде қарастырылып, оған қол жеткізе отырып адам өмір сүру сапасын жақсарта алады.

Педагогикада әлеует ұғымы – қандай да болсын міндетті шешу үшін, белгілі мақсатқа жету үшін пайдаланылуы мүмкін қайнар-көздер, мүмкіндіктер, құралдар, қорлар, белгілі бір саладағы жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүмкіндіктері [128].

«Әлеует» категориясы жалпы ғылыми ұғымдар қатарына жатады және психикалық мүмкіндіктер, бейімділіктер, қабілеттер, қасиеттер, жасырын құрылымдық ресурстар, резервтер, шығармашылық импульстар, ішкі энергия, өндіргіш күштер, өзін-өзі тануға деген қажеттілік ретінде сипатталады (Н.А. Бердяев [129], М.К. Мамардашвили [130], және т.б.). Сонымен қатар, бұл ұғым өзін-өзі актуализациялау, жүзеге асыру, жаңғырту, ашу, «шеңберден шығуға» ұмтылу, өзін-өзі құру, өзін-өзі көрсету, дамыту үдерістерімен байланысты (К. Роджерс [131], А. Маслоу [118], А.М. Матюшкин [132], Э. Фромм [119], және т.б.). Әлеует ұғымы ғылымда жан-жақты зерттелген, алайда біз зерттеу тақырыбымызға жақындау шығармашылық, креативтік, адами, тұлғалық әлеует түрлерін қарастырдық (3-кесте).

Кесте 3 - Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектердегі анықталған әлеует идеялары

| Шет елдік авторлар және еңбектері | Идеялары | Отандық авторлар және еңбектері | Идеялары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Н.А. Мильчарек *Психологическое содержание одаренности в сфере музыкального искусства у детей школьного возраста. /дис. канд. психолог. наук. Ярославль, 2007. – 187 с.* | Әлеует - жүйке жүйесінің ерекшеліктерін, жинақтаған тәжірибесін қоса алғандағы адамның «ішкі резерві» [133, 34] | К.К.Жумадирова *Лицей және жоғары оқу орнының өзара әрекеттестігі жағдайында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту: пед.ғыл.канд. автореф.(13.00.01) – Астана, 2005. – 29 б.* | Әлеует – табиғи генетикалық, әлеуметтік-тұлғалық, гностикалық, аксиологиялық, конструктивтік, рефлексивтік және диалогтік компоненттерден тұратын шығармашылық [134, 25 б] |

3-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Н.А. Преображенская *Практика самопознания: «Потенциал вашей личности» 2007. – 188 с.* | Тұлға әлеуеті - темперамент, адам мінез – құлқы, оның тұлғалық және шығармашылық мүмкіндіктері, іскерлік сапалары, қоршаған адамдармен қарым – қатынасқа түсе алуы, ішкі үйлесімділікке жету әдістері туралы білуге мүмкіндік беру [135, 30 б.] | Л.Ю. Гущина *ЖОО-да студенттердің білім беру әлеуетін қалыптастыру: п.ғ.к., автореф. (13.00.08) – Қарағанды, 2006. – 21 б.* | Әлеует - мүмкіндіктер жиынтығы, іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі, эмоциялық-құндық қатынастар және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, тиімді кәсіби іс-әрекетке бағытталған [136, 21 б.] |
| И.П. Павлова, И.Ю. Соколова, Е.Е. Борисова *Личностный потенциал человека и его развитие в образовательном процессе жизнедеятельности // Современные наукоемкие технологии. 2016. – № 6-2. – 421-426 с.* | Тұлға әлеуеті әртүрлі қабілеттермен сипатталады: танымдық, зияткерлік, коммуникативті, көркемдік, шығармашылық, олар жеке адамның белсенді іс-әрекеті процесінде табиғи алғышарттар (білім алулар) және білім беру ортасының психологиялық-педагогикалық шарттары негізінде дамиды [137, 426 б.] | А.А. Кудышева *Үздіксіз білім беру жағдайында филология мамандықтары студенттерінің гносеологиялық потенциалын дамыту: пед.ғыл.канд. автореф. п. ғ.к. (13.00.08). - Қарағанды, 2007. – 47 б.* | Әлеует - гносеологиялық, қабілеттер санаты лингвистикалық ойлау, ықтималдық болжау қабілеті, дамыған жедел жады, креативті вербалды ойлау, көру және есту сапасы, сөздік-логикалық жады, фонематикалық есту арқылы ұсынылған автономды дамитын бірлік [138, 29 б.] |
| Б.Г. Юдин *Концепция человеческого потенциала как программа исследований //Человек–Философия–Гуманизм: основные доклады и обзоры Первого российского философского конгресса (4–7 июня 1997 г.). Т. 9. СПб., 1998. –175-186 с.* | Адами әлеует құрылымы адамның жалпы өміршеңдігін қамтамасыз ететін (дене және рухани) денсаулық, отбасылық өмірге және бала тәрбиесіне дайындық, білім мен біліктілік, әлеуметтік инфрақұрылымға бейімділік, мәдени | Е. М. Ибраев *Болашақ инженердің кәсіби әлеуетін қалыптастыру: автореф. п ғ. к .(13.00.08) - Қарағанды, 2007. – 26 б.* | Әлеует - ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық, пайдалану, ұйымдастыру-басқару, ақпараттық-компьютерлік компоненттерде көрінетін |

3-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | құндылық бағдарлары және психологиялық құзіреттіліктен тұруы керек [139, 184 б.] | | тұлғаның сапалық сипаттамасы [140, 26 б.] |
| Т.И. Заславская *Человеческий потенциал в современном трансформационном процессе//Общественные науки и современность. 2005. № 3. –13-25 с.* | Адами әлеует - «ұлттық қоғамдастықтың белсенді дамуға, сыртқы ортаның көптеген сын-қатерлеріне уақтылы және балама жауап қайтаруға, басқа қоғамдармен табысты бәсекелестікке дайындығы мен қабілеті» [141, 19 б.] | Е. И. Бурдина *Үздіксіз көп деңгейлі педагогтік білім беру жүйесіндегі педагогтардың шығармашылық әлеуетінің теориясы мен практикасы: п.ғ.д. дис. - Қарағанды, 2007. – 336 б.* | Әлеует - шығармашылық табиғи-генетикалық, шығармашылық қабілет, даралықта көрінетін әлеуметтік-тұлғалық алғышарттардың жиынтығы [142, 49 б.] |
| В.Л. Кургузов *Креативный потенциал человека и фильтры культуры как факторы инновационного развития общества (теоретико-методологический аспект) //Культура и цивилизация. 2014. №1-2. – 61-80 с.* | Креативтік әлеует «шығармашылық», «жасау», «инновация» ұғымдарының барлық белгілерін қамтитын адам мен әлеуметтік болмыстағы сапалық өзгерістердің нақты мүмкіндіктерінің құндылық жүйесі [143, 61-80 б.] | Б.А. Тұрғынбаева *Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. пед.ғыл.док. диссертация. – Алматы, 2006. – 289 б.* | Әлеует - тұлғаны тұтас тану тұрғысынан алғанда ішкі психикалық және рухани, кәсіби мәнді сапаларының және сыртқы практикалық әрекеттің құрылымынан тұратын, жүйелі ұйымдасқан жалпы тұлғалық кіріккен сапа [144, 75 б.] |
| Дж. Гилфорд */пер. Горяева Н. А. Первые шаги в мире искусства/-М.: Просвещение, 1991. – 261 с.* | Креативтік әлеует - табысты ойлауға ықпал ететін қабілеттер мен мінез-құлық сипатының жиынтығы [145, 33-34 б.] | М.А. Ушатов *«Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» Алматы, 2018. – 176 б.* | Әлеует-әлеуметтік қажеттіліктер мүмкіндіктер ескерілетін демократиялық принципке негізделген шығармашылық [146, 87 б.] |
| М.А. Рунко *Education for creative potential. Scandinavian Journal of Educational Research, 2003. – 317-324 с.* | Креативтік әлеует әр оқушының бойында болатын көрнекті шығармашылық қабілеттер емес, әлі | Т.С. Жумашева *Болашақ тәрбиешілердің лидерлік әлеуетін дамыту: PhD.* | Әлеует - болашақ тәрбиешілердің қызметіндегі педагогикалық беделін |

3-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | ашылмаған креативтік қабілеттердің жиынтығы ретінде сипатталады [147, 317-324 б.] | *дис... пед. ғыл. док. - Алматы, 2022. – 267 б.* | мамандығына патриоттық тұрғыда, сүйіспеншілікпен қарауға, ынталандыруға ықпал ететін мүмкіндігі [111, 55 б.] |

Жоғарыдағы кестеде «әлеует» ұғымының талдануын қарастыра келе, оны адамның ішкі мүмкіндіктерін көтеру, дамыту, жан дүниесінің байлығымен өмір сүру, қоршаған ортамен тиімді әрекеттесу және нәтижелі болу қабілеті, тұлғаның бейімділігі мен қызығушылығы, адамның қабілеттері мен мүмкіндіктерінің ерекшеліктері түрінде, ал шығармашылық әлеуетті қызығушылыққа, шығармашылық белсенділікке бағдарлану нәтижесінде табысқа жеткізетін көп компонентті күрделі жиынтық жүйе ретінде сипаттағанын байқадық.

М.М. Кашапов шығармашылық әлеует, креативтіліктің түрлі бағыттарда зерттелгенін, алайда ғылымда креативтіліктің психологиялық сипаттамасы туралы бірыңғай пікірдің жоқтығын, көп жоспарлылық пен оның мәнін, құрылымын түсіндіру және креативтік қабілеттерді дамытудың бағдарламасын жасау тәсілдерінің көп аспектілі екенін байқағанын жазады [124].

Адамның әлеуетіне тән мен жанының саулығы, өмірінің мағыналылығы, жалпы ақыл-ойы кіреді. Олардың үйлесімділігі адамның ішкі мәдениеті мен еркіндігі, ерікті түрде жауапкершілікті қабылдауы, әлемге және адамдарға деген сүйіспеншілігі мен төзімділігі, өмірлік маңызды мәселелерді түсінуі, келешекті болжауы арқылы байқалады. Яғни, әлеуеті жоғары тұлға болашағы зор, рухани бай және табысты адам деуге болады.

*Олай болса, креативтік әлеуетке ойлау мен іс-әрекеттің қатаң ережелерінен бас тартып, олардың жаңа тәсілдерін табуға мүмкіндік беретін, тұлғаны сапалық жағынан өзгертетін, сырт көзге байқалмайтын адамның ішкі мүмкіндіктерінің жиынтығы - деп анықтама береміз.*

Тұлғаның креативтік мінез-құлқы мен оның жасаған заттарының, өндірген өнімдерінің, туындыларының арасында тығыз байланыс бар. Креативтілік тұлғаның жасампаз күштерін нақты іс-тәжірибеде жүзеге асыру, яғни жасау қабілетін бейнелейді.

Креативтік әлеуеттің дамуы адамның өзін-өзі тануымен, өзін-өзі жүзеге асыруымен байланысты болатын жан-жақты күрделі процесс. Бала бойындағы креативтік әлеуетті дамыту резервтері жасырын тұрады. Тек өздерінің жеке қалауы мен өсуге дайын болуы оларды пайдаланудың ұтымды жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Педагогика, психология ғылымы салаларында баланың дамуының негізі

ретінде ерекшеленетін биологиялық, әлеуметтік және психологиялық факторлар қарастырылады.

Биогенетикалық фактор - биогенетикалық ғылыми тұжырымдама адамның жеке басының дамуы биологиялық, негізінен тұқым қуалау факторымен анықталатындығынан туындайды. Сондықтан жеке тұлғаның дамуы туа біткен қасиет пен қабілетке байланысты болмақ. Биогенетикалық бағытты ұстанушы ғалымдардың идеяларына сәйкес, адам табиғаты бойынша эмоционалды реакция, іс-қимыл қарқынының ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар мотивтердің белгілі бір кешеніне, мысалы, біраз адамдар білімге, шығармашылыққа, жағымды белсенді іс-әрекетке, ал кейбір адамдар түрлі қызметтердегі жетістіктерге немесе қылмысқа, теріс әрекеттерге бейімділікпен ерекшеленуі мүмкін.

С. Холл [148] балалардың дамуын бақылып, зерттей келе, бала өзінің дамуында жалпы адамзаттың дамуын қысқаша қайталайды деген тұжырым жасап, балалар суретінің дамуы бейнелеу өнері адамзат тарихында өткен кезеңдерді көрсетеді деп болжады. Адамзат тарихының дамуындағы қайталану идеясы психикалық даму теориялары рекапитуляция теориялары деп аталады.

Рекапитуляция теориясы (лат.т. recapitulatio - қысқаша қайталау) С. Холл жасаған тұжырымдама, Э. Геккельдің [149] биогенетикалық заңын өзгерте отырып, оның әсерін балалардың психикалық дамуына таратады. С. Холл бала дамуында адамзат өткен психиканың дамуының барлық тарихи кезеңдерін қайталайтынын дәлелдеді. Осы теорияны ұстаған ғалымдар К. Бюлер [150], Э. Клапаред [151], А. Гезелл [152], З. Фрейд [153] және т.б. болды. Бұл бағыт әртүрлі теориялық ағымдардан тұрады: рекапитуляция теориясы, нормативтік тұғыр, үш кезең теориясы, екі фактордың конвергенция теориясы. Аталған теорияларды адамның психикалық даму үдерісіне биологиялық тұрғыдан анықталған, табиғи заңдарға бағынады деген жалпы көзқарастары біріктіреді.

Баланың психикасының дамуына биогендік факторларға түбегейлі қарама-қарсы көзқарасты социогенетикалық тұжырымдаманы жақтаушылар ұстанады. Олар адамның мінез – құлқында туа біткен ештеңе жоқ деп санайды және оның әр әрекеті тек сыртқы әсердің нәтижесі болып табылады. Сондықтан сыртқы әсерлерді басқара отырып, адам кез-келген нәтижеге қол жеткізе алады дейді. Социогендік теорияға сәйкес Дж. Локк нәресте таза жанмен (tabula rasa) дүниеге келеді, оған кез-келген нәрсені жазуға болатын ақ қағаз парағы сияқты, осыған орай бала ата-анасы мен жақындары көргісі келетін жолмен өседі деп сенген. Осы көзқарас бойынша тұқым қуалаушылық баланың психикасы мен мінез-құлқының дамуында ешқандай рөл атқармайды деген пікірлер де болған.

Дж. Уотсон [154] адамның мінез-құлқында туа біткен ештеңе жоқ және оның әр әрекеті сыртқы ынталандырудың нәтижесі деп санаған. Дж.Уотсонның пікірінше, адам - кез-келген басқа жануар сияқты үйренуге болатын биологиялық тіршілік иесі. Яғни, баланы қоршаған ортаның әсері арқылы дамытуға ерекше назар аударылады. Социогенетикалық фактордың негізгі мазмұны Э. Эриксонның [155] тұжырымдамасында айқын көрсетілген. Оның пікірінше, жеке тұлғаның жетілуі даму үдерісінде кездесетін дағдарыстарды жеңудің нәтижелеріне байланысты болады.

Аталған теориялары қарастыра келе бір-біріне қарама-қарсы көзқарасты байқауға болады. Бала дамуына байланысты осы теориялық көзқарастардың маңызды ортақ белгілер бар. Екеуі де дамудың механикалық тұжырымдамасынан туындайды, бір жағдайда тұқым қуалаушылық, екінші жағдайда қоршаған орта ретінде қарастырады. Осылайша, биогенетикалық және социогенетикалық факторлардың баланың дамуында өзіндік маңызы бар.

Э. Геккель және И. Мюллер [156] биогенетикалық заңды негіздеп, оған сәйкес жануар мен адам баласының құрсақта филогенезде өтетін даму кезеңдері қысқаша қайталанып, бұл үдеріс баланың онтогенетикалық даму үдерісіне ауыстырылды деген. Бала үнемі өсіп, дамып, өмірінің әр жас кезеңінде өзінің анатомиялық, физиологиялық және психологиялық сипаттамаларына ие болғандықтан, баланың онтогенез үдерісінде бірқатар даму кезеңдерін бөліп көрсетуге болады. Онтогенез кезеңдерінің ішінде екеуі жалпыланған түрде ерекшеленеді: құрсақтағы және туылғаннан кейінгі немесе балалық шақ дамуы. Онтогенез үдерісінде баланың ата-бабаларынан алатын генетикалық ақпарат ағзада жүзеге асырылады. Демек адамның онтогенезі-балалық шақтан бастап, жеке даму үдерісінде пайда болатын психикалық құрылымдардың қалыптасуымен жалғасады. Бұл ұғым адамның өмір жолымен тығыз байланысты. Онтогенез адам дамуында әртүрлі бағытта жүреді:

- ағзаның дамуы-морфофизиологиялық;
- адамның әлеуметтік дамуы, әлеуметтік болмыс ретінде қалыптасуы;
- психологиялық даму, жеке өзін - өзі жетілдіру.

Онтогенез кезеңдері: перинаталды кезең, нәрестелік шақ, балалық шақ, ерте жас, мектепке дейінгі кезең, бастауыш мектеп жасы, жасөспірім кезеңі т.с.с. жастың өсуіне байланысты бөлінеді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың психогендік факторы психологиялық жайлылық пен қауіпсіздік, ойын әрекетінің психоэмоционалдық күйі болып табылады.

Біздің зерттеу мәселемізге орай мектепке дейінгі ұйымның ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту онтогенезінде қарым-қатынас бірінші орынға шығады. Балада гностикалық қажеттіліктер оянады. Ойын барлық бос уақытты алады, егер бұрын бала жалғыз ойнауды қаласа, бұл кезде достар іздеп, құрдастарымен өзара әрекеттесуге тырысады. Модельдеу, сурет салуда визуалды тиімді ойлаудан бейнелі ойлауға көшу пайда болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу, ойлану, әрекет жасау онтогенезі күрделі көпжақты психикалық үдеріс. Оның пайда болуы және одан әрі дамуы көптеген факторларға байланысты. Баланың креативтілігінің дамуы мидың қызметі негізінде, есту, сөйлеу, қайталау, өз бетімен жасау қозғалтқышы белгілі бір даму деңгейіне жеткенде ғана жүзеге аса бастайды. Осыған орай мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамытуды 3 кезеңге бөліп қарастыруымызға болады.

Бірінші кезең міндеті - баланың сыртқы әлемге, яғни қоршаған ортасына деген сенімін қалыптастыру. Сонымен қатар, бала ересектерге сене алатындығын, олардың қамқорлық жасай алатындығын, оны жақсы көретінін және жағымды эмоцияларды сақтай алатындығын біледі.

Екінші кезеңнің міндеті - балаға өзін-өзі сезінуге білуге, ойын жеткізуге, еркін таңдау мүмкіндігін беру.

Үшінші кезеңнің міндеті - бала қандай адам бола алатындығы туралы алғашқы түсініктерге ие болады. Үшінші кезең жігерлі және тұрақты танымдық белсенділікпен сипатталады. Сондықтан бұл қалыпты және жеткілікті реакция болғандықтан педагогтер мен ата-аналар баланың осындай зерттеу әрекетін, шығармашылығын, қиялын қолдауы өте маңызды (1-сурет).




Сурет 1 – Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің ойын арқылы дамуына әсер ететін негізгі факторлар

Зерттеуші ғалымдар балалардың жасы есейген сайын креативтілік деңгейінің төмендейтінін, сондықтан олардың креативтік әлеуетін қолдап, дамыту іс-әрекеттері жүйелі түрде жүргізілуі керек екендігін жазады.

Кейли Маргарет Мэри зерттеу еңбегінде Пульцифер баланың бес жаста немесе балабақшаға барған кезде креативтілігінің айқын төмендеуін көрсететін зерттеу жүргізгенін жазады. Ол осы жасқа дейін балалардың шағын өлеңдер мен әндерді өте шебер шығаратынын, бірақ бес жасқа қарай олардың креативтілігінің тоқтап қалғанын байқады. Креативтіліктің төмендетпеу немесе қалпына келтіру үшін Фортсон «Мектепке дайындықтың креативті-эстетикалық тәсілі» атты оқу бағдарламасын әзірледі, онда зияткерлік дағдылар үш ай бойы басқарылатын креативтік әрекеттер арқылы оқытылды. Үш айдың қорытындысы бойынша нәтиже балалардың сөздік-бейнелі креативтік көрсеткіштерінің айтарлықтай және статистикалық жағынан да көтерілгенін көрсетті. Олардың креативті әрекеттерге деген әуестігі мен қызығушылықтарының жоғарылауы байқалды [41].

Кэролайн Шарп [42] балалардың креативті қабілетін ерте жастан дамытуды, Зейнеп Дере [43] мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін зерттеді.

Балалардың креативтік әлеуетін дамыту үшін Роберта Михник Голинкофф, Кэти Хирш-Пасек педагогтер мен ата-аналарға 21 ғасыр жүйесіне сәйкес баланы «6С» бойынша дамытуды ұсынған. «6С» – ойлы және іскер, қоғамның табысты және лайықты мүшесі болуға көмектесетін негізгі дағдылар жиынтығы. Бұл дағдылар: коммуникация (communication), ынтымақтастық (collaboration), сыни тұрғыдан ойлау (critical thinking), мазмұн (content), креативтілік (creativity), сенімділік (confidence) [44] (2-сурет).




Сурет 2 – Роберта Михник Голинкофф, Кэти Хирш-Пасектің «6 С» дағдылары

Šemberger, T., & Čotar Konrad, S. мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамыту үшін оларды қажетті мәселен, оқу бағдарламалары, креативті педагогтер, креативтілікті тану, ынталандыру, қолдау, креативтілікке оң көзқарас және т.б жағдайлармен қамтылудың маңызын дәлелдеген [45].

В.И. Кудрявцев балалардың креативтік әлеуетіне «Креативтілікті жалпы түрде қарастыратын болсақ, кез-келген арнайы мәселелерді (математикалық, физикалық және т.б.) шешуге ғана тән емес. Бұл баланың ақыл-ой әлемі қалыптасатын адамзаттың тарихи дамып келе жатқан мәдениетін игеру процесінің ішкі доминанты және детерминанты» - деп анықтама береді [46].

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін зерттеу жұмыстарын қарастыра келе, *мектепке дейінгі ересек жастағы баланың креативтік әлеуеті оның танымдық үдерістерінің дамуы, жинаған тәжірибесі, білім-дағдыларының негізінде бұрынғыдан жаңашылдығымен, бірегейлігімен ерекшеленетін ой-пікір айтуының, тиімді шешім, ерекше заттар ойлап табуынан көрінетін ішкі мүмкіндіктерінің жиынтығы деп анықтама береміз.*

Ересек жаста балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың өзіндік психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері бар. Балалардың даму кезеңдеріне байланысты сол жасқа тән психикалық қасиеттер қалыптасып дамиды. Олардың креативтік әлеуетінің ойын арқылы дамуына жас ерекшеліктері зор ықпал етеді.

Е.В. Алфеева [50] мектеп жасына дейінгі 4-7 жас аралығындағы балалардың креативтілігі мен тұлғалық ерекшеліктерін, Н.В. Мартышкина [52] балалардың коммуникативтік шығармашылығы мен креативтілігін дамытудың психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді.

Г.А. Урунтаева «Мектепке жасына дейінгі кезең шығармашыл белсенді тұлғаның қалыптасуына ең қолайлы кезең болып табылады, өйткені бұл жас баланың психикалық үдерістері (қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін, ес, тіл,) жетілетін көптеген аймақтардағы прогрессивтік өзгерістермен сипатталып, нәтижесінде бейімділіктер мен қабілеттер дамитын тұлғалық сапалардың белсенді дамуы жүреді. .....баланың психикалық үдерістерінің барлық аймақтарында айтарлықтай өзгерістер болады. Осы жас кезеңінде бала ойын, еңбек, өнімді, тұрмыстық, қарым-қатынас әрекеттері түрлерінің тек техникалық жағы ғана емес, сондай-ақ мақсатты-мотивациялық жағын да игереді. Таным аймағындағы басты жетістік таным әрекетінің құралдары мен тәсілдерін игеру болып табылады. Таным үдерістерінің арасында тығыз байланыстар орнап, одан әрі зияттанады, ерікті, басқаруға болатын сипат алады» - дейді [157].

Л.С. Выготский 3 пен 7 жас аралығында бала ересек өмірге, әртүрлі іс-әрекеттерге қосылатын, ол не ойнайтынын және ойындағы рөлін өзі таңдайтынын; дыбыстар мен әріптерге яғни, олардың символдар түріндегі графикалық көрінісіне қызығушылық танытатынын, қиялы мен қоршаған әлем туралы әсерлері, айналасындағылармен қарым-қатынас белсенді дамитынын, іс-әрекеттің жетекші түрі желілі-рөлдік ойын болып табылатын жазады [54].

В.Н. Дружинин креативтіліктің дамуы аз дегенде екі кезеңнен тұратынын, «бастапқы» креативтілікті дамыту адамның белгілі бір өмірлік іс-әрекетіне

қатысты арнайы емес, жалпы шығармашылық қабілет ретінде дамыту екенін айтады. Бірқатар авторлардың пікірінше, бұл кезеңнің сензитивті тұсы 3-5 жас аралығына келеді. Бұл кезде креативті үлгі ретінде ересек адамға еліктеу креативтілікті қалыптастырудың негізгі механизмі болар. Сондай -ақ, белгілі бір уақыт ішінде креативтілік жасырын жағдайға өтуі мүмкін («балалар шығармашылығы» құбылысы)» - дейді [158].

Демек, мектеп жасына дейінгі ересек жас баланың қоршаған әлем туралы түсініктері, ойлауы мен қиялы, ересектермен және қатарластарымен қарым-қатынас жасауы, жалпы шығармашылық қабілеті дамитын сезімтал шақ болуына байланысты креативтік әлеуеттерінің дамуында ерекше орын алатын жас кезеңі екендігімен ерекшеленеді.

М.Қ. Бапаева «балалық шақтың өзі төртке нәрестелік кезең (туғаннан 1 жасқа дейін), ерте балалық шақ кезеңі ( 1-ден 3 жасқа дейін), мектепке дейінгі балалық шақ (3-тен 6 жасқа дейін), бастауыш мектеп жасы (6-дан 11-12 жасқа дейін)» болып бөлінетіндігін айтқан [159].

Психолог мектепке дейінгі жасты үш жастан алты жасқа дейін және дәл осы жаста бала үлкен психикалық өзгерістерге тап болады санайды. Бұл жаста балалар қарқынды өсіп, дене мүшелерінің анатомиялық қалыптасуы мен сенсорлық дамуы белсенді жүреді.

Осылайша, мектепке дейінгі ересек жас бала өзінің ақыл-ойы, сезімі, ерік-жігері, мінезінің қалыптасуына ықпал ететін білім мен тәжірибені меңгеретін белсенді кезең. Осы кезеңде балаларға тиісті көңіл бөлінбесе, тіпті туа біткен таланттар да ашылмаған күйде қалуы мүмкін. Балалардың креативтілігінің дамуы баланың дамуымен тікелей байланысты жүретін үдеріс. Балалық шақ кезеңінде баланың тұлғалық дамуында белсенділік пен мінез-құлықтың жаңа психологиялық механизмдері қалыптаса бастайтындықтан, ересек жас ерекше маңызды кезең болып табылады.

Жоғарыдағы мәселелерге орай жұмысымызда мектепке дейінгі ересек жас аралығындағы баланың креативтік әлеуетін дамытуға негіз болатын танымдық үдерістерін жетілдіру үшін олардың физиологиялық және психикалық даму ерекшеліктерін қарастырамыз.

Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығметова ересек жастағы балалардың дамуын төмендегідей сипаттайды.

«Бала 4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, икемділігі, қимыл-қозғалысының икемділігі байқалады. Допты немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді, бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. Рөлдік ойындарында күнделікті көріп жүргенін ғана бейнелейді [160].

Т.С. Комарова осы жас кезеңінде шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылатын қиял, бейнелі ойлау, қабылдау сияқты психикалық қасиеттердің және көркемдік әрекетке эмоционалдық жағымды қатынастарының қалыптасуы мен дамуы жүзеге асатынын айтады [161].

Ғалымдар шығармашылық әрекеттің дамуына тікелей әсер ететін негізгі психикалық үдеріс ретінде *қабылдауды* қарастырып, креативтіліктің айқын белгілері бар адамдардың қабылдауының ерекшеліктерін жіктеп тануға

ұмтылады.

Мектепке дейінгі шақ – баланың сезімдік тәжірибесінің орасан зор молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың адамға тән формаларын игеру, қиялдың күшті даму, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамалары қалыптасу кезеңі балып саналады. Осы кезеңде балалардың қабылдауы жоғары болады. Балалардың көзінің көргіштігі, түстер мен олардың реңдерін ажырату нәзіктігі артып, фонематикалық және жоғары дыбысты естуі дамиды, қол белсенді сезіну мүшесіне айналады [162].

А.В. Запорожецтің пікірінше, қабылдаудың дамуы ерте жастан мектеп жасына дейінгі кезеңге өтуде жаңа кезеңге енеді. Бұл кезеңде ойын мен конструктивті іс-әрекеттің әсерінен балалардың көрнекі талдау мен жинақтаудың, оның ішінде көру аймағында қабылданатын затты ойша бөліктерге бөлу, осы бөліктердің әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, кейін оларды бір бүтінге біріктіру сияқты күрделі түрлері дамиды [55].

А.Л. Венгер баланың қабылдауы перцепциялық міндеттерді шешудің күрделі, мәдени жанама үдерісі болып табылатын дамыту теориясын жасады. Венгер перцептивті міндеттерді шешудің ерекшелігі объектілердің басқа қасиеттерінен қабылдау белгілерін бөліп алуда екенін айтты. Бұл тәсіл мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмысы үдерісінде табысты қолданылып жүрген сенсорлық тәрбиенің тұтас жүйесін жасауға мүмкіндік берді [56].

Мектепке дейінгі жас кезеңінде балалардың қабылдау үдерісінде елеулі өзгерістер болады. Балалар жаңа заттармен танысу кезінде қабылдау мен қимыл-қозғалыстың өзара әрекеттесуі жағдайында жеке тәжірибе жинақтайды. Заттарды көру арқылы сараптап тану белсенді болады. Бұл мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай қабылдау үдерісінің белгілі бір деңгейіне жеткенін көрсетеді.

Д. Б. Эльконин зерттеулері көрсеткеніндей, бұл жаста ана тілінің эталон-фонемаларын игеру жүзеге асады: «Балалар санаттылық белгісінде ести бастайды». Эталондар – бұл адамзат мәдениетінің жетістігі, бұл біздің әлемге қарайтын «кестеміз». Эталондарды игерудің арқасында, шынайылықты қабылдау үрдісі жанама сипатқа ие бола бастайды. Эталондардың қолданысы қабылданғанды субъективті бағалаудан оның объективті сипатына өтуді мүмкін етеді. ...баланың бақылау, затты жоспарлы және жүйелі зерттеу секілді қабылдау әрекеттері, бірегейлеу, эталонға жатқызу әрекеттері және модельдеуші әрекеттер дамиды [57].

Тікелей қабылдау сөзбен, сөйлеумен байланысты екендігін балалар қабылдауының даму ерекшеліктері көрсетеді. Бала қабылдаған ақпараттарының мәнін сөзбен, сөйлеу әрекетімен ұштастырады. Соның нәтижесінде оның дүниетанымы дамып, қабылдаған ақпараттарын сөзбен жеткізеді. Нәтижесінде балада жүретін психикалық үдерістер өзара байланыста қызмет атқарып, сананы дамытады.

В.Г. Каменская және И.Е. Мельникова креативтіліктің негізінде саралау мен дәл қабылдау қабілеті ретінде *байқампаздық* жатыр деп есептейді [163].

А.Н. Лук: «Сыртқы тітіркендіргіштер ағынында адамдар әдетте бұрыннан бар білімі мен ұғымдардың «координаттық торына» сәйкес келетін нәрсені ғана

қабылдайды; қалған ақпарат бейсаналық түрде жойылады. Қабылдауға үйреншікті нұсқамалар, бағалаулар, сезімдер, сондай-ақ жалпы қабылданған көзқарастар мен пікірлерді ұстану әсер етеді. Игерілген нәрсенің шеңберіне сыймайтын нәрсені көру қабілеті - бұл жай ғана байқампаздық емес. Көрудің бұл сергектігі мен «қырағылығы» көру өткірлігіне немесе көздің торлы қабығының ерекшеліктеріне байланысты емес, бұл ойлау сапасы болып табылады ...» - дейді [164].

Яғни, баланың дүниені тануы қабылдаудан басталатындықтан, оның даму ерекшеліктерін білу өте маңызды. Баланың қабылдауы негізінде мектепке дейінгі ересек шақта есте сақтау, зейін, ойлау, елестету сияқты психикалық функцияларды дамыта отырып, бала санасының дамуы қамтамасыз етілетінін ұғамыз.

Балалардың креативтік әлеуетін дамытуда қабылдаудан кейін *қиялдың* маңызды орын алатын айтуымыз керек.

Қиялдың саналы әрі жемісті түрі – ырықты қиял. Бұл – адамның алдына саналы түрде мақсат қоя отырып, әдейі образдар жасау мен қажетті бейнелер тудыруы. Қиялдың бұл түрі балалардың ойын әрекетінен де анық байқалады. Ұшқыш, дәрігер, мұғалім т.б. болып ойнауларына қарап, олардың ырықты қиялдарын аңғаруға болады. ....Ырықты қиял түрлерін қайта жасау қиялы және жасампаздық қиял деп топтастыруға болады.

Қайта жасау қиялы – ой-өрісті дамытып отыратын психикалық үдеріс болғандықтан адамның барлық қызметі мен іс-әрекетіне қатысты болады. ....Балалардың қайта жасау қиялын дамытып, нәтижелі іс-әрекетіне күшті әсер ететін жайт – олардың алдына белгілі практикалық міндеттерді қоюы. Айталық, заттың суретін салу немесе түрлі материалдардан сол заттың бейнесін жасау т.б. Мұндай істер балаларды сөзбен айтылған объектілерді нақты нәрселерді ұсақ-түйегімен қоса түгел елестетуге баулиды.

Жасампаздық қиял – қоғамдық мәні бар жаңа, соны өнімдер жасап шығаруда жетекші қызмет атқаратын психикалық үдеріс. ...Мұндағы үдеріске тек қиял ғана емес, тұрақты зейін, ойлау, ерік және т.б. әрекеттер де қатысады. Дегенмен, ырықты қиял жетекші рөл атқарып, адамның барлық үдерістері мен әрекеттеріне жол сілтейді [165].

Е.В. Гончарова «....Адамның, әсіресе мектеп жасына дейінгі баланың танымдық процестерінің ішінде қиял үлкен орын алады. Қиял бұрын қабылданған және сондай-ақ жаңадан алынған білім негізінде жаңа бейнелер жасаудан тұрады». «.....Баланың қайта жасау қиялын оған айтылатын, оқылатын ақпараттарды ойша елестету немесе тапсырманы қандай ретпен орындауды ұсыну арқылы дамыту керек. Әсіресе, шығармашылық қиялды дамыту үшін баланы мәселенің шешімін табуға, жаңалықтар ашуға, армандауға ынталандыру маңызды» - деп жазады [166].

Мухина В. «Баланың қиялы ойын үстінде қалыптасады. Қиялы, ойлауы, тілі жақсы дамыған бала қызықты ойынды өзі ойлап тауып алады. Бастапқыда баланың қиялы мен ойыны біртұтас дүниедей көрінеді. Ойыннан бастау алған қиял біртіндеп мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің басқа түрлеріне ауысады» - дейді [167].

Креативтік әлеуеттің негізгі екі құрамы – қиялдың мәндік реализмі мен бөліктерден бұрын тұтастықты көру қабілеті өнімді қиялдың ерекшеліктерін тікелей сипаттайды ( П.П. Блонский [168], Б.М. Теплов [169], Е.И. Игнатьев [170] және т.б.)

Л.С. Выготскийдің пікірінше, «Мектепке дейінгі жас кезеңінің аяғында қиял салыстырмалы түрде өзі негізге алып қалыптасқан сыртқы әрекеттен тәуелсіз болады. Шамамен сол кезеңде қиялдың шығармашылық элементтері пайда болады. Мектепке дейінгі ересек жастағы баланың қиялының бұл ерекшеліктері мектепте білім алуға дайындалу үшін өте маңызды, онда бала жинақталған ұғымдар негізінде өз тәжірибесінде әлі кездестірмеген объектілердің бейнелерімен әрекет етуге мәжбүр болады» [171].

Э. Торренс [21], Д. Дьюи [172], С.Л. Рубинштейн [126], О.М. Дьяченко [173], Е.Е. Кравцова [174], Ю.А. Полуянов [175] креативтіліктің құрылымындағы қиялдың орнын, оны нақты іс-әрекетпен байланыстыра қарастырған. Зерттелген жұмыстарды қарастыра келе, креативтілікті дамытудың бала қиялын дамытумен тығыз байланысты деп тұжырымдадық.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда *ойлаудың* орны ерекше. Адамның креативтілігі ойлау жылдамдығы, дәлдігі, өзіндік пікірінің болуы, қиялының байлығы, әзіл-оспақты түсіне білуі, жоғары эстетикалық құндылықтарды сақтауға ұмтылысы, мәселені егжей-тегжейлі көрсету мүмкіндігі сияқты ойлау ерекшеліктерінен байқалады.

Алдымен көрнекі бейнелік, кейінірек сөздік ойлау, кей жағдайларда логикалық ойлауы мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауының өзіндік ерекшеліктері десек болады. Балалар 5 жасқа қарағанда абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі.

Ж. Пиаже «эгоцентрлік ойлаудың коэффиценті» ұғымын енгізеді. Ол эгоцентрлік сөздердің баланың белгілі уақыт аралығындағы сөздерінің жалпы санына қатынасы ретінде есептеледі. Әрбір мәдениетте эгоцентрлік сөйлеудің өзіндік сандық сипаттамасы бар. Егер мәдениет баланың даралығын және өз бетінше айналысуын құптаса, онда эгоцентрлік ойлаудың коэффиценті жоғары болады, ал егер ұжымшылдық пен іс-әрекеттің біріккен түрлері орын алса, онда көрсеткіші төмен болады. Эгоцентрлік ойлаудың коэффиценті үш жастан кейін біртіндеп артып, 4-5 жас шамасында шырқау шегіне жетеді [53].

Баланың табиғаты болмысынан ізденгіштік, шығармашылық сипаттарға ие. Баланың ойлауы неғұрлым белсенді болса, ол соншалықты көп сұрақтар қоюға бейім, сұрақтары сан түрлі болады. Олардың ойлауы сөйлеу арқылы дамиды. Балалар қарапайым заттардың қасиеттерін, белгілерін ұғына отырып білім игереді, жаңа білім ойлауды ары қарай дамытады.

В.С. Мухина ойлауды дамытудың негізі ойлау әрекетін қалыптастыру және жетілдіру екенін айтады. Ғалымның ойынша, «Баланың білімді игеріп, оны қолдана алуы, оның қандай ойлау әрекетіне ие екендігіне байланысты болады. Мектепке дейінгі жаста ойлау әрекетін меңгеру сыртқы бағыттаушы іс-әрекеттің жалпы заңын игеру және интериоризация бойынша жүреді. Осы сыртқы іс-әрекеттер қандай және интериоризация қалай пайда болуына

байланысты баланың қалыптасушы ойлау әрекеттері не бейнелік, не белгілік - сөздермен, сандармен және т.б. формасын алады» [167,193 б.].

«Мектепке дейінгі балалық кезеңінде балаға заттар, құбылыстар, әрекеттер арасындағы байланыстарды ажырату мен пайдалануды керек ететін күрделілеу әрі түрлі мәселелерді шешуге тура келеді. Ол ойнау, сурет салу, құрастыру, оқу және жұмыс тапсырмаларын орындау кезінде дағдыланған әрекеттерді қолданып қана қоймай, оларды үнемі өзгертеді, жаңа нәтижелерге қол жеткізеді. ...Ойлауды дамыту балаларға іс-әрекеттерінің нәтижелерін алдын-ала болжауға, оларды жоспарлауға мүмкіндік береді» [167,191 б.]

Яғни, мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауын жетілдіру үшін күнделікті игерген жаңа білімді талдауға, жинақтауға, салыстыруға, жалпылауға, өзгертуге яғни, ойлау әрекеттерін орындауға үйрету керек.

Ойлау әрекеттерінің ішінде «креативті ойлау» зерттеу жұмысымызға тікелей қатысты екендігін байқаймыз.

Креативті көзқарастың бір көрінісі - креативті ойлау, сондықтан көптеген ғалымдардың зерттеулері осы бағытқа арналған. Ішкі немесе сыртқы импульс қиялымызға серпін берсе, біз «ойланамыз», еске түсіргенде, жоспарлағанда, сезімді білдіргіміз келгенде «ойланамыз», бір нәрсені ақылға салған кезде, ойды тұжырымдаған кезде, мәселені шешуде «ойланамыз». Мұның бәрі креативті ойлау, белсенділік, кез келген ынталандыруға кері жауап [176].

*Креативті ойлау* жаңа идеялардың кездейсоқ пайда болуы ғана емес, ол нақты, маңызды қайтарым әкелуі мүмкін. Креативті ойлау әдеті адамдарға айналадағы шындықты өзгертуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге, туындайтын қиындықтарға тиімді және сауатты жауап беруге көмектеседі. Креативті ойлау қабілеті білім мен тәжірибеге негізделеді, осылайша, мақсатты түрде қалыптастырудың пәні бола алады [177].

Келесі кезекте мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытудағы *зейіннің* маңызына тоқталайық.

Д.Б. Эльконинның ойынша, мектепке дейінгі кезеңде балалар жалпы ақыл-ойының дамуына, айналысатын іс-әрекеттерінің күрделенуіне қарай зейін күшті шоғырланып, тұрақты бола бастайды...Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, ересектер тобы сәбилерге қарағанда суретті ұзағырақ көреді, жақсырақ түсінеді. Бірақ мектепке дейінгі кезеңде зейіннің негізгі өзгеруі баланың алғаш рет өз зейінін меңгеріп, оны саналы түрде белгілі заттарға, құбылыстарға бағыттап, соларға зейін қоя білуінде» [57, 218б.].

В.С. Мухина мектепке дейінгі шақта *ырықты* зейінмен салыстырғанда *ырықсыз* зейін басым болатынын, балаларға бір сарынды әрі қызықсыз іс-әрекетке зейін қою қиынға түсетінін, сондықтан ойын үдерісінде немесе әсерлі тапсырмаларды шешерде олар ұзақ уақыт бойы ықыласты болып жүретінін айтады. Ғалым мектеп жасына дейінгі бала зейінінің ерекшелігіне сай оған үнемі салмақ салатын тапсырмалардан аулақ болу керек деп ойлайды. Сабақтарда ойын элементтерін, іс-әрекеттің нәтижелі түрлерін, іс-әрекет формаларын жиі өзгертіп отыру балалардың зейінін жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Баланың айналысқан нәрсесіне қызығушылығы туындаса,

оған зейінін шоғырландыра алады. Бала зейінінің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізуге және іс-әрекет түрлерін жиі ауыстырып отыруға себеп болады [167].

Дж. Айзенк «креативті субъектілердің зейіні креативті емес субъектілердің шоғырланған зейінімен салыстырғанда шашыраңқы болады деп санайды. Креативті субъектілер зейіннің кең шоғыры арқасында көптеген мәнді де мәнсіз де ақпараттарды өткізеді. Тиімдісі зейіннің кең шоғыры арқылы өткен ақпараттардан бір қарағанда мәселеге тікелей қатысы жоқ идеялар қалады. Алайда, ерте ме, кеш пе ол идеялар креативті шешімге септігін тигізеді» - дейді [178].

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін шоғырландыру, тұрақтандыру үшін ақыл-ойының жетілуіне және іс-әрекет түрлерінің күрделенуіне көңіл аудару керек, бұндай дамыту балаға салмақ түсірмес үшін жеңіл ойын тапсырмалары арқылы қызықтыра отырып қол жеткізген жөн.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамытуда *есте сақтау* үдерісі ерекше маңызға ие.

Г.А. Урунтаева «Мектепке дейінгі жаста *есте сақтаудың* негізгі түрі бейнелік болып табылады. Оның дамуы және қайта құрылуы баланың психикалық өмірінде және ең алдымен қабылдау мен ойлаудың танымдық үдерістерінде болып жатқан өзгерістермен байланысты болады.

Қабылдау саналы, мақсатты бола бастағанымен, өзінің кеңдігін сақтайды. Осылайша, бала басқа маңыздырақ нәрселерді байқамай, заттың ең жарқын белгілерін ерекшелейді. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бала жадының негізгі мазмұнын құрайтын бейнелер көбінесе байланыссыз болып келеді. Есте сақтау және қайта жаңғырту жылдам болғанымен, жүйесіз болады. Бала объектінің бір белгісінен немесе бөлігінен екіншісіне «секіреді». Ол қосалқы нәрсені есіне сақтап, бірақ маңыздысын ұмытып қалады. Ойлаудың дамуы балалардың жалпылаудың қарапайым түрлеріне жүгінуге әкеліп, бейнелердің жүйеленуін қамтамасыз етеді. Сөзде орныққан соң, соңғылары «суреттілікке» ие болады. Талдау-жинақтау әрекеттерін жетілдіру бейнелеуді түрлендіруді көздейді» - деп жазады [157, 113 б.].

Е.В. Дудорова мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтауы мен креативтіліктің байланысын зерттей келе, қысқа мерзімдік ес пен креативтіліктің жылдамдық пен икемділік сияқты өлшемдерінің өзара байланысты екендігін айтады [179].

Осылайша, күнделікті өмірдегі жағдайлар, көрген суреттері, естіген ертегілер мен әңгімелері, жаттаған тақпақтары, баланың тәжірибесін кеңейтеді. Жинақталған тәжірибені жаңа идеяға, әрекетке айналдыру немесе жаңа зат жасау есте сақталған нәрселердің жеке бөліктерінен құралады деуге болады. Бірақ балалар жеке заттардың, құбылыстардың бейнелерін есіне түсіргенімен, жалпылама елестете алмағандықтан, ойлауы терең болмайды. Ол үшін кез келген әрекетті, ойынды ұйымдастырғанда көрнекі болуы ескерілсе, баланың қабылдауы, елестетуі, соған сай есте сақтауы мен ойлауы да қатар дамитын болады. Есте сақтау әсіресе жаңалықтарға, өзгерістерге ұмтылуда өте пайдалы, өйткені, қайталау арқылы ұмытылған ақпарат еске түседі. Бұдан, мектепке

дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамытуда есте сақтаудың рөлі зор екенін байқаймыз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың *сөйлеуін* дамытпай тұрып креативтік әлеуетін жоғары деңгейде дамыту мүмкін емес.

Г.А. Урунтаеваның ойынша, мектепке дейінгі жаста ойлау мен сөйлеу арасындағы байланыстар күрделене түседі. Сөйлеудің зияткерлік қызметі ойлау құралы қызметін атқарғанда қалыптасады. Сөз танымдық әрекеттің нәтижесін бала санасына орнықтырып, бекітеді. Бала өткен тәжірибені айтып немесе жаңғыртып қана қоймай, дәлелдейді, фактілерді салыстырады, қорытынды жасайды, заттардың жасырын байланыстары мен заңдылықтарын ашады. ....Сөйлеу сезімдік танымды, ойлау мен іс-әрекеттің арақатынасын өзгертеді, бағалау мен пайымдауды күшейтеді, зияткерлік әрекеттің жоғары формаларының дамуына әкеледі [157, 235 б.].

Ересек жастағы балалар үшін күнделікті өмірде креативтілік қоршаған ортаны, заттар мен жағдайларды әдеттегіден ерекше жолдармен пайдалана отырып, мақсатқа жетудің, қиындықтан шығудың жолын табу ретінде көрінеді. Олай болса, сөйлеудің креативтілігі баланың сұраққа тапқырлықпен ерекше жауап беруінен немесе қызықты жауап табу және әзіл айта білуінен, ертегі немесе әңгімені өз бетінше түрлендіріп, өзгертіп айта білуінен және т.б. түрде байқалатын шығармашылық қабілеті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөз қорларын молайту, ақпараттарды шебер жеткізе білуге қызығушылықтарын арттыру, тілдік құрылымдарды меңгерту, байланыстыра, тілдің көркемдігін сақтай дұрыс, мәнерлі сөйлеуге үйрету керек.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі жас кезеңі баланың креативтілігін, шығармашылығын дамытуға қолайлы кезең, өйткені бұл жаста балалар өте ізденгіш, жаңалыққа жаны құмар, қоршаған әлем туралы білуге деген құштарлығы жоғары, ойлауы еркін болады.

Халқымызда «Ұл-қызыңды бес жасқа дейін хандай көтер, он беске келгенше құлдай жұмса, одан соң құрбыңдай көріп ақылдас» дейтін нақыл сөз бар. Яғни, бес жасқа дейін баланы еркелете қарап, жөнсіз тыйым салмай, еркін тәрбиелеген. Ойлауы еркін, қиялы бай бала тапқыр да зерек, шығармашыл болып өсетіні анық. Сондықтан осы маңызды кезеңді ұтымды пайдалану керек.

### 1.2 Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудағы ойын іс-әрекеті

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың тиімді құралы ретінде ойынды алып отырғандықтан, «ойын» ұғымы, зерттеушілердің балалар ойынына көзқарастары, ойынның мәні туралы қалыптасқан тұжырымдамалар, ойынның түрлері, балаларды жан-жақты дамытуға ойынның әсері туралы айтпауға болмайды.

Психологиялық сөздікте «ойын дегеніміз бұл қалыпты психологиялық дамуға, көңіл көтеруге және демалуға қажетті адам қызметінің маңызды түрлерінің бірі. Балалар үшін ойынның дамыту аспектісі ерекше маңызды. Мектепке дейінгі жаста үнемі жетекші іс-әрекет болатындықтан ойынның

тақырыптық-манипулятивті, сюжеттік, символдық, рөлдік, ережелері түрлері кезеңімен пайда болып, бірін-бірі толықтырып, алмастырып отырады» - делінген [180].

Жан Пиаже ақыл-ой қабілеттері дамыған сайын бала бірнеше кезеңнен өтеді деген болжам жасады. Сондай-ақ ойын түрі баланың даму кезеңіне байланысты деп санады.

Пиаженің айтуынша, екі жастан жеті жасқа дейінгі балалар әртүрлі жағдайларды жиі ойлап тауып, өздерін түрлі адамдар ретінде елестетеді. Ол мұндай ойындарды символикалық ойындар деп атады. ...символикалық ойындар балаларға адамдар арасындағы қарым-қатынас принциптерін, адамдардың айналадағы әлемге көзқарасын түсінуге көмектеседі [53].

Л.С. Выготский балада түпкі ойдың пайда болуын баланың шығармашылық іс-әрекетке көшуіне балайды. «Сәбилік шақта бала іс-әрекеттен ойға келсе, мектеп жасына дейінгі балаларда ойлаудан іс-әрекетке көшу, өз ойын іске асыру қабілеті дамиды. Бұл барлық іс-әрекеттерде, ең алдымен ойында байқалады. Ойдың пайда болуы шығармашылық қиялдың дамуына байланысты болады» деген тұжырым жасайды [171].

Д.Б. Эльконин әртүрлі жас кезеңдеріне тән жетекші іс-әрекет түрлерінің өзгеруін ескере отырып, балалар әрекетінің кезектесуінен тұратын белгілі бір заңдылықты ашты. Ол «...мектепке дейінгі жаста рөлдік ойын жетекші әрекетке айналады, онда балалар әртүрлі әлеуметтік рөлдер мен адамдар арасындағы қарым-қатынастарды көрсетеді. Мұндай ойында адам іс-әрекетінің жалпы және ең негізгі мағынасында бағдарлау орын алады..» - деп көрсетті [57, 105б.].

А.Н. Леонтьев «Жетекші әрекет деп бала дамуының белгілі бір кезеңінде жиі кездесетін әрекетті ғана айтпаймыз. Ойын баланың көп уақытын алмайды. Орташа алғанда, мектеп жасына дейінгі бала күніне 3-4 сағаттан артық ойнамайды. Демек, мәселе ойынның санында емес. Дамуымен байланысты бала психикасында маңызды өзгерістер болатын және оның аясында баланың жаңа, дамудың жоғары сатысына өтуін дайындайтын психикалық үдерістер дамитын әрекетті жетекші деп атаймыз» - дейді [58].

И.Е. Берлянд ойынның сана феномені ретінде пайда болуы туралы болжамды алға тартады. Ғалым ойын әрекетін затқа емес, сол әрекеттің өзін бейнелейтін әрекеттер ретінде талдай отырып, ойынды баланың өз әрекеті туралы ұғымдар арқылы өзі туралы ұғым қалыптастыру тұрғысынан сипаттайды [59].

Е.О. Смирнованың ойынша, «...Ойынның басты парадоксы мынада: дәл осы кез келген мәжбүрлеуден мүмкіндігінше еркін әрекетте бала толығымен эмоциялардың күшінде сияқты көрінгенімен, ол ең алдымен өз мінез-құлқын басқаруды үйреніп, оны көпшілікке арналған ережелерге сәйкес реттейді. Балалар ойынының мәні дәл осында қарама-қайшылықта жатыр....» [60].

Психология бағытында ойынның ойлау, қиялдау, елестету, іс-әрекетті бейнелеу және т.б. психикалық үдерістерді дамытатын әрекет ретінде қарастырылғанын байқаймыз. Балалар байқалмайтын өз ресурстарын ойын кезінде шығарады, оны басқаша пайдаланады, сол арқылы жеке тәжірибелері

толығады, ал креативтілік балалардың жеке тәжірибесіне тікелей байланысты болатындықтан ойынның психикалық үдерістерді дамытудағы маңызы зор.

А.М. Новиков «Ойын дегеніміз түрткісі оның нәтижелерінде емес, үдерістің өзінде болатын өнімсіз іс-әрекеттің түрі» деп сипаттады [181].

Е.И. Тихееваның ойынша, «....Ойынға деген құштарлық баланың жан дүниесінің тереңінде жатыр, оның айрықша белгісі болып табылады. Ойын – балалық шақтың тұрақты серігі. Баланың өзі және оның өмір сүру жағдайлары қаншалықты қалыпты болса, соғұрлым ол ойнайды; ол неғұрлым дарынды болса, соғұрлым оның ойыны жан-жақты, мазмұны бай болады. Дәл ойында балалар өз қабілеттерін аша алады, өйткені олар қиялының жұмысы үшін барлық кедергілерді оңай жеңеді, ойында олар шығармашылықтың алуан түрін меңгереді. Балалардың дене күшін, ақыл-ойын және сезімін дамыта отырып, ойындар маңызды біліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді [61].

Р. И. Жуковская балаларды ойын әрекеті арқылы дамытудың теориясы мен әдістемесі, қиялды дамыту, балалардың мінезінің мақсаттылық, дербестік, ұяң, ұмытшақ балалардың еріктік қасиеттерін тәрбиелеу, қызығушылығын қалыптастыру, ұжымдық тәрбие сияқты бірнеше теория мен әдістеме жасаған [62].

Е. А. Флеринаның пікірінше, ойын - баланың жан-жақты дамуына қажетті шығармашылық әрекет, ойынның мәні ойында баланың өз ойы мен сезімдерін іс-әрекетте жүзеге асыруы. Педагог мәжбүрлі ойналатын ойынға қызу қарсылық білдіріп, шығармашылық өнертабысқа, баланың бастамасына назар аударуды талап ете отырып, «Тәрбиеші ойынды бақылап қана қоймай, оны бағыттап, оның дамуына үлес қосуы керек» - деп жазады. Яғни, балалар ойынына дөрекі араласпай, жоспарлы, жүйелі басқару қажет деп санайды [63].

А.П. Усова балабақшалар тәжірибесіндегі қателіктер ретінде тәрбиешілердің балалар ойынына араласпай, тек сыртқы жағдайлармен қамтамасыз етуі немесе керісінше, ойынға орынсыз кірісіп, балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарымен санаспай, оларға сюжеттер мен рөлдерді өзі бөліп, еркін ойынға кедергі жасауын атап көрсетеді [64].

В.Я. Воронова мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы өзара әрекеттесуі әдетте ойынға қатысушылардың қарым-қатынасының жаңа нормаларын, мінез-құлық принциптерін, құндылық бағдарларын қалыптастыруға әкеледі, өз әрекетін талдау мен рефлексияға қозғау салады деп санайды [66].

Педагогтердің тұжырымдауынша, ойында балалардың өзара әрекеттесуі, түрлі желілер ойлап табуы, мәселелерді шешуі, ересектердің қимыл-қозғалысын, жануарлардың қылықтарын, заттардың дыбысын салуы және т.б. осындай әрекеттерді өзгерту, құбылту, түрлендіру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігінің бастауы ашылады.

Төмендегі кестеде зерттеу еңбектеріндегі «ойын» ұғымына берілген анықтамалар мен ойын туралы пікірлерді көрсеттік (4-кесте).

Кесте 4 – «Ойын» ұғымының анықтамалары мен ойын туралы пікірлер

| Зерттеушілер | Анықтамалары | Еңбектері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | *Философиялық тұрғыдан* | |
| Жан-Жак Руссо | «Баланы жақсы тану және түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек» [182, 384 б.] | Руссо Жан-Жак. Избранное/ Пер. Горбова Д.А., Розанова М. Изд. Терра, 1996. – 664 с. |
| А. Құнанбаев | «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» [12, 98 б.] | Абай Құнанбаев. Хикмет кітәбі / Абай Құнанбаев; [құраст. және жалпы ред. К. Серікбаева]. – Алматы : RS ; Халықаралық Абай клубы, 2016. – 499 б. |
| Й. Хейзинга | Ойын - бұл адам, қоғам мен мәдениет арасындағы диалогты дамытуға бағытталған қоғамдық өмірдің құбылысы [183, 314 б.] | Хейзинг Й. Homo ludens; Статьи по истории культуры / Й. Хейзинг. – М.: Прогресс-Традиция, 1997. – 416 с. |
| Г. В. Плеханов | «Ойын еңбекке еліктеуден пайда болған еңбектің нәтижесі. Ойын — балалардың еңбегі. Сондай-ақ еңбек оның мазмұнын анықтайды» [184] | Плеханов Г.В. Искусство и литература https://www.directmedia.ru/book-602265-iskusstvo/ 22.12.2021. |
| П.П. Блонский | Ойын – «баланың ұлы ұстазы», еңбектің табиғи түрі және бала «өз күшін жұмсайтын, бағдарын кеңейтетін, қоғамдық тәжірибені игеретін, айналасындағы өмір құбылыстарын қайта жаңғыртып, шығармашылықпен үйлестіретін» белсенді іс-әрекеттің түрі [168] | Блонский П. П. Избранные педагогические произведения http://elib.gnpbu.ru/text/blonsky_izbrannye-proizvedeniya_1961/fs,1/ 22.12.2021. |
| | *Психологиялық тұрғыдан* | |
| Ж. Пиаже | Мектепке дейінгі балалық шақтағы ойынның басым түрі «жеке белгілер – таңбалар көмегімен шындықтың ішкі ойлау үлгілеріне бейімделген символдық ойын» [53, 98 б.] | Пиаже Ж. Психология интеллекта / Ж. Пиаже. – СПб.: Питер, 2003. – 192 с. |
| В. Вундт | "Ойын - еңбектің баласы.... Өмір сүру қажеттілігі адамды жұмысқа мәжбүр етеді. Онда ол біртіндеп өз күштерінің қызметін ләззат көзі ретінде бағалауды үйренеді.... [185, 241 б.] | Вундт В. Этика: Факты нравственной жизни. Философские системы морали / В. Вундт. – М.: Либроком, 2011. – 456 с. |
| З. Фрейд | Баланың ең сүйікті және тартымды іс-әрекеті – ойын. Ойын үстінде бала жазушыға ұқсас келеді: ол өзінің жеке жұмысын жасайды, келмесе жұмысын өзіне қалай ұнаса, солай етіп құрады [153, 264 б.] | Зигмунд Фрейд Введение в психоанализ : лекции / Зигмунд Фрейд. — Москва : Современная гуманитарная академия, 2007. — 528 с. |
| Д. Узнадзе | «Ойын артық әл-қуатты сыртқа шығындаудың тәсілі емес, дамудың негізгі басты формасы, қызмет | Узнадзе Д.Н. Общая психология / Д.Н. Узнадзе. – М.: Смысл, 2004. – 413 с. |

4-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
| --- | --- | --- |
| | бағытының емін-еркін бұрқаған көрінісінің формасы болып табылады және әрекеттер ретінде олардың өз бағыты бойынша бір–бірінен айырмашылықтары бар, міне осылар баланы мазмұнды жағынан әр түрлі ойындар ойнауына мәжбүр етеді» [186, 162 б.] | |
| Л. С. Выготский | "Ойын - баланың ішкі әлеуметтенуінің кеңістігі, әлеуметтік көзқарастарды игеру құралы" Ойын дегеніміз тәжірибе алған әсерлерді өңдеудің негізінде баланың қажеттіліктері мен тілектеріне жауап беретін жаңа шындық жасау [54, 61 б.] | Выготский Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. //Психология развития. - СПб: Питер, 2001. - 512 с. С. 56-79 |
| А. Н. Леонтьев | «Ойын - бұл жеке тұлға мен қиял бостандығы, орындалмайтын қызығушылықтарды иллюзиялық іске асыру» [58, 24 б.] | Леонтьев А.Н. Психологические основы дошкольной игры // Психологическая наука и образование. 1996. Том 1. № 3. С. 19-31. |
| Д.Б. Эльконин | Балалар ойыны – балалардың ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты ерекше шартты түрде қайта жаңғыртудан тұратын тарихи даму үстіндегі іс-әрекет түрі [57, 128 б.] | Эльконин Д.Б. Психология игры / Д.Б. Эльконин. – М.: Владос, 1999г. – 360 с. |
| *Педагогикалық тұрғыдан* | | |
| Я.А. Коменский | «Ойын - баланың барлық қабілеттерін дамытатын маңызды ақыл-ой әрекеті. Ойын қоршаған әлем туралы ой шеңберін кеңейтіп, байытады. Ойын - қуанышты балалық шақтың шарты және баланың жан-жақты, үйлесімді дамуының құралы» [187, 114 б.] | Коменский Я.А. Учитель учителей. Избранное. Материнская школа или о заботливом воспитании юношества в первые шесть лет (с сокращениями) / Я.А. Коменский. – М.: Карапуз, 2008. – 288 с. |
| К.Д. Ушинский | «Бала үшін ойын шындық, ал шындық оны қоршаған ортадан да қызық. Оның балаға қызықты болатыны, өйткені ол түсінікті, түсінікті болатыны өйткені ішінара өзі жасағандары бар [188] | Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Том 2. Педагогические статьи. https://imwerden.de/pdf/ushinsky _sobranie_sochineny_tom02_1948_text.pdf (қаралу күні 23.12.2021.) |
| Я. Корчак | Көптеген балалар ойындары - ересектердің байыпты әрекеттеріне еліктеу [189, 354 б.] | Корчак Я. Как любить ребенка. Книга о воспитании /Я. Корчак. – М.: Полит. лит-ра, 1990. – 493 с. |

4-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Е.И. Тихеева | «Балабақшадағы ойындарға зор, әрі мұқият назар аудару керек, ойын бала өмірінің негізгі мазмұны, оның жұмысы және сонымен бірге ойын-сауығы, ол баланың жан-дүниесіне оның ерекшеліктері мен сипаттамаларының барлық қырынан көрінуіне кең мүмкіндік береді [61, 52 б.] | Тихеева Е.И. Развитие речи детей Развитие речи детей / Е. И. Тихеева. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. – 161 с. |
| А.С. Макаренко | «Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады. Бала ойында қандай болса, ол өскенде жұмыста сондай адам болады.» [190] | Макаренко А.С. Правильно воспитывать детей. Как? http://loveread.ec/read_book.php?id=51029&p=1 23.12.2021. |
| А.П. Усова | «Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді» [64, 49 б.] | Усова А. П. Роль игры в воспитании детей. Под ред. В. Запорожца. М., «Просвещение», 1976. 96 с. |
| В. А. Сухомлинский | «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес.... [191, 00 б.] | В.А.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы Алматы: Мектеп, 1976. — 303 б. |
| С. Торайғыров | «Балалықтың жанына ойын азық» [194, 87 б.] | Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы. Ғылым: 1984. – 245 б. |
| Н. Құлжанова | «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету», «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді» [16, 29 б.] | Құлжанова Н. Шығармалары: (мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар) – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2014. – 384 б. |
| С.А. Шмаков | Ойын бос уақытты адамдардың өмірінің басқа да маңызды формаларымен – қарым-қатынаспен, біліммен, еңбекпен байланыстыруды қамтамасыз ететін, олардың тек шығармашылық әрекетпен, еріктілікпен, еркіндікпен байланысты жақтарын ғана бекітетін бос уақыттың белсенді бөлігі болып табылады [192, 9 б.] | Шмаков С.А. Игра учащихся как педагогический феномен культуры : диссертация ... доктора педагогических наук : 13.00.01. - Москва, 1997. - 409 с. |
| О.С. Газман | «Ойын әрқашан бір мезгілде екі уақыт өлшемінде қазіргі және болашақ үшін әрекет етеді [193, 121 б.] | Газман О.С. Каникулы: игра, воспитание / О.С. Газман. – М.: Наука, 1988. – 157 с. |

Кестедегі келтірілген ойынның анықтамалары мен сипаттамаларына қарап отырып, ойынды философиялық тұрғыдан баланың қоршаған әлемді, қоғам мен мәдениетті тану, зерттеу құралы ретінде, психологиялық тұрғыдан ересектердің іс-әрекетін, қарым-қатынасын қайта жаңғырту, ересектердің әрекетіне еліктеу, дамудың негізгі формасы ретінде қарастырып, педагогикалық тұрғыдан ойынды баланың маңызды қызметі, өзін-өзі дамыту еркіндігі, ой, қиялын, шығармашылық қабілетін, баланың өзін жан-жақты, үйлесімді дамытудың әмбебап құралы ретінде сипаттағанын байқадық.

Кестеде берілген А. Құнанбаевтың «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деген өлең жолдарынан мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына зор ықпалын тигізетін әрекеттердің негізгісі ойын іс-әрекеті деп санағанын байқаймыз [12].

Яғни, ойнамай өсетін бала болмайды. Балалар ойын арқылы тапқырлыққа, батылдыққа, қырағылыққа, жылдамдыққа, шымырлыққа, құрдастарымен тіл табысуға, ересектермен қарым-қатынас жасауға және қоғаммен араласуға үйренеді.

Н. Құлжанова «Ойын – оның шын тіршілігі... Төңіректегі нәрселерден өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықыласын тартады және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесінің бәріне ықыласы жеңіл, тұрақсыз... Көрген нәрсесін айтқанда ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады» - дейді.

Ол ересектер мен бала арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөліп, «Балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей, «мазамды алма» деп баланың бетін қайтару арқылы оның сол білуге деген құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», - дей келе автор бала ойынының айналаны тани-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді [16].

Ойын түрлеріне сан алуан сипаттар тән болғанымен, мектеп жасына дейінгі балалар ойынының өзіндік ерекшеліктері болады.

Элиф Селеби Онкуа, Эсра Унлуэра «Ойын – бала өмірінің маңызды құрамдас бөлігі және балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ететін негізгі іс-әрекеттердің бірі. Балалар ойын арқылы негізгі және әлеуметтік дағдыларды игеріп, дамиды. Сондай-ақ кейбір компоненттер ойында маңызды рөл атқарады, мысалы, ойын материалдары, ойын алаңы, ойнайтын достары. Әсіресе ойын материалдары балаға жағымды әсер етіп, оның дүниені шаттыққа толы бай қиялымен танып білуіне мүмкіндік береді» - деп жазады [195].

Л. Ю. Николаева, Е. А. Николаева мектеп жасына дейінгі ойын әрекетінің ерекшеліктеріне *еркін әрекет, уақытша қимыл, ойын кеңістігі, ойын ассоциялары, ойынға ену құбылысы, ойынның құпиялылығы, өзіндік ереже, эмоциалдық еріктік қысымды* жатқызады. Енді осы ойын әрекеттерінің сипаттамаларын тоқталып өтейік:

*Еркін әрекет.* Еркіндіктің көрінісі баланың ойын кезінде ләззат алуы болып табылады.

*Уақытша әрекет*– ойын белгілі бір сәтте басталып, аяқталады.

*Ойын кеңістігі* – кез келген ойын әрекет орнымен ерекшеленеді.

*Эмоционалды және ерікті шиеленіс* ойын жағдайының тұрақсыздығынан туындайды және ойын бәсекелестікке айналған сайын күшейеді.

*Өзіндік ережелер* ойын әлемінің шектеулі уақыты мен кеңістігінде ғана жарамды болады.

*Ойынның құпиялылығы* - ойын кеңістігіндегі ережелерге сай бәрі «басқаша» болады.

*Ойынға ену*. Егер ойын ұзақ уақытқа созылса, оны тоқтату өте қиын болуы мүмкін.

*Ойын ассоциациялары* – ойын балаларда ойын ассоциацияларын тудыруы мүмкін (командалар, қызығушылықтары бойынша топтасу) [196].

Осыған орай Д.Б. Элькониннің ойындағы рөл және оған байланысты әрекеттердің ойын бірлігін құрауы теориясына келсек:

*Баланың рөлі* – ойынның мағыналық орталығы, барлық басқа тараптарды біріктіретін орталық кезең. Құрылған ойын жағдайы да, ойын қимылдары де рөлді орындауға қызмет етеді. Бала жай ғана қабылдамайды, өзін сол кейіпкердің атымен атап («Мен жүргізушімін», «Мен дәрігермін»), рөлде ересек адам ретінде әрекет етеді.

*Ойын қимылдары* - бұл рөл жүзеге асырылатын әрекеттер. Балалар біртебірте ойыншықтармен жеке қимылдарды орындаудан әрекеттердің тұтас тізбегіне (қуыршақты тамақтандыру үшін алдымен тамақ сатып алу, кешкі ас әзірлеу, дастархан жасау керек) көшеді.

*Заттарды ойын ретінде пайдалану* – нақты затты, әрекетті ойын затына ауыстыру және оның атын өзгерту. Ойындағы алмастырудың психологиялық мәні, бұл үдерісте баланың ойы әрекеттен алшақтайды, бірақ алдымен әрекет туралы бұл ойдың негізі болатын алмастырушы зат қажет.

*Желі* – ойдан шығарылған жағдай, яғни ойында (отбасы, аурухана, құрылыс және т.б.) үлгіленетін, жаңғыртылатын шындық аймағы.

*Ережелер.* Рөлдік ойын үшін ойдан шығарылған жағдайға, баланың алатын рөліне байланысты ережеге бағыну тән. Ережелер сол жағдайдан туындайды. Егер «аурухана» ойынын ойнап, бала дәрігердің рөлін алса, сәйкесінше, оның дәрігердің немесе науқастың мінез-құлқына қатысты ережелері бар.

*Ойындағы балалар арасындағы нақты қарым-қатынас* олардың ойын әрекетіндегі серіктес ретіндегі қарым-қатынасы болып табылады. Нақты қарым-қатынастардың функцияларына ойын желісін жоспарлау, рөлдерді, ойын құралдарын бөлу, ойын желісінің дамуын, рөлдердің орындалуын бақылау және түзету жатады [57, 243 б.].

Осылайша, ойын әрекеттері арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту іс-әрекеті жүзеге асады (3-сурет).




Сурет 3 – Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту үдерісіндегі ойын іс-әрекеті

Сонымен мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалар ойынының ерекшеліктері ретінде олардың алуан түрлі және шығармашыл сипатта болуын, рөлдік ойындарды аса бір ынтызарлықпен ойнауын, өмірде болып жатқан жағдайларға байланысты қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарды немесе танымал фильмдер мен мультфильмдердің желісін түсініп, оны ойын тақырыбына айналдыруын айтуға болады.

Балалардың ойын арқылы денсаулықтары нығайып, тілдік дағдылары, ой-өресі жетіледі, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, кеңістікті, уақытты бағдарлауды үйренеді. Ойын кезінде алған жағымды эмоциялық әсерден баланың белсенділігі артады, ерік қасиеті шыңдала түседі. Бұның бәрі баланың шығармашылық қабілетін дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетін, қиялын, шығармашылығын дамытуда қолданылатын қаламақтар, санамақтар, өлеңдер, тақпақтар, жұмбақ-жаңылтпаштар сияқты фольклорлық шығармаларды балаларды тілін, сөздік қорын дамытып, төл мәдениетіне тәрбиелеп, ұлттық сана қалыптастыратын тәлім-тәрбиенің қайнар көзі десек қателеспейміз.

Ойын арқылы бала тәрбиеленеді, білім алады, тәжірибе жинақтайды,

қабілеттері дамиды, ой-өрісі, дүниетанымы кеңейеді, мінез – құлқы қалыптасады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілік әлеуетін дамытуда ойынның маңызды орын алу себебі, ойын үстінде баланың бар ықылысы өзін қызықтырған нәрсеге ауып, жан-тәнімен беріледі, ешкімге бағынышты болмай, өзін еркін ұстайды. Егер, еркін ойлауға ешқандай тыйым салынып, шектеу қойылмаса, бала қиялы шарықтап, білуге деген құмарлығы мен талпынысы артады. Ойын баладан төзімділік, тапқырлық, ізденімпаздық, шеберлік сияқты қасиеттерді талап етеді. Олардың үнемі бір нәрсені жасауға, әуесқойлықпен ойыншықтардың ішін ақтарып көруге, қайта жөндеуге, құрастыруға әрекет етуі арқылы танымы кеңейіп, ойлау белсенділіктері артып, қиялы дамиды [197].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту бала бойындағы танымдық процестердің, соның ішінде баланың ойлауы мен қиялдауының дамуына тікелей байланысты болады. Ойын арқылы баланың қиялы оянып, жаңа дүниелермен танысады, тәжірибе жинақтайды, осының негізінде креативтілік әлеуеті дамиды.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға тәрбие мен білім беру құралы ретіндегі ойын әдісі қаншама еңбектерде қарастырылып, жіктеліп, зерделенгенімен қазір де өзектілігін жойған жоқ (5-кесте).

Кесте 5 - Балалар ойынының жіктелу кестесі

| Автор | Жіктелуі | Дереккөзі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Ф. Фребель | ойлауды дамытатын –ақыл-ой ойындары;<br>сезімнің сыртқы органдарын дамытатын – сенсорлық ойындар;<br>қозғалысты дамытатын – моторлы ойындар [198, 162 б.].<br>. | Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика М.: Издательский центр «Академия» 2001.- 416 с. |
| Ф. Кейра | -қимылдық ойындар;<br>-сезімді тәрбиелейтін, ептілікті дамытатын ойындар;<br>-баланың байқампаздығы мен пайымдауын, ақыл-ойын дамытып, сезімін тәрбиелеуге ықпал ететін және баланың білуге құмарлығын қанағаттандыратын ойындар;<br>- эмоционалды ойындар; [199, 00 б.]. | Кейра Ф. Детские игры: Пер. с фр. М., 1908. 112 с. |
| К. Гросс | 1) «қарапайым функциялы ойындар» - қозғалыс, ақыл-ой, сенсорлық, дамытушы<br>2) «арнайы функциялы ойындар» - инстинкті жетілдіруге арналған ойын-жаттығулар – жанұялық ойындар, аң аулау ойыны және т.б. [198, 162 б.]. | Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика<br>М.: Издательский центр «Академия» 2001. - 416 с. |

5-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Ж.Пиаже | Ойын - жаттығулар (1-жасқа дейін);<br>Символдық ойындар (2 жастан 4 жасқа дейін);<br>Ережесі бар ойындар (4 жастан 7 жасқа дейін) [53, 109-111 б.] | Пиаже Ж. Психология интеллекта / Ж. Пиаже. – СПб.: Питер, 2003. – 192 с. |
| Ф. Лесгафт | - имитациялық (еліктеушілік) – өзіндік шығармашылдық ойындар;<br>- қозғалыс ойындары (ережесі бар ойындар). [200, 214 б.] | Лесгафт П.Ф. Педагогика. Избранные труды / П.Ф. Лесгафт. — Москва : Издательство Юрайт, 2023. — 374 с. |
| А.П. Усова | - Шығармашылық ойындар (сюжеттік, сюжетті-рөлдік, драмалық ойындар, құрылыс ойындары);<br>- Ережелері ойындар (қимылды ойындар, дидактикалық ойындар) [64, 18-20 б.] | Усова А. П. Роль игры в воспитании детей. Под ред. А.В. Запорожца М., «Просвещение», 1976. 96 с. |
| З.М.Богуславская<br>Е.О.Смирнова | Ермек ойындар, рөлді ойындар, мәселелі ойындар, жарыс ойындар [201, 9-10 б.] | З. М. Богуславская, Е. О. Смирнова Развивающие игры для детей младшего дошкольного возраста. М.: Просвещение, 1991. 207 с. |
| С.Л. Новоселова | 1.Балалардың бастамасынан туындаған:<br>а) сюжеттік ойындар (сюжеттік-бейнелеу; сюжеттік-рөлдік; режиссерлік; театрландырылған.)<br>б) ойын-эксперимент (табиғи нысандармен; адамдармен қарым-қатынас, экспериментке арналған ойыншықтармен.)<br>2.Ересектердің қалауынан туындаған:<br>а)оқытушылық ойындар (автодидактикалық; заттық; сюжеттік-дидактикалық,; қимылды; музыкалық; оқу-заттық ойындар.)<br>б) бос уақыттағы ойындар ( зияткерлік; ойын-ермек; театрлық; мерекелік-карнавалдық; компьютерлік.)<br>3. этностың тарихи қалыптасқан дәстүрлік ойындары<br>а) салттық ойындар (культтік; отбасылық; маусымдық.)<br>б) тренингтік (зияткерлік; сенсомоторлық;)<br>в) бос уақыттағы ойындар (тыныш ойындар; алдандыратын, қызықты ойындар.) [202, 11 б.] | Новосёлова С.Л. Игра: определение, происхождение, история, современность // Детский сад от А до Я. 2003. № 6. С. 4—13. |
| А.М. Новиков | -ережелі;<br>- ережесіз,<br>- сюжетті-рөлдік;<br>- импровизацияланған. [203, 27 б.] | Новиков А.М.Методология игровой деятельности. – М.: Изд.: «Эгвес», 2006. – 48 с. |

5-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| П. Г. Саморукова | 1. Шығармашылық ойындар (сюжеттік-рөлдік, құрылыстық- конструктивтік, драматизациялық, театрландырылған, режиссерлік)<br>2. Ережелі ойындар (дидактикалық, қимылдық, музыкалық, ермек-ойындар және т.с.с.) [204, 126 б.] | Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика Оқулық. – Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012. – 220 б. |

Кестеде ғалымдар ойын түрлерін дамыту мақсатына, мазмұнына, қызметіне, жас ерекшелігіне, ұйымдастыру формасына қарай жіктегенін және ол үшін балаларды жан-жақты дамытудың, жетілдірудің тиімді, оңтайлы жолы ретінде ойынның қызметін терең зерттеп, ерекше мән бергенін пайымдаймыз.

Ғалымдар мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту мақсатында түрлі ойын түрлерін, бағдарламаларды, жүйелерді, кешендік жұмыстарды пайдаланған.

И.А. Майданник мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың дивергенттік ойлауын дамыту үшін жасаған креативтік ойындар бағдарламасында танымдық материалды интенсификациялауға, зияткерлік іс-әрекеттер кешенін кеңейтуге ықпал ететін «Ойлан тап» («Угадайка») электровикторинасын ұсынды.

Ғалымның пікірінше түрлі ойыншықтармен ойнау мектеп жасына дейінгі балалардың қиялында қоршаған ортаны ерікті түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Бұндай түрлендіру ойын үдерісі мен дивергентті ойлаудың ұқсастығын және әртүрлі идеялар, ойлар тудыру қабілеті ойын жағдайларында байқалуы мүмкін деген ойын растайды [47].

Т.А. Сидорчук тұлға қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі креативтілікті дамытуда бірте-бірте күрделенетін, заттарды немесе жағдайларды танып білуге және оларды түрлендіруге бағытталған тапсырмалар жүйесін жасады. Шығармашылық тапсырмалар блогының мазмұнын балаларды материалдық әлемнің заттарын жіктеуге, жүйелеуге, олардың кеңістікте әртүрлі орналасуын және заттың қызметінің оның сапасы мен санына тәуелділігін анықтауға, объектінің қасиеттерін диалектикалық бірлік арқылы білуге үйрету, балаларға жеткіліксіз ақпаратты өздігінен түсіну тәсілдерімен жағдайларды талдау, заттың өзін немесе ішкі жүйелерін фантастикалық түрлендіру тапсырмаларынан құрастырған.

Автор бірте-бірте күрделенетін шығармашылық тапсырмалар жүйесі креативті тұлғаны дамытудың бастапқы кезеңінің қажетті шарты деген тоқтамға келді [48].

Зерттеуші ғалымдардың балалар ойынын жіктеу мазмұнын, қолданған әдіс-тәсілдерін, жүйелерін, жолдарын қарастыра отырып, ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын түрлерін төмендегі кестеде жіктеп көрсеттік (6-кесте).

Кесте 6 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын түрлері

| Ойынның жіктелуі | Ойын түрлері | Дамыту сипаты |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Дамытушы ойындар | ӨТШТ элементтері бар ойындар | қабылдау, ойлау түрлерін, қиялдау, есте сақтау, сөйлеу, зейін үдерістері; |
| | Авторлық ойындар (Н. Зайцев, Никитиндер, В. Воскобович, Дьенеш блоктары, Кюизенер таяқшалары, А.З. Зак, В. А. Кайе, Сидорова, Болвачева және т.б.) | ақыл-ой, шығармашылық қабілеттері; жазу, оқу, санау, сурет салу, ән салу, билеу; заттарды өлшеміне, пішініне, түсіне, орналасуына қарай жіктеу, негізгі және қосымшаны бөліп алу, бүтінді бөліктерге бөлу, бөліктерді «ойша» қайта жинау, кеңістіктік ойлау; |
| | Нейроойындар | шығармашылық қиялды, фантазияны; |
| | Компьютерлік ойындар (компьютерге бейімделген басқатырғыштар мен дәстүрлі ойындар, платформер, стратегиялар, симуляторлар, әңгімелеу ойындары (Р.Е. Радеева, Е.О. Смирнованың жіктеуі бойынша ) | мидың қызметін белсендіру, зейінді шоғырландыру, ми жарты шарларының қызметін үйлестіру, ақпаратты есте сақтау, бір әрекеттен екіншісіне жылдам ауысу, қимыл координациясын, ұсақ және ірі моторика; |
| | Еркін ойындар | дербестік, бастамашылдық, мақсатқа жетудегі табандылық, қиындықтарды жеңу. |
| Ұлттық ойындар | жануарлар әлеміне байланысты ойындар | халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру, баланы жан-жақты жетілген тұлға етіп тәрбиелеу; еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ержүректікке, батылдыққа, табандылыққа, қайсарлыққа үйрету; омыртқасының түзу, дене бітімі шымыр, мінезінің қиындыққа төзімді болуы. |
| | құралдармен ойналатын ойындар | |
| | ақыл-ой және қимыл-қозғалыс ойындары | |
| | заманауи ойындар | |
| Ережелі ойындар (П.Г. Саморукова жіктеуі бойынша) | Дидактикалық | тірек-қимыл және бұлшықет жүйесінің өсуі, нығаюы, дұрыс дене мүсінінің қалыптасуы, ағзаның функционалдық белсенділігінің және оттегінің түсуінің арттуы; талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттерінің белсенділенуі, саналы әрекеттің қалыптасуы, жылдамдық, ептілік, күш, төзімділік, икемділіктің артуына ықпал етуі; музыкалық білік, дағдыларының қалыптасуы. |
| | Қимылдық | |
| | Музыкалық | |
| | Ермек-ойындар | |
| Шығармашылық ойындар (П.Г. Саморукова жіктеуі бойынша) | Сюжеттік-рөлдік | қарым-қатынас жасау, ұжымда тіл табысу, өзгелердің пікірімен санасу және құрметтеу; қоршаған әлемді тану, ойлау операциялары, сезімі, еркінің жетілуі, жадысының жаттығуы, құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау; мотивациялық-сұраныстық саласының |
| | Театрландырылған | |
| | Режиссерлік | |
| | Құрылыстық-конструктивтік | |

6 -кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | Оригами ойындары | дамуы, сана қызметіндегі, өмірдегі заттар, құбылыстар туралы түсініктерінің қалыптасуы;<br>қолдың ұсақ моторикасы, көзбен мөлшерлеу, барлық анализаторлардың іске қосылуы арқасында балалардың физикалық дамуы;<br>ми мен қолды жаттықтыру; көтеріңкі көңіл күй сыйлау. |

Кестеде көрсетілген ойын түрлері мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуға негіз болып, психикалық, физиологиялық, зияттық, әлеуметтік, тәрбиелік жағынан жетілуіне ықпал ететініне көз жеткіздік. Төменде ойынның түрлеріне, дамытушылық сипатына, ұйымдастырылу формалары мен қағидаларына тоқталатын боламыз.

*Дамытушы ойындар.* Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «Педагогтер үшін балалардың жастары ескеріле отырып, оқу үшін әртүрлі ойындардың үлгілерін қамтитын апталық циклограммалардың үлгілері, түрлі жас топтарындағы балалармен ойындарды ұйымдастырудың технологиялық процесінің алгоритмі, дамытушы ойындар өткізу әдістемелері бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленетін болады» - деп дамытушы ойындарға ерекше көңіл бөлініп отыр [5].

Дамытушы ойындар баланың психикалық қасиеттерін дамытуды және өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретуді мақсат етеді. Дамытушы ойындарда туындаған жағдаяттарды шешу арқылы баланың ойлау қабілеті, қиялы, еске сақтауы жетіледі, қасындағы балалардың қателігін байқап, одан сабақ алады, өзін-өзі ұстауға, ұстамды болуға, мінез-құлық нормаларына үйренеді.

Дамытушы ойын түрлерін көптігіне, мазмұнының сан алуандығына байланысты ӨТШТ элементтері бар ойындар, авторлық дамытушы ойындар, дәстүрлі дамыту ойындары, нейро ойындар, компьютерлік ойындар деп бес топқа бөліп қарастырып отырмыз.

Нечипорук Н. И., Томей О. П. балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық үдерісті және зиятты дамыту мүмкіндіктерін беретін өз микроклиматының үлгісі бар жаңа типтегі ойындар қажет деп санайды. Мұндай ойындар - баланың психикалық танымдық үдерістерінің сапасы мен қасиеттерін дамыту идеясынан туындайтын ойындар.

Дамытушы ойындарда оқытудың қарапайымнан күрделіге қарай жүру мен қабілеттеріне қарай өз бетінше дамуды үйлестіруге болады. Мұндай ойындар бірнеше мәселелерді бірден шешуге мүмкіндік береді (4-сурет).




Сурет 4 - Дамытушы ойындардың оқыту қағидаларын үйлестіре отырып дамыту мүмкіндіктері

Н.И. Нечипорук, О.П. Томей дамытушы ойындардың түрлі зияткерлік қасиеттерін сезу, қабылдау, назар, есте сақтау (әсіресе визуалды); тәуелділіктер мен заңдылықтарды таба білу, материалды жіктеу және жүйелеу; үйлестіре білу қабілеттілігі, яғни белгілі элементтердің, бөлшектердің, заттардың жаңа үйлесімділіктерін жасай білу; кателер мен кемшіліктерді таба білу; кеңістіктік көріністер мен қиял, өз әрекеттерінің нәтижелерін болжай білуді дамытатынын айта келе, ішіндегі ең тиімдісі ӨТШТ элементтерін қамтитын кешенді тәсіл екенін жазады [206].

*ӨТШТ элементтері бар ойындар.* ӨТШТ-сын Г. Альтшуллер бастапқыда инженерлердің күрделі техникалық мәселелерді шешуі үшін жасап, кейінірек басқа салаларда да қолданыла бастады. 1980 жылдардан бастап мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен дамытуда қолданыла бастады. Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясының негізгі мақсаты шығармашылық ойлауды дамыту болғандықтан, ол баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың негізі бола алады. ӨТШТ технологиясы арқылы

- баланың өзі үшін жаңа нәрсені тануына, нәтижелі әрекет етуіне қозғау салу;
- баланың логикалық ойлауын, қиялын, шығармашылығын, фантазиясын жүйелі түрде дамыту;
- баланың табиғатпен, қоғаммен, отбасы мүшелерімен, құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасау мүмкіндігін арттыру;
- баланың өзіне сенімділігін нығайту, өзіндік бағалауын көтеру, өзін толық тануға ұмтылдыру міндеттерін тиімді шеше аламыз.

ӨТШТ-ның мақсаты балаларды шығармашылық тапсырмаларды шешу әрекеттерге дайындау, ең алдымен, стандартты тәсілдермен шешу немесе шығармашылық тапсырмаларды ажырата білу дағдысын қалыптастырады.

ӨТШТ технологиясы жаңалықтар ашуға мүмкіндік беретін ойлау стратегиясы ретінде жасалғандықтан, ойлап табу үдерісі білім берудің негізгі мазмұны болып табылып, балаларда жалпылау, қорытынды жасай білу; бірегей және икемді түрде ойлау; талдай білу, пайымдау, негіздеу; қиялды белсенді пайдалана білу ақыл-ой қабілеттерін қалыптастырады [207].

Г. Альтшуллер ӨТШТ әдістерін қолдану іс-әрекетінің 5 кезеңде өтетінін айтады. Олардың әрқайсысы кезекті тапсырмалармен анықталады. *Бірінші кезеңнің* негізі қарама-қайшылықтарды тауып, шеше білу; зат пен құбылыстың кері жақтарын көруден қорықпау; әлемді ондағы байланыстарды ұғына отырып тануға деген жүйелі көзқарас; айналадағы ресурстарды көру және қолдана білу біліктерін қалыптастыру болып табылады. Ойлап табуға үйрену – *екінші кезеңнің* негізгі міндеті. ӨТШТ әдістерімен балалар қоршаған орта құбылыстары мен заттарды «жандандырады», бірінің қасиеттерін біріне жатқызып, қажетсізін қабылдамайды және кемшіліксіз нұсқаларды табады. *Үшінші кезеңде* балалар проблемалық тапсырмаларды тікелей шешеді. Педагог балалардың жағымсыз нәтижеден аулақ болу және оның шешімін іздеу қабілеттерін дамытуы керек. *Төртінші кезеңнің* негізгі мақсаты - алған білімдеріне негізделген стандартты емес бірегей шешімдерді пайдалану. Сондықтан балалар кез келген өмірлік жағдайдан шығудың жолын табуға үйренеді. *Бесінші кезеңде* тәрбиеленушілермен тарихи тақырыпта әңгіме жүргізіледі. Оларға болмыс нысандарының пайда болуы мен жетілуінің тарихын қадағалап отыруды айтып, өздері ойдан шығарған нәрселерін логикалық тұрғыдан негіздеуге үйрету керек [208].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік ойлауын, икемділік, ұтқырлық, жүйелілік сияқты ойлау сапасын, жаңалыққа ұмтылу мен ізденімпаздығын, тілін, қиялын, шығармашылығын дамытуды көздейтін ойын технологияларын жасауда ӨТШТ технологиясын А.А. Гин [209], В.В. Финкельштейн [210], Л.М. Курбатова [211] негізге алған.

Л.М. Курбатованың «Умка» - ӨТШТ бағдарламасының мақсаты мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қиялымен бірлікте ойлаудың белсенді түрлерін дамыту, балабақшаның заттық-кеңістіктік ортасын байыту арқылы қиялын дамыту деп санайды.

Авторлар психологиялық инерцияны жоюдың ең танымал әдісі «миға шабуылды» ұсынады. Оны қолдану әдісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Балалармен «миға шабуыл» ойын-сабақ барысында кез келген танымдық тапсырманы шешу кезінде жоспардан тыс, күтпеген жағдайда жүргізілуі мүмкін. Мәселені талқылауда айтылған ойларды балалар өздері түзетіп, талдау жасайды [211].

Э.А. Андрощук: «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ӨТШТ негізгі бағдарламаны өзгертпей оның тиімділігін барынша арттыруға арналған ұжымдық ойындар мен жаттығулар жүйесі. ӨТШТ технологиялары балалардың талдау, салыстыру және түрлі іс-әрекеттерді біріктіру, оларға ортақ қасиеттерді

таба білу біліктерін дамытуға бағытталған ойын тапсырмаларының жүйесі» - дейді.

Ғалым қазіргі кезде танымал болған ӨТШТ технологияларының ішінде жүйелік, функционалдық, диалектикалық және синергетикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін әдістердің бірі ретінде Соробан техникасын (жапондық шот арқылы) атап көрсетеді. Бұл техниканың әсіресе балалардың жүйелі ойлауын дамытуға ықпалы зор. Соробан оқыту әдістемесі ақпарат алмасудың, оны өңдеудің және есте сақтаудың тиімділігін арттыратын жарты шарлар арасында күшті нейрондық байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді. Соробан техникасымен жаттыққан балалар терең қалыптан тыс ойлауымен, заттардың мәнін ұғына білуімен ерекшеленеді, салдарын есептей отырып, мақсат қоюды, оған жету тәсілдерін, дұрыс шешім қабылдауды біледі [212].

*Фокалды нысандар әдісін* Ф. Кунце ойлап тауып, «Каталог әдісі» деп атаған, оны Ч. Вайтинг жетілдіріп «Фокалды нысандар әдісі» деп атайды. Әдістің мәні бір объектінің қасиеттерін екіншісіне аудару болып табылады. Фокалды деп ортада, басты назарда тұрған нысандарды атайды. Осы әдісті қолдана отырып, келесі міндеттер қойылады:

1. Нақты нысанды өзгерту немесе жетілдіру арқылы жаңа нәрсе ойлап табу.

2. Балаларды жаңа нәрсемен таныстыру немесе ол затты өзге тұрғыдан қарастыра отырып, бұрын алған білімдерін бекіту.

3. Табылған белгілерін (толық немесе ішінара) қолдана отырып, қарастырылып отырған нысан жайлы әңгіме немесе ертегі құрастыру.

4. Көркем шығарманы немесе суретті талдау.

5. Өзіңізге ұнайтын немесе мақсатыңызға сәйкес келетін сөз тіркесін таңдап, соған байланысты сабақтың, серуеннің, қимылды ойынның және т.б. жаңа түрін жасау. Сөз тіркесі кездейсоқ таңдалады. Фокалды нысандар әдісін қолдануда келесі жұмыс алгоритмін ұстану керек:

1. Кез-келген нысанды қарастыру немесе өзгерту арқылы фокалды сөзге қатысы жоқ басқа затты еріксіз түрде таңдау.

2. Басқа затты таңдау үшін балаларға суреттер, ойыншықтар, ашық түсті заттар ұсынылады.

3. Таңдалған затқа 5-10 түрлі анықтама беру (Ол не, қандай?).

4. Фокалды сөзге таңдалған белгілерді қояды, алынған сөз тіркестерін қарастырады.

5. Егер қажетті немесе қызықты сөз тіркесі табылса, фокалды сөзге тиісті қасиеттер телінеді. Ол үшін фокалды нысанға тән емес, оны өзгертетін элементтерді енгізу керек [213].

Е. Зорина-Лавровская Р. Крузо әдісіне байланысты ойын ұсынады. Ойынның мақсаты: нысандардың ерекше қасиеттерін табу арқылы қиялға ерік беру, алдында шағын кіріспе әңгіме жүргізіледі. Кіріспеде өнертапқыштардың бос уақытында немен айналысатыны, олардың айналадағы барлық заттарды мұқият қарап жүретін байқампаздықтары, шеберханаларында өз идеяларына ерік беретіні, ерекше нысандардың қалай алынатыны, айналасындағыларды таңдандыратын айрықша қасиеттері туралы әңгімелейді. Жаңа зат ойлап

табуды үйрену жолын көрсетеді.

Балаларға газеттерді көрсетіп сипаттайды, «ол тікбұрышты, бүктеледі, ашылады, сыбдырлайды, умаждалады, бетінде әріптер мен суреттер бар, олар көбінесе ақ-қара түсті, оларды оқуға болады». Сосын газеттің бейнелерін жиһазға, киімге, ыдыс-аяққа, көлікке ауыстырып көреді. Мысал келтіргенде балаларға таныс, қарапайым заттарды алу қажет.

Орындық әріптері бар ашық түсті матамен қапталса, қалай болады? Газет түсті көлік ше? Газет сияқты сәнделген тырнақ, үйдің қабырғалары, оның тағы бір ерекшелігіне сай ашылып-жабылатын орындықтар, үй жиһаздары, лампаның қалпағы ше? Қысқа сақтайтын алманы орауға, терезенің әйнегін құрғатып сүртуге, қарындаштар немесе басқа үй заттарын салуға себетке, әшекей заттарын жасауға қолдануды көз алдарына елестету және суреттерін көрсету. Ойын соңында газеттен жаздық қалпақ жасатып, кітап қаптауды да үйретуге болады [214].

*Қиялдау әдісі.* Бұл әдісті балаларды шығармашылық әңгімелеуге үйретуде қолданған дұрыс. Бір нәрсені ойлап табуда, қиялдауда жалаң емес, нақты әдістерді қолдана отырып әрекеттенген жөн.

Мәселен, өнертапқыштық тапсырма; кішірейту; ұлғайту; керісінше жасау; бөлшектеу әдісі; біріктіру (ескі ойыншықтардың бөлшектерінен немесе бірнеше ойыншықтардың бөлшектерін біріктіре қолдана отырып ерекше зат құрастыру); уақыт операторы (уақытты баяулату немесе жылдамдату: өзіңнің біраз жылдан соң қандай болатыныңызды, болашақтағы баланды немесе анаңның балалық шағында қандай болғанын бейнелеу); динамика; статика (жансыз заттарды жандандыру және керісінше). Балалар өздері нысанды таңдап, содан кейін оларды жандандырып, атау ойлап табады.

*МУҚ* (мөлшер, уақыт, құн) *операторы әдісі* әлемнің тұтас бейнесін құрастыруға көмектеседі, ойлауды дамытады, объектілердің өзара әрекеттесуін бірлік пен қарама-қайшылықта көруге, уақыт қозғалысын түсінуге, сондай-ақ әр нысанның рөлі мен орнын түсінуге, бағалауға үйретеді. Жүйелі талдаудың мәні нысанның қандай бөліктерден тұратынын және қандай бүтін жүйенің бөлігі болып табылатындығын анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс жоғары және төменгі жүйе деңгейінде уақыт шкаласын (өткен шақ, қазіргі уақыт, болашақ) ескере отырып, нысанның іс-әрекетін талдау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді [215].

*«Синектика» әдісі.* Мұнда мәселелерді шешу «қиялды шексіз жаттықтыру және үйлеспейтін элементтерді біріктіру жолымен» жүзеге асырылады. Әдіс авторы В. Гордон «миға шабуыл» кезінде топтың жұмыс үдерісін ұйымдастыру идеясына сүйеніп, мәселелерді шешудің талдау тәсілдерін қолдана отырып, «әр текті элементтерді біріктіру» ұғымын білдіретін, «синектика» деп аталатын жаңа әдісті жасап шықты. ....Синектиканың тікелей, тұлғалық, бейнелік және фантастикалық аналогия сияқты бірқатар тәсілдері бар [216].

Кішкентай адамдармен модельдеу әдісі (КАМ әдісі) - ӨТШТ-ның танымал әдістерінің бірі. Ол заттардың ішкі құрылысын, жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар мен үдерістердің физикалық мәнін түсіндіруге көмектеседі. КАМ әдісінің мәні бала өмірдегі барлық нәрсе, заттар,

құбылыстар көптеген тірі, ойлай алатын кішкентай адамдардан тұратынын елестетуі керек. Олар қозғалып, қандай да бір әрекеттерді орындай алады. Қатты заттарды құрайтындар қолдарынан мықтап ұстасады, оларды ажырату үшін біраз күш салу керек. Сұйық заттарды құрайтын адамдар жақын, бір-біріне иықтаса тұрады, оларды оңай ажыратуға болады (мысалы, стақаннан су құйып алу). Газ тәрізді заттарды бір-бірінен тәуелсіз, өз бетінше жүгіріп, секіріп, ұшып жүретін кішкентай адамдарға ұқсайды [216].

*Авторлық дамытушы ойындардың бірі* - Дж. Кюизенер таяқшалары, олар мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін, ұсақ моторикасын, көрнекі-әрекеттік ойлауын, зейінін, кеңістікті бағдарлауын, қабылдауын, комбинаторлық және конструкторлық қабілеттерін, шығармашылық пен қиялды дамыту үшін пайдаланылады. Ойын технологиясы бойынша алдымен балалар құрастырғыш ретінде олардың түсін, пішінін зерттейді, содан кейін қарапайым арифметикалық амалдарды үйренуге қолданады [217].

З.П. Дьенеш логикалық блоктары түстері, өлшемдері, пішіндері, көлемдері әр түрлі 48 пішін мен олардың ерекшеліктерін сипаттайтын карточкалар жиынтығынан тұрады. 3 жасар балалардан бастап өлшем, пішін және түс ұғымдарымен біртіндеп көрнекі түрде таныстыруға арналған. Ойын балалардың қарапайым математикалық түсініктерімен қатар, қабылдауын, есте сақтауын, зейінін, қиялын, логикалық және аналитикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытады [218].

Б.П. Никитиннің дамытушы ойындарының кешенді технологиясы балаға берілетін тапсырмалар деңгейін біртіндеп күрделендіру арқылы оның қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін көтеруді көздейді. Мәселен, «Өрнекті бүкте» ойыны баланың бүктеу, салу, өз өрнектерін ойлап тауып, оларды текшелермен құрау сияқты тапсырмаларды ретімен орындайды. Ойын нәтижесінде балада талдау және жинақтау, соның негізінде өз бетінше жаңа идеялар тудыру қабілеті қалыптасады. Келесі ойын «Уникуб» баланың ерте кеңістіктік ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл кейіннен жалпы математика мен тригонометрияны табысты меңгеруге ықпал етеді [219].

Зайцев текшелері түрлі-түсті текшелерге салынған әріптері бар «бүктемелі блоктар» арқылы балаларды сәбилік шақтан бастап оза оқытуға арналған. Ойын балалардың сөздік-логикалық ойлауын және есте сақтауын дамытып, олардың сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруда, сөздік қорын молайтуда, логопедиялық кемшіліктерді түзетуде тиімді болып табылады [220].

В.В Воскобович ойын технологиясы 3-7 жас аралығындағы балаларды ойын әрекетіне біртіндеп күрделенетін дидактикалық материалдар арқылы кірістіре отырып, олардың қабылдауын, есте сақтауын, зейінін, қиялын, ойлауын, тілін, ұсақ моторикасын дамыту, түстерді және пішіндерді, әріптер мен сандарды, оқу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған [221].

Б.Б. Финкельштейннің математикалық планшетінде пішіндерді салуға арналған резеңкелерді ілуге арналған шығып тұратын қазықшалары орнатылған. Планшетпен ойнау 2-8 жас аралығындағы балалардың зерттеушілік іс-әрекеттеріне, психосенсомоторлық, когнитивтік және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Нәтижесінде ұсақ моторикасы, қиялы,

кеңістіктік және ассоциативтік ойлауы дамиды [210].

Авторлық ойындарды қарастыра отырып, олардың баланы жан-жақты дамытуда жеңілден күрделіге қарай кезеңді түрде жүретінімен және дамудың белгілі бір бағытын негізгі етіп алатынымен ерекшеленетінін көреміз.

*Нейроойындар.* Қазір нейропсихология, нейропедагогиканы ғылымдағы жаңа салалар ретінде танып жатырмыз.

Нейропедагогика (нейропсихопедагогика) – қазіргі заманғы нейро ғылымдардың мәліметтеріне негізделген тәрбиелеудің теориясы мен технологиялары туралы ғылым. Ол «нейрон», «педагогика», «психика» сөздерінен құралған. ...Баланың миы мен ағзасы әсіресе нәрестелік және сәбилік шақта өте тез дамиды. Осыған байланысты сыртқы әсерлерге сезімтал болады. Сондықтан баланың белгілі бір жаста не істей алатынын ғана емес, одан әрі үйлесімді дамуы үшін оған ненің зиянды емес, пайдалы екенін білу маңызды» [222].

Горелов Н.А., Кораблева О.Н. нейрофизиология аясында зерттелетін креативтіліктің негізгі мәселелерін төмендегідей жіктеді:

1) шығармашылық мәселелерді шешуде ми жұмысының табысты болуына генетиканың әсері, атап айтқанда, ми құрылымының әсері (молекулалардың құрамы, жеке аймақтардың дамуы, адамдардың миының асимметриясы, оң немесе сол жарты шардың үстемдігі) туралы;

2) шығармашылық тапсырманы шешу кезіндегі ми қызметі, адам миы шығармашылық тапсырманы орындай отырып, бұл аймақта белгілі бір жиіліктегі электрлік белсенділік ағынымен сигнал береді. Бұл альфа ырғақтарының амплитудасы мен диапазонын талдау негізінде ғалымдар адамның әлеуетті шығармашылық іске асыру дәрежесін, сондай-ақ альфа ырғақтарының белсенділігінің гендерлік және жас ерекшеліктерін анықтауды үйренді;

3) шығармашылық әрекеттің саналы немесе бейсаналық сипаты, ...креативтілік - әдеттен тыс идеяларды тудыру немесе генерациялау, белгілілердің негізінде жаңасын жасау, ойлаудың дәстүрлі үлгілерінен ауытқу, саладағы проблемалық жағдаяттарды тез шешу. Адам шешім қабылдағанға дейін ми табылған шешім туралы сигналдар жіберіп қояды, яғни креативтілік толығымен бейсаналық өрісте жатыр.

Екінші жағынан, бірқатар зерттеушілер адам миы жеке импульстарды емес, импульстардың әртүрлі схемаларын жібереді деп санайды, олардың ішінен сана өзінің құндылық критерийіне сүйене отырып қажеттісін таңдайды. Яғни, креативтілік үдеріс бейсаналық пен саналы таңдаудың жиынтығы;

4) шығармашылық қызметтің өмір сүру ұзақтығына әсері бар, өйткені нейрондық популяциялар көп функциялы, ал шығармашылық кезінде белсендірілген ми аймақтары ағзадағы көптеген басқа үдерістерді оның ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау функцияларына дейін реттейді [223].

Осылайша, нейрофизиология аясындағы креативтілік негізінде адам ағзасын жасартуға, дұрыс таңдау жасауға, өмірлік тәжірибе негізінде бейсаналы түрде шешім қабылдауға, әлеуетті шығармашылық дәрежесіне ие болуға көмектеседі.

Нейроойындар мидың оң және сол жақ жартыларының үйлесімді жұмыс істеуіне, зейіннің шоғырлануына, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қол моторикалары мен сөйлеудің, психикалық үдерістердің дамуына ықпал етіп, оларды тыныштандыруға, эмоцияларын жеңуге, өзін-өзі басқаруға көмектесетін арнайы ойын түрлері. Оларға саусақ, қол жаттығулары, сөйлеуді, есте сақтауды, санауды дамытуға арналған қайталанбалы мәтінді, әуенді ойындар жатады.

Кез келген ойынның ережесі, мақсаты мен дамытушылық қызметі бар. Нейропсихологиялық ойындардың ережелерінде міндетті түрде оның кімге пайдалы болатыны және қай жастағы балаларға ұсынылатыны көрсетілуі керек. Негізгі ережелердің бірі қарапайым жаттығулардан бастап, үзбей жүйелі қайталау арқылы ойынның күрделі түрлеріне көшу. ....Әрбір жаттығуды дәл орындау маңызды, сондықтан әр балаға жеке үйрету қажет. Тұрақты жаттығулар симметриялы және асимметриялық қозғалыстарды орындау, тепе-теңдікті сақтау, қол мен саусақтың икемділігі сияқты дағдыларды жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ, мұндай жаттығулар эмоционалдық дағдыларды жетілдіру, баланың күйзеліске төзімділігін арттыру, көпшіл болуға, ойын барысында шығармашылық қабілеттерін байқатуға мүмкіндік береді [224].

Балаға қимылды ойындар қалай керек болса, нейроойындар да соншалықты керек. Қазіргі күнде көп жағдайда нейроойындар балалардың сөйлеуін дамытуды белсендіру мақсатында қолданылуда. Нейроойындар балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыру, есту қабілетін дамыту, баланың сөйлеуіне жауап беретін мидың нейродинамикалық үдерістерін дамытуда тиімді нәтиже береді.

*Компьютерлік ойындар.* Ю.М. Горвиц [225], Л.А. Леонова [226], С.Л. Новоселова [227], Н.Н. Поддьяков [228]. және т.б. ғалымдар мектеп жасына дейінгі балаларды компьютермен таныстыруды компьютерлік ойындар арқылы жүзеге асыру керектігін дәлелдейді.

С. Пейперт компьютерлік ойындардың баланың ойлау қабілетін дамытып, заттардың бір-біріне әсерін өз бетімен түсінуіне мүмкіндік беретінін жазады [229].

Көптеген жанрлардағы компьютерлік ойындарды меңгеру ойлаудың, оның ішінде шығармашылықпен байланысты интуитивті ойлаудың дамуына ықпал етеді [230].

Л.А. Ягодина мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық -коммуникациялық технологияларды пайдаланудың төмендегідей формаларын ұсынады:

1. Компьютерлік ойын құралдарын қолдану арқылы өтілетін ойын түріндегі сабақтарында мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, зейінін, есте сақтауын, моторикасын дамытуға бағыттап оқыту, өтілген материалды қайталауды және бекіту, тәжірибелік әрекетті іске асыру, балалар күнделікті өмірде, мектепте, демалыс уақытында кездесетін жағдаяттарды ойнап көрсету;

2. Ғаламдық желінің ресурстар қорында қалаларға, мұражайларға, кітапханаларға виртуалды саяхат жасау;

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту үшін үйірме жұмыстарында АКТ қолданып компьютерлік ойындар, графикалық редакторлардың көмегімен суреттер мен фотобейнелер, құрастырғыштар

арқылы анимациялық және интербелсенді мультфильмдер, анимациялық бейнелерге арналған бағдарламалар жасау [231].

С.Л. Новоселова мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуындағы компьютерлік ойындардың рөлін ерекше бағалайды. Ғалым ересек жастағы балалармен бағдарламаларды пайдаланып ойындар, сабақтар өткізу үшін компьютердегі ойындарды қарапайым ойындармен байланыстыруға мүмкіндік беретін ойын кешенін жасау керек деп санайды [227, 93-96 б.].

Қорыта келгенде, компьютерлік ойындардың өзі компьютерлік техниканың дамуының арқасында креативті адамдар ойлап тапқан өнім екендігімен маңызды. Виртуалды әлемде қиялдамай ойнау мүмкін емес, қиял оның міндетті шарты. Сондықтан, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда компьютерлік ойындар қиялдау, түрлі тақырыптарға қатысты ой қорыту, білімді игеру және қосымша материалдармен толықтыру, миды жаттықтыру, есте сақтауды жетілдіру, зейінді шоғырландыру және өзін-өзі дамыту құралы құралы бола алады.

*Еркін ойындар.* Мектеп жасына дейінгі балалардың толыққанды дамып жетілуінде еркін ойындардың алатын орны зор.

Е.А. Абдулаева, Д.А. Алиева «Қазіргі кезде балалардың өз бетінше ойнауға уақыты мен тыныштығының жоқтығы халықаралық құбылысқа айналып отыр. Балалардың уақыты көбінесе ересектердің мақсатына сай ұйымдастырылған іс-әрекеттерге арналады, осылайша, күндізгі уақыттарының көп бөлігі ұйымдасқан түрде, ересектердің жетекшілігімен өтеді..... Бірақ өз бетінше ойнаудан қағылған, сәбилік шақтан бастап өз ісімен айналысуға, яғни, ойнауға мүмкіндігі болмаған балалар шындығында да бұзушы күшке айналуы мүмкін. Жөнсіз, кейде жарақаттануға әкелетін жүгіру, айғай-шу, қақтығысу, тәртіпсіздік - осының бәрі балалар кенеттен өз беттерімен қалғанда болатын жағдай.

Балалардың мұндай мінез-құлқының белгілі себептері бар. Оның негізгілері:

- өмірлік тәжірибені сапалы жинақтауға және ішкі дүниесінің маңызды қырларын құрастыруға мүмкіндік бермейтін ширығу мен босаңсу, ішкі және сыртқы зейін, ересектерге ілесу мен өзіндік әрекет үдерістерінің ырғақты кезектесуінің бұзылуы;
- ойын кеңістігінің дайын заттарға толы болуы;
- ойынға құзіретті қатаң қадағалаусыз сүйемелдеудің болмауы.

Күн тәртібінде еркін ойынға үзіліс не түстен кейінгі үйірме уақыттары беріледі. Балалардың алған әсерлеріне, толқытатын ішкі ойларына және маңызды оқиғаларға іштей тоқталуға, шабыттануға, кеңістік, серіктестік құруға, ой желісін дамытуға уақыттары болмайды. Яғни, жеке саналы істерге уақыттары жоқ» - дейді [232].

Е. Пиотровская «Бала толыққанды дамуы үшін бос уақытында еркін ойын керек. Балаларға еркін ойын немесе еркін шығармашылық беретін келесідей мүмкіндіктерді атайды.

*Өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамыту.* Бастамашылдық, шешім қабылдай білу, тіпті, өз өміріңді басқара алатындығыңды сезіну баланың

бастамасынан, белсенділігінен туындайды. Шетелдік ғалымдар қазіргі жастардың дербестігінің болмауын балалар өмірінен еркін ойынның алшақтауымен байланыстырады.

*Өмірдегі өзгерістерге тез бейімделу*. Ойын мидың нейрондық желілерін дамытады, «ойнайтын» бала өмірдің күтпеген жағдайына дайындалып, түрлі жағдайларға икемді болу қабілетін дамытады.

*Эмоциялық қиындықтарды жеңе білу*. Ойын - эмоционалдық қиындықтарды жеңудің тамаша тәсілі. Ойын кезінде бала алған әсерлерін өңдейді, оларды ойша ретке келтіреді. Бір нәрсеге қуанған адам өз сезімін жақын адамдарымен бөліседі. Ал, бала басынан кешкендерін ойын тілінде жеткізеді.

*Әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту*. Ойынға бірнеше адам қатысса, бала әлеуметтік өзара әрекеттесуден тәжірибе жинақтайды, басқаларды түсінуге, қарым-қатынас орнатуға, жанжалдарды шешуге үйренеді. Бірақ, бұлар қызықты әрекет барысында өтуі маңызды. Ақылмен түсіндірген жақсы, бірақ шынайы қарым-қатынас тәжірибесінен артық ештеңе жоқ.

*Шығармашылық қабілетін дамыту*. Еркін ойын бұл таза қуаныштың көзі. Бала ойында өзін-өзі таныту еркіндігіне ие болса, өзін бақытты, толыққанды өмір сүретін сезінеді, өйткені бұл өзін-өзі дене, эмоционалдық және зияткерлік жағынан таныту болып табылады [233].

Сонымен еркін ойын балаларды еркіндікті сезініп, өзі қалаған ісімен айналысуға, шешім қабылдауға, эмоционалдық қиындықтарды жеңуге, өмірлік тәжірибе жинауға, бастысы шығармашылық әлеуетті ашуға ықпал ететіндіктен мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамытуда мүмкіндігінше пайдаланып, оларды қатаң күн тәртібіне бағындырып қана қоймай, еркін ойындарға жағдай туғызу керек.

*Ұлттық ойындар.* Келешек ұрпақтың денсаулығы мықты, дене бітімі дұрыс, ақыл-ойы кемел болып жетілуіне ұлттық ойындарымыздың қосатын үлесі зор. Ұлттық ойындар көне заманнан ұрпақ сабақтастығы арқылы қазіргі күнге жетіп отырған асыл қазынамыз. Ұлттық ойындарға бала бойына халқымыздың тәрбиесін сіңірудің, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастырудың, жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеудің таптырмас құралы деп қараған жөн. Төмендегі кестеде көрсетілген (7-кесте).

Кесте 7 - Зерттеушілердің қазақ халқының ұлттық ойындарын жіктеуі

| Зерттеушілер | Жіктелуі | Еңбектері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Ә.А. Диваев | Ғалым адам жасын үш топқа бөледі. Бір жастан жетіге дейін - нәресте, жеті жастан он бес жасқа дейін – бозбала, ал он бестен отызға дейін – жігіт. Осының негізінде қазақ ойындарын да «сәбилер ойыны», «бозбалалар ойыны» және «жігіттер ойыны» деп бөледі [238] | Диваев А. Как киргиз развлекают детей. https://www.academia.edu/4347510 / 28.12.2021. |

7 -кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| М. Гуннер | 1)жалпы; 2) қарсыласу мен күресу сипатындағы; 3) ашық алаңқайдағы; 4) қыс мезгіліндегі; 5) демалыс; 6) ат үстіндегі; 7) аттракциондық-көрініс ойындары [239] | Гуннер М. Сборник казахских национальных игр и развлечений https://nlrk.kz/index.php?option=comcontent&view=article&id=938:the-digitized-kazakh-books-in-the-russian-language&catid=140&Itemid=127&lang=en 28.12.2021. |
| М.П. Тәнекеев | 1) ат спортының түрлері; 2) атқа мініп жүруге байланысты ойындар [71, 32-35 б.] | М. Тәникеев. Мир национального спорта. Алматы. Қайнар. 2001.- 260 б. |
| Б.Т. Төтенаев | 1) салт-дәстүр негізінде дүниеге келген ұлттық ойындар; ( оның ішінде а) еңбек үрдісімен байланысты мерекелік ойындар, б) жерге байланысты әдет-ғұрып, дәстүрімен ұштасқан ұлттық ойындар).<br>2) жастар ойыны;<br>3) қозғалмалы ойындар;<br>4) табиғат аясында ойналатын ойындар [72, 44-49 б.] | Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары [Текст] / Базарбек Төтенаев. - Алматы : Қайнар, 1994. – 144 с. |
| Е. Сағындықов | 1) көңіл көтеретін қимыл ойындары;<br>2) денешынықтыру спорт ойындары;<br>3) ойлау қабілетін дамытатын ойындар | Сағындықов Е. С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991. -175 б. |
| А. Құралұлы | 1) аңға байланысты («Ақсерек, көксерек»); 2) малға байланысты («Соқыр теке»); 3) түрлі заттармен ойналатын («Ақсүйек») ; 4) зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін («Жасырынбақ»); 5) соңғы кезде қалыптасқан ойындар («Құлақ пен мұрын табу») [240, 41 б.] | Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б. |
| З. Сәнік | 1) ойындарды спорттық ойындар (дене тәрбиесі, ат, күш сынасу, мергендік және жарыс ойындары)<br>2) көңіл ашу ойындары (ойын-сауық, әзіл-қалжың, күлдіргі, би және басқа да қызғылықты ойындар)<br>3) балалар ойындары («Санамақ», «Ұшты-ұшты», асық және т.б. үйрену ойындары) [241] | Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы/ VII том. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. URL: https://ruh.kz/2021/04/15/qazaqtyn-ulttyq-oiyndary-2 03.10.2021. |
| Б. Меңдалиев | Нәрестелерге; 3-4 жастағы; 5-6 жастағы; 7-8 жастағы балаларға арналған ойындар [85, 67-81 б.] | Меңдалиев М.Б. Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану: Дис... пед. ғыл. канд./ М.Б. Меңдалиев. – Астана, 2009. – 119 б. |

Қазақ халқының ұлттық ойындарына А. Левшин [234], А.Е. Алекторов [235], А.А. Горячкин [236], Н. Пантусов [237], Ә.А. Диваев [238] және т.б. ғалымдар көңіл аударған. Сонымен қатар, отандық ғалымдар тарапынан да көп зерттелген ойын түрі - ұлттық ойындар.

Кестедегі ойындардың жіктелуін қарай отырып, ұлттық ойындардың ішінен ат үстінде ойналатын, күш сынасу, мергендік, жарыс ойындары да айрықша орын алғанын көреміз. «Ашамайға мінгізіп, көш алдына жүргізіп, ұл қызығын көргейсің» - деп жырлап, баласын ерте жастан атқа үйретіп, 5-6 жастан ер-тұманын әзірлеп, «ашамай» ерге мінгізген халқымыз ат үстінде ойналатын ойындар арқылы балаларын ержүрек, батыл, табанды, қайсар азамат болуға дайындаған. Ат құлағында ойнап үйренген баланың омыртқасы түзу, дене бітімі шымыр, тақымы мықты, мінезі қиындыққа төзімді болып өскен.

Халқымыздың дәстүрлі, ақыл-ойды дамытатын ойындарының ішінен ертеректе «көшпенділер алгебрасы» атанған «тоғызқұмалақ» ойыны ерекше орын алады. С. Аманжолов «Бұл ойын қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған адамның миы істеп, есепшілігі тез артып, тапқыштық жағы күшеймек» - деп баға береді [242].

Т. Сұлтанбеков «Тоғызқұмалақ ойыны да шахмат, дойбы ойыны сияқты тапқырлықты, мол фантазияны талап етеді. Алайда бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек. Оның басты себебі – тоғызқұмалақ ойынын немесе оның кейбір жеке позицияларын тақтаға қарамай, абстрактілі түрде ойлау аса қиын» - деп жазады [243].

«Тоғызқұмалақ» ойыны тұнып тұрған математика, ол тез ойлану, жүрісті алдын ала дәл есептеуді керек етеді. Оның көмегімен балалардың ой ұшқырлығы, логикалық ойлауы дамып, шыдамдылыққа, сабырлылыққа, тапқырлыққа үйреніп, ақыл-ойы шыңдалады, ұлттық дүниетанымы кеңейеді. Қазір «тоғызқұмалақтан» республикалық, Азия, әлем чемпионаттары өткізіліп, компьютерлік нұсқалары да жасалып әлемге танылуда. «Тоғызқұмалақ» ойыны балаларға ғана емес, ересектер үшін де күрделі ойын. Алайда, мектеп жасына дейінгі балаларды ойынның сипаттамасымен, «тоғызқұмалақ» тақтасымен, құралдарымен, отау түрлерімен, ережелерімен, компьютерлік нұсқасымен таныстырып, ойынға тарту арқылы қызығушылықтарын туғызуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда қазақ балаларының ұлттық ойыншығы - *асық*. Асық ойнау саусақ буындарын, аяқ-қол бұлшық еттерін, қол моторикасын дамытуға, үздіксіз қозғалыста және шапшаң ойналатындықтан қан айналымына, дене қимылдарының ептілігіне, мергендікке, көзбен мөлшерлеуге, ширақтыққа әсерін тигізеді. Асық ойынында ұтысқа жетсе жеңісіне көңілі толу, ұтылса намысқа тырысу, бәсекелестікке ұмтылу, шыдамдылыққа, сабырлылыққа, ойын ережесін сақтауға үйрену арқылы бала мінезі де тәрбиеленеді.

Асықты пайдалана отырып санату, есептер шығарту, пішіндер мен тізбелер құрастыру, массаж құралы ретінде асық кілемшелерімен жүргізу, асықтың түрлері мен түсуіне, ойналу әдістеріне байланысты атаулармен баланың сөз қорларын молайту және т.б. асықтың жан-жақты пайдалы ұлттық ойын екенінің дәлелі.

М.Т. Турскельдинаның зерттеуінде алты жастағы балалардың ерекшеліктері, мектепке жалпы дайындығы ескеріле отырып, олардың дене дамуы мен дайындығының әртүрлі деңгейлері негізделген. Денешынықтыру жаттығуларының, қазақ ұлттық ойындары мен спорттық ойын-сауықтардың түрлері жіктелген [76].

Т. Иманбеков балабақшалардың ересек және мектепке даярлық топтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарына ұлттық ойындарды енгізудің мән-мазмұнын, қазақтың ұлттық ойындарының педагогикалық, әдістемелік мүмкіндіктерін айқындаған [77].

А.К. Айтпаева бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы ретінде қазақ халқының ойындарын пайдаланудың теориялық-әдістемелік негіздерін жасап, олардың тәрбиелік мүмкіндіктері айқындаған [79].

Б.А. Арзанбаева ойынға мектеп жасына дейінгі балалар дамуының негізгі іс-әрекеті ретінде сипаттама берген. Қазақ ойындарының ұлттық ғылыми-педагогикалық негіздерін, түрлері мен ерекшеліктерін анықтаған. Ғалым «…қазақ ұлттық ойындары басқа да тәрбие құралдарымен бірге қолданыла отырып, үйлесімді дамыған, белсенді тұлға қалыптастырудың бастапқы кезеңінің негізі болып табылады. Олар баланың қоғамдық-пайдалы және шығармашылық іс-әрекеттерінде көрініс табатын адамгершілік сана-сезімінің іргетасын қалайды» - дейді [82].

Ұ.Т. Төленованың зерттеу жұмысында мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуді жетілдіріп, қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері айқындалып, педагогикалық мүмкіндіктері анықталған [83].

Г.С. Оразаева еңбегінде қазақ халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін логопедиялық түзету жұмысында пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтап, педагогикалық шарттары мен әдістемесін көрсетеді [84].

Осылайша, жоғарыдағы еңбектерден халқымыздың бала тәрбиесіне аса мән беріп қарағанын, ұлттық ойындардың баланы мықты, жігерлі, шымыр, зерек, алғыр, тапқыр болып өсуіне зор ықпал ететінін және ұлттық ойындардың терең зерттелгенін байқадық.

Балалар ойынының жіктелуін қарастыра келе, Ф. Лесгафт [200], А.П. Усова [64], С.Л. Новоселова [67], П. Г. Саморукова [204] және тағы басқа зерттеушілердің шығармашылық ойындарды жеке топтағанын байқаймыз.

*Шығармашылық ойындар.* Д.В. Менджерицкая шығармашылық ойындарды мазмұны (тұрмысты, ересектердің еңбегін, қоғамдық өмірдегі оқиғаларды бейнелеу), ұйымдастыру, қатысушылардың саны (жеке, топтық, ұжымдық), түрі (оқиға желісін балалардың өздері ойлап табатын ойындар, драматизациялық ойындар-ертегілер мен әңгімелерді ойнау, құрылыс ойындары) бойынша жіктейді. Олар сан алуан болғанымен, ортақ нәрсе: ойын тақырыбын балалар өздері таңдайды, оның желісін өздері өрбітеді, қажетті ойыншықтарды өздері таңдайды. Бұның барлығы балалардың өзіндік әрекеттерін сақтай отырып, бастамашылдығын, белсенділігін оятуға,

шығармашылық қиялын дамытуға бағытталған ересектердің жетекшілігімен жүргізіледі.

Ғалым шығармашылық ойындар барысында баланың ақыл-ой қабілеттерін, қиялын, зейінін, есте сақтауын жандандыратын білімді игерудің маңызды әрі күрделі үдерісі жүретінін айтады. «Балалар рөлдерді ойнай, оқиғаларды бейнелей отырып, солар жайлы ойланады, түрлі құбылыстар арасындағы байланыстарды ұғынады. Олар ойындағы мәселелерді өз бетінше шешуге, ойға алған ісін жүзеге асырудың тиімді тәсілін табуға, өз білімін қолдануға және оны сөзбен жеткізуге үйренеді» - деп санайды [65].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық ойындарының ішіндегі ең жиі ойналатыны - *сюжетті-рөлдік ойындар*. Сюжетті-рөлдік ойындардың балаларды жан-жақты дамытудағы маңызы өте зор.

Сюжеттік-рөлдік ойындардың дамытушылық маңызы әр алуан. Ойында бала өзін қоршаған әлемді таниды ойлау, операциялары, сезімі, еркі жетіледі, құрбыларымен өзара қарым-қатынасы қалыптасады, өзін-өзі бағалауы мен өзіндік санасы орнығады. «...сюжеттік-рөлдік ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті. Ол мектеп жасына дейінгі бала ойынының негізгі қорын құрайды. Балалардың шығармашылық ойынының бұл түріне іс-әрекет ретіндегі ойындардың ерекшеліктерінің барлығы тән. Сюжеттік-рөлдік ойынның айрықша ерекшелігі ойынның негізгі ойы орындалатын елестету жағдаяттардың болуы» [204, 135 б.].

Л.С. Выготский [54], А.Л. Венгер [56], Д.Б. Эльконин [57], А.Н. Леонтьев [58], Я.Л. Коломинский [244], С.Л. Новоселова [67], баланың психикалық дамуындағы сюжетті-рөлдік ойынның маңызын, мотивациялық-сұраныстық саласының дамуын, сана қызметіндегі, өмірдегі заттар, құбылыстар туралы түсініктерінің қалыптасуындағы орнын анықтады.

Еркін сюжеттік ойын - мектеп жасына дейінгі балалардың ең тартымды әрекеті. Оның тартымдылығы баланың тәжірибедегі өнімді іс-әрекетінде қиындықпен берілетін ішкі субъективтік еркіндікті, заттардың, амалдардың, қатынастардың бағыныштылығын сезінуімен түсіндіріледі.

Бұл ішкі еркіндік жағдайы сюжетті ойынның ерекшелігімен, яғни, қиялындағы, шартты жағдайлардағы әрекеттерімен байланысты. Сюжеттік ойын баладан нақты, елеулі өнім талап етпейді, онда бәрі «солай сияқты» жорта жасалады. ....Сюжеттік ойынның осындай мүмкіндіктері баланың тәжірибе әлемін кеңейтеді, ішкі эмоционалдық жайлылық туғызады.

Бірақ, осы бір сәттік «барлық мүмкіндікті», эмоционалдық жайлылықты сезінуден өзге, сюжеттік ойын өзінің ерекшелігі ұзақ мерзімдік әсерімен баланың психикалық дамуында үлкен орын алады. Психологтар мен педагогтар ойында бәрінен бұрын қиялдау, бейнелі ойлау дамитынын анықтаған [245].

Шығармашылық ойындардың келесі тобы – *театрландырылған ойындар.*

Театрландырылған ойындар эмоционалдық әсерлілігі арқылы тақырып, желі ойналатын жетекші тәсілдеріне байланысты ерекшеленеді. Театрландырылған ойындар режиссерлік және драмалық ойындар болып екі

үлкен топқа бөлінеді. Драмалық ойындарға қуыршақ немесе саусақ театрын, сондай-ақ костюм элементтерін пайдалана отырып рөлді орындаушының (ересек немесе бала) әрекетіне негізделген ойындар жатады.

*Драмалық ойындар.* Балабақшада драматизация жақсы таныс, өйткені, ешқандай мереке онсыз өтпейді. Балалар оған тырысып дайындалады, сосын өздерінің актерлік таланттарының шамасына қарай орындайды. Ал, драмалық ойындардың ерекшелігі сол, балалар алдын ала көрініске дайындалмайды, спектакль қоймайды, тек көрініс көрсетуді ойнайды. Осындай ойын барысында көріністің өзін құрастырады. Бұған костюмдердің де, декорацияның да қажеті жоқ, алдын ала дайындалған көріністен бұндай ойындардың басты айырмашылығы табиғилық пен суырып салмалық болып табылады [246].

Ересектер жасынан бастап балаларға ең алдымен қуыршақтарды ойнату дағдыларын қажет ететін театрлардың, атап айтқанда қамыс, қуыршақ, Петрушка, сайқымазақтар театры және т.б. түрлерін игеру ұсынылады. Балалар арнайы дайындықсыз –ақ таныс әдеби және музыкалық шығармалар бойынша драмалық ойындарға бірден қатыса алады. Балалар жаңа әдеби және музыкалық шығармалар бойынша арнайы жазылған пьесалар, театрландырылған қойылым сценарийлеріне драма ойындарын дайындауға қуана кіріседі. Балалар театр этюдтерін өз бетінше ойлап тауып, барлығы бірге өткізе алады. Бұл жаста балалар драма, музыка, қуыршақ, жануарлар, сайқымазақтар театры сияқты және т. б. жанрларымен таныстырылады [247].

Мектеп жасына дейінгі балалар театрландырылған ойындарда спектакль кейіпкерлерінің сөздерін жаттау арқылы сөз қорын молайтады, икемді қимылдауға, өз беттерімен шағын ертегілер, хикаялар құрауға үйренеді, театр өнерінің негізімен танысады, есте сақтау, зейін аудару, байқампаздық, қиялдау, бейнелі ойлау қабілеттерін дамытады.

*Режиссерлік ойындар* - сюжеттік ойындардың бір түрі, оның ерекшелігі бала әрекетті сырттай ұйымдастырады, режиссер сияқты желі құрып, өрбітеді, ойыншықтарды басқарып, дыбыстатады. Психологиялық тұрғыдан режиссерлік ойындарды «әрекеттегі қиял» деуге болады. ....«режиссерлік ойындар...ол әлі де әртүрлі нәрселерді біріктіретін желі ойлап табуды қамтиды, сонымен қатар заттық түрде ұсынылады, ондағы барлық рөлдерді бір бала ойнайды. Рас, сюжеттер күрделене түседі, заттық бейнелеу көбінесе балалардың өзіндік әдеби шығармашылығына жол беріп, кейде тек іске қосу механизмі қызметін атқарады, кейде рөлдерді бөліп алу қиынға соғады, өйткені бала барлық әрекетті сөзбен сүйемелдейді, кейде түгелдей сөйлеумен алмастырады [246, 32б.].

Режиссерлік ойындарға үстел үсті, көлеңке театры, фланелеграфтық театр жатады. Режиссерлік ойында бала ойыншық кейіпкері ретінде әрекет етіп, өзі сценаристің де, режиссердің де рөлін атқарып, ойыншықтарды немесе оларды алмастыратындарды басқарады [248].

Мектепке дейінгі кезеңде ойынның бұл түрі қиялды дамытудың кейбір нәтижелерін қорытындылайды, ең алдымен баланың ішкі позициясынан әрекет ету мүмкіндігін береді. Оның үстіне баланың ішкі ұстанымы режиссерлік ойында күшейіп, күш-қуатқа ие болады, тәжірибе мен заттық сүйемелдеу

көмегін қажет етпейді. Ол режиссерлік ойынның көмегімен алға шығып, қиялында негізгі орын алады. Мұның бәрі қиялды сапалы түрде өзгертеді. Қиялы жоғары деңгейде дамыған бала өзінің істегенін түсініп қана коймай, өзге адамдардың жасаған нәрселеріне де мән беріп, мағынасыз нәрселерді, мәселен, дақты немесе бейтаныс нәрсені ғана емес, сонымен қатар өзіне жақсы таныс нәрселерді де зерделей алады [249, 49 б.].

О.В. Солнцева [250], Е.Е. Кравцова [174], И.А. Кириллова [251] режиссерлік ойындарға басшылық жасау әдістемесін жасаған.

Режиссерлік ойындар деп әдетте бала бірнеше ойыншықты рөлдерге бөле отырып, әрқайсысының атынан әрекет етіп, сол сәтте жалпы әрекетті басқарып, өзін ойналып жатқан жағдайдан тыс ұстайтын ойындар аталады. ....Режиссерлік ойындардың сипаттамалық ерекшелігі оның тақырыптарының алуан түрлілігінде. Бірлескен ойындарда тақырып ортақ, бірнеше балаға таныс, жақын болуы керек, ал бұл сала «қызығушылықтардың қиылысуы» жеке баланың білім аймағынан тарлау болады. «...режиссерлік ойындардың осындай ерекшеліктері мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, шығармашылдық бастамасының қалыптасуына септігін тигізіп қана қоймай, оған бөлекше, яғни, бала үшін дәл сол салада, сол сәтте өзекті ақиқат пен әлемді тану туралы абстрактілі шығармашылық ойлау мүмкіндігін береді [249, 70 б.].

Сонымен, режиссерлік ойындар - мектеп жасына дейінгі балалардың қалауын білдіруіне, ой еркіндігін пайдалануына толық мүмкіндік бере алатын ойын түрі. Ол өзін режиссер, яғни, ойынның жетекшісі ретінде бәрін өзі қалағандай етіп ұйымдастыра алады. Ал, баланың еркіндікті, тәуелсіздікті сезінуі оның креативтілігінің дамуына, яғни, бірегей идеялар туғызу, ерекше шешім қабылдауына ықпал етеді.

Шығармашылық ойындардың ерекше түрінің бірі - *құрылыстық-конструктивтік ойындар.* Олардың шығармашылық сипатын ойын барысының еркін дамуынан, туындаған мәселені түрлі жолдармен шешуден, балалардың қызығушылығының жоғары болуынан байқаймыз.

Құрылыстық-конструктивтік ойындар мазмұны қоршаған ортадағы түрлі ғимараттар, құрылыс нысандары, соларға қатысты мамандықтар мен іс-әрекет түрлерін бейнелейді. Балалар көп жағдайда салған құрылыс нысандарын пайдаланып, оны сюжетті-рөлдік ойындарға жалғастырып әкетеді, кейде құрылысты салумен аяқтайды.

Нечаева В.Г., Корзакова Е.И. «құрылыстық-конструктивтік ойындары бұрын алған білім негізінде мүлдем жаңа өнім жасауда байқалатын шығармашылықты көрсету мүмкіндігі» - деп анықтама береді. Жаңа өнім – бұл түрлі ғимараттар, құрылыс материалдарының бөлшектерін түрлі нұсқаларда қолданатын жиһаз, сюжеттік құрылыстар және т.б. [252].

З.В. Лиштван «Конструктивтік іс-әрекет – қызметтік мақсатына сәйкес келетін нақты, алдын ала ойластырылған белгілі өнімді алуға бағытталған практикалық әрекет» - деп сипаттайды [253].

Л.А. Парамонованың ойынша, «Құрастыру барысында балалардың сенсорлық және ақыл-ой қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады. Дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекетте балалар конструктивті және техникалық

дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, нысандарды мақсатты түрде қарастыру, оларды бір-бірімен салыстыру және бөліктерге бөлу, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көре білу, басқа бөліктерге байланысты негізгі құрамалық бөліктерді табу, қорытынды жасау мен жалпылау сияқты жинақтау дағдыларын да игереді» [254].

Осылайша, құрылыстық-конструктивтік ойындар арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалар табиғи және жасанды материалдарды ажыратуға, көзбен мөлшерлеуге үйреніп, қолдың ұсақ моторикасы дамып, еңбек дағдылары қалыптасады. Өз қолдарымен қарапайым құрастыру әдістерін игеру арқылы балалар өз іс-әрекеттерін жоспарлауға, мақсат қойып, оған жетуге ұмтылып, логикалық, бейнелі, кеңістіктік ойлауы жетіліп, нәтижесінде креативті ойлардың туындауына ықпал етеді.

*Оригами ойындары.* Ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту тәсілдерінің бірі - оригами, яғни, қағазды бүктеу арқылы жасалатын заттармен ұйымдастырылатын ойындар.

Жапон тілінен аударғанда «ори» - бүктеу, «ками» - қағаз дегенді білдіреді. Пішіндерді қағаздан бүктеу арқылы қайшы мен желімнің көмегінсіз жасайды. Ойын мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға сәйкес келетін түрлі тақырыптарды қамти алады. ...адамдардың ой-өрісінің дамуына, мидың оң жақ және сол жақ жартышарларының белсенді жұмыс жасауына оң ықпал етеді. Екіншіден, бұл жұмыс екі қолмен атқарылатындықтан, қимылдың тез әрі шапшаң болуына және бұлшық еттердің шымырлануына, моториканың дамуына үлкен септігін тигізеді. Өйткені, тілдің дамуы қолдың дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, қолдағы ұсақ моторикалардың жақсы қызмет атқаруы аса маңызды. Сондай-ақ, бүлдіршіндердің саусақтарының икемділігін арттырып, ал ол өз кезегінде көркем жазуға алып келеді. Бұл қолөнер түрі өнер иесін төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық қасиеттерге баулып, креативті ойлау қабілеттілігін арттыратыны шүбәсіз [255].

Л.В. Лежнева: «Оригами - бұл сиқыр, ғажайып және әрине, ойын. Жай ғана бір парақ қағаздан бүкіл әлемді жасауға болады. Қағаз бұл шартты нәрсе ғана, ол тек баланың ойлап табуына және қиялдауына талдауына мүмкіндік береді. ...Баланың қолындағы қағаздан жасалған пішінге жан бітеді. Ол бірде ойыншық кейіпкерге, бірде үйшікке, кейде түлкіге айналады. Ол өзінің ойыншығымен сөйлеседі, оған бір нәрселерді айтады, осылайша ертегі туындайды. Бала тек қана бүктеуді емес, шығармашылыққа да үйренеді» - дейді [256].

О.С. Кузнецова «...оригами мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың зияткерлік және эмоционалды ерік аймағын дамытудың күшті құралы болып табылады....Ойынды оригамиде пайдалану туралы айтатын болсақ, педагогтер көбінесе дайын бұйымдармен ойнауды, ойын жағдайын туғызу, мазмұнды-рөлдік, режиссерлік және драматизациялық ойындарда дайын бұйымдарды қолдануды ойлайды. ....Біздің ойымызша, балалармен жұмыс істеуде тек қана көңілдендіру емес, сонымен қатар үйрету сипатындағы ойындарды да пайдалану керек. Бұл жағдайда, әсіресе технологиялық ойындар өте өзекті... » - дейді [257].

Р.И. Микрюкова: «Бүктеу арқылы пішін жасауды үйрену мәселенің негізгі жағы емес, басты мәселе - ойын. Пішіндер ойын барысында және ойын үшін жасалады. Ал ойын, мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс- әрекеті. Қатар жүретін ойын мен оқыту үдерісінде балалар ойланады, жұмбақтар шешеді, достар мен туыстарына білімі мен біліктерін ауызша жеткізуге үйренеді, жасалған пішіндердің көмегімен әдеби шығармалар сөзбен сахналанады» - деп жазады [258].

Осылайша, қағазбен жұмыс жасағанда балалар тыныштапып, шығармашыл көңіл-күйге бөленеді. Бала қағазды сызба бойынша бүктей отырып, саусақтардың үйлесімділігін жаттықтырады, қолдың ұсақ моторикасы дамиды. Саусақ қимылдарының арқасында жазу дағдылары дамиды, яғни, кейін әдемі жазатын болады. Қағазды қалай бүктеу керектігін есінде сақтай отырып, баланың жадысы жаттығады. Айналысып отырған ісіне зейіні шоғырланады, дәлдік пен көзбен шамалауды үйренеді, жұмыс нәтижесінде көркемдік-эстетикалық талғамы, ойлауы мен қиялы дамиды. Бала еңбекқорлыққа, шыдамдылық пен ұқыптылыққа, бастаған ісінен нәтиже шығаруға үйренеді. Аталған сапалар бала креативтілігін дамыту үшін керек қажеттіліктердің бәрін қамтиды.

Жасаған пішіндері туралы ақпарат беру арқылы баланың танымы кеңейеді, белгілі бір ертегі немесе қойылымға керекті қағаз пішіндерді жинақтай отырып, одан қуыршақ театрын ұйымдастыруға болады. Балаларға өз қолдарынан жасаған заттарды пайдалану үлкен қуаныш сыйлайды.

Оригами арқылы ұйымдастырылатын ойындар қосымшада көрсетілді (6-қосымша).

*Ережелі ойындар.* Н.Я. Михайленко мен Н.А. Короткова мектеп жасына дейінгі ережелі ойындарды, олардың қалыптасуын сюжетті ойындармен салыстыра отырып сипаттайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың ережелі ойындарды игеруге септігін тигізетін педагогикалық-психологиялық шарттарды анықтайды [245].

Мектеп жасына дейінгі балалардың ережелі ойындарының бірі - *дидактикалық ойындар*. Мектепке дейінгі педагогикада дидактикалық ойындардың өзі құралдармен ойналатын, үстел үсті және сөздік ойындар болып бөлінеді.

Дидактикалық ойын бұл балалардың арнайы, толыққанды, жеткілікті мағыналы әрекеті. Оның өзіндік мотивтері мен әрекет ету әдістері бар. Ойында іс-әрекет үлгісін оқушының өзі көрсете алады. Ережеге ерекше мән беру және оны ұғынуымен байланысты балада өзін-өзі бақылаудың алғашқы түрлері қалыптасып, осыған орай тек ойында ғана емес, ойыннан тыс жағдайларда да мінез-құлқын игерудің жаңа деңгейіне көтерілетінін көрсетеді. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалық шақта ойынның дамытушылық маңызы жоғары.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойынға қатысуы олардың өз-өзіне сенімін нығайтады, табандылық, табысқа ұмтылу және әр түрлі мотивациялық қасиеттерді дамытады. Ойын барысында ойлау, жоспарлау, болжау, табысқа жету мүмкіндігін шамалау, балама таңдау әрекеттері жетілдіріледі [ 259].

А.К. Бондаренко «Ойын түрінде ойлау үдерісінің өзі жылдамырақ, белсендірек жүреді, өйткені ойын осы жасқа тән әрекет болып табылады. Ойында бала өзін оқытып жатқанын байқамай ақыл-ой жұмысының қиындықтарын оңай жеңеді. Білім беру міндетіне қарай тәрбиешінің өзі ойын шартын өзгерте алады деп санайды [69].

Мектепке дейінгі ересек жас *қиял-ғажайып ойынына* қолайлы кезең. Қиял-ғажайып ойынның негізі бір-бірімен жүйелі байланысты ойын оқиғаларын ойлап табудағы педагог пен балалардың бірлескен шығармашылығы болып табылады. Балаларды таныс ертегінің сюжетін өзгертуге үйрету, мәселен, оқиғаның аяғын өзгерту, басқа ертегілердің кейіпкерлерін кіргізу және т.б. нәтижелі шығады [70, б].

В. Пропп ертегілерді зерттей келе келе, оның тұрақты құрамдас бөліктерін бөліп көрсетті. Оқиғалардың реті бұзылғанымен, онда болатын ауысулар, толықтырулар, құрауыштарының жинақталуы, ертегінің негізгі дамуына қайшы келмейді. «Пропп карталарының» ұйғарым немесе тыйым салу, тыйымды бұзу, зиян келтіру, кейіпкердің үйінен кетуі, тапсырма, керемет сыйлықтар, кейіпкердің сыртқы келбеті, жағымсыз кейіпкердің ерекше қасиеттері, шайқас, жеңіс, үйіне келу, жалған кейіпкер, қиын сынақтар, жаманшылықты жою және т.б атаулары бар. Балалармен ертегі құрастыруда карталардың атауларын білдіретін суреттерді пайдалана отырып, ертегіге кейіпкер таңдайды. Содан кейін әркім өз картасына сәйкес әрекетті сипаттайды. Балалар суреттерді бір-біріне көрсетіп ақылдаса отырып, оқиғалардың желісін реттейді [260].

Осылай, дидактикалық ойындар оқыту мен тәрбиелеу, балалардың алған білімдерін бекіту мен молайтуға тигізетін ықпалынан өзге бастамашылдыққа, дербестікке үйрету арқылы зияткерлік-креативтік парадигмаға негізделген қоғамда тұлға тәрбиелеуге үлкен үлес қосады. Ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі креативтіліктің алғышарты болатындықтан дидактикалық ойындардың мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық белсенділігін, есте сақтауын, қабылдауын, зейінін, ой қорыту, жалпылау және салыстыру қабілеттерін дамытудағы рөлі өте зор.

Ережелі ойындар санатына жататын келесі ойын түрі қимылдық ойындар болып табылады.

*Қимылдық ойындар* - бала мәдениетін дамытудың бір шарты. Қимылдық ойындар арқылы олар өзін қоршаған дүниені түсініп, таниды, ақыл-ойы, қиялы, фантазиясы дамиды, әлеуметтік қасиеттері қалыптасады. Қимылдық ойындар әрқашан баланың қозғалысқа деген табиғи қажеттілігі, қозғалыс міндеттерінің шешімін табу қажеттілігі көрінетін шығармашылық әрекет болып табылады. Ойнау арқылы бала қоршаған әлемді танып қана қоймай, оны өзгертеді. Негізгі қозғалыстар баладан қозғалыс әрекеттерінің мәнін түсінуді, дұрыс және саналы түрде орындауды керек етеді. Осылайша, ойнай және әр түрлі әрекет түрлерін жүзеге асыра отырып, балалар үйлесімді және біртұтас дамиды, қоршаған әлемді, өзін, өз денесінің ерекшеліктерін таниды [261].

Мектеп жасына дейінгі бала дене мәдениетін қалыптастырудың жетекші әдісі болып табылатын қимылды ойындар кезінде іс-әрекет еркіндігіне ие болады. Педагогикада қимылды ойындар баланың жан-жақты дамуының

маңызды құралы ретінде қарастырылады. Қимылды ойындардың терең мағынасы олардың әрбір халықтың тарихы мен мәдениетіндегі дене және рухани өміріндегі толыққанды рөлінде жатыр. Қимылды ойынды дене қабілеттерін дамытуға және моральдық нормаларды, қоғамның мінез-құлық ережелерін, этикалық құндылықтарды игеруге ықпал ететін маңызды тәрбие институты деуге болады [262].

Ойын сигналы бойынша қозғалыс ойлап табуды немесе әрекетті лезде тоқтатуды талап ететін ойындар балаларды жеке және ұжымдық шығармашылыққа ынталандырады. Мұндай ойындар бір мезгілде ерік-жігерге, зейінге, ойлауға, сезімге және қозғалысқа арналған жаттығу болып табылады. Бұл ойындарда психикалық үдерістерді белсендіретін, сенсорлық түзетулерді, рөлдік жаттығуларды жүзеге асыратын, эмпатия механизмдерін дамытатын психосоматикалық және эмоционалдық аймақтарды қалыптастыратын балалардың әрекеттерінің мәнерлілігіне ерекше назар аударылады. Балалар ойында кейіпкерлердің мінезі мен бейнесін, көңіл-күйін, қарым-қатынасын жеткізеді. Сонымен қатар мимика және бұлшықеттер жаттығады, бұл дененің күйі мен өмірлік белсенділігін жақсартатын эндорфиндердің (қуаныш гормоны) бөлінуіне ықпал етеді [263].

Осылайша, қимылдық ойындардың мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілік әлеуетінің дамуына қажетті бала организмін сауықтыруға, денсаулықтарын нығайтуға және есте сақтауға, зейінді шоғырландыруға, назар аударуға, жағдайды жылдам бағалап, шешім қабылдауға, кеңістікте бағдарлануға, ой белсенділігіне жағымды жағдайлар туғызатынын ескеруіміз керек.

*Музыкалық ойындар.* Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы музыкалық ойындар болып табылады. Музыкалық ойындар арқылы қол жетімді ойын түрінде биіктіктегі дыбыстардың арақатынасы туралы түсінікті дамыту, ырғақты сезіну, тембрлік және динамикалық есту, дербес әрекеттерге ынталандыру сияқты нақты біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болады. Музыкалық-дидактикалық ойындардың педагогикалық құндылығы олардың мектеп жасына дейінгі баланың алған білімдерін күнделікті іс-тәжірибеде қолдануына жол ашуында болып табылады [264].

Музыкалық-дидактикалық ойын баладан есту арқылы қабылдаудың дамуын жақсартуға әкелетін естудің шоғырлануын талап етеді. Сондықтан, ойын барысында балалар үнемі дыбыстардың өзгеруін тыңдап, тапсырманы автоматты түрде орындамай, оған қимылмен немесе әрекетпен жауап беруі керек. Басқаша айтқанда, музыкалық ойындарға дағдыларға машықтану кезеңі кірмеуі керек, әйтпесе ойын мақсаты орындалмайды [265].

*Ермек-ойындар.* П.Ф. Каптерев «ермек ойындарының құралдары табиғи заттар мен құбылыстар, тұрмыстық заттар мен жиһаздар, ойыншықтар болуы мүмкін. ...Ермек ойындары ойын-сауыққа айналады, бұл ойын-сауықтар баланың жағдайына, есте сақтауына, ойлауына және қиялының дамуына эмоционалды әсер етеді» - деп есептеді.

Ол ермек ойындарының балаға әсері, ең алдымен, қызық заттың сыртқы

сезім мүшелеріне жасайтын әсерінің күшімен анықталатыны, бірдей сападағы ашық түсті зат пен солғын түсті заттың балаға әсері әр түрлі болатынын, қорқыныш сезімін оңай тудыруы, сондықтан ағзаны зақымдауы және рахаттың орнына азап шегуі мүмкін болғандықтан тым күшті әсерлерден аулақ болу керектігін ескертеді [266].

Қорыта келгенде, ойын түрлері, оның жіктелуін қарастыра отырып, ойынның адамзат тарихымен қоса дамып келе жатқанын байқаймыз. Ойындардың кейбірі кейде белсенді қолданыстан шығып қалады. Алайда, жаңа ойындар сол көнерген ойындардың негізінде туындайды, солардың элементтерін алады немесе пішіні, қолданылатын құралдары өзгереді. Сондықтан, *ойын балалардың танымын кеңейтудің, жан-жақты дамытудың, өмірге бейімдеудің және қоршаған ортамен әрекеттесуінің басты құралы* болып қала береді.

Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудағы негізі құралымыз ойын әрекетінің нәтижесі баланың тұлғалық дамуына, өсіп - өркендеуіне қол жеткізуге бағытталады. Түрлі логикалық, танымдық ойындар баланың ойлауын, ақыл-ой белсенділігін, есте сақтау қабілетін арттырып, танымын, дене бітімін, эстетикалық талғамын дамытады. Мәселен, театрландырылған ойындар әңгімелерді, ертегілерді еске түсіріп сөйлеумен қатар, қимыл – әрекеттерінің үйлесімділігі, дауыстарын құбылтып сөйлеу, тосыннан болған жағдайларда амал табу, сахнаны безендіруге араласу, өзіндік шеберлігін қосып ойнау, би қимылдары мен музыкалық ойындармен түрлендіру негізінде бала креативтілігін дамыту міндеттері орындалады. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене, танымдық, эмоционалдық, зияткерлік, әлеуметтік жағынан дамытуда ойын әрекетінің зор мүмкіндіктері бар екеніне көз жеткіздік.

### 1.3 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары

Ғылым әр уақытта жаңа дәйектермен толықтырылып отырғанда ғана дамиды. Ғылыми деректер жинақталып қалған кезде оларды ғылыми-зерттеу әдістері арқылы талдау және теориялық ұстанымдарға негіздеп зерделеу ғылымда әдіснама деп аталады [15, 9 б.].

Әдіснамалық тұғырлар дегеніміз қандай да педагогикалық мәселелерді зерттеуде қолданылатын ұстанымдар, әдіс-тәсілдер болып табылады.

Черников В.Г. тұғырлардың зерттеу міндеттері деңгейіндегі мәселені көтеру және шешу; зерттеу рәсімдерін, кезектілігін, басымдылығын, тиімділігін бағалау тәсілдерінің жиынтығы; эмпирикалық материалды категория ретінде пайымдау, негізгі категорияны жинақтау құралы; көзқарастар, түсіндіру тәсілі, ойлау стилі, тұшымды ой, пікір сияқты төрт түрлі мәнде қолданылатынын жазады [267] .

Ш.Т. Таубаева тұғыр дегеніміз зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы екенін, сол шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашатынын жаза келе, әдіснамалық тұғырларға жеке тоқталып, жіктеп көрсетеді [268].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын

арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негізіне *когнитивтік, жеке тұлғалық, жүйелілік, іс-әрекеттік, интегративтік тұғырлар* алынды.

*Когнитивтік тұғыр.* Жан Пиаже адамның нақты дүниені қалай танитынын анықтау мақсатында баланың ойлауының даму заңдылықтарын зерттеп, когнитивті даму жүйелі кезеңдерден тұратын, біртіндеп жүзеге асырылатын, үдеріс нәтижесі деген қорытындыға келді. Бала зиятының дамуы баланың білетіні мен түсінуге ұмтылған нәрселері арасындағы тепе-теңдікті үнемі іздестіру нәтижесінде жүзеге асады. Барлық балалар дамудың осы кезеңдерінен бір реттілікпен өтеді [53].

У. Найсер таным адамның кез келген сезім, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау, елестету және тағы басқа іс-әрекеттері арқылы жүзеге асатынын, демек, тұлғаны осы қырлары арқылы тану керектігін алға тартады [269].

П. Жане жеке тұлғаға деген когнитивті тұғырды «мінез-құлықтық» деп атап, өзін-өзі реттеу рөліне баса назар аударған. Өзін-өзі реттеуді ол жеке тұлғаның басқа адамдармен үнемі байланыста болуы, психикалық әрекетте, эмоционалдық мінез-құлық дағдыларын меңгеру және т.б. Осы тәжірибе тұлғаға мінез-құлқын реттеуге және жаңа тұлғалық қасиеттерді жинақтауға мүмкіндік береді [270].

Когнитивтік тұғыр бойынша тәрбиеленушілер педагогтің тәрбиелеу-оқу әрекетінің объектісі ғана емес, белсенді қатысушылары болып табылады. Дж. Брунер мен В. Риверстің пікірінше төмендегілей ережелер ескерілу керек.

Тәрбиеленушілер оқу-тәрбие үдерісінің белсенді қатысушылары ретінде олардың жеке қызығушылықтары мен ерекшеліктері де ескерілуі тиіс.

Оқу-тәрбие үдерісі тек тұлғалық емес, сонымен бірге әлеуметтік жағынан да шартталған. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілер мен педагогтер бір-бірін таныпбілу, түсіну және ынтымақтастықта болуы қажет.

Білім алушы болашақта өзінің тікелей алған білімінің шегінен асуға мүмкіндік беретін бастапқы білім мен дағдыларды меңгеруі тиіс екендігі үнемі баса назарда болады.Тәрбиеленуші білім игеруде жаңа ақпарат алады, бар білімін кеңейтеді, жаңа мәселелерді шешуге бейімделеді, тапсырманы орындау үшін қолданылатын әдістердің сәйкестігін тексереді [271].

Тұлғалық бағдарларды жүзеге асыруға жағдай жасалған кезде білім алушылар зерттелетін құбылыстардың мәнін меңгерудің белсенді процесіне тартылуы керек [272].

Соңғы жылдары Боден [273], Смит, Уорд, Финке [274], Вайсберг [275] сынды ғалымдар тобы креативтілікті когнитивтік тұрғы негізінде қарастыруды ұсынған. Эксперименттер, жеке жағдайларды зерттеу және жасанды интеллектің көмегімен модельдеу психикалық бейнелеуді зерделеуге, сондай-ақ шығармашылықта іске қосылған ақпаратты өңдеу және түрлендіру үдерістерін (аналогияларды құру, іздеу, дамыту және идеяларды синтездеу) зерттеуге мүмкіндік береді.

Бинк пен Марш-тың пікірінше, тіпті бұл үдерістердің нәтижелері «ерекше» болса да креативтілік кәдімгі танымдық процестерге негізделген [276].

Джордж Келлидің пікірінше, тұлға дамуының негізгі көзі қоршаған орта,

әлеуметтік орта. Ол тұлғаның когнитивтік теориясында адамның мінез-құлқына зияткерлік үдерістердің әсерін атап көрсетеді. Бұл теорияда кез келген адам заттардың табиғаты туралы гипотезаларды тексеретін және болашақтағы оқиғаларға болжам жасайтын ғалыммен салыстырылады. Кез келген оқиғаны бірнеше қайталай түсіндіруге болады [277].

Когнитивтік тұғырдың негізін салушылардың бірі Э. Толменнің теориясы «стимул – аралық айнымалылар – жауап» сызбасына негізделген, одан мінез-құлық тек сыртқы тітіркендіргіштерге ғана емес, сонымен қатар арнайы ішкі реттеушілер – когнитивтік карталарға тәуелді екені шығады. Мінез-құлық бірлігі болып белгілі бір мақсатқа бағытталған және тәжірибеде қалыптасатын, білім мен нәтижені білдіретін когнитивтік карталар арқылы жүзеге асырылатын, түрткі негізінде айқындалатын тұтас әрекет танылды.

Ғалымның пікірінше, қоршаған ортадан келетін барлық сигналдар ми арқылы өңделеді және түрлендіріледі. Бұл жағдайда мида қоршаған орта карталары немесе когнитивті карталар жасалады, олардың көмегімен ағза кез келген жаңа жағдайда немесе таныс жағдайлар кенеттен өзгергенде қалай әрекет еткен дұрыс болатынын анықтайды [278].

Креативтілікті когнитивтік тұрғыдан зерттеуде көптеген ғалымдар креативтік үдеріс саласындағы зерттеулерге ерекше мән береді. Жаңа идея немесе өнімді жасау кезінде пайда болатын когнитивтік үдерістің кезеңдерін алғаш рет Г. Уоллес көрсетті. Ғалым оларға «дайындық» (мәселені саналы түрде зерттеу), «инкубация» (мәселені санадан тыс зерттеу), «шабыт» (мәселені кенеттен шешу), «сынақ» кезеңдерін жатқызды. Г. Уоллестің пікірінше, кез келген мәселені шешуде адам миы міндетті түрде осы төрт кезеңнің барлығынан өтуі керек, ол мәселенің бір жағын бейсаналы түрде қорытып және сонымен бірге оның екінші жағын іштей дайындап жүре алады (5-сурет) [279].




Сурет 5 - Г. Уоллестің когнитивтік үдеріс кезеңдері

С.И. Макшанова мен Н.Ю. Хрящева креативтік үдерісті зерттеуде бес кезеңді сипаттайды: «дайындық» (проблеманы анықтау, материал жинау), «фрустрация» (тұйықталу, мәселенің шешімі жоқ), «инкубация» (логикалық үдерістермен байланысты саналы ойлау тоқтап, стандартты емес шешімдерді іздеу басталады), «инсайт» (мәселе шешілген сәт), «өңдеу» (ұсынылған шешім жүзеге асыру үшін қаншалықты нақты, логикалық үдерістер арқылы алынған шешімді тексеру) [158] (6-сурет).




Сурет 6 - С.И. Макшанова мен Н.Ю. Хрящеваның креативтік үдеріс кезеңдері

Осылайша, креативтік үдеріс белгілі кезеңдермен жүреді, ол саналы түрде, білім мен дағдылардың көмегімен мәселе бойынша материал жиналғанда іске қосылады. Келесі кезең бейсаналы түрде, мәселені шешудің стандартты емес жолдары табылғанда креативтік үдеріс тексеру кезеңінде саналы бөлікте аяқталады.

Г.С. Альтшуллер кездесетін сәтсіздіктерді және басқа адамдар тарапынан шығармашыл тұлғаны мойындамауды жеңілдетуге арналған нұсқаулық ретінде шығармашыл тұлға тәрбиелеудің өмірлік стратегиясының маңызды екенін айтады. ТРИЗ-де қиялды дамытуға үлкен мән беріледі. Дамыған қиял тек ақыл-ойды ғана емес, сонымен қатар эмоцияларды, жады мен ерікті басқаруды үйренуге мүмкіндік береді.

М. Меерович пен Л. Шрагина Г.С. Альтшуллердің өнертапқыштық есептерді шешу теориясының (ТРИЗ) мүмкіндіктерін дамыта отырып, шығармашылық ойлауды саналы, мақсатты және басқарылатын үдеріс ретінде қалыптастыру әдістемесін әзірледі.

М. Меерович пен Л. Шрагина креативтілікті қалыптастыруға бағытталған (оның екеуі шығармашылық қиялды дамытуға арналған) педагогикалық кешеннің үш ерекше белгісін ажыратады:

- қарама-қайшылықты қамтитын проблемалық жағдаяттар жүйесінің болуы. Бұл мәселелерді шешу проблемалық жағдайларды шешу алгоритмі (ARPS) бойынша жүзеге асырылады;

- шығармашылық ойлаудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қиялды дамытуға бағыттау;

– қиялды дамытуға арналған жаттығулар жүйелік-функционалдық тәсілдің талаптарына сәйкес арнайы әзірленген алгоритмдер бойынша орындалады, бұл дамытумен қатар оқытады.

Креативті тұлғаны дамыту теориясы қиялды дамытудан бастап, күрделі жүйелер мен проблемалық жағдайларды талдау әдістерін жасауға көшеді. Мұндай талдаудың әдістемесі мен алгоритмдерін білу бұл жерде өте маңызды рөл атқарады. Жүйені логикалық талдау оның құрамдас элементтері арасындағы байланысты ашады. Психологиялық құралдар жүйе туралы әдеттегі идеяларды бұзуға, оны жаңа, күтпеген қырынан көруге көмектеседі. Мәселені талдау алгоритмін қолдану нәтижесінде қарама-қайшылықтарға сезімталдыққа, қажетті деректерді сараптауға, міндет қоюға және проблемалық талдаудың бүкіл курсын идеалды нәтижеге жетуге бағыттауға негізделген шығармашылық ойлау стилі қалыптасады.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың когнитивтік тұжырымдарын қорытындылай келе, олар келесідей арнайы ұйымдастырылған таным үдерісін негізге алады деп айтуға болады:

а) шығармашылық үшін тұрақты түпсана ой-өрісін дамыту;

б)күрделі объектілерді талдауға қажетті зияткерлік дағдыларды қалыптастыру;

в) өзінің зияткерлік және шығармашылық қызметін саналы түрде басқаруға үйрету.

Осылайша, субъектінің білімі негізінде әрекет ететін саналы өзін-өзі бақылау механизмдеріне зор мән беріледі [280].

Адамды шығармашылық әрекетке тартудың тиімді жолы жағымды кері байланыс жасау арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін Б.Л. Злотин мен А.В. Зусман баланы шығармашылық тапсырмаларды шешуге үйрету және оған алғашқы табыстарының рахатын сезінуге, қиындықтарды жеңіп, жаңа табыстарға жетуге мүмкіндік беру керек деп санайды [281].

Когнитивтік тұғыр тұжырымдамасы баланың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін эмоцияларды, қимыл-қозғалыстарды, іс-әрекеттерді пайдалануға негізделген. Ересек жастағы баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуда баланың қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау, елестету және тағы басқа психикалық үдерістерінің жетілуіне, білетіні мен түсінуге ұмтылған нәрселері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, өз мінез-құлқын дұрыстап, жаңа тұлғалық қасиеттерді бойына жинауына, жеке қызығушылықтары мен ерекшеліктеріне мән беру керек.

*Жеке тұлғалық тұғыр.* Н.А. Горлова «Тұлғалық тұғыр педагог іс-әрекетінің бағыты ретінде педагогтің ұжымдағы әр баламен өзара қарым-қатынасына көзқарасын анықтайтын негізгі құнды бағдары» деп көрсеткен [282].

Тұлғаға бағдарлану тұғыры тұлғаның рухани және зияткерлік қасиеттерінің қалыптасуына бағытталып, баланың өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып даралығын, шығармашылығын дамыту, әрі тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға жағдай жасауды көздейді.

«Даралық жеке тұлға болмысының ерекше формасын білдіретін, оның шеңберінде ішкі тұтастығы мен салыстырмалы тәуелсіздігі бар, бейімділіктері мен қабілеттерін қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес ашу негізінде оларға қоршаған әлемде белсенді (шығармашылық) және ерекше түрде өзін көрсетуге мүмкіндік беретін интегралды ұғым. Жеке тұлға ретінде адам қоғамда өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті сана мен белсенділіктің дербес субъектісі болып табылады» [283].

Жеке тұлғалық тұғыр

- адамның тұлға ретіндегі болмысы туралы ұғымын бекітеді;
- педагогикалық процесті ұйымдастыруды мақсат, нәтиже және тиімділік критерийі ретінде тұлғаға бағыттайды;
- жеке тұлғаның бірегейлігін, бостандық пен құрмет құқығын мойындауды талап етеді;
- жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің, өзін-өзі дамытуының табиғи үдерісіне сүйенуді пайдаланады [284].

И.С. Якиманская білім беруде білім алушының жеке тәжірибесіне сүйену керек, субъектілік тәжірибе танымда белгілі болатын жеке іс-әрекеттің негізі деп есептейді [285].

Адамның тұлға ретіндегі әлеуметтік, іс-әрекеттік және шығармашылық болмысы туралы ұғым педагогикада кең мағынада тұлғалық немесе тұлғаға бағдарлану тұғырын білдіреді. Бұл педагогикалық үдерісті құру мен жүзеге асыруда мақсат, субъект, нәтижеге және оның тиімділігінің негізгі критерийі

сияқты тұлғаға бағдарлауды білдіріп, тұлғаның бірегейлігін, оның интеллектуалдық және адамгершілік бостандығын, құрметтелу құқығын тануды талап ете отырып, гуманистік парадигманың негізгі бағдарын көрсетеді. Бұл тұғырдың аясында педагогтер де, білім алушылар да әр адамға өз мақсатына жету құралы ретінде емес, дербес құндылық, дара тұлға ретінде қарайды деп болжанып, педагогикалық өзара әрекетті дербестендіруді, әрі осы үдеріске жеке тәжірибені ақылға қонымды енгізуді талап етеді [286].

А.В. Петровский бойынша «тұлға – әлеуметтік индивидуум ретіндегі адам, дүниені танудың және объективті түрлендірудің субъектісі, сөйлеу және еңбек әрекетіне қабілетті саналы тіршілік иесі».

А.В. Петровский тұжырымдамасының негізі - тұлғаның даму үдерісі сабақтастық пен үзіліс бірлігінің бағынышты заңдылығы ретіндегі тезисі. Сабақтастық белгілі бір қоғамдастықтағы тұлға дамуының бір фазадан екіншісіне ауысуының салыстырмалы тұрақтылығын білдіреді, үзіліс жеке тұлғаның жаңа нақты тарихи жағдайларға қосылу ерекшеліктерімен туатын сапалық өзгерістерді сипаттайды. Үзіліс пен сабақтастықтың бірлігі тұлғаның даму үдерісінің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты А.В. Петровский тұлғаның жас кезеңіне байланысты дамуындағы заңдылықтың екі түрін ажыратады.

Бірінші типінде дамудың қайнар көзі тұлғаның дербестендіру қажеттілігі (тұлға болу қажеттілігі) мен оған жақын қоғамдастықтардың даралықтың топтық міндеттерге, нормаларға, құндылықтарға сәйкес келетін көріністерін ғана қабылдау объективті мүдделері арасындағы ішкі қайшылық болып табылады.

Бұл қайшылық адамның әлеуметтену институты (мысалы, отбасы, балабақша, мектеп, әскери бөлім) ретіндегі жаңа топтарға енуі нәтижесінде тұлғаның қалыптасуымен қатар, салыстырмалы тұрақты топтағы оның әлеуметтік жағдайының өзгеруін анықтайды. Осы жағдайлардағы тұлғаның дамудың жаңа сатыларына өтуі дамушы тұлғаның өзіндік қозғалыс сәттерін көрсететін психологиялық заңдылықтармен сипатталуы керек.

Екінші типінде бұл даму индивидтің сол, басқа әлеуметтену институтына кіруіне қарай сырттан анықталады немесе ішкі өзгерістермен шартталады. А.В. Петровскийдің пікірінше, тұлғаның дамуын анықтайтын заңдылықтардың екі түрі бар екенін мойындау, баланың дамудың жаңа кезеңіне өтуін анықтаудың жалғыз негізі туралы дәстүрлі идеяларды жояды. Мектеп жасына дейінгі балалық шақтан мектеп жасына өту төтенше сипатта болып табылады деген тұжырым даулы және күмәнді.

А.В. Петровский тұлғаның қалыптасуы үшін әсіресе онтогенездің бастапқы кезеңінде тек ересек адам тасымалдап, жеткізе алатын мінез-құлық үлгілерін (әрекеттер, құндылықтар, нормалар және т.б.) меңгеру қажеттігін айтады. Онымен бірге бала көбінесе ойынға емес, шынайы өмірлік байланыстар мен қарым-қатынастарға түседі. Негізінен мектепке дейінгі жаста ойын тұлғаны қалыптастырушы әлеуетке ие деген болжамға сүйене отырып, отбасының, әлеуметтік топтардың тәрбиелік рөлін, ересектер мен балалар арасында қалыптасатын қарым-қатынастарды түсіну қиын және көп жағдайда өте нақты,

олардың төңірегінде орнап жатқан әрекет туралы аралық мазмұнда болады [287].

Автор баланың ең жақын адамдарына баланың тұлғасы ойында рөлдерді ойнау емес, оның іс-әрекеті арқылы ашылатынын, мысалы, дәрігер рөліндегі бала маңызды тұлғалық қасиеттері адамгершілігімен байланысты дәрігердің мінез-құлқын салатынын және науқастанған адамға нақты өмірлік жағдайда солай қамқорлық көрсететінін айтады.

Ш.А. Амонашвилли, И.А. Зимняя, К. Роджерс және т.б. пікірінше аталған тұғыр жеке тұлғаны қоғамдық-тарихи даму өнімі, мәдениет тасымалдаушысы ретінде таниды және оның табиғи болмысына жақындауына жол бермейді. Тұлға педагогикалық үдерістің мақсаты, субъектісі, нәтижесі және тиімділігінің негізгі критерийі ретінде әрекет етеді. Тәрбиешінің міндеті жеке тұлғаның бейімділігі мен шығармашылық әлеуетін өздігінен дамытуға жағдай жасау болып табылады [288].

Олай болса, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда олардың өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беріп, жан-жақты дамуына, қабілеттерінің ашылуына жағдай туғызып, тұлғалық ерекшеліктеріне баса назар аударып, бейімділігіне қарай қызығушылықтарымен санасып, ой-пікірін құрметтеуде тұлғаға бағдарлану тұғырының орны ерекше.

*Жүйелілік тұғыры* - зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау. Зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады. Педагогикалық жүйенің ерекшелігі, бұл іс-әрекет жүйелері және қатынастар шеңберінде қалыптасатын жүйелер, (қайта құрушы-белсенді, қайта жасаушы-орындаушы, тұтынушы-дара немесе әрекеттік-жасаушы және т.б.). Бұл жүйелер оқыту үдерісінің субъектілері арқылы құрылады және олардан жеке болмайды, солар арқылы жүзеге асады. Осы контексте педагогикалық жүйе ретіндегі оқыту-тәрбиелеу үдерісінің негізгі сипаттамасы, оның біртұтастығы мен кешендігі болып табылады [ 289].

Жүйелілік тұғырын Н.В. Кузьмина, В.А. Якунин салыстырмалы дербес құрамдас бөліктер өзара байланысты компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырады. Тәрбиеші тәрбие мақсаттары мен педагогикалық үдерістің субъектілері – педагог пен оқушы, білім беру мазмұны, оқыту мен тәрбиелеу әдістері, формалары, құралдары сияқты компоненттердің өзара байланысын ескеруге міндетті [288].

Баланың психикалық дамуын зерттеудің ең тиімді әдіснамалық тұғырларының бірі ретінде жүйелілік Л.С. Выготский [290], В.П. Кузьмин [291], Б.Ф. Ломов [292], С.Л. Рубинштейн [293] және т.б.ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан.

Жүйелі тұғырының негізі психиканың әртүрлі аспектілері, психикалық салалар арасындағы байланыстың негізгі түрлерін сипаттайтын және түсіндіретін жүйелілік ұстанымы болып табылады. Жүйелілік ұстанымы бойынша жеке психикалық құбылыстар іштей өзара байланысып, тұтастықты қалыптастырады және осыған байланысты жаңа қасиеттерге ие болады.

В.Ф. Ломов көпжүйелік талдауды психикалық құбылыстар мен олар туралы білімдердің көп өлшемділігі мен көп сапалылығын анықтау мен сипаттаудың мүмкін жолдарының бірі деп атайды, яғни, оларды әртүрлі жүйелердің «элементтері» ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, жүйелілік тұғыры мысалы, жеке психикалық үдерісті талдауда да, психика мен тұлға сияқты интегративті құбылыстарды зерттеуде де қолдану керектігі атап өтіледі. Б.Ф. Ломов психикалық үдерісті жүйелі түрде зерттеу оның деңгейлерге бөлгенде мүмкін болады дейді. Ол психикалық шағылудың үш негізгі деңгейін белгіледі: сенсорлық-перцептивті үдерістер деңгейі, бейнелеу деңгейі және сөйлеу-ойлау үдерістерінің ұғымдық ойлау деңгейі. Бұл деңгейлер психикалық шағылу түрінде, оның тереңдігі мен көлемімен, реттеуші қызметінің ерекшелігімен өзгешеленеді. Жеке адамның шынайы өмірінде психикалық шағылудың барлық деңгейлері өзара байланысты. Деңгейлер мен формалар арасындағы байланыстар бір мәнді және қатаң емес, олар түрленіп, жіктеліп, кіріктіріліп, бір-біріне ауысады [292].

Ю.Н. Карандашев баланың жетекші психикалық функцияларының жүйесін зерттеу балалардың психикалық дамуының жасқа байланысты функционалдық-кезеңдік жіктеу негізінде жүзеге асырылу мүмкіндігі бар екенін айтады. Бұл кезеңділікте тұрақтылық мәселесі сәйкес функцияларды дамыту мәселесімен байланысты болады.

Осылайша, баланың психикасы функционалдық жүйе ретінде қарастырылады. Онтогенетикалық дамудың ұсынылып отырған кезеңдік жіктеуі жүйелік үлгілерге, соның ішінде даму үлгілеріне қолданылатын талаптарға барынша толық сәйкес келеді, сондықтан осы теориялық тұжырымдаманың шеңберінде психикалық дамуды талдау маңызды болып табылады. Онтогенездегі психикалық дамудың жастық функционалдық-кезеңдік үлгісіне сәйкес баланың психикалық дамуының әрбір кезеңінде негізгі және жетекші психикалық функциялардан жүйені ажыратуға болады.

Психикалық дамудың әрбір кезеңінде осы функциялардың өзара әрекеттесуінің нақты механизмі бар функционалдық құрылым болып табылатын функционалдық жүйе болады. Кез келген функционалды жүйе даму принципіне сәйкес дамиды, демек, оның құрылымдық байланыстары да өзгереді. Сондықтан жас динамикасы функционалдық жүйенің дамуының өнімі болып табылатын функционалдық құрылымдардың уақытша реттілігі ретінде әрекет етеді [294].

Жоғарыдағы зерттеулерді қарастыра отырып, жүйелілік тұғырының ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда оны құрайтын компоненттердің бірі-бірімен тығыз байланыстарын ескере отырып, құрауыштарын жеке-жеке талдап, бір-бірімен салыстырып, бір құрылымға біріктіруге мүмкіндік беретінін байқадық.

*Іс-әрекеттік тұғыры.* А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, И.Б. Ворожцова іс-әрекет тұлға дамуы мен қалыптасуының негізі, құралы және шарты, әрі ол қоршаған шындық моделін мақсатқа сай түрлендіру ретінде қарастырады. Тәрбиешінің міндеті қарым-қатынас және еңбек танымы субъектісі тұрғысынан баланың іс-әрекетін таңдау және ұйымдастыру, яғни, ұғыну,

мақсат қою, әрекетті жоспарлау, оны ұйымдастыру, нәтижелерді бағалау және өзіндік талдауды (рефлексия) білдіреді.

Мәселен, іс-әрекеттік тұғыр үдерісті зерттеу жағдайына қарай ойын, оқу және қарым-қатынастың бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуының ең маңызды факторлары екенін білдіреді. Сондай-ақ, тәрбиелеуді ұйымдастырудың ең маңызды педагогикалық талаптарына іс-әрекеттің мазмұнын анықтау, баланы белсендіру және таным, еңбек, қарым-қатынас субъектісі тұрғысына ауыстыру жолдарын жасау жатады. Бұл баланы мақсатын таңдауға және іс-әрекетті жоспарлауға, оларды ұйымдастыруға және реттеуге, өзін-өзі бақылауға, талдауға және іс-әрекет нәтижелерін бағалауға үйретуді қамтиды [288].

- іс-әрекетті тұлғаның дамуы мен қалыптасуының негізі, құралы және негізгі шарты ретінде белсенділік идеясын бекітеді;

- тұлғаны қоршаған әлемді тиімді түрлендіруші ретінде шығармашылық еңбекті ұйымдастыруға бағыттайды;

- іс-әрекет процесінде жеке тұлғаның дамуының ең оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік береді [284].

Яғни, мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен іс-әрекет тұғырын жүзеге асыруда олардың креативтік әлеуетінің дамуы дайын нәрсені үйрену емес, нәтижеге түрлі іс-әрекеттері арқылы жетуі десек болады.

*Интегративтік тұғыр.* «Интеграция» термині көптеген әдістемелік әдебиеттерде кеңінен қолданылады. Ғалымдар интеграцияны сыртқы әлеммен аналогия арқылы құрылған органикалық байланысты пәндер жүйесі және жүйенің үлкен органикалық тұтастыққа қарай қозғалысы ретінде; дифференциация процестерімен қатар ғылымдардың жақындасу және байланыс үдерісі ретінде; табиғат заңдылықтарының әмбебаптығы мен бірлігіне, қоршаған дүниені субъектінің қабылдауының тұтастығына негізделген мазмұнды ұйымдастырудың жетекші формасы ретінде; мақсатқа бағытталған бірлестік ретінде; белгілі бір оқу пәндерінің мақсатқа бағытталған, бірақ білім мен дағдының тұтастығын қамтамасыз ететін дербес жүйеге жинақталуы ретінде қарастырады.

Е.В. Яковлев интегративтік ұстанымның педагогиканың философия, социология, экономика, психология, математика, кибернетика және т.б ғылымдармен ғылымаралық, пәнаралық, пәнішілік байланыстарын білдіретінін айтады [295].

В.С. Безрукованың пікірінше, педагогикалық интеграция – бұл құрамдас бөліктердің ажырамастығымен, жаңа объективтілігімен, біртұтас объектісімен, жаңа құрылымымен, объектіге енетін жаңа қызметімен сипатталатын өзара байланыстың жоғары формасы (білім беру бөлімдері, білім беру кезеңдері). Ол педагогикалық интеграцияны төмендегідей түрде қарастырады:

қағидат (қазіргі заманғы даму кезеңінің ерекшеліктерін көрсететін және жүзеге асырылған жағдайда ғылыми-педагогикалық қызметте жоғары оң нәтижелерге қол жеткізуге кепілдік беретін жетекші идея);

үдеріс (нысандар арасында тікелей байланыстар орнату және болжанған нәтижеге сәйкес жаңа біртұтас жүйе құру. Бұл нысандарды кіріктіру, нәтиже

алу жолын жобалау); нәтиже (объектілердің бір-бірімен әрекеттесу кезінде алатын формасы, мысалы, кіріктірілген сабақ) [296].

Т.С. Комарованың ойынша «интеграция - бұл балаларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі мазмұнының өзара байланысының, өзара сіңісуінің тереңдеу формасы. Ол балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін (көркемдік-шығармашылық іс-әрекет, әртүрлі ойындар: дидактикалық, қимылды; драматизациялық ойындар, сюжетті-рөлдік ойындар; бейнелеу әрекеті, көркем сөйлеу, музыка) қамтиды [297].

И.Н. Павленко «Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда оқу іс-әрекетінің көлемін арттыру, оның мазмұнының көп жағдайда пайдасыз дүниелерді қамтуы үлкен мәселе боп отыр. Бұл жағдай балалардың қозғалыс белсенділігінің төмендеуіне, олардың қимыл-қозғалыс, серуендеу және демалу уақытының қысқаруына да әсер етуде. Мұның бәрі мектеп жасына дейінгі баланың денсаулығына кері әсерін тигізіп, нәтижесінде қозғалыстың аздығына әкеледі. Бұл жерде дене дамуының жеткіліксіздігі зияткерлік белсенділіктің дамуына кері әсер ететінін ұмытпау керек» - дейді [298].

Қоғамның даму міндеттері алдымызға қатаң талаптар қойғаны белгілі. Қоғамда креативті тұлғалардың маңызы артып келеді. Креативті тұлға тәрбиелеу, оған жағдай жасау, бір жағынан, қажеттілік, шығармашылыққа ынталандыру, екінші жағынан, арнайы жағдайларсыз іске асыру мүмкін емес. Сондықтан креативтік әлеует деңгейін ертерек анықтау және балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, интегративтік тұрғыдан дамыту болашақ ұрпақтың табысты, дербес және шығармашыл болып өсуіне негіз болады [299].

Л.С. Выготский [300], П.П. Блонский [174] мектеп жасына дейінгі балаларға синкретизм, ойлау мен қабылдауының ерекшелігі психикалық функциялардың бөлінбейтіндігі тән екенін, яғни, бір-біріне қатыссыз әр сала құбылыстарын байланыстыра қарастыратынын жазады.

А.А. Бейсенбаева пәнаралық байланыстар қызметі мен белгілерінің кешенін негіздей отырып, интегративтілік, талғамдылық, өзгермелілікті пәнаралық байланыстың маңызды белгілері ретінде білім алушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру құралы деп санайды. Ғалымның ойынша пәнаралық байланыстар білім беру, тәрбиелеу, дамыту қызметтерін атқарып, балалардың танымдық қызығушылығын туғызады [301].

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру үдерісі баланың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдылары мен зерттеу әрекеттерін дамыту үшін түрлі балалар әрекеттерін ойын арқылы кіріктіре отырып жүргізілуде. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың біртұтас, жүйелі дамытуына интегративтік тұғыр негізінде қол жеткіземіз.

Біз зерттеуімізде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды жүзеге асыруда төмендегідей ұстанымдарға сүйенеміз. Олар: ішкі мотивацияны қолдану, сенім және қолдау, ғылымилық, ізгілендіру, мәдениеттер диалогы ұстанымдары.

*Ішкі мотивацияны қолдану ұстанымы.* Мектеп жасына дейінгі балалардың

жағымды ішкі мотивациясын тудыру мәселесі қазіргі қоғамда өзекті болып отыр. Мектепке дейінгі ұйым педагогі, ата-аналар балаларды оқыту-тәрбиелеу, дамытудың түрлі әдістері, ойын түрлері арқылы балалардың белсенділігіне, шығармашылығына қозғау салады, түрткі болады.

Ересек жаста баланы психофизиологиялық жетілуіне, танымдық мотивтердің дамуына, жаңа білік-дағдыларды игеру қажеттілігіне қарай өзгере бастайды. Осы кезде олардың таным, біліміне түрткі болатын, жаңаны үйренуге ұмтылуымен тығыз байланысты қасиеттері *әуестігі* пен *қызығушылығы* болып табылады. Яғни, баланың ішкі мотивациясын тудыруға осы аталған сапалар негіз болады. Балалар өздері қызыққан, айналыса отырып рахаттанатын іс-әрекеттер арқылы ішкі мотивацияға қол жеткізеді.

*Сенім және қолдау ұстанымы* іске асуы үшін балаға деген сенім, оған сену, оның өзін-өзі жүзеге асыруға және бекітуге ұмтылыстарын қолдау, баланы қажетті ойын алаңымен қамтамасыз ету, өзі қалауынша шешім қабылдауына, шығармашылығына, еркін әрекеттеріне кедергі келтірмеу, таңдау құқығын беру, шамадан тыс талаптар қоймау, қатаң бақылауда ұстамау талаптары орындалуы керек. Баланың жан-жақты дамуын оның ішкі мотивациясы анықтайды.

К. Роджерс тұлға өз таңдауында, шешім қабылдауда және тәуелсіздік пен жауапкершілікке, өзін-өзі дамыту мен тәрбиелеуге ұмтылуда еркін өз өмірінің субъектісі болып табылатынын жазады.

Ол педагогтің жеке тұлғаны дамыту үшін топта дұрыс атмосфера құра білуін оқу-тәрбие процесінің аса маңызды факторы деп санап, келесідей ережелерді басшылыққа алуды ұсынған. Педагог:

- тәрбие үрдісінде балаларға өзінің толық сенімін көрсетуі керек;
- топқа да, жеке балаға да алдыдағы мақсат- міндеттерді тұжырымдап, нақтылауға көмектесуі керек;
- оқуға деген ішкі мотивациясының болуын негізге алуы керек;
- үйренушілер үшін әрқашан көмек сұрауға болатын жан-жақты тәжірибе мен білімнің көзі болуы керек;
- топтың эмоционалдық көңіл-күйін сезініп, оны қабылдауы және басқаруы керек;
- топтық өзара әрекеттестіктің белсенді қатысушысы болуы керек;
- балалардың жетістіктеріне қуаныш пен қанағат сезімін, қателіктер үшін жанашырлық пен реніш сезімін ашық айтуы керек;
- әр баланың сезімі мен уайымын түсіне алатындай эмпатияға жетуге ұмтылуы керек [131].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға сенім және қолдау ұстанымы тәрбие-білім беру үдерісінде, ойын барысында туындаған жеке мәселелерін шешуге қажет болған жағдайда көмектесуде, олардың ұсыныстарын қолдауда, шығармашылық еркіндігіне қол жеткізу үшін олармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауда көрініс табуы тиіс.

*Ғылымилық ұстанымы.* З.К. Меретукова мен А.Р. Чиназирова «білім берудегі ғылымилық ұстанымы білім алушыларға шындықты іздеуге, олардың ойлау траекториясын кеңейтуге мүмкіндік беретін білім мазмұнынының яғни,

«ғылыми плюрализмнің» болуын, бір ғылыми мәселелерге әртүрлі көзқарастардың болуын қамтуы керек» - дейді [302].

А.А. Журиннің пікірінше, «ғылыми қате ақпараттар оқушылардың қателіктері мен дәлсіздіктерін анықтау, оларды түзету бойынша ұсыныстар жасау қабілетін қалыптастыру материалы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, осындай ақпараттар негізінде олардың балама көзқарастарды қабылдау, олардың әрқайсысын жақтап және қарсы дәлелдер келтіру, ақпаратты түрлендіру дағдыларын қалыптастыруға болады. Алайда мұндай алдын ала өңдеусіз берілген мұндай ақпараттар балалардың әлемнің табиғи-ғылыми бейнесін қалыптастыруға елеулі зиян келтіруі мүмкін [303].

Бұдан шығатын қорытынды, педагог ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда ғылыми нақты дәлелденген деректерді қолдануы, қандай да бір мәселелерге байланысты олардың ой-пікірлерін, дәлелдемелерін тыңдауда баланың жалпы табиғи дамуына, әлемді тануына, зерттеуіне пайдасы тиетіндей білім көздерін пайдалануы қажет.

Г.М. Чернобельская: «Білім алушыларды тек дайын қорытындылармен ғана емес, зерттеу әдістерімен де таныстырғанда ғана ғылыми мазмұнға қол жеткізуге болады» [304].

Демек, ғылымилық ұстанымы негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда педагог тәрбиеленушімен арадағы өзара әрекеттестік дұрыс жолға қойылу үшін баланың танымдық белсенділігін, шығармашылығын, ойлауын, қабілетін дамыту, тәрбие-білім беру қызметін ғылыми ұйымдастыру әдістерімен таныс болу қажет. Яғни, мәселелі жағдаяттарды, оның ішінде жеке таңдау құқығын пайдалану, құбылыстарды байқау, бақылау нәтижелерін талдау, ғылыми ақпараттармен таныстыру, өз ойын айту, көзқарасын дәлелдеуге арнайы жаттықтыру жақсы ықпал етеді.

*Еркін шығармашылық және ынтымақтастық ұстанымы.* «Іс-әрекет арқылы оқыту» ұғымын алғаш ұсынған Д.Дьюи оқытудың іс-әрекеттік тұғырының негізі ретінде балалардың қызығушылықтарын ескеру, ойлау мен әрекетке үйрету арқылы оқыту, таным мен білім қиындықтарды жеңудің нәтижесі, еркін шығармашылық және ынтымақтастық ұстанымдарын анықтаған [305].

Еркін шығармашылық және ынтымақтастық ұстанымы арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың топта өзін еркін ұстай білуге дағдылануы, ойын тақырыбын, желісін, құралдарын таңдап ала білуі мен тәрбиешімен, өзге де мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен және жолдастарымен ынтымақтастықта болуға үйренуі олардың креативтік әлеуетінің дамуына тиімді ықпалын тигізеді.

*Мәдениеттер диалогы ұстанымы.* И.В. Бакунова: «Мектепке дейінгі жас жеке мәдениеттің негізі, басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу мәдениеті қалыптаса бастайтын кезең болғандықтан, бұл баланың өзінің туған мәдениетіне деген қызығушылығы мен құрметін дамытуға, этникалық мәдениеттердің әртүрлілігі мен ерекшелігін қабылдауға, олардың этникалық тегіне қарамастан адамдарға мейірімді көзқараста тәрбиелеуге ең қолайлы кезең» - дейді [306].

Сондықтан, халқымыздың ұлттық мәдениетін біле отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін мәдениеттер диалогы ұстанымының мәні зор. Баланың өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін, ұлттық ойындарын біле отырып, өзге мәдениеттердің ықпалына ашықтығы, олармен өзара әрекеттесу қажеттілігін түсіну, қажетті құндылықтарды сіңіру, тіл үйрену арқылы тың ақпараттармен таныс болу арқылы креативтік әлеуетінің дамуына ықпал ететін таным үдерісінің жетілуіне мол мүмкіндіктер ашылады.

Т.И. Куликова «Мектеп жасына дейінгі балаларды көпмәдениеттілікке тәрбиелеуде алуан түрлі құралдарды: әртүрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас; фольклор; көркем әдебиет; ойын, ұлттық ойыншықтар мен қуыршақ; сәндік-қолданбалы өнер, кескіндеме; музыка; этникалық шағын мұражайлар; ұлттық тағамдарды пайдалану қажет» - дейді [307].

Демек, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда халқымыздың бала тәрбиелеу дәстүрі, ауыз әдебиеті, мәдениеті, қол өнері, ұлттық ойындар, тіптен ұлттық тағамдарға дейін қолданылып, өзге мәдениеттермен толықтырыла тең дәрежеде пайдаланылуы керек.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары көрсетілді (8-кесте).

Кесте 8 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары

| Тұғырлар | Негізгі тұжырымдамалары | Ұстанымдары |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Когнитивтік | Мінез-құлыққа зияткерлік немесе ойлау процестерінің әсері Дж. Келли [277], Э.Толмен когнитивтік карталарға тәуелділік теориясы [278], М. Меерович, Л. Шрагина проблемалық жағдайларды шешу алгоритмі (ARPS) [280]. | Ішкі мотивацияны қолдану |
| Жеке тұлғаға бағытталу | К. Роджерс тұлғаның жеке тәжірибесі [131], адамның индивидтік, тұлғалық сипаты И.И. Резвицкий [283], И.С. Якиманская [285], В.А. Петровский [287], жеке тұлға қоғамдық-тарихи даму өнімі, мәдениет тасымалдаушысы Ш.А. Амонашвили, И.А. Зимняя [288]. | Сенім және қолдау |
| Жүйелілік | Тұлғаны дамытудың жүйелік және іс-әрекеттік тұрғысы теориясы Л.С. Выготский [290], дербес | Ғылымилық |

8-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | құрамдас бөліктердің өзара байланысы В.П. Кузьмин [291], психикалық құбылыстардың көп өлшемділігі мен көпсапалылығы туралы идеялар Б.Ф. Ломов [292], балалардың психикалық дамуының жасқа байланысты функционалдық-кезеңдік жіктелуі теориясы Ю.Н. Карандашев [294]. | |
| Іс-әрекеттік | Іс-әрекет үдерісінде сана мен психиканың қалыптасуы С.Л. Рубинштейн [293]. , сананың іс-әрекетте біртұтас болуы, бөлінбеуі; А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский [290]. | Еркін шығармашылық және ынтымақтастық |
| Интегративтік | Синкретизм теориясы Л.С. Выготский [290], П.П. Блонский [174], В.С. Безрукова [296] | Мәдениеттер диалогы |

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдістемесі жоғарыда келтірілген әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарды негізге ала отырып жасалды.

# 2 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

## 2.1 Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мазмұны және педагогтің кәсіби бағыттылығы

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттарын қарастыру үшін «шарт», «педагогикалық шарттар» ұғымдарын қарастыруды жөн көрдік (10-кесте).

Философиялық категория ретінде «шарт» термині объектінің айналадағы оларсыз әрекет ете алмайтын құбылыстарға қатынасын білдіреді. Нысанның өзі шартты нәрсе ретінде көрінеді, ал шарттар – нысаннан тыс сыртқы объективті әлемнің көп түрлілігі. Белгілі бір құбылысты немесе үдерісті тікелей тудыратын себепке қарағанда, шарт белгілі бір нәрсе пайда болатын, қазіргі кезде бар және дамитын ортаны құрайды. Адамдар табиғат заңдарын тани отырып өз іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызып, қолайсыздықтарды жоя алады. Құбылыстар мен үдерістерге ықпал ете отырып шарттардың өзі олардың әсерінен өзгерістерге ұшырайды [308].

Педагогикалық шарт дегеніміз бұл педагогикалық үдерістің барысына елеулі әсер ететін, белгілі бір нәтижеге жетуді болжайтын, бірақ, үдерістің белгілі бір нәтижесіне кепілдік бермейтін педагог саналы түрде құрастырған сыртқы жағдай [309].

«Педагогикалық шарт дегеніміз - тұлғаның жан-жақты дамуына, тәрбиесіне, қалыптасуына ықпал ететін білім беру үдерісіндегі жағдайлар» [310]. Демек, біз педагогикалық шарттарды өзара тығыз байланысты, бір-бірін толықтыратын, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың жиынтығы деп тұжырымдадық. Ғалымдардың педагогикалық шарттарды сипаттауын төмендегі кестеде көрсеттік (9-кесте).

Кесте 9 - Ғылыми зерттеу еңбектеріндегі педагогикалық шарттардың сипатталуы

| № | Автор | Еңбек тақырыбы | Педагогикалық шаттар сипаттамасы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Белова Г.Н. | Психолого-педагогические условия формирования интеллектуальных умений у младших школьников: На материале иностр. яз…..дисс., на соис., к.п.н. – Калининград, | -психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтау (маңызды қағидаттардың бірі ретінде психикалық үдерістердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігіне сүйену; аталған қағидат негізінде оқу материалын іріктеу және құрастыру; мотивациялық және эмоционалдық салалардың дамуымен бірлікте олардың дамуын қамтамасыз ететін зияткерлік іскерліктерді қалыптастыру кезеңдері; зияткерлік іскерліктің даму диагностикасы (оқу пәнінің материалында);<br>- баланың мотивациялық және эмоционалдық салаларын қалыптастыру мен дамытумен бірлікте |

9-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | | 1998. – 153 с. | зияткерлік дағдыларды қалыптастырудағы оқу пәнінің мүмкіндіктерін негіздеу;<br>- аталған психологиялық-педагогикалық жағдайларды іске асыратын шет тілі құралдарымен баланың зияткерлік дағдыларын қалыптастыру әдістемесін әзірлеу [311, 98 б.] |
| 2 | Л.Н. Прохорова | Педагогические условия развития креативности старших дошкольников – дисс., на соис., к.п.н., Владимир, 2000. – 198 с. | - *диалогтық өзара әрекет* (субъект- субъектілік, балалар мен ересектердің бірлескен әрекеті т.б.)*;*<br>-*әлеуметтік нығайту* (креативтілік көріністеріне, шығармашылық іс-әрекеттеріне жағымды қарым-қатынас, қолайлы орта құру, психологиялық еркіндік, рұқсат ету, ашықтық, ойында кездейсоқтыққа жағдай туғызу, бірегей идеяларды ынталандыру, бастамалардың көрінісін, идеяларды қолдау, педагогикалық баға бере білу т.б.)*;*<br>- *ересек адамның креативті мінез-құлық үлгісінің болуы* (балалармен өзара әрекет бастауын ұйымдастырушы, шығармашылық белсенділігіне қолайлы орта жасаушы)*;*<br>- *баланың шығармашылық үдеріске эмоционалды қатысуына жағдай туғызу,*<br>- *заттық белсенділікті регламенттеудің болмауы* (бастамалар мен кездейсоқтыққа қатысты кедергілердің болмауы, кеңістікте қозғалу мен таңдау еркіндігі);<br>- *педагогикалық үдерісті ұйымдастыру тәсілдеріне тәуелділік* (бағдарлама жасау, оның мазмұнын мәселені, вариативтілігін, бала үшін маңыздылығын ескере құрастыру) [48, 98-99 б.] |
| 3 | Л.М. Митина | Личностно-профессионально е развитие учителя: стратегии, ресурсы, риски. Монография. - «Нестор-История», 2018. – 66 с. | Адамның шығармашылық тұрғыда дамуы іске асырылуының негізгі шарты ретінде жеке тұлғаның өзін-өзі тануы, мақсаттары мен құндылықтар жүйесі.<br>- философиялық-әдіснамалық, тарихи-мәдени аспектілері;<br>- өзін-өзі тану (жеке жауапкершілік, моральдық таңдау, моральдық өзін-өзі тану);<br>- даму проблемасы контекстіндегі жалпы психологиялық аспектілер тұлғалар әлеуметтік-перцептивті аспектілер (өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктері, басқалардың бағалауы, өзін-өзі танумен және басқалардың танымымен байланысы) [312, 64-66 б.] |
| 4 | А.А. Алимбекова | Болашақ педагогтардың лидерлік сапаларын дамытудың | - арнайы ақпараттық-тәрбиелік ортаны құру;<br>- дамыту үдерісіне педагогикалық мониторинг ұйымдастыру;<br>- тұлғалық-бағдарлық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру; |

9-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | | педагогикалық шарттары. -Астана, 2016. – 215 б. | - бірлескен шығармашылық іс-әрекеттерге қатыстыру;<br>- педагогикалық қолдау көрсету;<br>- серіктестік, сенім, сыйластық қағидасы ұстану;<br>тұлғалық-бағдарлық өзара әрекеттестік және [108, 81 б.] |
| 5 | А.С. Швайковский | Педагогические условия развития креативного потенциала студентов на основе инновационных образовательных технологий: дис. канд. пед. наук: 13.00.01. - Шымкент, 2009. - 144 с. | - инновациялық технологияларды пайдалану;<br>- педагогикалық үдерісті оңтайландыру;<br>- ізгілік және ізгілендіру принциптерін ізге асыру;<br>- өзіндік зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру [30, 79 б.] |
| 6 | М.А. Шауенова | У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау. – Алматы, 2021. – 196 б. | - Кайқауыс идеяларының тәрбиелік әлеуеті туралы ақпараттармен қамтамасыз ету;<br>- субъектілік позицияларын қамтамасыз ету (болашақ МДҰ педагогінің өз іс-әрекетінің мақсаттарын құруы мен ұғынуы)<br>- сабақ барысында және сабақтан тыс іс-әрекеттерде алған ақпараттарды сапалы меңгеруі теориялық және практикалық даярлаудың өзара байланысы;<br>- оқу және оқудан тыс жұмыстардың үйлесімі. [110, 93-99 б.] |

Жоғарыдағы ғалымдардың педагогикалық шарттарды жіктеулерін қарастыра отырып, ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың *мазмұндық шарты - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру деп* деп санаймыз.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі кезеңнің баланың танымы, зияты, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін маңыздылығын танымал ғалымдар зерттеулерімен дәлелдеп берген. Дәл уақытында алынған тәрбие мен білімнің маңызы келешек ұрпақ үшін өте зор. Оны мектепке дейінгі білім берудің қолданыстағы мемлекеттік стандарт мазмұнының ұлттық даму стратегиясымен тығыз

байланысты жаңартылғанынан байқаймыз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады; балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі» - деп көрсетілген [3].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беруді» мақсат етеді.

«Бағдарламаның міндеттері: баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру, оның ішінде арнайы ортаны құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту мндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру» - делінген [6].

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар [6].

Бұл жерде бағдарламаның біздің зерттеуімізге қажет жас тобы - ересек жас – 4 жастан бастап 6 жасқа дейінгі аралықты қарастырамыз.

Соның ішінде біз қарастырып отырған мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту мәселесінің дені бағдарламаның балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдылары мен зерттеу әрекеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру бөлімдері арқылы іске асырылады. Бөлімдер мазмұны ересек жастағы балалардың креативтілік әлеуетін дамытуға үлкен ықпал етеді.

Мәселен, *физикалық қасиеттерді дамыту* бөлімі баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамытуды мақсат етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра отырып, ұлттық қимылды және жарыс сипатындағы ойындарды ойнату, музыкалық-ырғақтық жаттығулар мен спорттық ойын элементтерін орындату арқылы оларды епті, шыдамды, икемді болуға үйрету, түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салтына баулу тәрбиеленушілердің өнімді ойлауын жетілдіріп, шығармашыл, креативті етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

*Коммуникативтік дағдыларды дамыту* инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметтік ортада ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздейді.

*Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытудың* мақсаты математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

«Заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу; сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту» [6] - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуға ең қолайлы міндеттер болып табылады.

*Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың* мақсаты жалпы адами нормалар мен ережелер негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын, экологиялык білім негіздерін қалыптастыру екендігі айтылған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдылардың ішінде баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру, оны өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу, өзін

құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу креативтік әлеуеті жоғары тұлғаларға тән қасиеттердің негізі ретінде дамытылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды еңбекке баулу, еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу, ауа райы, өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер әлемі, өмір қауіпсіздігі тура мәліметтер арқылы дамыта отырып, креативтік әлеуетінің жетілуіне ықпал етіледі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуда тәрбиеленушілердің *шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытудың* рөлі өте зор. Себебі, оның мақсаты - балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау. Бұл дамыту түрі сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, күн сайын ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде іске асырылады.

Үлгілік бағдарламада мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытудың міндеттері:

- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту;
- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;
- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру;
- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;
- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту;
- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;
- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну;
- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу екендігі көрсетілген [6].

Сурет салуда заттарды қайталап салу, сюжеттік композициялар қосу, халықтық өнер туындыларына, сәндік-қолданбалы өнерге қызықтыру, табиғаттағы түстер мен реңктермен таныстыра отырып, бояуларды араластыру арқылы жаңа түстер шығаруға, ұлттық оюлардың түстерін алмастыра отырып жаңа композициялар ойлап табуға үйрету креативтілікті дамытудың таптырмас жолы деуге болады.

Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндеу техникаларын меңгере отырып бұйымдарды жасау, безендіру, ертегілер мен тұрмыстық тақырыптарға сюжеттік композициялар құру, жапсыру үшін дайын пішіндерді немесе өз ойларынан қию шығармашылық әрекетке қызығушылықты, қабілетті, шығармашылық қиялды дамытады.

Құрылыс материалдарынан, қағаздан, табиғи және қалдық материалдардан құрастыру арқылы түрлі бұйымдар жасау, олардың қасиеттерімен танысу, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, түрлі композиция жасауға және оларды түрлі ойындар барысында пайдалануға ынталандыру балалардың ойлап табу дағдыларын жетілдіреді.

Балаларды музыканы тыңдау мәдениетіне,ән айтуға, қимылдармен үйлестіруге, оның сипатын сезінуге, дыбыстарды ажыратуға, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдауға үйрету, музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын жасау, алған әсерлері туралы әңгімелеу, түрлі аспаптарда орындалған шығармаларды тыңдату арқылы музыкалық қабілеттері мен жадыларының жетілуі олардың креативтік әлеуетінің дамуына өз әсерін тигізеді.

В.А. Сухомлинскийдің: «Балалардың қабілеттері мен дарынының бастауы саусақтарының ұшында тұр. Бейнелеп айтсақ, олардың саусақтарынан шығармашылықтың қайнар көзін нәрлендіретін жіңішке жылғалар сипатты жіптер тарайды. Баланың қолы неғұрлым шебер болса, соғұрлым ол ақылды болады» [191] - деген сөзі бар.

Демек, жоғарыда аталған іс-әрекеттердің барлығы балалардың саусақ моторикасын жақсы дамытумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін, қабылдауын, қиялдауы мен ойлауын, эстетикалық талғамын, дербестігін және т.б. қасиеттерінің ашылуы мен дамуына көмегін тигізеді.

Соңғы жылдары XXI ғасыр дағдылары деп икемді дағдылар (soft skills) туралы көп айтылуда. Зерттеулер мектепке дейінгі ұйымдарда қатарластарымен қарым-қатынас жасауға, ойыншықтарын бөлісуге, тату ойнауға, достарына көмектесуге үйренген балалар өмірде табыстырақ болатынын көрсеткен.

Қолданыстағы Үлгілік бағдарлама бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамытудың олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылуының өзі дағдының ерекше маңызын білдіреді.

Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда балалық шақта қалыптасып, өмір бойы жетілдіріліп отыратын икемді дағдылардың маңызы зор. Коммуникативтік, сыни ойлау, эмоционалдық зият, өзін-өзі ұйымдастыру, стресске төзімділік, өзіндік рефлексия және адамдарды басқара білу, командада жұмыс істеу сияқты көшбасшылық қасиеттермен қатар креативтілік те икемді дағдылар қатарынан орын алған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы креативтік әлеуетті дамыту мүмкіндіктерін қарастыра келе, ересек жастағы балалардың креативті әлеуетінің қарқынды дамуына жағымды жағдай туғызып, балалармен жақсы қарым-қатынас орнатып, танымдық белсенділігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыра білетін, білімді де креативті педагогтің рөлі ерекше.

«Педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру

бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам» [2].

Педагогтің кәсіптік стандартында оның кәсіби қызметі: «Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуын ұйымдастыру, балалармен ойындар мен сабақтарды жобалау және өткізу, олардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу» деп көрсетіліп, жеке құзыреттері «Әдептілік, ізгілік, жоғары жауапкершілік және моральдық тұрақтылық, адалдық, жанашырлық қабілеті, қарым-қатынас құра білу, ұқыптылық, ұйымшылдық» қасиеттерінің болуы екендігі айтылған [313].

«Педагог мәртебесі туралы Заңда педагог өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге, ...өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, ....тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ....міндетті екендері көрсетілген [314].

Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатында «Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өз бетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау» - дейді.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған құжатта педагогтен «...білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай–ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагог сабақтар мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады» - деп көрсетілген [4].

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалардың жан-жақты дамытуға кәсіби бағыттылығы мәселелері соңғы жылдардағы отандық ғалымдардың еңбектерінде де зерделенген.

Г.Т. Абилбакиева «Бүгінгі күні болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі тек белгілі бір арнайы кәсіби біліктілігі бар адам ғана емес, сонымен қатар командада жұмыс істей алатын, дербес шешімдер қабылдайтын, бастама көтеретін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істейтін, білікті педагог болуы шарт. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда

басқару, мектепке дейінгі білім берудегі басқару теориясы мен практикасы саласындағы арнайы білімі мен дағдылары болуы маңызды мәнге ие» - дейді [109].

М.А. Шауенова «У.Кайқауыстың да бала тәрбиесі туралы идеяларында ұстаз-тәрбиешілер қызметі маңызды фактор болып табылады. Ұрпақ тәрбиесін білікті мамандар мен өнегелі тәрбиеші-ұстаздар қатысынсыз елестету мүмкін емес. Өйткені адам бойында жақсы адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі тәрбиеге, өскен ортаға ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Сондықтан У.Кайқауыс бала тәрбиесіндегі педагог-тәрбиеші рөліне ерекше мән беріп: «... перзентіңді ақылды, мейірімді тәрбиешіге тапсыр» дегенді алға тартады» - деп жазады [110].

Т.С. Жұмашева тақырыбындағы диссертациясында «Болашақ тәрбиешінің кәсіби лидерлік әлеуетінің көрсеткіші - кәсіби бағдарлануы дағдысы. Демек балалармен атқарылатын кәсіби қызмет психологиялық көзқарастардың, кәсіби бағдарланған мотивтер мен қабілеттер, кәсіби қызығушылықтар мен тұлғалық қасиеттер, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі танудың кешені. Кәсіби педагогикалық бағдарлылық қоғамға, табиғатқа, балаларға, басқа адамдарға кәсіби көзқарасы мен мамандығына, педагогикалық қарым-қатынас стилімен сипатталады» - деп көрсетеді [111].

Демек, педагогтердің қызметіне қойылатын талаптарға сай кәсіби құзыреттерді игеру арқылы өздерін үнемі жетілдіріп отырумен қатар, ұжымда тіл табысып жұмыс істеуге, бастамашылдыққа дайын болуы, тәрбиеленушілерін дербестікке жетелеп, ойлана білуге, эксперименттер жасауға, шешім қабылдауға, өз бетінше дамуға талаптандырып, оларды түсініп, мейіріммен қарап, қолдау көрсетуі және дамытуы, қоғам мен табиғатқа дұрыс қарым-қатынас жасауы тиіс екендігін көреміз.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің дамуы педагогтың креативтілігіне қатысты болады. Себебі, тек креативті ойлап, соны жүзеге асыра алатын педагог қана креативті тұлға тәрбиелеудің негізін сала алады. Осыған орай мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін үздіксіз аттыру жұмыстарына (курстар, семинарлар, тренингтер, конференциялар, шебер сыныптар) қатысып отыруы креативті педагогтің кәсіби бағыттылығы.

В.А. Сластенин педагогтің кәсібилігін осы жүйеде өз пәнінің құралдары арқылы оқу үдерісіне берілген уақыт аралығында балалардың мәселені нәтижелі шешуге дайындығын қалыптастыратын өнерге ие» педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі ретінде анықтайды. Ол «Педагогика» оқулығында Е.С.Громов пен В.А.Моляконың креативтіліктің шынайылық, эвристикалық, фантазия, белсенділік, жинақылық, нақтылық, сезімталдық деп бөлген жеті белгісін атап көрсетіп, шығармашыл педагогтің бастамашылдық, дербестік, ойлау инерциясын жеңе білу, шын жаңалықты сезіну және оны үйренуге ұмтылу, мақсаттылық, бірлестіктердің кеңдігі, байқағыштық, дамыған кәсіби есте сақтау сияқты қасиеттер, креативті заманауи педагогінің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды [315].

Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуеті мол, ол баланың өзінен, қоршаған ортасынан шынайы өзіндік мүмкіндіктерінен жасырын тұрады. Сондықтан

оның танымы танушыға ерекше жауапкершілік жүктейтін болжамды және ықтималдық сипатта болады [316].

Шембергер Т., Чотар Конрад «...білім беру ұйымдарының барлық деңгейлері, соның ішінде мектепке дейінгі деңгей креативтілікті қамтуы, көтермелеуі және оған жағдай туғызуы керек. Бағдарламалық құжаттар мен оқу жоспарларында берілген ақпарат оқу тәжірибесінде міндетті түрде көрініс таба бермейді. Демеуші құрылымдарсыз оқу бағдарламалары тиімді бола алмайды. Педагогтер білім алушылардың креативті тәсілдеріне мүмкіндік беріп, креативтілікті қалай тануға, ынталандыруға және қолдауға болатынын үйрету маңызды. Креативтілікке деген оң көзқарас оны қолдаудың маңызды факторы болып табылатынына қарамастан, әрқашан автоматты түрде оқу тәжірибесіне ауыса бермейді, бұл көбінесе педагогтердің педагогикалық құзыреттілігі мен тәжірибесіне байланысты. Сондықтан педагогтердің біліктілігін арттыруға үлес қосудың маңызы зор...» - дейді [44].

И.П. Особов «Педагогтің құзыреттілігі әдеттен тыс жағдайлардың оңтайлы шешімдерін іздеуде, педагогикалық шығармашылық танытуда, өз бетінше білім алып, оны әлеуметтік және кәсіби жағдайларда тиімді, дұрыс қолдануда әлеуеттік креативтілігін іске асырудың негізін құрайды» - дейді [317].

Олай болса, креативтілік қазіргі заман педагогіне қажетті жоғары жетістікке жетелейтін маңызды кәсіби-педагогикалық құзыреттердің бірі екенін байқаймыз (7-сурет).




Сурет 7 - Е.С. Громов пен В.А. Моляко бойынша педагог креативтілігінің жеті белгісі

Мектепке дейінгі ұйым педагогі креативтік дамудың педагогикалық мәнін жете түсініп, жоғарыда аталған креативтілік белгілерін бойына жиып, оқу-тәрбие барысында балалардың креативтік әлеуетін дамытуға байланысты туындаған сұрақтарына назар аударып, ой-пікірлеріне құрметпен қарап,

маңызды екеніне сендіріп, жан -жақты дамуына ынталандырып отыруы кәсіби бағыттылықтың көрінісі.

Осы мәселеге байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі дамуы, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс» - деп көрсетілген [5].

Мектепке дейінгі ұйым педагогі мектепке дейінгі ересек жастағы баланың қызметін ойын түрлері арқылы әрекет етуге бағыттауы керек, мұның нәтижесінде балада ішкі өзгерістер туындайды. Адамның танымдық белсенділігі арқасында бала креативті өнімді тауып қана қоймай, оны басқа адамдардың пайдалану үдерісін көре алатын кезде дамиды. Яғни, креативті педагог қана баланың шығармашылық бастауын дамыта алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытуда педагог пен балалардың қарым-қатынасының ынтымақтастық негізінде құрылуы, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, педагогтің әр баланың креативтік әлеуетіне сенім білдіруі, баланың жеке көзқарасын, пікірін құрметтеу, жақсы іс-әрекеттері үшін мадақтау, қажет кезінде басу айта білу және белсенді ойын әрекеттері арқылы дамыту сияқты ережелерді басшылыққа алған жөн.

Кәсібіне салғырт қарайтын, қоғамдағы жаңалықтарды, тың дүниелерді немқұрайлы қабылдайтын, жаңа технологияларды сынап көруге, тексеруге, тәуекел етуге құлықсыз маман алдындағы балаларды ынталандыруға қабілетсіз болады.

О.Ю. Зайцева, В.В. Карихтің пікірінше, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің креативтік әлеуеті мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың зияткерлік-креативтік дамуына тікелей әсер етеді. Педагогтің креативтік әлеуеті құндылық, когнитивтік, іс-әрекеттік сияқты үш негізгі тұлғалық ішкі құрылымның сапалық ерекшелігімен сипатталады. Ересек жастағы балалардың зияткерлік-креативтік дамуы шектен тыс ізденімпаздық пен қызығушылық, мәселеге әртүрлі тәсілдермен қарау қабілеті (икемділік), бастамашылық, табандылық, шаблоннан аулақ болу, өзіндік идея туғызу және ерекше жетістікке жету, қалыптан тыс шешімдер қабылдау қабілетімен сипатталады. ....Педагогтің шығармашылық әлеуеті шығармашыл тұлғаға тән бірқатар қасиеттермен сипатталады (ұқсастырудың жеңілдігі, ойын тез және еркін аудара алу қабілеті, бағалау пайымы және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттілігі, шешімді ауыстыру қабілеттілігі, жадының дайындығы және айналысып жатқан іс-әрекеттерін шығармашылық үдеріске айналдыру қабілеттілігі) [318].

Демек, мектепке дейінгі ұйым педагогі креативті ойлай білуі, баланың креативтік әлеуетін дамытудың маңызын түсініп, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылуы тиіс.

Педагогтің креативтілігі оның жұмысында кездесетін түрлі жағдаяттардан алып шығуға, қажет кезінде тиімді шешімдер қабылдауға, педагогикалық үдерісте балалардың өзіндік ерекшеліктеріне сай тиімді әдіс-тәсілдер табуына

көмегін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің келесі маңызды жұмыс бағыттарының бірі - ата-аналармен жұмыс. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «Баланың дамуы туған кезден басталады. Сонымен қатар бала тәрбиесінде отбасындағы берекелі жағдайдың маңызы зор болуы керек. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет» - делінген [5, 6 б.].

Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту қызметінде отбасының қосатын үлесі ерекше деуге болады. Өйткені бала креативтілігін дамытудың алғашқы ортасы – отбасы боп табылады.

«..мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға ата-ананың тигізетін ықпалы зор. Ата-аналар тарапынан балалардың креативтік әлеуетін дамытуға ғана емес, жалпы жан-жақты дамуға қолайлы жас кезеңін өткізіп алмауы өте маңызды. Осы орайда, ата-аналар бала дамуы үшін жағымды жағдай туғызуы, қажетті құралдармен қамтамасыз етуі, балаларының қызығушылықтары туралы білгені, ойын тыңдап, өз пікірін айтуға баулығаны, олармен бірге креативті ойындар ойнауға да уақыт таба білгендері жөн» [319].

О. Г. Захарова мектеп жасына дейінгі баланың креативтілігі төмендегідей шарттарды ұстанатын отбасында дамитынын айтады. Отбасындағы психологиялық ахуал, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас және олардың балаға деген қатынасы баланың креативтілігін дамытуда шешуші орын алады. Ол отбасында өзін жайлы сезінуі керек, сондай-ақ, тек қарым-қатынастың көмегімен ғана бала шығармашылығын көрсету үшін қажетті өмірлік тәжірибе жинақтап, кеңейте алады. Еркін тәрбиелеу ұстанымы яғни, балаға өзінің қалаған іс-әрекетін таңдау құқығын беру, уақытын шектемеу, қиялы мен елестетуіне жағдай жасау креативтілікті дамытуға қолайлы ықпал етеді. Ересек адамдардың міндеті - жағымды орта ұйымдастыру арқылы баланың дамуына көмектесу болып табылады [320].

К.Тэкэкс балалардың креативтілігін дамытуға ата-аналардың тигізетін ықпалын зарттей келе балалардың шығармашылығын түсінуге және ынталандыруға көмектесетін ұсыныстар жасаған. Оның пікірінше, ата-аналар баланың сұрақтарын мұқият тыңдап, баланың не істегісі келетінін ескеріп, оның табиғи қызығушылықтарын бақылауы керек. Ата-ананың «Сен тым көп сұрақ қоясың!» деген сөзінен жаман ештеңе жоқ деп, баланың түрлі қызығушылықтарын дамытудың маңызды екенін айтады [321].

Сондықтан, баланың жас ерекшеліктеріне сай дене, психологиялық, әлеуметтік дамуына жағдай тудырумен қатар, баланың қызығушылығын дамыту үшін қолдың ұсақ моторикасын, логикасын дамытуға, ойын шоғырландыруға, заттардың маңызды қасиеттерін ажырата білуге көмектесетіндей ойыншықтар таңдай білуі жақсы нәтижелерге жетелейді. Мысалы, құрастырғыш, басқатырғыш, пазлдар, мозаикалар, геометриялық пішіндер салынатын ұялары бар үйлер, пойыздар, логикалық текшелер, суретті және дыбысты кітапшалар және т.б. [4].

Мектепке дейінгі ұйым педагогі ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасауы арқылы баланың креативтік әлеуетін дамытуға ықпал ету

құзыреттіліктерінің артуына оң әсері мол. Педагог ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру үдерісінің барысынан хабардар етіп, оларды мектепке дейінгі ұйым жұмысына тарту, ата-аналардың құзыреттілігін дамыту, отбасымен жүйелі байланыстар арқылы бала креативтілігін дамытуға байланысты педагогикалық кеңестер беріліп, жұмыстар жүргізіліп отыруы тиіс (8-сурет).




Сурет 8 - Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби бағыттылығы

Бала креативтілігін дамытуда отбасы және мектепке дейінгі ұйымдағы шығармашылыққа ыңғайлы орта мен бос уақыттың болуы, баланың дамуына ата-ананың шынайы қызығушылығы, топтағы өзара татулық, жақсы қарым-қатынас, дос, жолдас ретінде бір-бірін қолдауы өте маңызды. Балаларға іс-әрекеттерді іске асыру жолдарын таңдауда еркіндік беріп, шығармашылығына кедергісін тигізетіндей мәжбүрлеуден аулақ болған жөн.

Сонымен нақтыланған *мазмұндық шарттар* - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде берілген, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың *ұйымдастырушылық шарттары* - мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби бағыттылығына байланысты педагогтің балалармен *(ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес)* әрекет түрлерін және олардың ата-аналарымен жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруы және заттық - дамытушы ортаны тиімді құруы. Келесі кезекте мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың *әдістемелік шарттары* - технологияларын қолдану, әдістерін пайдалану нәтижесінде педагогикалық шарттар орындалады (9-сурет).




Сурет 9 - Педагогикалық шарттардың жүзеге асырылуы

Жоғарыда мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мазмұндық шартының мәні толық ашылып, педагогтің кәсіби бағыттылығына сипаттама берілді.

Келесі бөлімдерде ұйымдастырушылық шарты ретінде елеулі рөл атқаратын заттық – дамытушы ортаны тиімді құру және әдістемелік шарттары - технологиялар мен әдістері келесі бөлімдерде көрініс табады.

## 2.2 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудағы заттық –дамытушы ортаның рөлі

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «Баланың жасына және деңгейіне сәйкес келетін ресурстардың мол таңдауы бар жоғары сапалы білім беру кеңістігі баланың өзіндік оқуындағы белсенді рөлінде маңызды құрамдас болып табылады. ..Мектепке дейінгі ұйымдар оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдени, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар, қолжетімді кеңістіктік-білім беру ортасын құруға тиіс.

....дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта» - деп көрсетілген [5].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады» - делінген [3].

В.А. Петровскийдің пікірінше, заттық-дамытушы орта – бұл мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ете алатын,

баланың қазіргі және жуық арадағы шығармашылық дамуының қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын және оның қабілеттерін дамытатын ұйымдастырылған өмір сүру кеңістігі [322].

Заттық-дамытушы орта – бұл баланың дамуына арналған материалдық объектілердің, тәрбиеленушілер әрекетінің түрлерін қамтамасыз ететін заттық және әлеуметтік құралдардың жиынтығы. Бұл балалардың жан-жақты өсіп, қоршаған әлеммен танысуы, онымен қалай әрекеттесу керектігін білуі және дербестікке үйренуі үшін қажет. Ол дербестікті, бастамашылдықты дамытуға ықпал етеді және балалардың бойында бар қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заттық-дамытушы орта баланың басқа адамдармен эмоционалды және практикалық әрекеттесу тәжірибесін жетілдіреді, сонымен қатар топтағы барлық балалардың танымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі [323].

О.А. Комарова заттық-ойын ортасын арнайы таңдалған ойыншықтарды, ойын жабдықтарын, белгілі бір іс-әрекеттерге арналған жиһаздарды, тұлғаға бағытталған өзара әрекет, бастысы ойындарды қамтитын ұйымдастырылған кеңістік деп түсінеді [324].

Н.А. Виноградова, Н.В. Микляева дамытушы ортаның міндеттерін былай көрсетеді:

- заттық орта баланың белсенді және жан-жақты әрекетке деген қажеттілігін жүзеге асыруды қамтамасыз етуі керек;
- заттық-кеңістіктік орта баланың «жақын даму аймағын» қамтамасыз етіп, оқытудың ажырамас құрамдас бөлігіне айналып, балалардың бейімділігін дамытуға ықпал етуі керек;
- орта балалардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға, олардың өз бетімен әрекет етуіне және жеке тиімді тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беруі керек;
- дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық, ақыл-ой және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуі керек;
- заттық-кеңістіктік орта баланың мүмкіндіктерін кеңейту, оның іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін шығармашылықпен меңгеру қабілетін дамыту шарты ретінде әрекет етуі керек [325].

Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырудың негізгі тұжырымдамалары ретінде М. Монтессори [326], В.А. Петровский [322], С.Л. Новоселова [327] және т.б. ғалымдардың теорияларын қарастыруға болады.

М. Монтессоридің көзқарасы бойынша ...бала қоршаған ортадан алған әсерлерімен бірге білімді бейсаналы түрде қабылдайды. Қабылдаудың бұл түрі балаға алты жасқа дейін тән. Баланың қабылдауы алатын әсердің «санаға кіріп қана қоймай, оны қалыптастыратындығымен» ерекшеленеді. Монтессори әдісі адамның дамуындағы алғашқы жылдарының маңыздылығын «сіңіруші ақыл-ой» тұжырымдамасы арқылы негіздейді. Бұл кезеңдегі ересектердің міндеті - өзара әрекеттесу кезінде баланың бойындағы «сіңіруші ақыл-ойының» мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тиімді дамып, білім алуға мүмкіндік беретін арнайы дайындалған орта құру. Ойын бөлмесі жаратылыстану, практикалық өмір, сенсорлық, лингвистикалық және математикалық, шығармашылық, ойын

және спорт аймақтары баланың жан –жақты дамуына жағдай жасайтын «дайындалған орта» болып есептеледі. ...Бала дамуының сензитивті кезеңдері келген кезде, өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыра бастайды, бірақ қалай, қай бағытта жүзеге асатынын оны қоршаған ортаға байланысты. Ересектер баланың дамуына жағдай жасайтын арнайы ортаны жабдықтап, бағыт-бағдар беріп отыруы керек.

М. Монтессори ұсақ заттармен ұқыпты жасалатын әрекеттер зиятты, сөйлеуді, зейінді және есте сақтауды дамытатындықтан балалар заттарды тізу, ұстап көру, сипап сезу сияқты әрекет түрлерін көп орындауы керек деп санайды.

Дамытушы орта Монтессори жүйесінің ең маңызды элементі болып табылады. Онсыз ол жүйе ретінде жұмыс істей алмайды. Дайындалған орта балаға ересектерсіз кезең-кезеңімен дамып, тәуелсіз болуға мүмкіндік береді [326].

В.А. Петровскийдің мектепке дейінгі ұйымдарда заттық-дамытушы ортаны құру тұжырымдамасында балалардың өмір сүру жағдайларын ұйымдастыруға, заттық-дамытушы ортаны құруға қатысты негізгі қағидалар айқындалған:

- өзара әрекеттесу кезіндегі қашықтық қағидасы;
- белсенділік, дербестік, шығармашылық қағидасы;
- тұрақтылық қағидасы – динамизм;
- жинақтау және икемді аудандастыру қағидасы;
- эмоциогендік орта қағидасы;
- әр баланың және ересектердің жеке жайлылығы және эмоционалды әл-ауқаты;
- қоршаған ортаны ұйымдастыруда таныс және ерекше элементтерді біріктіру қағидасы;
- ашықтық-тұйықтық қағидасы;
- балалардың жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы.

Заттық-дамытушы ортаны жоғарыдағы қағидаларды ескере отырып құру балаға психологиялық, эмоционалдық жайлылық сыйлайды, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына көмектеседі [322].

С.Л. Новоселова «Балалардың іс-әрекеті үшін заттық дамушы ортаның болуы қоғамды одан әрі прогреске қажетті бастамамен қамтамасыз етеді. Заттық дамытушы ортаның болмауы адамның даму мақсаттарының құлдырауына әкеліп, жеке адамға да, жалпы қоғамға да зиянын тигізеді. Ең бастысын атап өтейік. Бала іс-әрекетінің заттық ортасы – баланың физикалық және рухани дамуының мазмұнын функционалды түрде үлгілейтін материалдық объектілер жүйесі ретінде барлық оқу-тәрбие жұмысында бағдарламалық мазмұнды жүзеге асырудың негізі болып табылады. Орта байытылу, ғылыми ауқымдылығы ұстанымдарына сай болуы және баланың әр алуан әрекетін қамтамасыз ететін табиғи және әлеуметтік-мәдени құралдарды қамтуы керек.

Балалық шақтағы заттық орта балаға шығармашылық рухани даму үшін жағдайлар туғызып, одан белгілі бір әрекеттің міндеттерін қою және шешуге

қажетті ақпаратты «алу» мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек» - дейді [327,16 б.].

С.Л. Новоселованың ойынша, заттық орта балалардың физикалық, эстетикалық, танымдық және әлеуметтік дамуына қажет бірқатар негізгі компоненттерді қамтиды. Оларға табиғи орта мен нысандар, мәдени ландшафттар (саябақ, бау-бақша), денешынықтыру-ойын және сауықтыру ғимараты, заттық-ойын ортасы, музыкалық және театрландырылған орта, сабақтардың заттық-дамытушы ортасы, компьютерлік - ойын кешені, балалар кітапханасы, ойын және видеотека, дизайн студиясы және т.б. жатады.

Бұл орта компоненттері балалардың қызығушылығына сәйкес әр түрлі іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді, бұл тек ұжымдық емес, жеке жұмыстарға да мүмкіндік береді. Заттық ортаның барлық компоненттері мақсатқа сәйкес біріктіріліп, көлемі жағынан жақын және ортақ стильде топтастырылуына назар аударған жөн.

Зерттеушінің айтуы бойынша, заттық орта баланың жаңашылдыққа, экспериментке деген қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек, «... баланың шығармашылық рухани дамуына жағдай туғызуы және одан белгілі бір іс-әрекеттің міндеттерін қою және шешу үшін қажетті ақпаратты «жинауға» мүмкіндігі бар».

Автор заттық дамушы орта жүйесіне белгілі талаптарды басшылыққа алудың өте маңызды екендігін ескертеді. Іс-әрекет түрлерінің әрқайсысы өз уақытында жетекшіге айналады. Мысалы, қарым-қатынас – нәрестелік шақта, заттық әрекет – сәбилік жаста, ойын – мектепке дейінгі кезеңде, оқу әрекеті – бастауыш мектеп жасында.

Біріншіден, бала өмірінің әрбір сәтінде қарым-қатынас, заттық және ойын әрекеті қатар жүреді, бірақ әрекеттің әрқайсысы жетекшіге айналғанға дейін өзіндік даму жолымен жүреді....Тәрбиеші білім берудің жас және іс-әрекеттік ұстанымына сүйеніп, жетекші іс-әрекетке мән бере отырып, сол уақытта жетекшілік етпейтіндердің дамуын назардан тыс қалдырмауы керек.

Екінші талап заттық дамытушы ортаның дамудың келесі кезеңіне өту қарсаңында баланың мүмкіндіктеріне сәйкес келуі, яғни, заттық орта арқылы жақын арадағы психикалық даму аймағын құру болып табылады.

Үшінші талап орта баланың таным аймағының құрылымына сәйкес болуы керек. Бұл заттық ортада консервативті (балаға бұрыннан белгілі) компоненттер де, зерттеуге жататын проблемалық компоненттер де болуы керек дегенді білдіреді. Бұл талап Н.Н. Поддяковтың баланың танымдық (когнитивтік) аймағы оның анық (аксиоматикалық) және түсініксіз білімінің өзара даму жүйесі деп тұжырымдаған баланың танымдық дамуы теориясынан туындайды.

Төртінші талап баланың бастапқы бастамасынан, оның сол түсінікті, сонымен қатар мәселелі білімді бірден іс жүзінде қолдануға ұмтылуынан туындайды. Баланың білім ауқымы мен оларды қолдану мүмкіндіктері арасында сәйкестік заңы бар сияқты. Қолданылмаған білім керексіз нәрсеге айналады және керісінше, білім үнемі әрекетте қолданылады және байытылады [327, 23-25 б.].

Белгібаева Г.К., Асылбек А.М., Көшкімбаев Қ.Т. «Заттық-кеңістіктік орта мектеп жасына дейінгі баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке

белсенді әрекетінің негізін қалайды. Баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық-кеңістіктік орта ерекше орын алады» - деп сипаттайды [107].

Соңғы жылдарғы теорияларға сүйенсек, авторлар «Дамушы заттық-кеңістіктік ортаны кеңістік пен уақытқа қарай ұтымды ұйымдастырылған, әртүрлі заттармен және ойын материалдарымен қаныққан табиғи қолайлы орта деп түсіну керек. Мұндай ортада бір мезгілде топтағы барлық балаларды белсенді танымдық және шығармашылық әрекетке қосуға болады» - дейді [328].

*Олай болса, жоғарыдағы ортаға берілген сипаттамаларды саралай келе,*

*заттық-дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, дербестіктері мен бастамашылдықтарын ескере отырып, физикалық, психикалық, әлеуметтік-мәдени, зияткерлік, эмоционалдық дамуын, танымдық белсенділігінің артуын қамтамасыз ету арқылы олардың креативтік әлеуетінің дамуына ықпал ететін үйлесімді құрылған кешен деп анықтама береміз.*

Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатында заттық-кеңістіктік дамытушы орта қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды болуы керек деп талаптар қойыла отырып, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады» - деп сипатталады [4].

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның талаптарын кеңірек қарастырсақ:

*қауіпсіздігі* – заттық-дамытушы ортаны құрайтын түрлі материалдардың пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкестігі;

*қолжетімділігі* – тәрбиеленушілердің (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың) балалар іс-әрекетінің барлық түрінде ойындарды, ойыншықтарды, материалдарды, оқу құралдарын психикалық және физикалық тұрғыдан пайдалана алу жағдайлары;

*түрленгіштігі* – білім беру жағдайына, балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне байланысты заттық-дамытушы ортаның өзгеруі;

*көпатқарымдылығы* – заттық-дамытушы орта түрлі материалдардың, мысалы, табиғи материалдар, балалар жиһаздары, жұмсақ модульдер, экрандар, кілемшелер және т.б. балалар іс-әрекетінің түрлерінде әртүрлі қолдану мүмкіндігі;

*өзгермелілігі* – ұйымда немесе топта әртүрлі кеңістіктердің (ойын, құрылыс, оңашалану және т.б.), сондай-ақ балалардың еркін таңдауын қамтамасыз ететін әртүрлі материалдардың, ойындардың, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы; ойын материалының кезеңді түрде өзгертілуі, балалардың ойын, қимыл-қозғалысы, танымдық және зерттеу әрекетін ынталандыратын жаңа заттардың пайда болуы;

*мазмұндылығы*- заттық дамытушылық ортаның балалардың жас ерекшеліктеріне және бағдарлама мазмұнына сай ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес әрекеттеріне қажетті барлық құралдармен жабдықталуы;

*тартымдылығы* - заттық дамытушы ортадағы материалдардың, ойыншықтардың, ойын түрлерінің, музыкалық сүйемелдеудің, бөлмелердің безендірілуінің әсемдігі мен үйлесімділігі, тазалығы, көркем-эстетикалық талаптарға сай болуы[4, 24 б.].

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек. Дамытушы орта Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды, инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды, білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды, балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс [4, 24 б.].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруға байланысты төмендегідей талаптар қарастырылған.

Білім беру салаларының міндеттері бала сол сәтте өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс. …Мектепке дейінгі ұйымдарда материалдық-техникалық жарақтандыруға және жағдай жасауға ерекше назар аударылатын болады, сәби жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заттық-кеңістіктік ортаның тиімділігін, қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған эргономикалық шешімдер қабылданатын болады. ...Мектепке дейінгі ұйымдар оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдени, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар, қолжетімді кеңістіктік-білім беру ортасын құруға тиіс. ...Модельді іске асыру ... баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға мүмкіндік береді». [5, 7 б.].

Балабақшаларда мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үшін ойнайтын, ойланатын, армандайтын, қиялдайтын, оңашаланатын орындар болуы қажет. Ересек жастағы балаларда зияткерлік, моральдық-ерікті және эмоционалдық сфераларының қарқынды дамуы жүреді.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортада жабдықтарды аймақтарға бөліп орналастыру балалардың қызығушылықтарына қарай шағын топтарға білініп қалаған ісімен айналысуына мүмкіндік беретіндей болуы керек. Мәселен, сурет салу, қол еңбегі, ойын әрекеттері, эксперименттер және т.б. Құрал-жабдықтар міндетті түрде танымдық белсенділікті арттыратын материалдар, дамытатын ойындар, техникалық құрылғылар мен ойыншықтар және т.б. Топ бөлмелері бірнеше орталықтарға бөлініп, олардың әрқайсысында ойнауға, суретті кітаптар тамашалауға, әртүрлі қызмет салаларындағы зерттеулерге арналған материалдармен жеткілікті жабдықталуы тиіс.

Балалардың креативтілігін дамытуға ықпал ететін желілі – рөлдік ойындар, театр, еңбек, құрылыс әрекеттері, сенсорлық, компьютерлік сауаттылық, «Көңілді ноталар», «Жануарлар әлемі», «Шеберхана», «Жас суретші», «Шебер қолдар» және т.б. орталықтар атауға болады.

Заттық-дамытушылық орта техникалық және психологиялық жағынан *қауіпсіз*, барлығы үшін *қолжетімді*, баланы жалықтырмайтындай *түрленгіш*, іс-әрекеттердің барлық түрінде қолданылатындығымен *көпатқарымды*, уақтылы толықтырылып отырылуымен *өзгермелі,* жас ерекшеліктеріне және бағдарламаға сай жабдықталуымен *мазмұнды*, көркем-эстетикалық жағымен *тартымды*, тұлға дамуына эмоционалдық жағынан *жайлы болғанда* ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуға қызмет етеді (10-сурет).




Сурет 10 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың тиімді құрылған заттық-дамытушы ортасы

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарының ішінен әдістемелік шартты жеке

қарастыруды жөн көрдік.

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамыту үшін арнайы әдістемелерді қолдана отырып әзірленген бейімделген бағдарлама мазмұнындағы ойындарды, креативтік әлеуетті дамыту технологияларын қолданудың тиімділігі жоғары деуімізге болады.

Педагогтің креативтік әлеуетті дамытудың әдіс-тәсілдерін игеруі, олардың мәнін жете түсінуі, тәжірибеде қолдана білу шеберлігі, әдіс-тәсілдер мен технологияларды салыстырып, талдап, тиімді жақтарын білуі, ойын іс-әрекеттерін жоспарлау, нәтижесін бағалау және т.б. әдістемелерін жоғары деңгейде меңгеруі рерсек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда табысқа жеткізудің кілті дер едік.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтері ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың құралы ретінде қолданылатын ойын түрлеріне дұрыс жетекшілік жасай білуі тиіс.

М. Жұмабаев ойын туралы «Осы түрдің қай түрімен болса да ойнап отырған баланың ойынын бақылауға тәрбиеші міндетті. Бірақ бақылаймын деп бүлдіріп алма. Бүлдіріп алу былай болады: былай ойна деп бұйырсаң, баланың ойыннан ынтасын суытып аласың. Баланың ойынына үлкен адам кіріссе, балаға ойынның қызығы бітеді. Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болу керек, бақыла деген сөз қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қақиып тұр деген сөз емес. Олай тұрсаң, бала ойнай алмайды. Егер енді баланың ойынына қатыстың келсе, өзің бала болып қатыс. Яғни ойындарына бөгет, оралғы болма. Балалар сенің ересек адам екеніңді сезбейтін дәрежеде болсын»- деп жазады [17].

Яғни, мектепке дейінгі ұйым педагогтері балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға бағытталған іс-әрекеттері тиімді болу үшін ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға ықпалын тигізетін педагогикалық технологияларды, ойынды ұйымдастыру әдістемелерін жетік игеруі керек.

Қазіргі еліміздегі білім беру жүйесін жаңғырту үдерісіне байланысты мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне тәрбие мен білім беру қызметтерін ұйымдастыруға жоғары талаптар қойылып, білім беру мазмұны күрделене түсті. Педагогтер балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, шығармашылық және интеллектуалдық дамуына баса назар аудара отырып жаңа педагогикалық технологияларды игеруге ұмылуда. Олар ұйымдасқан қызметтерге дайындық, оған қажетті ақпараттарды іздеу, сараптау жұмыстарына көп уақыт жұмсайды. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне балалардың креативтік әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстар кешенін жасап ұсыну бұл жұмыстардың тиімді жүргізіліп, жақсы нәтижеге жетуіне септігін тигізеді.

Е.О. Смирнова «Балабақша. Заттық-дамытушылық ортаны бағалау» атты мақаласында мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру үдерісінде баланың дамуына маңызды әсері бар ойынның азаю себептерін қарастырады. Ойынның іс-әрекет ретіндегі артықшылықтарының ішінде ол дербестікті, эмоционалдық

елігуді және бала әрекетінің тосыннан болуын атап көрсетеді. Білім беру бағдарламасының ашықтығын, дұрыс заттық-кеңістіктік орта мен педагогтің ойын құзыреттілігін мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі ойын іс-әрекетін қалыптастыру және дамытудың шарттары деп санайды [329].

Е.О. Смирнова «Тәрбиешінің ойын құзыреттілігі» атты еңбегінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың тиімді әдістерін қолдануға әсері мол педагогтің ойын құзіреттілігін төмендегідей жіктейді:

- дамыған қиял, креативтілік, ойлау және іс-әрекет еркіндігі;
- эмоционалды әсерлілік, әртістік шеберлік;
- әдептілік, серіктеске сезімталдық, коммуникативтік қабілеттер.

Тәрбиеші өзі ойнай білуімен қатар, ойынның ерекше грамматикасын жетік меңгеріп, ойын мәдениеті жоғары болғанда ғана балаларды ойынға үйрете алады [330].

Яғни, педагог балалардың ойынға қызығушылығын, белсенділігін оятып, оларды ойнауға ынталандырып, ойын іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың бастамаларын қолдауы қажет.

Сондай-ақ, педагог балалардың сеніміне ие болып, түпкі ойларын түсініп, оларға кеңес бере отырып, бір-біріне деген жағымды, достық қарым-қатынасын қолдап, оларды біріктіріп, ойын төңірегінде топтастыра алады.

А.М. Новиков ойын іс-әрекетін ұйымдастырудың еркін әрекет; шынайы өмір шеңберінен шығу; кеңістік пен уақыттың арнайы бір шеңберінің болуы; эмоционалды және ерікті шиеленіс; ережелердің болуы; өзгешелігі және жұмбақтығы; ойнау, ойынның қызығына түсу құбылысының болуы; ойнаушылардың ұйымдарға, топтарға ерікті бірлестігі сияқты ерекшеліктерін айқындап көрсеткен. Сонымен қатар, ойын іс-әрекетін ұйымдастыруда бейнелеу және түрлендіру; өзін-өзі көрсету; ойын әрекетін дамыту қағидаларын басшылыққа алуды ұсынады [331].

С.А. Шмаков ойынды ұйымдастырғанда педагог ұстанатын негізгі қағидаттарын былай көрсетті:

- балалар ойынға кірiскенде ешқандай мәжбүрлеудің болмауы; әміршілдік ойынның мәніне қайшы келеді, өзара сыйластықты қолдау маңызды. Балаларды ойынға ерікті түрде ғана қатыстыруды қарастыру керек;
- ойын динамикасын дамыту принципі ойын ережесі арқылы орындалады, олар сюжеттің дамуына себепші болады; ойынды белсенді ететін ойын бастамасын мадақтау;
- ойын атмосферасын туғызу принципі, келіспеушілік туғызатын сәттерге жол бермеу, ойын аксессуарларын кеңейту, сәтсіздіктерге тренингілер өткізу, бала ойындарының репертуарын кеңейту;
- ойын және ойыннан тыс іс-әрекетті өзара байланыстыру принципі;
- қарапайым ойындардан неғұрлым күрделі ойындарға көшу принципі; баланы біржақты, қарапайым ойындар аясында ұстау қауіпті, баланың өзін-өзі көрсете алуына, қарым-қатынас орнатуына көмектесетін ойынның неғұрлым күрделі моделіне қарай ұмтылу қажет [192].

Н.Я. Михайленко, Н.А. Короткова соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі

балалардың қалыптасқан ойын әрекеті деңгейінің төмендігіне байланысты сюжетті-рөлдік ойынды басқаруды балаларға ойын құрастырудың күрделі тәсілдерін біртіндеп үйрету үдерісі ретінде қарастыруды ұсынады. Тәсілдерді үйрету ересектер мен балалардың бірлескен ойынында жүзеге асырылады.

Авторлар ойын құрастырудың келесі тәсілдерін бөліп қарастырады:

- балалар тиісті заттар мен ойыншықтарды пайдалана отырып, нақты заттық іс-әрекетке еліктейтін заттық-ойын әрекеттерінің реттілігі;
- балаға сөйлеуді, заттарды пайдалана отырып, кейіпкерге тән әрекеттерді бейнелеуге көмек беретін рөлдік мінез-құлық,
- балаға сюжеттің жеке элементтерін біртұтас оқиғаға айналдыруға көмектесетін сюжеттік құрылым.

Балалар ойынды құрудың бірінші тәсілін, заттық ойын әрекеттерін ересектермен бірлескен іс-әрекетте меңгереді. Қалған рөлдік мінез-құлық, сюжет құру әдістері ойынның стихиялық өрбуінде толық емес, қарапайым деңгейде қалыптасуы мүмкін [332].

Ересектер тарапынан балаға еркіндік беру, креативті идеяларын қолдап көтермелеу, білуге құмарлықтарын, белсенділіктерін арттыру арқылы ынталандыру, сәтсіздіктері үшін айыптамау, орынсыз ескертулер жасамау, тіпті пайдасыз идеяларына да шыдамдылықпен қарау да өз көмегін тигізері анық. Сондықтан, педагогтер баламен әрдайым бірге болып, әрбір жетістіктеріне қосыла қуануы керек.

Балаға өз ойындағы нәрсені іске асыруға, өз пікірін қорғауға, дәлелдеуге мүмкіндік беріп, ойын ортаға салуға, талқылауға, шығармашылық еркіндігіне үйреткен жағдайда баланың креативтік әлеуетін дамыту табысты жүзеге асатынына сеніміміз мол.

*Әдістемелік шарт - ересек жастағы балалардың креативтілік әлеуетін дамытуда креативтік технологияларды, әдістерді қолдану* болып табылады.

Зерттеушілердің педагогикалық шарттар қатарына диалогтық өзара әрекет, әлеуметтік нығайту, ересек адамның креативті мінез-құлық үлгісінің болуы, эмоционалды қатысуына жағдай туғызу, заттық белсенділікті регламенттеудің болмауы, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру тәсілдеріне тәуелділік шарттарының орындалуы және оның нәтижелі болуы, білімгерлерге педагогикалық қолдау көрсету, серіктестік, сенім, сыйластық қағидасын, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өз іс-әрекетінің мақсаттарын құруы мен ұғынуын, сапалы даярлануын қосуынан педагог іс-әрекетінің қаншалықты маңызды екенін байқадық.

Зерттеу мәселесіне байланысты жоғарыда айтылған ойларды қорыта келе, ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен білім беру бағдарламаларының мазмұнының жүзеге асырылуы (*мазмұндық шарты)*; педагогтің кәсіби бағыттылығы (бірлескен шығармашылық сипаттағы қарым-қатынас; креативті ойлай білуі, креативті баланы қолдау және түсіну қабілеті, қолайлы жағдай туғызу, баланың шығармашылық әрекетіне таңдау құқығын, еркіндігін беруі, педагогтің баланың ойын әрекетіне дұрыс жетекшілік етуі.); дұрыс жабдықталған, тиімді

құрылған заттық-дамытушы орта *(ұйымдастырушылық шарттары);* ересек жастағы балалардың креативтілік әлеуетін дамытуға бағытталған бейімделген бағдарламаны, әдістерді, креативті технологияларды қолдана білуі *(әдістемелік шарты).*

Келесі бөлімде зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік жақтарын мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы көрсетеміз.

## 2.3 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды тиімді жүзеге асыру үшін құрылымдық-мазмұндық моделін жасау қажет. Ол үшін бізге ең алдымен модельдеу ұғымының мәнін ашып, түрлеріне талдау жасап кеткеніміз дұрыс.

Модель - зерттелетін объектінің (түпнұсқаның) белгілі бір аспектілерін, байланыстарын, функцияларын жаңғыртатын және ол туралы ақпарат көзі ретінде қызмет ететін элементтер жүйесі [ 127].

И.П.Подласый «Педагогика» оқулығында ғылыми модельдің зерттеу тақырыбын дәл бейнелейтін және зерттеу объектісі туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік беретін, ойша немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылған жүйе деп суреттеген [333]

Ф. Н. Голдберг «Модель дегеніміз нақтылықтың белгілі бір фрагментін (объектіні, құбылысты, процессті, жағдайды) бейнелейтін, модельденетін объектінің маңызды қасиеттерін қамтитын және абстрактілі (ойша немесе белгілермен) немесе материалдық (заттық) түрде ұсынылуы мүмкін, түпнұсқаны бейнелеу формасы»- деп анықтама берген [334].

Модельдеу кез келген нысанды мақсатты, жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, модель зерттеліп жатқан объектінің баса назар аударып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелей алады. Заттар мен үдерістерге қосалқы белгілерден айырып, объектіні құбылыстарға, ондағы жалпы, негізгі, елеулі белгілерді табуға мүмкіндік беріледі. Сол себепті модельдеу танымның әдісі, формасы, категориясы болып есептеледі [335].

Ғылыми білімде қолданылатын модельдер екі үлкен класқа бөлінеді: материалдық және идеалды. Біріншісі – өз қызметінде табиғи заңдылықтарға бағынатын табиғи объектілер. Соңғылары сәйкес таңба түрінде бекітілген және дүниені бейнелейтін ойлау логикасының заңдылықтары бойынша қызмет ететін идеалды формациялар [334].

Жасалған тұжырымдарға сүйене отырып мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды. Модельдің мақсаттық бөлігіне тоқталсақ, зерттеу жұмысымыздың мақсаты қазіргі заман талабына сай туындап отыр. Қойылған мақсатқа сәйкес құралдар жиынтығын таңдап, мәселені шешу әдістерін, нәтижелерді көрсету формаларын анықтадық.

Модель мазмұнында ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негізіне *когнитивтік, жеке тұлғалық, жүйелілік, іс-әрекеттік, интегративтік тұғырлар* мен *ішкі мотивацияны қолдану, сенім және қолдау, ғылымилық, ізгілендіру, мәдениеттер диалогы ұстанымдары алынды.*

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің құрылымын анықтау үшін аталған мәселені зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерін талдадық.

Ф.Гальтон [336], Дж. Айзенк [184], Л.Термен [337], Стернберг [22], E.Torrance [21] креативтілікті когнитивтік тұрғыда психикалық белсенділіктің арнайы дербес формасы санайды. Мысалы, Р. Стернберг креативтіліктің құрылымын 3 арнайы зияткерлік қабілет бойынша көрсетеді:

1. Синтетикалық, мәселені жаңа қырынан көру, әдеттегі ойлау тәсілінен арылу;

2. Аналитикалық, идея әрі қарай жетілдіруге тұра ма соны бағалау;

3. Практикалық-контекстуалдық, идеяның құндылығына өзгелердің көзін жеткізу [22].

Стернберг пен Любарттың пікірінше, креативтілік идеялар тудыруға, оны дамытуға көмектесетін физикалық және әлеуметтік ынталандыруды қамтамасыз ететін интеллект, білім, когнитивтік стильдер, тұлғалық, мотивация және қоршаған орта аспектілері сияқты ресурстардың алты түрін қажет етеді. Сонымен қатар, қоршаған орта креативтілікті әлеуметтік бағалаудың көзі болып табылады. Ресурстардың үйлесімділігіне қатысты авторлар креативтілікті шығармашылықтың құрамдас бөліктерінің даму деңгейінің қарапайым нәтижесі емес деген көзқарасты ұстанады:

- жеке құрамдас бөліктердің шекті мәндері болуы мүмкін (мысалы, білім); егер құрамдас бөліктің деңгейі шамадан төмен түссе, онда шығармашылықтың болуы мүмкін емес;

- құрамдас бөліктер арасында ішінара толықтырулар болуы мүмкін: күшті құрамдас бөлік (мысалы, мотивация) басқа компоненттің әлсіздігіне теңдесе алады (мысалы, білім деңгейі);

– құрамдас бөлік әрқашан басқа бөліктердің қатысуымен әрекет етеді, бұл олардың арасындағы өзара әрекеттесуге әкелуі мүмкін. Мысалы, интеллект пен мотивацияның жоғары деңгейі олардың креативтілікке әсерін өзара күшейте алады [9, 5 б].

Дж. Гилфорд креативтіліктің құрылымына кіретін келесі зияткерлік қабілеттерді анықтады. Олардың ішінде: ойдың шапшаңдығы (көп идеяны тудыра білу); ойдың икемділігі (шешімдердің әртүрлі стратегияларын қолдану мүмкіндігі); түпнұсқалық (айқын, дәстүрлі жауаптардан аулақ болу мүмкіндігі); әуестенушілік (мәселелерге сезімталдық); өңдеу (идеяларды егжей-тегжейлі талдай білу қабілеті)

Дж. Гилфорд және оның қызметкерлері креативтілікті сипаттайтын 16 зияткерлік қабілетті анықтады. Олардың ішінде семантикалық икемділік (объектінің негізгі қасиетін анықтау және оны қолданудың жаңа әдісін ұсыну мүмкіндігі), бейнелі бейімделу икемділігі (ынталандыру формасын оның жаңа

белгілері мен пайдалану мүмкіндіктерін көре алатындай етіп өзгерту мүмкіндігі), семантикалық тосын икемділік (еркін жағдайда әртүрлі идеяларды шығару мүмкіндігі), бірегейлік (алшақ ассоциацияларды шығару мүмкіндігі, ерекше жауаптар), әуесқойлық (қоршаған әлемдегі мәселелерге сезімталдық), болжам жасай білу қабілеті, "сәйкессіздік" (реакцияның ынталандыруға логикалық тәуелді болмауы), таңғажайыптығы (ынталандыру мен реакция арасында логикалық байланыс болған кезде жауаптың шындықтан толық алшақтауы).

Дж. Гилфорд бұл қабілеттерді жалпы әлі мәселе анықталып, тұжырымдалмаған және алдын-ала белгіленген шешім болмаған кезде пайда болатын (мәселенің белгілі шешіміне бағытталған конвергентті ойлаудан айырмашылығы) дивергентті ойлау атауымен біріктірді.

Кейінірек Гилфорд креативтіліктің алты параметріне тоқтады. Олар:

- мәселені анықтау және қою мүмкіндігі;
- «ойлау шапшаңдығы» (уақыт бірлігінде пайда болатын идеялар саны);
- бірегейлігі (жалпы қабылданған көзқарастардан өзгеше идеяларды шығару мүмкіндігі, қалыптан тыс жауап беру);
- икемділік - әртүрлі идеяларды шығару қабілеті;
- бөлшектерді қосу арқылы нысанды жетілдіру қабілеті;
- мәселелерді шешу, яғни талдау және жинақтау қабілеті [ 164, 163-164 б.].

Э. Торренс Дж. Гилфордтың тізіміне тағы үш сипаттама қосады: «Адекваттілік», «Тұйықталуға қарсылық» және «Атаудың абстрактілілігі». Креативтіліктің жоғарыдағы көріністерін бағалау үшін Э.Торренс өзіндік әдістемесін жасады. Э. Торренс креативті ойлау үдерісі туралы түсінігін өзі жасаған дамыту бағдарламаларында толықтай жүзеге асырады [338].

А.И. Санникова жеке тұлғаның креативтік әлеуетінің мазмұнды көрінісі мен сапалық ерекшелігі биологиялық (бейімділік және соның негізінде дамитын қабілеттер), психикалық (танымдық, еріктік және аффективті элементтерден тұратын сана) және әлеуметтік (қоғам адамдардың іс-әрекетіне бағытталған әлеуметтік орта ретінде) факторлармен анықталады деп пайымдайды.

Ол біріншіден, адамның өзінің шығармашылық әлеуетінен, ал екінші жағынан, әлеуметтік жағдайлар және тұлғаның өзіндік белсенділігі мен әлеуетін дамытуға, іске асыруға дайындығы мен қабілеттілігінің деңгейінен байқалады. Шығармашылық іс-әрекет дамытушылық ықпалға өз әсерін тигізетін жағдайда ғана тұлғаның белсенділігі анықтаушы шарт болып табылады. Белсенділіктің болмауы шығармашылыққа деген қабілеттің сөнуіне әкеледі деп тұжырымдайды [339].

М.А. Холодная креативтілікті дивергентті ойлау түрі ретінде қарастырып, оның критерийлері ретінде зияткерлік қызметтердің төмендегі қасиеттері тобын ұсынады:

- шапшаңдық (белгілі бір уақыт аралығында пайда болған идеялар саны);
-бірегейлік (жалпылама, қалыпты жауаптардан ерекшеленетін, «сирек кездесетін» идеялар туғызу қабілеті);
- алғырлық (ерекше нәрселерге, қарама-қайшылықтарға, белгісіздік

жағдайына сезімталдық және бір идеядан екіншісіне тез, әрі икемді ауысуға дайын болуы);

- метафоралығы (фантастикалық, «мүмкін емес» контексте жұмыс істеуге дайын болуы, өз ойын білдіруге бейнелік, ассоциативтік құралдарды пайдалануға бейімділігі, сондай-ақ, қарапайым нәрседен күрделіні, керісінше, күрделіден жай нәрсені көре білуі) [164, 226 б.].

Джеймс К. Кауфман мен Рональд Бегетто креативтілікті төмендегідей төрт деңгейге бөлді (10-кесте) [340].

Кесте 10 - Джеймс К. Кауфман мен Рональд Бегеттоның төрт деңгейлі үлгісі

| Креативтіліктің деңгейлері | Көріністері | Сипаттамалары |
|---|---|---|
| mini-C | «трансформациялық оқыту», соның ішінде «тәжірибелердің, әрекеттер мен түсініктердің жеке мағыналы интерпретациялары» | Креативтілік субъект үшін маңызды. Бұл оқу, тапсырмаларды орындау кезінде жүретін тәжірибенің жаңа, тұлғалық маңызды түсіндірмесі. |
| little-C | күнделікті мәселелерді шешу және шығармашылықпен көрсету | Креативтіліктің бұл деңгейі алдыңғы кезеңде дамуға қажетті кері байланыс алынып, одан әрі нәтижесін айналасындағылар бағалай алатын табысты әрекеттер жасалғанда туындайды. |
| Pro-C | кәсіби немесе кәсіби-шығармашылық, ерекше болуы міндетті емес | Таңдалған салада кәсібилікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін креативтілік. Оны дамыту үшін ұзақ жылдар бойы күш-жігер керек. |
| Big-C | белгілі бір саладағы маңызды жаңалық, оның мәнін бағаламау мүмкін емес | Тарихта із қалдыратын креативтілік. Ол көрнекті тұлғаларға тән, бірақ алдыңғы кезеңдерден өтпей оның дамуы мүмкін емес. |

Т. А. Барышева мен Ю. А. Жигалов креативтіліктің құрылым үлгісін жүйелі (көп деңгейлі, көп өлшемді) психикалық түзілім ретінде қарастырып, оның төмендегідей 7 симптоматикалық кешеннен тұратынын айтады. Олар: тек зияткерлік әлеуетті ғана емес, сонымен қатар мотивациялық, эмоционалдық, зияткерлік, эстетикалық, экзистенциалдық, коммуникативтік, құзыреттілік. Осы симптоматикалық кешеннің әрқайсысы креативтіліктің ішкі жүйесі болып табылады және психологиялық өлшемдер қатарын қамтиды деп санайды [341].

О.П. Рыбникова «Креативтілік туралы еңбектерде ойлау жылдамдығы (еркіндігі) – өнімділікті қамтамасыз ететін идеяларды өндірудің жоғары қарқыны, икемділік – ойлау процесінде әртүрлі категорияларды қолдану, түпнұсқалық, қоршаған дүниені поливариантты қабылдау (қоршаған дүниенің тек айқын емес, салыстырмалы түрде жасырын қасиеттерін қабылдау), дивергентті ойлау туралы жиі айтылады»- дейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда осы қасиеттердің барлығы бар, бірақ

олар қалыптасу үстінде. Баланың жеткілікті әлеуметтік тәжірибесі болмаса және оның әлеуметтік саласы нашар болса, ол түпнұсқа идеяларды шығара алмайды» деп жазады [50].

*Жоғарыдағы ғалым-зерттеушілердің креативтілік, креативтік әлеуеттің өлшемдері, деңгейлері, сипаттамалары, сапалық ерекшеліктері жөніндегі пікірлеріне сүйене отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін төмендегідей әлеует түрлері құрайтынын көрсетеміз* (11- сурет ).




Сурет 11 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін құрайтын әлеует түрлері

*Тұлғалық әлеует* баланың ойлауын, эмоциясын, мінез-құлқын, басқа адамдармен қарым-қатынасын басқара білу арқылы өмірлік мақсаттар қоюға және оған жетуге мүмкіндік беретін әлеует.

Т.А. Смирнова балалардың тұлғалық әлеуетінің құрылымын 5 құрамдас бөлікке жіктейді.

- адамның бойында бар, әрі сыртқы орта туралы білімнен тұратын ақпараттың көлемі, сапасымен анықталатын зияткерлік әлеуеті;
- баланың басқа адамдармен қарым-қатынаста, өзара түсіністікте табысты болуын, коммуникативті сапалар, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру қабілетін қамтамасыз ететін қасиеттер, іскерліктер мен дағдылар жүйесі құрайтын коммуникативті әлеует;
- жасап шығаратын және өнімді іс-әрекетке, шығармашылыққа деген іскерлік, дағды және қабілеттермен анықталатын шығармашылық әлеует;
- эмоциялар, сезімдер, эмоционалдық күйлер, эмоционалдық және ерікті қасиеттер жүйесі кіретін эмоционалды-еріктік әлеует;
- жеке тұлғаның мақсаттары, құндылықтары мен құндылық бағдарлары, әлеуметтік-психологиялық қатынасы жүйесін қамтитын мотивациялық-құндылық әлеуеті [342].

Адамның алдына мақсат қоюы және оған жетудің жолдарын табуы оның ерік-жігеріне байланысты болады. Баланың ерік-жігері шыңдалса, ол өмірдегі

өз орнын анықтай алады, өмір сүруі жеңілдейді және мақсаттарына жетуге қажет жоспарлар құра алады.

Баланың физикалық жағынан жетілуі жалпы әлеуетінің өте маңызды бөлігі. Қозғалыс белсенділігі баланың зиятын дамытудың негізі болып табылады. Қозғалыс жаттығуларының когнитивтік дамуды ынталандыратыны ғылыми түрде дәлелденген. Атап айтқанда, Австралияның ірі ғылыми орталығы болып табылатын Гриффит университетінде жүргізілген зерттеулерде ерте жастан жүзуді үйренген балалар басқаларға қарағанда кең ауқымды дағдыларды ерте игерген. Олар физикалық дамуы ғана емес, қағаз кесу, бояу, сызықтар мен геометриялық пішіндерді салу сияқты көрнекі-моторикалық және математикалық қабілетке қатысты сынақтарды орындауда жоғары нәтижелер көрсеткен. Сонымен қатар, олардың сөйлеуі де әлдеқайда жақсы дамыған [343].

Яғни, тұлғалық әлеует бастама көтеру, мақсат қою, оған табандылықпен жету, мақсатқа жету жолында өзін сенімді, дербес, еркін сезінуге, жылдам өзгеретін жағдайларға жеңіл бейімделуге көмектеседі. және тұлғалық сапаларына (дербестігі, бастамашылдығы, еркіндігі, белсенділігі және т.б.)

*Зияткерлік әлеует.* Американдық психолог Говард Гарднердің көп интеллект теориясы бойынша зиятты лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, тұлғалық және дене-кинестетикалық түрлеріне жіктейді [344].

Психологиялық зерттеулерде зият пен креативтіліктің байланысы үш түрлі тұрғыдан қарастырылғанын байқадық.

1. Креативтілік зиятқа тәуелді емес дербес фактор (Дж. Гилфорд [164], Х. Грубер [345], Я.А. Пономарев [25]). Бұл теория бойынша зият пен креативтілік деңгейі арасында әлсіз корреляция бар екенін айтады. Э.П. Торренстің [346] «зияткерліктің шектік теориясы» бойынша егер IQ 120-дан жоғары болса, шығармашылық дербес құндылыққа айналады, яғни, зияты төмен креативтілер болмайды, бірақ креативтілігі төмен зиялылар бар.

2. Зияттың жоғары деңгейде дамуы креативтіліктің жоғары деңгейін, зияттың төмен деңгейі креативтіліктің төмендігін білдіреді [347].

3. Аталғандай шығармашылық қабілеттер (креативтілік) деген жоқ. Зият саласының көптеген сарапшылары (Д. Векслер, Р. Вайсберг, Л. Теремин, С. Герберт [158] және т.б.) осындай көзқараста болды. Негізгі ғылыми заңдылықтарды ашу үшін белгілі бір жолмен түрленетін кәдімгі танымдық процестер жеткілікті екені дәлелденді. Шығармашылық мәселелерді шешу үдерісі басқа танымдық процестердің (ойлау, есте сақтау және т.б.) өзара әрекеті ретінде сипатталады.

Көптеген авторлардың пікірінше, креативті адамдарды зиялы адамдардан ерекшелендіретін бірінші белгісі олардың "тәжірибеге ашықтығы", жаңа мәселелерге сезімталдығы. Креативті адамдардың ең күрделі, бірақ дайын мәселелерді сәтті шеше алатын зиялылардан айырмашылығы олар өздері мәселелерді көріп, көтере алады. Осылайша, креативтілік, ең алдымен, тікелей шындықтың міндеттері мен талаптары шеңберінен шығуымен, зияткерлік, шығармашыл бастамалардың болуымен сипатталады [348].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін

дамытуда олардың түрлі бағыттарда ойлана білуге, мәселен, оқиғалардың өрбуінің әртүрлі нұсқаларын және оны шешудің бірнеше жолдарын көре білуге үйрету үшін зияткерлік әлеуеттің рөлі өте зор.

*Қоғамдық әлеует.* Адамның айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болуы, коммуникативті мәдениетті игеруі, әлеуметтік жағдайларға бейімделуі оның қауымдастық әлеуетінің даму деңгейіне байланысты болады.

Әлеуетті түрлі авторлар «кез келген саладағы қолда бар қаражаттардың, резервтердің, күштердің жиынтығы» деп түсінеді. «Қоғамдық» атрибуты осы әлеуетті жинақтаудағы қоғамның жетекші рөлін немесе индивидтердің (топтардың, қауымдастықтар, қозғалыстардың және т.б.) әлеуметтік өзара әрекеттесуінің өзге де формаларын көрсетеді [349].

Қоғамдық әлеует – адамның өзінің ішкі жеке күштерінің байлығын жүзеге асыру, оның қабілеттерін, қоғамның қабілеттері мен дарындарын пайдалану мүмкіндіктерін ашу қабілетінің сипаттамасы. Осы тұрғыдан алғанда, қолда бар әлеуметтік әлеует әрекетте әлі өз көрінісін таппаған қабілеттердің сипаттамасы болып табылады, бірақ оған принципті түрде тартылуы мүмкін, өйткені қоғам бұған дейін жағдай жасап қойған. Келешегі бар әлеуметтік әлеует – бұл қоғамда тиісті жағдай жасалмаса, қызметте ешқашан өз көрінісін таба алмайтын қабілеттер.

«Қоғамдық әлеует» ресурстардың жиынтығы ретінде «әлеуметтік капиталдың» белгілерін де иеленген, бірақ сонымен қатар жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескереді, адамды «креатор» ретінде түсіндіреді [350].

Қоғамдық әлеуетті дамытпай жеке тұлғаның әлеуметтенуі мүмкін емес – бұл бүкіл оқу-тәрбие процесі іс жүзінде бағытталған ең маңызды үдеріс. Адам қоғам мүшесі болып тумайды, тек әлеуметтілікке бейімділікпен туады.

Адамның айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болуы, коммуникативті мәдениетті игеруі, әлеуметтік жағдайларға бейімделуі оның қауымдастық әлеуетінің даму деңгейіне байланысты болады.

*Эмоционалдық әлеует.* Адамның эмоционалдық аймағының кеңдігін, яғни, өз сезімдерін дұрыс білдіре алуын, басқа адамдардың эмоцияларын түсіне алуын сипаттайды. Адамның өзіне көңілінің толуы, жайлы сезінуі осы әлеуетті жүзеге асыруына байланысты болады.

Л.С. Выготскийдің пікірінше эмоцияның маңызы ойлаудан кем емес. Эмоционалдық реакциялар білім берудің үдерісінің негізін құрауы керек. Балаға жаңа білімді жеткізбес бұрын баланың эмоциясын оятып, оны жаңа біліммен байланыстыруды қамтамасыз еткен жөн. Сезіммен қабылдаған білімді ғана бойға сіңіруге болады. Кез келген тәрбие жұмысы толқу, немқұрайлы қарамау сәтінен басталуы керек. Сонымен қатар, бала кездегі эмоционалдық тәжірибе мен зияткерлік белсенділіктің бірлігінің маңызын атап көрсеткен. Балаларға эмоциялар туралы түсінік беру, айналасындағы адамдардың эмоционалдық белгілерін түсіну олардың әлеуметтік және жеке бейімделуіне, оқу әрекетіне әсер ететін маңызды дағдылар екенін айтады [351].

*Танымдық әлеует.* Психологияда танымдық (гносеологиялық) әлеует тұлға ие (табиғи және әлеуметтік сыртқы әлем, өзі туралы) ақпараттың көлемі мен сапасымен анықталады. Сонымен қатар, танымдық әлеует танымдық

қабілетпен Б.А. Аветисян [352], танымдық мүмкіндіктермен И.Г. Лапатникова, Т.Б. Ванеева [353], «жақын арадағы даму аймағымен» Л.В. Савельева [354] де сипатталады. Зерттеушілер танымдық әлеуеттің құрылымдық элементтері ретінде айқын және жасырын әлеует түрлерін, әр элементтің бірнеше құрауыштардан тұратынын көрсетеді. Айқын әлеует оқу әрекетінің тәсілдері, танымдық білік және тұлғалық сапалар туралы білімнен құралса, жасырын әлеует ойлаудан, танымдық қабілеттерден және танымдық түрткілерден тұратындығын айтады [355].

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың айқын танымдық әлеуетін баланың ойын әрекетіне, біліміне, тәжірибесіне, танымдық білік, дағдыларына қарай айқындаймыз. Ал, жасырын танымдық әлеуетін ойлау ерекшелігіне, қабылдау, қиялдау, сөйлеу, есте сақтау, зейін үдерістері мен танымдық түрткілерінің сипатына қарай анықтаймыз. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы дамытылатын креативтік әлеует түрлерінің сипаттамасы көрсетілген (11-кесте).

Кесте 11 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы дамытылатын креативтік әлеует түрлерінің сипаттамасы

| № | Әлеует түрлері | Сипаттамасы | Ойын түрлері |
|---|---|---|---|
| 1 | Тұлғалық әлеует | қозғалыс белсенділігі, дұрыс дене дамуы, рухани дамуы, өзіндік мінез-құлық ерекшеліктері: дербестік, бастамашылдық, батылдық, сенімділік, табандылық. | Ережелі ойындар<br>Ұлттық ойындар<br>Қимылдық ойындар |
| 2 | Зияткерлік әлеует | ақыл-ойы, білім деңгейі, жаңашылдыққа ұмтылуы, жауапкершілігі, өз бетінше әрекет етуге үйренуі, оқуға ниеті, алынған ақпаратты талдау арқылы жүйелеу, байланыстарын, заңдылықтарын, ерекшеліктерін табуға ұмтылуы. | Шығармашылық ойындар<br>Дамытушы ойындар<br>Ережелі ойындар<br>Компьютерлік ойындар |
| 3 | Қоғамдық әлеует | әлеуметтік дамуы, ішкі мәдениеті, адамдармен қарым-қатынас жасай білуі, олардың мінез-құлқын дұрыс түсінуі, қоршаған ортаның әсерін және ересектердің көмегін қабылдай білуі. | Шығармашылық ойындар<br>Ережелі ойындар<br>Ұлттық ойындар<br>Компьютерлік ойындар |
| 4 | Эмоционалдық әлеует | шығармашылыққа (мотивация) қызығушылықтарының оянуы, ізденіс белсенділігінің артуы, дербестікке, өзін-өзі дамытуға үйренуі, эмоциясын басқара білуі, өзін еркін ұстауы, өзіне сенімділігі, мақсатқа жетуге ынталануы, қателіктерден сабақ алуға үйренуі | Дамытушы ойындар<br>Компьютерлік ойындар<br>Шығармашылық ойындар |
| 5 | Танымдық әлеует | ойлау, қабылдау, түйсік, қиял, зейін, есте сақтау, сөйлеу танымдық үдерістерінің дамуы, пайымдау, өз бетінше қорытынды жасау, идеяларды ой елегінен өткізуге дайындығы, әлемді және өзін-өзі тануы. | Дамытушы ойындар<br>Ережелі ойындар<br>Ұлттық ойындар |

Креативтік әлеуеті дамыған мектепке дейінгі ересек жастағы бала

жоғарыдағы әлеует түрлеріне байланысты сипаттарға ие болуымен, яғни, дене тұлғасы мен ақыл-ойы, танымдық үдерістері, рухани қасиеттері дамыған, белгілі бір мәселелерге байланысты көзқарастары қалыптасқан, ересектермен немесе өзінің қатарластарымен еркін қарым-қатынасқа түсе алатын, ізденіске, түрлендірулерге, жаңалықтарға ұмтылғыш, эмоциясын басқара білетін және т.б. тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленеді деп ойлаймыз.




Сурет 12 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеует ойын арқылы дамыту моделі

Зерттеу тұжырымдарына сәйкес мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің өлшемдерін, көрсеткіштерін анықтап алдық. Жұмысымыздағы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігі мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалау компоненттерінен тұрады (12-кесте).

Кесте 12 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілік әлеуетін дамытудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

| Компоненттер | Өлшемдер | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| Мотивациялық | қызығушылық<br>ұмтылыс<br>ізденімпаздық | Іс-әрекеттерге *қызығушылығы,* ойнауға *құмарлығы,* орындауға *талпынысы,* жаңалыққа *ұмтылысы* |
| Танымдық | ойлау<br>қиялдау<br>сөйлеу | ойын мазмұнын *түсінуі,* ойын кейіпкерлерін *елестету,* ойын барысында *образға енуі, өз ойын жеткізе білуі* |
| Іс-әрекеттік | белсенділік<br>дербестік<br>батылдық | шешім қабылдаудағы *дербестігі,* қарым-қатынас *белсенділігі,* орындау *шапшаңдығы,* жауап берудегі *тапқырлығы* |
| Рефлексиялық – бағалаушылық | өзін – өзі бағалауы<br>еркіндік<br>сенімділік | Өзіне, өзгелерге *талапшылдығы,* нәтижені *бағалаушылығы,* ойын айтудағы *еркіндігі,* өзіне *сенімділігі* |

*Мотивациялық компонент* – бұл қызығушылықтардың ауқымын, өзін-өзі дамыту мотивациясын, шығармашылық көзқарасты қамтитын тәрбиелеу, оқыту, дамыту үдерістерінің белсенді бөлімі болып табылады.

Психологияда мотивация адамның психикалық өмірінің қозғаушы негізі, адамның мінез-құлқының белсенділігін анықтайтын психологиялық себептердің жиынтығы.

Ішкі мотивация бұрыннан бар объектіден, орындалатын әрекеттен қанағат алумен байланысты болады. Ол қызығушылық түрінде көрінеді. Бір нәрсеге қызығушылық танытса, адам оңай ынталанады, қызықтыратын объектімен жұмыс істеу қиын болмайды және сыйақы талап етпейді.

Сыртқы мотивация түрлі сыртқы жағдайларға байланысты болады. Сыртқы мотивация оң (табысқа ұмтылу) немесе теріс (сәтсіздіктен қашу) болуы мүмкін [356].

М.В. Куприна мотивацияны тұлғаның креативтік құрылымындағы негізгі құрамдас бөлік деп санайды. Ол өзінің ішкі ерекшеліктерінің қуатына

байланысты қоршаған ортаны өздері өзгертуге қабілетті және дайын адамдарға ішкі мотивация тән екенін анықтады [357].

«...ішкі мотивация, креативтіліктің қозғаушы күші – қуаныш, үдеріс барысында, тұлғалық ерекшеліктерді өзектендірудегі қанағаттану, сыртқы мотивация мадақтау арқылы белгілі табыстарға әкеледі, бірақ ішкі мотивациясыз тез сарқылады» [358].

Креативтілік қызығушылық пен ізденімпаздық мінез-құлықпен де, жаңа нәрсе жасауға және өз қызметін түрлендіруге ұмтылуда жаңа түйсінулерді іздеумен де тығыз байланысты [359].

Бұл компонент мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық қызығушылығын, жаңалыққа құштарлығы мен ұмтылысын, жаңа нәрсені іздеудегі табандылығын, шығармашылық жағдайдан алшақтамауын білдіре отырып, балалардың креативті тапсырмаларды орындауға белсенді түрде қызығушылықпен қатысуын қамтиды.

Л.Н. Дроздикова мотивациялық компонентке шығармашылық жағынан өзін-өзі жүзеге асыруды (өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылықтағы табыс пен көшбасшылыққа ұмтылу және т.б.) қосады, сонымен қатар креативті әлеуетті жүзеге асыру үшін мақсаттар мен басымдықтарды анықтау қабілеті, жоспарлау, өзін-өзі бақылау, бағалау, талдау, рефлексия және түзету, қиындықтарды жеңе білу сынды өзін-өзі ұйымдастыру қызметінің маңыздылығын атап көрсетеді [360].

*Танымдық компонент* баланың білім игеру және өзін-өзі тануға ұмтылу, ойлау, қиял, есте сақтау, сөйлеу, зейін сияқты психикалық процестерді дамытуымен тығыз байланысты.

В.Т. Кудрявцев, В.Б. Синельников «балалардың креативтілігін қалыптастыру баланың қиялы мен ойлауының әмбебап, жиынтық «күшін» баланың сындарлы түрде игеруіне негізделген. Демек, мектеп жасына дейінгі баланың креативтік әлеуеті қалыптасатын осы процестің ерекшеліктері мен деңгейлерін анықтау арқылы балалар шығармашылығының сапалық жағын бағалауға болады» - дейді [361].

*Іс-әрекеттік компонент* іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін меңгеру нәтижесінде тұлғаның білім мен дағды негізінде өзгермелі жағдайларда қандай да бір қимылы немесе әрекетті орындау қабілеті ретінде қалыптасқан білім мен дағдының мәнін анықтайды [362].

Іс-әрекеттік компонент мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту өте күрделі үдеріс болғандықтан, оны іске асыру барысы әдістемемен тікелей байланысты болады.

*Рефлексиялық-бағалаушылық компонент* ересек жастағы балалардың өз әрекеттерін өзгелердікімен салыстыруы, өз іс-әрекетін, жетістіктерін өз бетінше бағалауға тырысуында өте маңызды. Балалар ойын барысында қателіктерін, шамасы келмейтін нәрселерді түсіну арқылы өздерін жетілдіруге ұмтылады. Ойындағы табысы баланы жоғары нәтижелерге жетелейді.

Нақтыланған өлшемдер мен көрсеткіштерінің мазмұны арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің даму деңгейлерін анықтадық.

*Төмен деңгей* мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың түрлі іс-әрекеттерге қызығушылығының, ынтасының болмауымен сипатталады.

*Орта деңгейдегі* балалар іс-әрекеттерді тәрбиешілерінің немесе басқа ересектердің айтуымен, көрсетуімен, қайталау арқылы ғана орындайды.

Креативтік әлеуеті *жоғары деңгейде* дамыған балалар бастамашылдығымен, белсенділігімен, түрлі іс-әрекеттерді шығармашылықпен түрлендіре, өз ойларын қоса, дербес орындауымен ерекшеленеді.

Модель нәтижесі - психикалық танымы қиял, ойлау, есте сақтауы, сөйлеуі дамыған, қимыл-қозғалыс дағдылары қалыптасқан, өзінің және құрдастарының жасаған жұмысына эмоциялық баға бере алатын, креативті болудың мәнін, қажеттілігін түсінетін, шығармашыл болашақ азамат.

Қорыта келе, креативтік әлеуеті дамыған мектепке дейінгі ересек жастағы баланың үлгісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегінің яғни, «физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; командада жұмыс істей біледі; эмоционалды жауапты; өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие» [3] деп көрсетілген барлық сипаттарына сай қалыптасады деген ойдамыз.

# 3 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

## 3.1 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың диагностикасы

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысының мақсаты - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі негізінде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мазмұны барынша толық, ұйымдастырылуы тиімді болуы мақсатын көздей отырып, ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуға креативті ойын технологиясының әсерін зерттеу болып табылады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысына төмендегідей міндеттер алынды:

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің деңгейлерін анықтау;

- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту әдістемесін іс-жүзінде қолдану;

- тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеп, кесте, диаграммалар түрінде рәсімдеу.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттi үш кезеңнен тұрады: анықтау, қалыптастыру, бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті ( 13-сурет).




Сурет 13 - Зерттеудің тәжірибелік-эксперимент кезеңдері

*Анықтау экспериментінің мақсаты* – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, ойын технологиялары креативтік әлеуетін дамытудың жолдарын анықтау, сонымен бірге мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделінің компоненттері *(мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық)* бойынша ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) айқындау болып табылады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың компоненттеріне сәйкес зерттеу әдістемелері таңдалып алынды.

*Мотивациялық компонентке* ұйым педагогтерінен авторлық сауалнама, О.М. Дьяченконың «Фигураларды аяқтау» [173], Э.П. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін» диагностикалау [338], *танымдық компонентке* «Ойлау

үрдістерін диагностикалау», «Қиял үрдістерін диагностикалау», «Сөйлеу үрдістерін диагностикалау», *іс-әрекеттік компонентке* «Мүсін», «Топтарға бөл», ойын технологияларына контент-талдау [363], *рефлексиялық-бағалаушылық компонентке* В.Г. Щурдың «Баспалдақ» [364], Де Грееференің «Де Грееф сынақтары» баланың өзін-өзі бағалау сипаттамасын зерттеу [365] әдістемелері алынды (13-кесте).

Кесте 13 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен зерттеу әдістемелері

| Компоненттер | Өлшемдер | Көрсеткіштер | Зерттеу әдістемелер |
|---|---|---|---|
| Мотивациялық | қызығушылық<br>ұмтылыс<br>ізденімпаздық | Іс-әрекеттерге *қызығушылығы,* ойнауға *құмарлығы,* орындауға *талпынысы,* жаңалыққа *ұмтылысы* | О.М. Дьяченко "Фигураларды аяқтау" әдістемесі;<br>Э.П. Торренс «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» әдістемесі. |
| Танымдық | ойлау<br>қиялдау<br>сөйлеу | ойын мазмұнын *түсінуі,* ойын кейіпкерлерін *елестету,* ойын барысында *образға енуі, өз ойын жеткізе білуі* | С.М. Жақыпов, Ф. Бизакова «Ойлау үрдістерін диагностикалау» *«Артық зат»* әдістемесі,<br>«Қиял үрдістерін диагностикалау» *«Ойын ойлап тап»* әдістемесі,<br>«Сөйлеу үрдістерін диагностикалау» «*Енжар сөздік қорын анықтау»* әдістемесі |
| Іс-әрекеттік | белсенділік<br>дербестік<br>батылдық | шешім қабылдаудағы *дербестігі,* қарым-қатынас *белсенділігі,* орындау *шапшаңдығы,* жауап берудегі *тапқырлығы* | 1. «Мүсін» әдістемесі<br>2. «Топтарға бөл» әдістемесі<br>3.Ойын технологияларына контент-талдау әдісі |
| Рефлексиялық – бағалаушылық | өзін – өзі бағалауы<br>еркіндік<br>сенімділік | Өзіне, өзгелерге *талапшылдығы,* нәтижені *бағалаушылығы,* ойын айтудағы *еркіндігі,* өзіне *сенімділігі* | 1.В.Г. Щур «Баспалдақ» әдістемесі<br>2. Де Греефе «Де Грееф сынақтары» баланың өзін-өзі бағалау сипаттамасын зерттеу әдістемесі |

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың бастапқы деңгейін анықтау Алматы қаласындағы мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорындар №166 және №108 бөбекжай-

балабақшаларының тәрбиелеу-білім беру үдерісінде іске асырылды.

Эксперимент жұмысына 102 бала қатысты. Эксперименттік және бақылау тобына аталған балабақшалардан 4 топтың балалары алынды. Оның ішінде эксперименттік топ ретінде №166 бөбекжай-балабақшасынан 2 топтан 52 бала және бақылау тобына №108 бөбекжай-балабақшасынан 2 топтан 50 бала алынды. Тәжірибе жұмысына қатысатын топ балаларымен, жұмыс істейтін педагогтермен таныстық, олардың жас, мінез-құлық ерекшеліктерін бақыладық, ата-аналары, топ тәрбиешілері, балабақшалардағы заттық-дамытушы ортаның жағдайы жайлы мәліметтер алдық.

Зерттеудің бірінші кезеңінде анықтау эксперименті барысында 2020-2021 мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың жолдары, технологиялары, «креативтілік» ұғымы туралы ойларын білу мақсатында гугл формалары арқылы авторлық сауалнама алынды. Сауалнамаға ЭТ №166 бөбекжай-балабақшасынан 20, БТ №108 бөбекжай-балабақшасынан 17 педагог қатысты. Сауалнама нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (14-16-кесте, 14-сурет).

Кесте 14 - Анықтау эксперименті кезіндегі мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен алынған сауалнама нәтижелерінің кездесу жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері

| Сұрақтар | ЭТ (№166 бөбекжай тәрбиешілері 20) | | | БТ (№108 бөбекжай тәрбиешілері 17) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | A | B | C | A | B | C |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1.«Креативтілік» термині сізге таныс па?<br>А. Иә<br>В. Жоқ<br>С. Толық таныс емеспін | /////<br>(25%) | /////<br>(25%) | //////////<br>(50 %) | ////<br>(23,5 %) | //////<br>(35,3%) | ///////<br>(41,2%) |
| 2.Креативтілік дегеніміз<br>А. ...бұл туа біткен қасиет емес, адам бойында дамытуға болатын дағды<br>В. ...бұл барлық адамның бойында болмайтын тума таланттылық<br>С.Жауап беруге қиналамын | ////<br>(20%) | //////<br>(30%) | //////////<br>(50 %) | ///<br>(17,6%) | /////<br>(29,4 %) | ////////<br>(53%) |
| 3. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытуға арналған қандай да бір бағдарлама, оқыту құралдарымен таныссыз ба? | /////<br>(25%) | /////<br>(25%) | //////////<br>(50 %) | /////<br>(29,4%) | /////<br>(29,4 %) | ///////<br>(41,2%) |

14-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| А. Иә<br>В. Жоқ<br>С. Хабарым жоқ. | | | | | | |
| 4. Өзіңіздің кәсіби қызметіңізде балалардың креативтік әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырасыз ба? Ұйымдастырсаңыз қандай құралдар арқылы (жауабын бос орынға жазыңыз)<br>А. Иә<br>В. Жоқ<br>С. Жауап беруге қиналамын | 4<br>(20%) | 4<br>(20%) | 12<br>(60 %) | 4<br>(24%) | 5<br>(29%) | 8<br>(47%) |
| 5. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың технологияларын үйренгіңіз келе ме?<br>А. Иә<br>В. Жоқ<br>С. Жауап беруге қиналамын | ////////////<br>///////<br>(100%) | - | - | ////////////<br>////<br>(100%) | - | - |
| 6. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың жолдарын, технологияларын үйретуге байланысты курстарға қатысуға қалай қарайсыз?<br>А. Курсқа қатысқым келеді<br>В. Қажеті жоқ деп ойлаймын<br>С. Жауап беруге қиналамын | ////////////<br>///////<br>(100%) | - | - | ////////////<br>////<br>(100%) | - | - |
| 7. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін көтеруге қандай іс-әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады деп | /////////<br>(50%) | /////<br>(25%) | /////<br>(25 %) | ////<br>(24%) | //////<br>(35%) | ///////<br>(41%) |

14-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ойлайсыз?<br>А. Ойын арқылы<br>В.Ұйымдастырылған оқу әрекеті арқылы<br>С. Сурет салу арқылы | | | | | | |
| 8. Мектепке жасына дейінгі балалардың бойынан креативтілік белгілерін неден байқауға болады?<br>А. қиялының әуесқойлығынан<br>В. асықпай ойланып беретін ақылды жауаптарынан<br>С. сурет салуға, қызықты ойынға құштарлығынан | /////<br>(25%) | /////<br>(25%) | //////////<br>(50 %) | ////<br>(23,5%) | ////<br>(35,3%) | ////////<br>(41,2%) |
| 9. Мектепке жасына дейінгі балалардың жалпы дамуы үшін маңызды рөл атқаратын нәрсе не деп ойлайсыз?<br>А. жағымды орта ұйымдастыру<br>В. түрлі ойыншықтармен қамтамасыз ету<br>С. ұйымдастырылған оқу әрекетін дұрыс жоспарлау | //////<br>(30%) | ////<br>(20%) | //////////<br>(50 %) | /////<br>(29,4%) | //////<br>(35%) | //////<br>(35%) |
| 10. Баланың креативті ойлауын дамытуда қай білім беру саласының мүмкіндігі мол?<br>А. «Коммуникация» білім беру саласы<br>В. Шығармашылық» білім беру саласы<br>С. «Таным» білім беру саласы | ////<br>(20%) | //////<br>(30%) | //////////<br>(50 %) | /////<br>(29,4%) | //////<br>(35,3%) | //////<br>(35,3%) |
| 11. Өз тәжірибеңізде ойдан ертегі құрастыру, әңгімені аяқтау, жағдаяттың шешімін табу немесе дәстүрлі емес технологияларды қолдана отырып сурет салу сияқты тапсырмаларды балаларға қаншалықты жиі орындатасыз?<br>А. Күнделікті қолданамын<br>В. Аптасына 1 рет<br>С. Сирек қолданамын | /////<br>(25%) | ///////<br>(35%) | ////////<br>(40 %) | ////<br>(23,5%) | ////<br>(23,5%) | /////////<br>(53%) |

Кесте 15 - Анықтау эксперименті кезіндегі БТ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен алынған сауалнама нәтижелерін контент-талдау әдісі арқылы кездесу жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері

| | Кездесу жиілігі БТ (n=17) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | $A_1$-сұрақ | $A_2$-сұрақ | $A_3$-сұрақ | $A_4$-сұрақ | $A_5$-сұрақ | $A_6$-сұрақ | $A_7$-сұрақ | $A_8$-сұрақ | $A_9$-сұрақ | $A_{10}$-сұрақ | $A_{11}$-сұрақ | орта мәні | ώ% |
| креативтік әлеует ұғымын түсінудің жеткілікті деңгейі | 4 | 3 | 5 | 4 | 17 | 17 | 3 | 4 | 5 | 5 | 4 | 71 | 4,17 |
| креативтік әлеует ұғымын түсінудің орташа деңгейі | 6 | 5 | 5 | 5 | - | - | 4 | 6 | 6 | 6 | 4 | 47 | 2,76 |
| креативтік әлеует ұғымын түсінудің жеткіліксіздігі | 7 | 9 | 7 | 8 | - | - | 10 | 7 | 6 | 6 | 9 | 69 | 4,05 |

Кесте 16 - Анықтау эксперименті кезіндегі ЭТ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен алынған сауалнама нәтижелерін контент-талдау әдісі арқылы кездесу жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері

| | Кездесу жиілігі ЭТ (n=20) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | $A_1$-сұрақ | $A_2$-сұрақ | $A_3$-сұрақ | $A_4$-сұрақ | $A_5$-сұрақ | $A_6$-сұрақ | $A_7$-сұрақ | $A_8$-сұрақ | $A_9$-сұрақ | $A_{10}$-сұрақ | $A_{11}$-сұрақ | орта мәні | ώ% |
| Креативтік әлеует ұғымын түсінудің жеткілікті деңгейі | 5 | 4 | 5 | 12 | 20 | 20 | 10 | 10 | 6 | 4 | 4 | 101 | 5,05 |
| Креативтік әлеует ұғымын түсінудің орташа деңгейі | 5 | 6 | 5 | 4 | - | - | 5 | 5 | 6 | 6 | 4 | 49 | 2,45 |
| Креативтік әлеует ұғымын түсінудің жеткіліксіздігі | 10 | 10 | 10 | 4 | - | - | 5 | 5 | 8 | 10 | 9 | 70 | 3,5 |




Сурет 14 - Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен креативтік әлеует ұғымын анықтауға бағытталған авторлық сауалнаманың диаграммасы

Анықтау экспериментіндегі 37 респонденттердің сауалнамаға қатысуы келесідей нәтиже берді. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің креативті әлеуетілік ұғымын анықтауға бағытталған сауалнаманың сандық және сапалық көрсеткіштерінің кездесу жиілігін контент-талдау әдісімен талдап жасалған интерпретациясын ұсынып отырмыз. БТ бойынша - 17, ЭТ-да 20 респонденттердің пайыздық көрсеткіштерінің кездесу жиіліктері сарапталды. БТ бойынша респонденттерден 1. «Креативтілік» термині сізге таныс па?» деп аталатын сауалнамада 4 зерттелуші «иә» деген жауабымен 23,5% - ды құраса, «жоқ» жауабына 6 зерттелушінің 35,3 % құрады, ал «толық таныс емеспін» жауабына 7 адамның 41,2% көрсетеді. Келесі ЭТ-дағы 20 респондеттердің «Иә»-25%; «Жоқ»-25%; «Толық таныс емеспін» жауабы бойынша 10 зерттелушінің 50% құрады.

2.«Креативтілік дегеніміз» «...бұл туа біткен қасиет емес, адам бойында дамытуға болатын дағды» жауабын таңдағандар БТ-да 3 зерттелуші, яғни 17,6% құраса, ЭТ 20% құрады, жауаптың «В варианты бойынша...бұл барлық адамның бойында болмайтын тума таланттылық» жауабын таңдағандар БТ зерттелушіден 5 адам 29,4% құраса, ЭТ –да 30%, С вариантын таңдағандар «жауап беруге қиналамын» жауабын БТ-да 9 зерттелушіден 53% қамтыса, ЭТ-да 10 зерттелушінің 50% жауап берді.

3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытуға арналған қандай да бір бағдарлама, оқыту құралдарымен таныссыз ба?» сауалнамасына БТ –да «иә» 5 зерттелушінің 29,4%, ЭТ-да 25%, БТ-да «жоқ» 29,4% құраса, ал ЭТ – да 25%, «Хабарым жоқ» жауабына БТ-нан 41,2% қамтыса, ал ЭТ-да 50% құрады.

4. «Өзіңіздің кәсіби қызметіңізде балалардың креативтік әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырасыз ба? Ұйымдастырсаңыз қандай құралдар арқылы (жауабын бос орынға жазыңыз)» сауалнама сұрағы бойынша БТ-нан «Иә» 24%, ал ЭТ-нан 20%, БТ «В. Жоқ» 29% құраса, ЭТ-нан 20% құрады, «С. Жауап беруге қиналамын» вариантына БТ-нан 47% құраса, ал ЭТ – нан 60% қамтыды.

5. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын

арқылы дамытудың технологияларын үйренгіңіз келе ме? сауалнама сұрағы бойынша БТ-нан 100%, ЭТ-нан 100% құрады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың технологияларын үйренуге қызығушылықтарын танытты.

6. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың жолдарын, технологияларын үйретуге байланысты курстарға қатысуға қалай қарайсыз? сауалнама сұрағы бойынша «Курсқа қатысқым келеді» вариантын таңдағандар БТ-нан «Иә» 100%, ЭТ-нан 100% нәтижемен ерекшеленді.

7. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін көтеруге қандай іс-әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады деп ойлайсыз? сауалнама сұрағы бойынша БТ-нан «Ойын арқылы» 4 зерттелушінің 24%, ал ЭТ-нан 50%, БТ «В.Ұйымдастырылған оқу әрекеті арқылы» 6 субъектінің 35% құраса, ЭТ-нан 25% құрады, «С. Сурет салу арқылы» вариантына БТ-нан 7 субъектінің 41% құрады, ал ЭТ –нан 25 % қамтыды.

8. Мектепке жасына дейінгі балалардың бойынан креативтілік белгілерін неден байқауға болады? А. қиялының ұшқырлығынан, әуесқойлығынан БТ-нан 4 зерттелушінің 23,5% құрады, ЭТ 25% құрады, В. асықпай ойланып беретін ақылды жауаптарынан БТ-нан 7 зерттелушіден 35,3% құрады, ЭТ 25% құрады, С. сурет салуға, қызықты ойынға құштарлығынан БТ-нан 7 зерттелушінің 41,2 % құрады, ЭТ 50% құрады.

9. Мектепке жасына дейінгі балалардың жалпы дамуы үшін маңызды рөл атқаратын нәрсе не деп ойлайсыз? А. жағымды орта ұйымдастыру БТ-нан 29,4% құрады, ЭТ 30% құрады, В. түрлі ойыншықтармен қамтамасыз ету БТ-нан 35,3% құрады, ЭТ 20% құрады, С. ұйымдастырылған оқу әрекетін дұрыс жоспарлау БТ-нан 35,3% құрады, ЭТ 44% құрады.

10. Баланың креативті ойлауын дамытуда қай білім беру саласының мүмкіндігі мол? А. «Коммуникация» білім беру саласы БТ-нан 5 зерттелушінің 29,4% құрады, ЭТ 20% құрады, В. Шығармашылық» білім беру саласы БТ-нан 6 зерттелушінің 35,3% құрады, ЭТ 30% құрады, С. «Таным» білім беру саласы БТ-нан 6 зерттелушінің 35,3% құрады, ЭТ 50% құрады.

11. Өз тәжірибеңізде ойдан ертегі құрастыру, әңгімені аяқтау, жағдаяттың шешімін табу немесе дәстүрлі емес технологияларды қолдана отырып сурет салу сияқты тапсырмаларды балаларға қаншалықты жиі орындатасыз?

А. Күнделікті қолданамын БТ-нан 4 зерттелушінің 23,5% құрады, ЭТ 25% құрады, В. Аптасына 1 рет БТ-нан 4 зерттелушіден 23,5% құрады, ЭТ 35% құрады, С. Сирек қолданамын БТ-нан 9 зерттелушінің 53% құрады, ЭТ 40% құрады. Эксперименттік топ және бақылау топ зерттелушілерінің көпшілігінде креативті әлеуетілік ұғымын түсінудің жеткілікті жоғары деңгейінің орташа мен төмен деңгейге қарағанда жоғары болу контент-талдау әдісімен талдау кезінде байқатты. Мысалы «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың технологияларын үйренгіңіз келе ме?» сауалнама сұрағы бойынша, сонымен қатар .... «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың жолдарын, технологияларын үйретуге байланысты курстарға қатысуға қалай қарайсыз?...

сауалнама сұрағы бойынша екі топ зерттелушілері де оқу-тәрбие үрдісінде қолдану керек екендігін сауалнама барысында жеткілікті жоғары деңгей нәтижесін көрсетті. Осыған орай заман талабына сәйкес тұлғаны жан-жақты креативті әлеуетін қалыптастырып тәрбиелеу үшін жаңа заманауи технологияларды үйренуге деген тәрбиешілер тарапынан сұраныстарын байқадық.

Балабақша тәрбиешілерінен алынған сауалнаманың нәтижелері әр түрлі топтағы балаларға креативтілік әлеует ұғымын түсіну және оған қатысты әдістерді қолдану қаншалықты маңызды екендігін түсінуіне осы мәселеге деген көзқарастарын таныта білді. Балабақша тәрбиешілерінің креативтілік әлеуеті ұғымы және оны балалар бойына қалыптастыру әдістері мен тәсілдері айқын болмаса және толыққанды жүйеде қалыптаспаса, онда тәрбиешілер мектепке дейінгі балаларды ойын арқылы дамыту нәтижесінде елімізде креативтік әлеуеті жоғары, шығармашыл, тапқыр, ұтқыр, қалыптан тыс ойлай білетін, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаның қалыптасуына ықпал ете алар ма еді?

Зерттеу жұмысымызға арқау болған осындай мәселенің шешімі мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерісте, соның ішінде, зерттеу нысанына сәйкес, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдістемесін жасап, бейімделген бағдарламасын құру арқылы, креативті ойындар жинағы, креативті ойын технологиясын мектепке дейінгі ұйымдардың ұйымдасқан іс- әрекетінде шығармашылық сипатта формалары, әдіс-тәсілдері, құралдарын кешенді пайдалану балалардың креативтілік әлеуетін қалыптастырудың қажеттілігі мен маңызын алға қою арқылы анықталады.

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерісте педагогтар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдістемесін креативті ойын технологиясын қолданудың біртұтас жүйелі әдістемесін қажет етеді деп айтуға болады. Ол үшін қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен білім беру үдерісінде тәрбиешілерге осы мәселенің шешімін табу үшін арнайы бағдарламалар ұсынып, курстар өткізіп отыру керек. Ең бастысы, бейімделген бағдарламалар арқылы креативті ойын технологияларын мектепке дейінгі ұйымдарда кешенді пайдалану жолдарын ұйымдастыра алсақ, онда ересек жастағы балалардың креативті әлеуетін дамыту үшін ұйымдасқан іс-әрекеттерде ойын технологияларын меңгерген тәрбиешілер балалардың креативті әлеуетін дамытып жетілдіре алады.

Ал мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерісте креативтілік әлеуетін қалыптастыратын жүйелі материалдар бейімделген бағдарламалар арқылы жүзеге асса, онда оның тиімділігі артып, ықпалы нәтижелі болады деп тұжырымдаймыз.

*Екінші кезекте* анықтау эксперименті барысында 2020-2021 оқу жылында *мотивациялық компоненті бойынша* эксперименттік топ ретінде алынған Алматы қаласының “Арман” №166 бөбекжай-балабақшасынан екі топтан 52 және бақылау тобына алынған №108 бөбекжай-балабақшасынан екі топтан 50 баланың креативтік әлеуеті деңгейлерін айқындау үшін О. М. Дьяченконың

«Фигураларды аяқтау» әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді. *Мақсаты:* шығармашылық әрекетке қызығушылық деңгейін анықтау.

Ересек жастағы балалар фигураның орнына фигураны алатындай етіп салуы керек. Шығармашылық қабілеттердің деңгейі барлық топ балаларының қайталамайтын суреттер санына тең.

Қолданылатын материал - бұл карталардың бір жинағы (ұсынылған екеуінен), олардың әрқайсысында белгісіз пішіндегі бір фигура бар. Әр жиынтықта 10 карта бар. Сауалнама кезінде осы жинақтардың біреуі ұсынылады, екіншісін кейінгі сауалнама кезінде немесе жарты жылдан кейін пайдалануға болады. Тексеру алдында экспериментатор балаға: «Енді сен сиқырлы фигураларды салуды аяқтайсың. Олар сиқырлы, өйткені әрбір фигураны сен қалаған кез келген суретті алатындай етіп салуға болады. Балаға жай қарындаш пен фигурасы бар карточка беріледі. Бала фигураны аяқтағаннан кейін одан: «Сен не алдың?» деп сұрайды. Баланың жауабы жазылады. Содан кейін фигуралары бар қалған карталар кезекпен (бір-бірден) ұсынылады. Егер бала тапсырманы түсінбесе, ересек адам бірінші фигураға сурет салудың бірнеше нұсқасын көрсете алады.

Әрбір балаға тапсырманың орындалу деңгейін бағалау үшін түпнұсқалық коэффициенті (Тк) есептеледі: қайталанбайтын кескіндер саны. Егер сурет салуға арналған фигура бір элементке айналса, кескіндер бірдей болып саналады.

Содан кейін сурет салу үшін бір пішіннің негізінде зерттелетін топтың балаларының әрқайсысы жасаған бейнелер салыстырылады. Егер екі бала шаршыны теледидар экранына айналдырса, онда бұл сурет осы балалардың ешқайсысы үшін де есептелмейді.

Осылайша, ТК (түпнұсқалық коэффициенті) баланың өзі және топтағы балалардың ешқайсысы қайталамаған (берілген фигураны пайдалану сипатына қарай) суреттердің санына тең.

Э. Торренстің «Жеке адамның креативтілігін диагностикалау» тесті.

Балалардың креативтілігін сынау тестерінен жоғары балл жинауы олардан креативті адам шығу мүмкіндігінің жоғары екендігін көрсетеді. Э. Торренс креативті қабілет деңгейі, креативті білік яғни, білім мен технологияны игеруі және креативті мотивация - жаңа нәрселерге ұмтылуға сәйкес үшеуі өзара түйісетін үлгі ұсынды. Осы үш фактор үйлескенде ғана шығармашылық жетістіктердің жоғары деңгейіне жетуге болады деп ойлайды.

Қазіргі күнде креативтілікті, шығармашылық қабілеттерін диагностикалаудың көптеген әдістері бар. Олардың ішіндегі ең танымалы, әрі біз алып отырған жас кезеңі үшін қолайлысы Торренс тесті болды.

Торренстің пікірінше, креативтілік бұл тапсырмаларға, білімнің олқылығы мен аздығына сезімталдық, әр түрлі ақпараттарды біріктіруге деген ұмтылыс, креативті элементтердің үйлесімсіздігіне байланысты мәселелерді анықтайды, олардың шешімін іздеп, шешу мүмкіндігі туралы болжамдар ұсынады, осы гипотезаларды тексереді, жоққа шығарады, өзгертеді, қайта тексереді және соңында нәтижені дәлелдейді.

Э. Торренс ауызша, көрнекі және дыбыстық деп топтастырылған 12 тест

әзірлеген. «Торренстің шығармашылық ойлаудың пішіндік формалары тесті» деп аталатын бөлігі 1990 жылы ПҒА-ның жалпы және педагогикалық психология ғылыми зерттеу институтында, «Пішіндерді аяқта» атты келесі бөлігі 1993-1994 жылдары Ресей Ғылым академиясының Психология институтының қабілеттер мен кәсіби маңызды қасиеттерді диагностикалау зертханасында бейімделген.

Е.Е. Туник: «Э.Торренс бүгінгі күні бірде-бір зерттеуші креативті ойлаудың сипатына толық шолу жасау үшін тест тапсырмаларының саны мен түрін анықтай алмайтынын айтқан. Сонымен бірге ол ұсынған сынақ олардың көп бөлігін айқындайды деп есептеді» - дей келе, тестте қамтылған әртүрлі тапсырмалардың көпшілігі оның барлық маңызды креативті функцияларды қамту ықтималдығын айтарлықтай арттыратынын мойындау керектігін айтады [338].

Оның әрбір субтесті көп факторлығымен ерекшеленеді, яғни, бір тапсырма арқылы креативтіліктің бірнеше сипатын бірден бағалайды. Субтесттерге арналған тапсырмаларды таңдау факторлық талдау негізінде жүзеге асырылады, бұл сынаққа өзара байланысы төмен тапсырмаларды қосуға мүмкіндік береді.

Бұл пішіндік тестті мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға, мектеп оқушыларына және ересектерге қолдануға болады. Үш тапсырмадан тұратын бұл тестің жауаптары суреттер мен жазбалар түрінде беріледі. Креативті үдеріс шығармашылық әрекеттің уақытша компонентін еркін ұйымдастыруды көздейтіндіктен, тапсырманы орындау уақыты шектелмейді. Суреттерді салуда көркемдік деңгейі ескерілмейді.

1 - субтест. «Сурет сал». Суреттің негізі ретінде түрлі-түсті қағаздан қиылған сопақ пішіндерді ала отырып, сурет салу. Сопақшаның түсін әркім өзі таңдайды және салған суретке атау беру керек.

2 - субтест. «Пішіндерді аяқта». Салынып бітпеген 10 ынталандыру пішінін аяқтау. Әр суретке ат қою.

3 - субтест. «Қайталанбалы сызықтар». Пайдаланылатын материал - параллель 30 тік сызық. Сызықтардың жұбын пайдалана отырып қайталанбайтын суреттер салу қажет.

Жалпы тест нәтижелерін өңдеу «шапшаңдық», «бірегейлік», «өңделгендік», «тұйықталуға қарсылық» және «атаулардың абстрактілігі» сияқты бес көрсеткішті бағалауды қамтиды.

*«Шапшаңдық»* - адамның шығармашылық өнімділігін сипаттайды. Ол төмендегі ережелерге сәйкес 2 және 3 субтесттерде ғана бағаланады:

1. Тестілеуге берілген жауаптардың жалпы санын шығару қажет.

2. Көрсеткішті есептеу кезінде тек адекватты тапсырмаға сай жауаптар ескеріледі. Егер сурет сәйкес еместігіне байланысты «шапшаңдықтан» балл ала алмаса, онда ол барлық кейінгі есептеулерден алынып тасталады.

Жұмыс барысында аяқталмаған сурет немесе сызықтар жұбы кескіннің құрама бөлігі ретінде қолданылмаған суреттер, мағынасыз атаулар берілген ойға қонымсыз абстракциялар сәйкес емес деп, мағыналы, бірақ бірнеше рет қайталанған сызбалар бір жауап ретінде танылады.

3. Егер бір сурет салу үшін 2-субтесттегі аяқталмаған екі (немесе одан да көп) пішін пайдаланылса, онда пайдаланылған пішін санына сәйкес ұпай саны беріледі, өйткені бұл әдеттен тыс жауап.

4. Егер бір сурет салу үшін 3-субтесттегі екі (немесе одан да көп) параллель түзулер пайдаланылса, онда бір балл беріледі, өйткені бір ойды ғана білдіреді.

*«Бірегейлік»* - креативтіліктің ең маңызды көрсеткіші. Шынайылық дәрежесі сыналатын адамның шығармашылық ойлауының бірегейлігі мен ерекшелігін көрсетеді. «Бірегейлік» нәтижесі ережеге сәйкес барлық үш субтест үшін есептеледі:

1. «Бірегейлік» үшін баға жауаптың статистикалық сиректігіне негізделген. Жиі кездесетін жауаптар 0, ал қалғандары 1 баллмен бағаланады.

2. Суреттің тақырыбы емес, өзі бағаланады.

3. Жалпы нәтиже барлық суреттердің ұпайларын қосу арқылы алынады.

«Бірегейлік» бойынша 0 балл қойылатын жауаптар тізімі:

Егер тапсырмада «адамның бет-әлпеті» деген жауап беріліп, сәйкесінше пішін адамның бетіне айналдырылса, онда бұл көрсеткіш 0 ұпай алады, бірақ егер сол аяқталмаған пішін мұрт немесе ерін сияқты бет бөлігіне айналса, жауап 1 баллмен бағаланады.

1- субтест - тұтастай сюжет емес (балық, бұлт, бұлт, гүл, жұмыртқа, жануарлар, көл, адамның бет-бейнесі немесе сұлбасы) түрлі-түсті пішінге салынған нәрсе ғана бағаланады.

2- субтест - барлық аяқталмаған пішіндердің солдан оңға және жоғарыдан төмен қарай өз нөмірлері бар екеніне назар аудару қажет.

1- сандар, әріптер, көзілдірік, адамның бет-әлпеті, кез-келген құс, алма.

2- әріптер, ағаш немесе оның бөліктері, адамның бет-әлпеті немесе пішіні, сыпырғыш, зақпы (рогатка), гүл, сандар.

3- сандар, әріптер, дыбыстық толқындар (радиотолқындар), дөңгелектер, ай, адамның бет-бейнесі, желкенді кеме, қайық, жемістер, жидектер.

4- әріптер, толқындар, жылан, сұрақ белгісі, адамның бет-әлпеті немесе пішіні, құс, ұлу, шылаушын, жұлдызқұрт, жануарлардың құйрығы, пілдің тұмсығы,сандар.

5- сан (сандар), әріп (әріптер), ерін, қолшатыр, кеме, қайық, адам беті, доп (шар), ыдыс-аяқ.

6- құмыра, найзағай, саты, баспалдақ, әріптер, сандар.

7-сандар, әріптер, көлік, кілт, балға, көзілдірік, орақ, қалақ, шөміш .

8 - сандар, әріптер, қыз, әйел, адамның бет-әлпеті немесе пішіні, көйлек, зымыран, гүл.

9 - сандар, әріптер, толқындар, таулар, төбелер, еріндер, жануарлардың құлақтары.

10 - сандар, әріптер, шырша, ағаш, бұтақтар, құстың тұмсығы, түлкі, адамныңбеті, аңның тұмсығы.

3-субтест: кітап, дәптер, тұрмыстық техника, саңырауқұлақ, ағаш, есік, үй, қоршау, қарындаш, қорап, адамның бет-әлпеті немесе пішіні, терезе, жиһаз, ыдыс-аяқ, зымыран, сандар.

*«Атаулардың абстрактілігі»* - ойлаудың жинақтау мен жалпылау үдерістерімен байланысты басты нәрсені бөліп көрсету, мәселенің мәнін түсіну қабілетін білдіреді. Бұл көрсеткіш 1 және 2 субтесттерде 0-ден 3-ке дейінгі шкала бойынша есептеледі.

0 ұпай: айқын атаулар, салынған объект жататын жіктемені көрсететін қарапайым атаулар. Бұл атаулар «Бақша», «Таулар», «Тоқаш» сияқты бір ғана сөзден тұрады.

1 ұпай: суреттен көріп тұрған заттардың нақты қасиеттерін бейнелейтін қарапайым сипаттамалық атаулар немесе адамның, жануардың суретте не істеп жатқанын не жіктеме атауын жеңіл тауып алуға болатын - «Марғау» (мысық), «Ұшып жүрген шағала», «Жаңа жылдық шырша», «Саян таулары» (таулар), «Бала ауырып жатыр» және т.б. қарапайым атаулар.

2 ұпай: «Жұмбақ су перісі», «SOS» сияқты бейнелі сипаттама атаулары, «Кел, ойнайық» тәрізді ой мен сезімді сипаттайтын атаулар.

3 ұпай: дерексіз, философиялық атаулар. «Менің жаңғырығым», «Кешке оралатын жерден шығудың керегі не» деген атаулар суреттің мағынасын, оның терең мәнін білдіреді.

*«Тұйықталуға қарсылық»* - «жаңалық пен әртүрлі идеяларды қолдау, ақыл-ой секірісі және бірегей идея табу үшін соңғы шешімді қабылдауды ұзақ уақытқа кейінге қалдыру қабілетін» көрсетеді. Тек 2-субтестте 0-ден 2 ұпайға дейін есептеледі.

0 ұпай: пішін ең жылдам және қарапайым жолмен тұйықталады: түзу немесе қисық сызықты пайдалану, тұтас штрихтау немесе бояу арқылы, көлеңкелеу, әріптер мен сандар да 0 ұпайға тең.

1 ұпай: Шешім пішінді қарапайым тұйықтаудан әлдеқайда жоғары тұр. Сыналушы пішінді тез және қарапайым тұйықтап, бірақ содан кейін оны сыртынан бөлшектермен толықтырады. Егер бөліктер тек жабық пішіннің ішіне қосылса, онда жауап 0 ұпайға тең болады.

2 ұпай: пішін мүлде жабылмай, сызбаның ашық бөлігі болып қалады немесе күрделі конфигурациямен жабылады. Егер ынталандырушы пішін жабық пішіннің ашық бөлігі болып қалса 2 ұпай, әріптер мен сандарға сәйкесінше 0 ұпай беріледі.

*«Өңделгендік»* - ойластырылған идеяларды егжей-тегжейлі әзірлеу қабілетін көрсетеді. Барлық үш субтестте бағаланады. Бағалау төмендегі қағидаларға сай жасалады.

1. Бастапқы ынталандырушы пішінді толықтыратын суреттің әрбір маңызды бөлігіне бір ұпай беріліп, ал бір топқа жататын бөліктер бір рет қана бағаланады, мысалы, салынған гүлдің барлық күлтешелері бір бөлік ретінде қарастырылады. Мысалы: гүлдің өзегі (1 ұпай), 5 күлтешесі (+1), сабағы (+1), екі жапырағы (+1) ұпай, егер күлтешелері, өзегі және жапырақтары штрихталғанболса (+1), сонымен жалпы суретке 5 ұпай беріледі.

2. Егер суретте бірнеше бірдей заттар болса, онда олардың біреуінің өңделуі бағаланып, басқа ұқсас заттарды салу идеясына тағы (+1) ұпай қосылады. Мысалы: бақшада бірнеше бірдей ағаштар, аспанда бірдей бұлттар болуы мүмкін. Гүлдердің, ағаштардың, құстардың әрбір маңызды бөлшектері

үшін (+1) ұпай, әрі сол құстарды, бұлттарды және т.б. салу идеясы үшін бір ұпай беріледі.

3. Егер элементтер қайталанса, бірақ олардың әрқайсысының ерекшелігі болса, онда әрбір ерекше бөлік үшін бір ұпай қойылуы керек. Мысалы: гүлдер көп, бірақ түстері әр түрлі болса, әр түс үшін бір ұпай беріледі.

4. «Өңделуі» төмен өте қарабайыр бейнелер нөл ұпаймен бағаланады.

Тестің нәтижесін интерпретациялау үшін барлық бес фактор бойынша (шапшаңдық, бірегейлік, тұйықталуға қарсылық, атаулардың абстрактілігі, өңделгендік) алынған ұпайларды қосып, оны беске бөлдік.

Ересек топтағы балалардың креативті әлеуеті деңгейін анықтауда қолданылған аталмыш әдістеме нәтижелері бойынша зерттелуші екі топ балаларының жауаптары үшін берілген ұпайлар қосындысы әдістеменің ұпай санымен есептелінеді. Өсу ретімен жазылған белгілі мәндердің жиынтығы вариациялық қатар деп аталатыны белгілі. Олай болса, анықтаушы эксперименті бойынша 2020-2021 оқу жылында балабақшалардың ересек топтағы балаларына Э.П. Торренстің «Жеке адамның креативтілігін диагностикалау» бойынша креативті тестісінен алынған зерттеу нәтижелерінің математикалық статистика қатары алынады. Ол үшін креативтілік шкалалары бойынша бақыланған мәндерінің варианта қатарын аламыз, екінші жағынан салыстырмалы жиілікті орналастырып кесте құрамыз (кесте1). Мұндағы $x_i$ вариантаға сәйкес жиілік $f_i$ - таңдауда әрбір x варианта қанша рет кездесетінін көрсететін сан болса, $\Sigma f_i = N$; жиілену $w_i$ жалпы таңдау көлеміндегі әрбір жүйедегі жиіліктің үлесі: $w_i = f_i / n_i$ алынады.

Анықтаушы эксперимент бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін анықтауға арналған әдістемелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі кестелерде көрсетілген (17-кесте).

Кесте 17 - Анықтау эксперименті бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативті әлеуетін анықтаудың мотивациялық деңгейінің көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері

| Көрсеткіштер | Диагностикалық әдістемелер | Бағаланатын сапаның көрініс беру дәрежесі | Ұпай саны | Зерттелушілер | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ЭТ (№166) ( n=52) | БТ (№108) ( n=50) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Креативті әлеуетке қызығушылықтың болуы | О.М. Дьяченконың "Фигура-ларды аяқтау" әдістемесі | Балалар креативті әлеуетін көрсетуге ұмтылады, тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды. | 8-10 | 8 (15%) | 6 (12%) |
| | | Балалар жеткілікті белсенді емес, тәрбиешінің бақылауымен тапсырмаларды | 5-6 | 19 (37%) | 15 (30%) |

17-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орындайды, бірақ өзін креативтік әлеуетті тұлға ретінде көрсете алады. | | | |
| | | Бала енжар, креативті әлеуетін көрсетуге ұмтылмайды | 1-4 | 25 (48%) | 29 (58%) |
| 1.«Бірегейлік» | Э. Торренстің «Тұлғаның креатив-тілігін» диагности-калау тесті | Ойлауының бірегейлігі мен ерекшелігі байқалады. | 0-1 | 8 (15%) | 6 (12%) |
| 2. «Шапшаңдық» | | Тапсырманы жылдам ойлана орындайды. | 1-2 | 9 (17%) | 5 (10%) |
| 3. «Өңделгендік» | | Ойластырылған идеяларды кезеңімен орындайды. | 1-5 | 12 (23%) | 9 (18%) |
| 4. «Тұйықталуға қарсылық» | | Бірегей идея табу үшін соңғы шешім қабылдауды кейінге қалдырады. | 0-2 | 5 (10%) | 9 (18%) |
| 5. «Атаулардың абстрактілігі» | | Ойлау үдерістеріне байланысты басты затты бөліп көрсетеді, мәселенің мәнін түсінеді. | 0-3 | 18 (35%) | 21 (42%) |

Анықтау экспериментінің мотивациялық деңгейі бойынша О.М. Дьяченконың "Фигураларды аяқтау" әдістемесі креативті әлеуеті тұрғысынан шығармашылық әрекетке қызығушылығының бастапқы деңгейінің нәтижелері анықталды. Алынған алғашқы тәжірибелік мәліметтерді сандық және сапалық тұрғыда талдап интерпретациясын талдап көрелік. Сонымен, ересек топтағы балалардың креативті әлеуетін көрсетуге ұмтылу көрсеткіштері мен шығармашылық тапсырмаларды қызығушылықпен орындау деңгейлері жеткіліксіз екендігін көрсетті. Мысалы, эксперименттік топтағы субъектілердің 37% және бақылау тобындағы субъектілердің 30% орташа шығармашылық әрекетке қызығушылық деңгейін көрсетсе, ал эксперименттік топта 48% және бақылау тобында 58% ересек топтағы балалар жеткілікті белсенділік танытпады, тәрбиешінің бақылауымен шығармашылық тапсырмаларды орындады, бірақ өзін креативті әлеуетті тұлға ретінде төмен деңгейін көрсетті.

Тәрбиешінің бақылауымен балалардың шығармашылық тапсырмаларды орындау нәтижелері креативтік әлеует тұрғысынан шығармашылық әрекетке қызығушылығының жеткіліксіз дамығанын және оларды тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде мақсатты түрде креативті әлеуетін көрсетуге қалыптасуы қажет екендігін білдіреді (18-кесте, 15-сурет).

Кесте 18 - Анықтау экспериментінің мотивациялық деңгейі бойынша қалыптастырушы экспериментке дейінгі О.М. Дьяченконың «Фигураларды аяқтау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелері

| Шкалалар | Зерттелуші топтар | |
|---|---|---|
| | Эксперименттік топ (n=52) | Бақылау топтары (n=50) |
| Шығармашылық әрекетке қызығушылықтың жоғары деңгейі | 8 (15%) | 6 (12%) |
| Шығармашылық әрекетке қызығушылықтың орташа деңгейі | 19 (37%) | 15 (30%) |
| Шығармашылық әрекетке қызығушылықтың төмен деңгейі | 25 (48%) | 29 (58%) |




Сурет 15 - Анықтау экспериментінің мотивациялық деңгейі бойынша қалыптастырушы экспериментке дейінгі О.М. Дьяченконың «Фигураларды аяқтау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелерінің диаграммасы

Анықтау экспериментінің мотивациялық компоненті бойынша О.М. Дьяченконың «Фигураларды аяқтау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелерінің диаграммасынан байқап отырғанымыздай, БТ-дағы шығармашылық әрекетке қызығушылықтың жоғары деңгейі 50 баланың 12%-жоғары, 30% - орташа, 58% - төмен, ал ЭТ-дағы 52 баланың 15% - жоғары, 37% -орташа 48% - төмен деңгейлерді көрсетті.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде мотивациялық компоненті бойынша жүргізілген Э.П. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша екі топ зерттелушілерінің «Субтестілердің» бастапқы деңгейі анықталды. Жалпы тест нәтижелерін өңдеуде «шапшаңдық», «бірегейлік», «өңделгендік», «тұйықталуға қарсылық» және «атаулардың абстрактілігі» сияқты бес көрсеткіш бағаланады. Бұл тестілер атауынан көрініп тұрғанындай, балалардың түрліше креативтілік әлеуетін өлшеуге арналады.

Төмендегі кестеде Э.Торренстің «Тұлғаның креативтілігін

диагностикалау» тесті бойынша екі топ зерттелушілерінің жалпы субтестілер нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері бейнеленген (19-кесте, 16,17-сурет).

Кесте 19 – Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша екі топ зерттелушілерінің жалпы субтестілер нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

| Эксперименттік топ – 52 бала | | | | | | Бақылау тобы – 50 бала | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Креативтілік деңгейлері | Бірегейлік | Шапшаңдық | Өңделгендік | Тұйықталуға қарсылық | Атаулардың абстрактілігі | Бірегейлік | Шапшаңдық | Өңделгендік | Тұйықталуға қарсылық | Атаулардың абстрактілігі |
| | n % | n % | n % | n % | n % | n % | n % | n % | n % | n % |
| ӨЖ | 3(6%) | 5(9%) | 3(6%) | 7 (13,5%) | 5 (9,5%) | 4 (8%) | 4 (8%) | 3 (6%) | 4 (8%) | 8 (16%) |
| Ж | 8 (15%) | 6 (12%) | 7 (13,5 %) | 7 (13,5%) | 5 (9,5%) | 7 (14%) | 5 (10%) | 4 (8 %) | 3 (6%) | 8 (16%) |
| О | 15 (29%) | 13 (25%) | 17 (32,5%) | 12 (23%) | 13 (25%) | 17 (34%) | 19 (38%) | 25 (50%) | 15 (30%) | 15 (30%) |
| Т | 26 (50%) | 28 (54%) | 25 (48%) | 26 (50%) | 29 (56%) | 22 (44%) | 22 (44%) | 18 (36%) | 28 (56%) | 19 (38%) |
| *Ескерту: өте жоғары –(ӨЖ); жоғары –(Ж); орташа- (О); төмен –(Т)* | | | | | | | | | | |




Сурет 16 - Анықтау эксперименті бойынша ЭТ-ның 3 субтестілер нәтижелерінен алынған сандық және сапалық талдаудың диаграммасы




Сурет 17 - Анықтау эксперименті бойынша БТ-ның нәтижелерін сандық және сапалық талдаудың диаграммасы

Диаграммада көріп отырғанымыздай, нәтижелерін өңдеу «бірегейлік», «шапшаңдық», «өңделгендік», «тұйықталуға қарсылық» және «атаулардың абстрактілігі» сияқты субтестілер нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «бірегейлік» «өте жоғары» деңгейде 3 бала, бұл 6% құрады; «шапшаңдық» шкаласы бойынша 5 бала 9% құрады; «өңделгендік» шкаласы бойынша 3 бала 6% құрады, «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 7 бала 13,5 % құрады, «атаулардың абстрактілігі» 5 бала 9,5% көрсетті.

«Субтестілер» нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «бірегейлік» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 4 бала, бұл 8% құрады; «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 4 бала, бұл 8%; «өңделгендік» шкаласы бойынша 4 бала 8%; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 4 бала 8 % құрады, «атаулардың абстрактілігі» 8 бала 16% көрсетті.

«Жоғары» деңгейде ЭТ-да «бірегейлік» 8 бала 15%, «шапшаңдық» шкаласы бойынша 6 бала, 12%, «өңделгендік» шкаласы бойынша 7 бала 13,5% көрсетіп отыр; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 7 бала 13,5% құрады, «атаулардың абстрактілігі» 5 бала 9,5% көрсетті.

«Орташа» деңгейде ЭТ – та 15 бала «бірегейлік» шкаласы бойынша бұл 29%; «шапшаңдық» шкаласы бойынша 13 бала, бұл 25%; «өңделгендік» шкаласы бойынша 17 бала, 32,5%-ды көрсетіп отыр; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 12 бала 23% құрады, «атаулардың абстрактілігі» 13 бала 25% құрайды.

«Төмен» деңгейде ЭТ-та 26 бала «бірегейлік» шкаласы бойынша бұл 50%; «шапшаңдық» шкаласы бойынша 28 бала, бұл 54%; «өңделгендік» шкаласы бойынша 25 бала, 48%-ды көрсетіп отыр; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 26 бала 50% құрады, «атаулардың абстрактілігі» 29 бала 56% құрайды.

Анықтау эксперименті кезінде БТ-да «бірегейлік», «шапшаңдық»,

«өңделгендік», «тұйықталуға қарсылық» және «атаулардың абстрактілігі» сияқты субтестілер нәтижелерінің көрсеткіштері «жоғары» деңгейде БТ- да «бірегейлік» 4 бала 8%, «шапшаңдық» шкаласы бойынша 4 бала, 8%, «өңделгендік» шкаласы бойынша 4 бала, 8% көрсетіп отыр; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 3 бала 6% құрады, «атаулардың абстрактілігі» 8 бала 16% көрсетті.

«Орташа» деңгейде 17 бала «бірегейлік» шкаласы бойынша бұл 34%; «шапшаңдық» шкаласы бойынша 19 бала, бұл 38%; «өңделгендік» шкаласы бойынша 25 бала, 50%-ды көрсетіп отыр; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 15 бала 30% құрады, «атаулардың абстрактілігі» 15 бала 30% құрайды.

Төмен» деңгейде БТ 22 бала «бірегейлік» шкаласы бойынша бұл 44%; «шапшаңдық» шкаласы бойынша 22 бала, бұл 44%; «өңделгендік» шкаласы бойынша 18 бала, 36%-ды көрсетіп отыр; «тұйықталуға қарсылық» шкаласы бойынша 28 бала 56% құрады, «атаулардың абстрактілігі» 19 бала 38% құрайды.

Тестің нәтижесін интерпретациялап, алынған мәліметтерді нақтылау үшін үшін барлық бес фактор бойынша (шапшаңдық, бірегейлік, тұйықталуға қарсылық, атаулардың абстрактілігі, өңделгендік) алынған ұпайларды қосып, оны беске бөлдік. Ересек топтағы балалардың креативті әлеуеті деңгейін анықтауда қолданылған аталмыш әдістеме нәтижелері бойынша зерттелуші екі топ балаларының жауаптары үшін берілген ұпайлар қосындысы әдістеменің ұпай санымен есептелінеді.

Жоғарыда келтірілген зерттеуден алынған тәжірибелік мәліметтерге сүйене отырып, коммулятивті кездесу жиілігі мен орта мәні алынып балалардың креативтілік әлеуетінің даму деңгейлерінің критерийлері анықталды және нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілді (20-22-кесте, 18-сурет).

Кесте 20 – Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша екі топ зерттелушілерінің «3 субтестілер» нәтижелерін сандық және сапалық талдау

| Шкала | Топ | №1 субтест: «Сурет сал» | | | | №2 субтест: Пішіндерді аяқта» | | | | №3 субтест: «Қайталанбалы сызықтар» | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Деңгейлер | | | | Деңгейлер | | | | Деңгейлер | | | |
| | | ӨЖ | Ж | О | Т | ӨЖ | Ж | О | Т | ӨЖ | Ж | О | Т |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| Бірегейлік | ЭТ n=52 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 10 | 1 | 3 | 6 | 2 |
| | БТ n=50 | 1 | 2 | 2 | 4 | 0 | 2 | 2 | 10 | 1 | 2 | 5 | 3 |

20-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Шапшаңдық | ЭТn=52 | 2 | 2 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 | 8 | 1 | 2 | 4 | 4 |
| | БТn=50 | 1 | 2 | 2 | 4 | 0 | 2 | 2 | 10 | 0 | 1 | 4 | 5 |
| Өңделгендік | ЭТ n=52 | 1 | 1 | 2 | 2 | 1 | 2 | 2 | 5 | 2 | 1 | 1 | 4 |
| | БТ n=50 | 1 | 2 | 2 | 3 | 1 | 2 | 2 | 6 | 2 | 1 | 1 | 5 |
| Тұйық талуға қарсылық | ЭТ n=52 | 2 | 1 | 5 | 10 | 1 | 1 | 2 | 10 | 1 | 1 | 0 | 10 |
| | БТ n=50 | 1 | 1 | 2 | 9 | 1 | 2 | 2 | 11 | - | 1 | 0 | 9 |
| Атаулардың абстрактілігі | ЭТ n=52 | 1 | 2 | 2 | 10 | 2 | 2 | 5 | 5 | 1 | 1 | 1 | 7 |
| | БТ n=50 | 1 | 2 | 3 | 5 | 2 | 2 | 6 | 6 | - | 2 | 1 | 8 |
| $\sum x_i$ | ЭТ | 8/5 | 8/5 | 10/5 | 26/5 | 7/5 | 9/5 | 13/5 | 23/5 | 9/5 | 8/5 | 12/5 | 29/5 |
| ω% | ЭТ | 1,6 | 1,6 | 2 | 5,2 | 1,4 | 1,8 | 4,6 | 4.6 | 1,8 | 1,6 | 2,4 | 5,8 |
| $\sum x_i$ | БТ | 5/5 | 9/5 | 11/5 | 25/5 | 5/5 | 10/5 | 14/5 | 21/5 | 2/5 | 7/5 | 11/5 | 30/5 |
| **ω%** орта мәні | БТ | 1 | 1,8 | 2,2 | 5 | 1 | 2 | 2,8 | 4,2 | 0,4 | 1,4 | 2,2 | 6 |
| *Ескерту: өте жоғары –(ӨЖ); жоғары –(Ж); орташа- (О); төмен –(Т)* | | | | | | | | | | | | | |

Кесте 21 - Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша ересек топтағы балалардың креативті әлеуетінің даму деңгейлерін анықтау критерийлерінің коммулятивті кездесу жиілігі мен орта мәнінің көрсеткіштері

| Тұлғаның креативтілік әлеуетінің даму деңгейлері | Эксперимент тобы № 166 балабақша (n=52) | | | | | | Бақылау тобы №108 балабақша (n=50) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-субтест | | 2-субтест | | 3-субтест | | 1-субтест | | 2-субтест | | 3-субтест | |
| | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| Өте жоғары деңгейі | 8 | 15,4 | 7 | 13,5 | 9 | 17 | 5 | 10 | 5 | 10 | 2 | 4 |
| Жоғары деңгейі | 8 | 15,4 | 9 | 17,3 | 8 | 16 | 9 | 18 | 10 | 20 | 7 | 14 |

21-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Орташа деңгейі | 10 | 19,2 | 13 | 25 | 12 | 23 | 11 | 22 | 14 | 28 | 11 | 22 |
| Төмен деңгейі | 26 | 50 | 23 | 44,2 | 23 | 44 | 25 | 50 | 21 | 42 | 30 | 60 |
| Ескерту: $\sum f_i$ - коммулятивті кездесу жиілігі; **ω% -** орта мәні ; | | | | | | | | | | | | |

Кесте 22 - Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті зерттелуші топтардың нәтижелері

| Тұлғаның креативтілік әлеуетінің даму деңгейлері | Зерттелушілер тобы | |
|---|---|---|
| | ЭТ | БТ |
| | ω% орта мәні | ω% орта мәні |
| Тұлғаның креативтілігінің өте жоғары деңгейі | 11,6% | 8% |
| Тұлғаның креативтілігінің жоғары деңгейі | 16 % | 17% |
| Тұлғаның креативтілігінің орташа деңгейі | 22,4% | 24% |
| Тұлғаның креативтілігінің төмен деңгейі | 50% | 51% |




Сурет 18 - Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша креативтік әлеует деңгейлерінің анықтау экспериментінен алынған нәтижелерінің диаграммасы

Диаграммада көріп отырғанымыздай, Э.П. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша креативтілік әлеуеті 5 шкала негізінде 3 субтестіні жүргізу арқылы даму деңгейлері анықталды. Алынған нәтижелерді өңдеу барысында ЭТ-да балалардың креативтілік әлеуетінің өте жоғары деңгейінің орта мәні 11,6 % құраса, жоғары деңгейі 16,0%, тұлғаның

орташа деңгейі 22,4% көрсетіп, яғни ойын әрекетінде қызығушылығы, білуге құмарлығы, сұрақтар қоюы, туындаған идеяларды дамытуға, толықтыруға, кеңейтуге ұмтылысы орташа деңгейді көрсетті. Тұлғаның креативтілік әлеуетінің төменгі деңгейі 50% құрады.

БТ тұлғаның креативтілік әлеуетінің өте жоғары деңгейінің орта мәні 8% құраса, жоғары деңгейі 14%, орташа деңгейі 24%, төменгі деңгейі 51% көрсетіп, ойын әрекетінде қызығушылығы, білуге құмарлығы төмендеу болды. Түрлі сұрақтар қоя алмады, туындаған идеяларды дамытуға, толықтыруға, кеңейтуге ұмтылыстары төмен екендігін байқатты. Екі топтан алынған мәліметтер арасында мәнді айырмашылықтар айтарлықтай байқалмады. 23-кестеден және диаграммадан көріп отырғанымыздай, креативтік әлеуетінің мотивациялық компоненті бойынша даму деңгейі зерттеудің анықтау кезеңінде шамамен эксперименттік және бақылау топтарында бірдей дерлік дамыған.

*Келесі кезеңде* анықтау экспериментінің танымдық компонент бойынша зерттеуге ЭТ және БТ-ның балаларына С.М. Жақыпов пен Ф.Бизакованың апробацияланып және қазақ ұлтының менталитетіне сәйкестелініп модификацияланған «Ойлау үрдістерін диагностикалау», «Қиял үрдістерін диагностикалау», «Сөйлеу үрдістерін диагностикалау» әдістемелері жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты – балабақшадағы ересек топтағы балалардың танымдық аумағын зерттеу.

Зерттеу нысаны - ересек топтағы балалардың танымдық аумағы. Зерттеуге ЭТ №166 бөбекжай-балабақшасынан алынған 52 бала және БТ №108 бөбекжай-балабақшасынан 50 бала қатысты.

*«Артығын тап».* Мақсаты: Баланың бейнелі – логикалық ойлау процесін, жалпылау мен талдау ақыл-ой операцияларын зерттеу. Ересек топ балаларына арналған бұл әдістемеде балаларға әртүрлі заттар бейнеленген суреттер сериясы ұсынылады.

*Нұсқау.* Әр суретте бейнеленген төрт заттың біреуі артық. Суретке мұқият қарап, қай зат және неліктен артық екенін анықтау керек. Тапсырманы орындауға 3 минут беріледі.

*Қорытынды бағалау.*

10 ұпай – бала тапсырманы 1 минуттан аз уақытта орындайды, барлық суреттердегі артық заттарды тауып, себебін түсіндіреді.

8-9 ұпай – бала тапсырманы 1 минуттан 1,5 минутқа дейінгі уақытта орындайды.

6-7 ұпай – 1,5-тан 2,0 минутқа дейін; 4-5 ұпай – 2,5 минуттан 3 минутқа дейін;

2-3 ұпай – 2, 5 минуттан 3 минутқа дейін, 0-1 ұпай – бала 3 минут аралығында тапсырманы шеше алады.

*Даму деңгейінің қорытындысы:* 8-10 ұпай – жоғары, 4-7 ұпай – орташа,

2-3 ұпай – төменгі деңгейді білдіреді (19-сурет).



Сурет 19 – «Артығын тап» әдістемесінің тапсырмасы

*«Ойын ойлап тап» әдістемесі. Мазмұны:* Бала қиялының даму деңгейін анықтауда 5 минуттың ішінде бір ойын ойлап табуы керек және ол жайлы толық әңгімелеп, зерттеушінің келесі сұрақтарына бала жауап береді:

1. Ойын қалай аталады?
2. Ол неден тұрады?
3. Ойынға қанша адам қатысады?
4. Ойынға қатысушылар қандай рөльді атқарады?
5. Ойын қалай өтеді?
6. Ойынның ережесі қандай?
7. Ойын немен аяқталуы тиіс?
8. Ойынға қатысушылар қалай бағаланады?

*Қорытынды бағалау.*

Баланың сөйлегені емес, оның ойының мазмұны бағаланады. Балаға сұрақ қойып, қарым-қатынас жасағанда міндетті түрде көмектесе отырып, жетекші сұрақтар қою қажет, бірақ жауабын айтпау керек. Берілген әдісте бала ойының мазмұны келесі амалмен бағаланады:

1. Ерекшелігі мен жаңашылығы;
2. Шартын ойланып беруі;
3. Оның әр түрлі ойынға қатысушыларына түрлі рөлдерді бөлуі;
4. Ойында белгілі бір ережелердің болуы;
5. Жүргізілетін ойынның жетістігін дәл бағалау жолы;

Баланың ойлап тапқан ойыны әр амалдармен бағаланады.

0 ұпай - жоғарыда көрсетілген бес амалдың ойында біреуінің толық жоқтығын білдіреді.

0ұпай – берілген белгілер бар, бірақ нақты емес.

1 ұпай – ойынға сай, лайықты белгілер анығымен көрсетілген.

Барлық осы амалдар мен белгілерден құралған ойын 0 ден 10 ұпайға дейін бағалануы мүмкін. Осы ұпай арқылы бала қиялының даму деңгейі қорытындалады.

*Даму деңгейінің қорытындысы:* 8-10 ұпай – жоғары, 4-7 ұпай – орташа, 2-3 ұпай – төменгі деңгейді білдіреді.

*Енжар сөздік қорын анықтау. Жүргізілуі:* Бұл әдістемеде балаға 5 және 10 сөзден тұратын сөздер ұсынылады. Балаға бірінші қатардағы бір сөзді оқиды – мысалға, «велосипед» осы сөзге екінші қатардағы мағынасы жағынан ұқсас сөзді анықтап айтады. Кейінгі келесі сөздерді 1 секунд өткен соң оқиды. Бала оқылған сөздерді тыңдап, соған кейін сәйкес сөздерді белгілеп отыру керек. Мысалы: ол егер «велосипед» сөзін естіп, келесі қатардағы ұқсас «ұшақ» сөзін таңдаса, яғни «көліктің түрі» немесе «қозғалыс құралы» ретінде таңдауы мүмкін. Егер ары қарай «автомобиль», «автобус» және «мотоцикл» таңдау керек болса, келесі қатардағы ұқсас сөзді таппаса, яғни бір оқығаннан түсінбесе, қайтадан оқуын бала талап ете алады, бірақ сөздер тез оқылады. Егер бала бір оқығаннан кейін белгілесе, бірақ қате болып шықса, зерттеуші қатесін белгілеп, келесі қатарды оқи береді.

*Ескерту:* зерттеуші екінші және келесі қатарды оқымастан бұрын балаға іздейтін сөздердің мәнін ұмытпас үшін табылған сөздерді еске түсіріп отыру қажет. Мысалы: төртінші қатарды оқудың алдында бірінші қатардағы ынталандырушы «велосипед» сөзіне бала екінші және үшінші қатарлардан «ұшақ» және «автомобиль» сөздерін таба алса, зерттеуші балаға: «сонымен біз екеуміз өзара сәйкес мағынада «велосипед», «ұшақ», «автомобиль» сөздерін таптық. Мен келесі сөздер қатарын оқыған кезде оны есіңде сақта және мағыналас сөзді естігенде маған айт» - дейді.

Сөздер қатары:

1. велосипед, шеге, газет, қолшатыр, жүн, батыр, тербелу, қосу, тістеу, үшкір.
2. ұшақ, шыртылдақ (кнопка), кітап, плащ, қауырсын, дос, қозғалу, біріктіру, ұру, доғал.
3. автомобиль, шуруп, жұрнал, етік, қабыршық, қорқақ, жүгіру, байланыстыру, жұлу, тікен.
4. автобус, скрепка, хат, шляпа, мамық, қырсық, айналу, бүктеу, итеру, кескіш.
5. мотоцикл, қыстырғыш, жарнама, бәтіңкелер, тері, жау, сүріну, жинау, ұру, қатпарлы.

*Қорытынды бағалау.*

Егер бала мағынасын 40 тан 50 ге дейін дұрыс тапса, ол нәтижесінде 10 ұпай алады.

Егер де бала мағынасы ұқсас 30 бен 40 сөзді тапса, онда оны 8-9 ұпаймен есептейді.

Егер бала 20 мен 30 мағынасы жағынан сөзді тапса, онда оған 6-7 ұпай беріледі.

Тәжірибенің соңында бала дұрыс 10 мен 20 сөзді топтастырып, біріктірсе, қорытынды ұпайға 4-5-ке тең болады.

Егер бала мағынасы жағынан 10 сөзден төмен тапса, оны 3 ұпаймен бағалайды.

*Даму деңгейінің қорытындысы:* 8-10 ұпай – жоғары, 4-7 ұпай – орташа, 2-3 ұпай – төменгі деңгейді білдіреді.

Зерттеудің танымдық компоненті кезеңде балабақшадағы ересек топтағы балалардың танымдық үрдісінің психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында «Ойлау үрдісін диагностикалау», «Сөйлеу үрдісін диагностикалау», «Қиял үрдісін диагностикалау» әдістемелері қолданылған зерттеу нәтижелері келесі кестеде берілген (23-кесте, 20- 22-сурет).

Кесте 23 - Анықтау эксперименті бойынша танымдық компонент бойынша ересек топтағы балалардың танымдық үрдістерін диагностикалау көрсеткіштері

| Әдістемелер | Танымдық үрдістер | Топ | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ж | О | Т |
| «Ойлау үрдісін диагностикалау»: «Артығын тап | Ойлау | ЭТ (52) | 11(21%) | 17 (32%) | 24 (47%) |
| | | БТ (50) | 12 (24%) | 18 (36%) | 20 (40%) |
| «Қиял үрдісін диагностикалау: «Ойын ойлап тап» | Қиял | ЭТ (52) | 11 (21%) | 19 (37%) | 22 (42%) |
| | | БТ (50) | 9 (18%) | 17 (34%) | 24 (48%) |
| Сөйлеу үрдісін диагностикалау»: «Енжар сөздік қорын анықтау» | Сөйлеу | ЭТ (52) | 9 (17%) | 18 (35%) | 25 (48%) |
| | | БТ (50) | 8 (16%) | 16 (32%) | 26 (52%) |




Сурет 20 – Анықтау эксперименті бойынша «Ойлау үрдісін диагностикалауға» арналған «Артығын тап» әдістемесінің нәтижелерінің диаграммасы




Сурет 21 – Анықтаушы эксперимент бойынша «Қиял үрдісін диагностикалауға» арналған «Ойын ойлап тап» әдістемесінің нәтижелерінің диаграммасы




Сурет 22 – Анықтаушы эксперимент бойынша «Сөйлеу үрдісін диагностикалауға» арналған «Енжар сөздік қорын анықтау» әдістемесінің нәтижелерінің диаграммасы

Сонымен, диагностика ересек топтағы балалардың танымдық үрдіс бойынша қиял деңгейінің дамуының орташа нәтижесін көрсетеді. Мысалы, эксперименттік топтағы субъектілердің 32% және бақылау тобындағы субъектілердің 34% орташа ойлау деңгейін көрсетті, ал эксперименттік топта 46% және бақылау тобында 40% психикалық ойлау үрдісінің төмен деңгейі әлемді өзіндік тану түсінігі бар болғанымен, туындаған мәселенің шешімін табуға тырысу деңгейінің орташадан төмен екендігін көрсетті.

Эксперименттік топтағы субъектілердің 37% және бақылау тобындағы субъектілердің 34% орташа қиял деңгейін көрсетті, ал эксперименттік топта 42% және бақылау тобында 48% психикалық қиял үрдісінің төмен деңгейін көрсетті. Осылайша, олар ерекше идеяларды табуы, заттар мен құбылыстардың арасындағы байланысты, ұқсастықтарды, қарама-

қайшылықтарды байқай алуының төмен деңгейін көрсетті.

Эксперименттік топтағы субъектілердің 35% және бақылау тобындағы субъектілердің 32% орташа сөйлеу деңгейін көрсетті, ал эксперименттік топта 48% және бақылау тобында 52% психикалық сөйлеу үрдісінің төмен деңгейін көрсетті. Жоғарыдағы кестелер мен диаграммалардан танымдық үрдістердің даму деңгейі орташадан төмен екенін көруге болады. Осылайша, олар көптеген ұғымдардың шынайы мағынасын түсінбейді, нақты емес.

Бұл нәтижелер ересек топтағы балалардың танымдық психикалық үрдіс бойынша ойлау, қиял, сөйлеу деңгейінің жас ерекшелігіне сәйкес жеткіліксіз дамығанын және олардың тәрбиелеу, ойын, оқу іс-әрекеттері үдерісінде мақсатты түрде қалыптасуы қажет екендігін айғақтайды. Бұл мәселені шешу үшін ересек топтағы балаларға дамытушылық іс-әрекеттердің барлық түрлерінде қарқынды жұмыс қажет.

Анықтаушы экспериментті зерттеудің іс-әрекеттік компоненті бойынша "Мүсін" әдістемесі жүргізілді.

*«Мүсін» әдістемесі. Мақсаты:* креативті қабілеттердің деңгейін, қиялдың көріністерін анықтау.

*Мазмұны:* Балаға саз балшық жинағы беріледі және 5 минут ішінде қандай да бір мүсін жасау тапсырылады.

Қиялды психодиагностикалау әдістемесінде баланың қиялының дамуы оның суреті, әңгімесі арқылы бағаланады. Берілген таңдау осы жастағы балаға тән көрнекі-қимылды, көрнекі–бейнелі және сөйлемде логикалық ойлау түрлерін анықтайды. Баланың қиялы шығармашылық әрекеттерге сәйкес толық көрінеді.

Баланың қиялы алдыңғы әдістемелер сияқты 0 ден 10 ұпайға дейін бағаланады.

0-1 ұпай – егер тапсырманы орындауға берілген уақытта (5 мин) ештеңе ойлап таба алмаса және қолымен жасай алмаса қойылады.

2-3 ұпай – саз балшықтан өте қарапайым бір нәрсені ойластырып және илеу. Мысалы: шарик, таяқша, төртбұрыш және т.с.с.

4-5 ұпай – ол салыстырмалы түрде қарапайым мүсін жасайды, бөлшектер екі-үшеуден аспайды.

6-7 ұпай – ерекше бір нәрсені ойлап тауып, қиял ұшқырлығымен ерекшеленеді.

8-9 ұпай – ойлап тапқан заты жақсы, бірақ ұсақ бөлшектерді жасау ескерілмеген.

10 ұпай – ойлап тапқан заты керемет, ұсақ –түйектері орындалған және жақсы суретшілік талғаммен ерекшеленген.

Даму деңгейінің қорытындысы: 8-10 ұпай – жоғары, 4-7 ұпай – орташа, 2-3 ұпай – төменгі деңгейді білдіреді.

*«Топтарға бөл»* әдістемесі. *Мақсаты:* ойлау деңгейлерін анықтау, баланың бейнелік – логикалық ойлауын бағалау. Балаға төмендегі суретте берілген бейнені көрсетеді және келесі тапсырманы ұсынады:

«Суретке назар аударып қара және онда берілген пішіндерді мүмкіндігінше көп топтарға бөл. Топқа бір ортақ белгісі бар пішіндер кіруі

керек. Әр топқа кіретін пішіндерді және олардың ортақ белгілерін ата». Тапсырманы орындауға 3 минут уақыт беріледі.

*Бағалау нәтижесі*

10 ұпай – Бала барлық пішін топтарын 2 минуттан аз уақыт аралығында ажыратады. Мұнда үшбұрыштар, дөңгелектер, төртбұрыштар, ромбылар, қызыл түсті пішіндер, көк түсті пішіндер, сары түсті пішіндер, үлкен және кішкентай пішіндер топтары болуы мүмкін.

*Ескерту.* Бір пішін жіктеу кезінде әртүрлі топтарда қайталанып келуі мүмкін.

8-9 ұпай – бала барлық топ пішіндерін 2,0 минуттан 2,5 минут, 6-7 ұпай – бала барлық топ пішіндерін 2,5 минуттан 3,0 минут аралығында бөліп ажыратады. 4-5 ұпай – 3 минуттың ішінде бала тек қана 2 немесе 3 топ пішіндерін, 0-1 ұпай – 3 минутта бала 1 ғана топ пішіндерін бөліп ажыратты.

*Даму деңгейінің қорытындысы:* 8-10 ұпай – жоғары, 4-7 ұпай – орташа, 2-3 ұпай – төменгі деңгейді білдіреді.

«*Топтарға бөл*» әдістемесі. Мақсаты: ересек топтағы балалардың қиял деңгейін анықтауға арналған. Нұсқау: «Берілген суреттегі пішіндерді түсіне және түрлеріне қарай (мысалы: үшбұрыш, төртбұрыш т.б) топтастыр» (23-сурет).



Сурет 23 - Әдістемелік ынталандыру материалы «Топтарға бөл»

*Қорытынды нәтиже*

Берілген суреттегі 4 пішінді толық белгілері бойынша топтастыру - 10 ұпай. Тек түсі және түрлері бойынша 3 пішінді топтастыру - 8 ұпай; 2 пішінді ғана топтастыру - 6 ұпай; түсі бойынша екі пішінді, түрі бойынша біреуін топтастыру - 4 ұпай; түсі бойынша ғана топтастыру - 3 ұпай және одан да

төмен (24-кесте, 24-сурет).

Кесте 24 - Анықтаушы эксперименттің іс-әрекеттік компоненті бойынша зерттелуші топтарға жүргізілген «Мүсін» мен «Топтарға бөл» әдістемелерінің нәтижелері

| Әдістемелер | Өлшемдері | Топ | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ж | О | Т |
| «Мүсін» әдістемесі | Белсенділік, дербестік, батылдық | ЭТ (52) | 12 (23%) | 18 (35%) | 22 (42%) |
| | | БТ (50) | 7 (14%) | 19 (38%) | 24 (49%) |
| "Топтарға бөл" әдістемесі | | ЭТ (52) | 14 (27%) | 18 (35%) | 20 (38%) |
| | | БТ (50) | 14 (28%) | 17 (34%) | 19 (38%) |




Сурет 24 - Анықтау экспериментінің «іс-әрекеттік» компоненті бойынша нәтижелерінің диаграммасы

Диаграммада көріп отырғанымыздай, анықтау экспериментінің «іс-әрекеттік» компоненті бойынша балалардың дербестік, батылдық, белсенділігін талдау барысында деңгейлерінің орташадан төмен екенін көреміз. Сонымен, эксперименттік топта «Мүсін» әдістемесі бойынша 42%, ал БТ 50% -да деңгейлерінің төмендігін көрсетті. Олар көптеген шығармашылық жұмыстардың шынайы мағынасын түсінбейді. Көбінесе шығармашылық жұмыстарда балалар батылсыз, дербестіктерінің төмен болуынан үлкендермен «бірлескен танымдық диалогтық іс-әрекеттердің» (С.М. Жақыпов) керек екендігін, ересектердің көмегіне мұқтаж екенін көрсетті. Белсенділіктерінің жоғары деңгейін көрсеткен балалар ЭТ 23%, ал БТ 28% көрсетті. "Топтарға

бөл" әдістемесі бойынша ЭТ 38%-ды, БТ 38% орташадан төмен деңгейді көрсетті.

Креативтік әлеуетіне қатысты әрекет түрлерінде белсенділіктері, креативті тапсырмаларды өз бетінше шешу деңгейі орташадан төмен көрсеткішті көрсетті. Кейбір балалар шығармашылық жұмыста ересектердің көмегі қажет екенін көрсетті.

Балаларға жүргізілген «Мүсін» мен «Топтарға бөл» әдістемелерінің нәтижелерін талдау барысында балалардың шығармашылыққа деген құштарлығын, әртүрлі креативті тапсырмаларды орындауды, бірақ соның ішінде бейнелеу іс-әрекеттерінің түрлерін (саз балшық, сурет салу, жапсыру т.б.) ұнататынын көрсетті. Мектепке дейінгі ұйымдарда қйымдастырылған іс-әрекеттерден тыс уақытта шығармашылықпен өз бетінше айналысуды қалайтын балалар туралы да айту керек. Осының барлығы тәрбиешінің жұмысында балаларды қызықтыратын іс-әрекеттерге көбірек көңіл бөлуі, нақты тапсырманы (сурет салу, мүсіндеу) орындау кезінде шығармашылық және ынтымақтастық атмосферасын құру қажеттігін көрсетеді.

Бұл зерттеу нәтижелерінен алынған көрсеткіштер ЭТ және БТ-дағы балалардың іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеует белсенділігі мен дербестігінің, шығармашылық ойлауының әлі де жеткілікті дамымағандығын көрсетті.

Анықтаушы эксперименттің іс-әрекеттік компоненті бойынша ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын технологияларына контент-талдау әдісі жүргізілді, алғашқы тәжірибелік мәліметтер алынды. Қабылдау, ойлау түрлерін, қиялдау, есте сақтау, сөйлеу, зейін үдерістері; ақыл-ой, шығармашылық қабілеттері; әңгімелеу, санау, сурет салу,ән салу, билеу; заттарды өлшеміне, пішініне, түсіне, орналасуына қарай жіктеу, бүтінді бөліктерге бөлу, бөліктерді «ойша» қайта жинау, кеңістіктік ойлау; шығармашылық қиялды, фантазияны; мидың қызметін белсендіру, зейінді шоғырландыру, ми жарты шарларының қызметін үйлестіру, ақпаратты есте сақтау, бір әрекеттен екіншісіне жылдам ауысу, қимыл координациясын, ұсақ және ірі моториканың және т.б. даму деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Осы орайда, анықтаушы эксперименттің іс-әрекеттік компоненті бойынша диагностикалау мақсатында ересек топтағы балалардың ойын іс-әрекеттерін бақылау мақсатында ойын технологиялары арқылы креативтік әлеуетін дамыту тәсілдерін анықтау болды.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту деңгейін анықтау үшін балаларға ойын технологияларын ұйымдастырып, жиі қолданылған кейбір ойын тәсілдеріне *контент-талдау* әдісімен кездесу жиілігін анықтауға мүмкіндік берді (25, 26-кесте).

Кесте 25 - ЭТ бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын тәсілдеріне *контент-талдау* әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері

| Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын тәсілдері | Кездесу жиілігі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылық қиял | Жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы | дербестік, бастамашылдық, мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелер береді. | қолдың ұсақ моторикасы | талдау, салыстыру,жалпылау және қорытынды жасау қабілеттері | Белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі | Өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру | Белгісіз бір мәселені шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау) |
| «Дамытушы ойындар» (ӨТШТ элементтері бар ойындар) | 5 | 5 | 6 | 8 | 3 | 5 | 8 | 4 |
| «Шығармашылық ойындар» | 4 | 2 | 10 | 5 | 2 | 6 | 5 | 2 |
| «Ережеліойындар» | 3 | 5 | 3 | 6 | 5 | 3 | 4 | 5 |
| «Ұлттық ойындар» | 4 | 5 | 5 | 7 | 5 | 4 | 5 | 6 |
| «Фокалды нысандар» ойыны | 5 | 5 | 5 | 4 | 4 | 3 | 4 | 4 |
| ώ% | 0,40 % | 0,42% | 0.55 % | 0.57 % | 0.36 % | 0,40 % | 0,50 % | 0,40 % |

Кесте 26 - БТ бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын тәсілдеріне *контент-талдау* әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері

| Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын тәсілдері | Кездесу жиілігі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылық қиял | жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы | дербестік, бастамашылдық, мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелер береді. | қолдың ұсақ моторикасы | талдау, салыстыру,жалпылау және қорытынды жасау қабілеттері | белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі | өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру | белгісіз мәселенің шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| «Шығармашылық ойындар» | 7 | 2 | 10 | 5 | 2 | 6 | 5 | 2 |
| «Ережелі | 6 | 5 | 3 | 6 | 5 | 3 | 4 | 5 |

26-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Ұлттық ойындар» | 7 | 16 | 5 | 7 | 15 | 4 | 18 | 17 |
| ώ% | 0,4% | 0,4% | 0,36% | 0,36% | 0,44% | 0,26% | 0,54% | 0,48% |

Анықтаушы экспериментте ЭТ-на қатысқан балалардың іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеуетінің даму деңгейін ойын іс-әрекеттері арқылы бақылау мақсатында, кретативтік әлеуетін дамытуды ұйымдастыру әдістерінің кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері шығармашылық қиял 0,40%, жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы 0,42% , «белгісіз мәселенің тиімді шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау» 0,40% құрады. Талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттері 0,36% құрайды. «Өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру» 0,50%-ын қамтыды.

Анықтаушы экспериментте БТ-на қатысқан балалардың іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеуетінің даму деңгейін ойын іс-әрекеттері арқылы бақылауда шығармашылық қиял 0,40% құрады, жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы 0,46% «белгісіз мәселенің тиімді шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау» 0,48%, талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттері 0,44%-ды құрайды. «Өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру» 0,54%-ды қамтыды.

Бұл зерттеу нәтижелерінен алынған көрсеткіштерден ЭТ және БТ-дағы балалардың іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеуеті мен шығармашылық ойлауының әлі де дамымағандығын байқауға болады.

Анықтаушы экспериментті зерттеудің рефлексиялық – бағалау компоненті бойынша балалардың креативті әлеуетінің қалыптасуына әсер ететін, өзінің және өзгелердің іс-әрекетін бағалай алу деңгейін анықтау мақсатында В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесі және Де Греефенің «Де Грееф сынақтары» әдістемелері қолданылды. Өзара бірлескен іс-әрекеттік қарым-қатынас саласындағы өзінің және өзгелердің іс- әрекетін бағалай алуы өз ұстанымын жүзеге асырумен қатар, өзіне және өзгелерге талапшылдығы, нәтижені бағалаушылығы, ойын айтудағы еркіндігі, өзіне сенімділігінің деңгейлерін анықтауға да мүмкіндік береді.

В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесін пайдалану негізінде, баланың өзін-өзі және басқалардың өзін қалай бағалайтынын байқауға мүмкіндік береді. Осыған орай, барлық балаларға 7 сатыдан тұратын баспалдақ сызылған парақтар ұсынылды. Балаларға ең жоғарғы сатыда ең жақсы балалар тұрғаны, 6-шы және 5-ші сатыда жақсы, 4-ші сатыда жақсы да, жаман да емес, 3-ші және 2-ші сатыда нашар, ал төменгі сатыда ең нашар балалар тұратыны түсіндірілді. Содан кейін топтағы балаларға ойлану және осы баспалдақтардың біріне өздерін қою ұсынылды. Әр балаға сатыдағы орынды түсінуі өте маңызды, сондықтан нұсқаулық бірнеше рет қайталанды. Әр бала өздерін белгілі бір

деңгейге қойып бағалауы мұқият түсіндірілді. Өздерін дәл қазір емес, өмір бойына бағалау, баспалдақтар әдістеме орындалатын күнді ғана емес, барлық күндерді көрсететіні айтылды. Субъект қай деңгейді таңдауына байланысты оның өзін-өзі адекватты, төмен немесе асыра бағаланғанын көрсетеді. Егер бала өзін 7-ші және 6-шы сатыға қоятын болса, онда оның өзін-өзі бағалауы жоғары деуге болады. Егер 5-сатыда өзін-өзі бағалау адекватты (тұрақты) болса, 4-сатыда баланың өз бағасын жоғалтқаны, 3-ші және 2-ші сатыда өзін-өзі бағалаудың төмендігін, ал төменгі сатыда болса өте төмен екендігін көрсетеді. Екі топта да балалар тапсырманы тез әрі қызығушылықпен орындады. Олар өзін ең жоғары (немесе жоғары) деңгейге қою үшін қаншалықты жақсы (немесе жаман) болу керектігі туралы сұрақтар қойды.

Рефлексиялық – бағалау компоненті бойынша Де Греефенің «Де Грееф сынақтары» әдістемесі өзін-өзі бағалаумен қатар, баланың өзгелерді қалай бағалайтыны туралы ой-пікірлер жүйесін анықтауға мүмкіндік береді. Балалар өзінің қаншалықты ақылды, жақсы екенін анықтауға және айналасындағыларды (тәрбиешісі мен досын) салыстыруға мүмкіндік алды. Балаларға түрлі-түсті үш шеңбері бар парақтар таратылды. Жасыл шеңберге баланың өзін, қызыл түс – тәрбиешіні, көк түс – құрбы-құрдастарын немесе досын көрсететіні түсіндірілді. Балаларға ойланып ең ақылды және жақсыны анықтау керектігі айтылды. Ол үшін әр шеңберден төмен қарай сызық түсіру керек. Кім жақсы болса, ұзын сызыққа ие болады, ең нашар болса, ең қысқасы болады. Бұл әдістеменің көмегімен баланың өзін, сонымен қатар басқаларды рефлексивті бағалауын көрсетілді. Бала тәрбиешінің сызығы ең ұзыны, өзі мен досыныкі бірдей болса ең жақсы нұсқа ретінде қарастырылды.

Анықтаушы экспериментте рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша ересек топтағы балалардың өзінің жәнеөзгелердің іс-әрекетін бағалай алу деңгейлерін диагностикалау мақсатында жүргізілген В.Г. Щурдың «Баспалдақ» және Де Греефенің «Де Грееф сынақтары» әдістемелерінің нәтижелері төменде бейнеленген (27-кесте, 25,26-сурет).

Кесте 27 - Анықтаушы эксперимент барысындағы рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша В.Г. Щурдың «Баспалдақ» және Де Греефенің «Де Грееф сынақтары» әдістемелерінен алынған нәтижелері

| Әдістемелер | Зерттеу өлшемдері | Топ | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ж | О | Т |
| В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесі | Өзін және өзгелердің іс-әрекетін бағалау, еркіндік, сенімділік | ЭТ (52) | 13(25%) | 18 (35%) | 21 (40%) |
| | | БТ (50) | 12 (24%) | 17 (34%) | 21 (42%) |
| Де Греефенің «Де Грееф сынақтары» әдістемесі | Өзін және өзгелердің іс-әрекетін бағалау, еркіндік, сенімділік | ЭТ (52) | 11 (21%) | 16 (31%) | 25 (48%) |
| | | БТ (50) | 10 (20%) | 15 (30%) | 25 (50%) |




Сурет 25 - Анықтау экспериментінің рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесі нәтижелерінің диаграммасы




Сурет 26 - Анықтаушы эксперимент барысында рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша алынған Де Грееfенің «Де Грееф сынақтары» әдістемесі нәтижелерінің диаграммасы

В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесінің нәтижесінде ЭТ-да 13 баланың (25%) өзін-өзі жеткілікті бағалағанымен (5-6 саты), топтағы 21 бала (40%) өзін-өзі төмен бағалады. Мәселен, БТ-да 17 бала 34% орташа, 21 бала 42% төмен көрсеткіш көрсетті. Барлық бала байланыс орнатуға дайын емес, соның ішінде ЭТ-да 5-еуі өз таңдауын түсіндіруден бас тартты, өте ұстамды және үнсіз болды, 16 бала бұл таңдауын мінез-құлқының нашарлығымен түсіндірді. Бұл балалар өз ортасында жақсы болғысы келеді, бірақ олар креативтік әлеуеттерін қалай көрсету керектігін білмейді. Мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі бағалауы көбінесе ересек адамның бағалауына байланысты болады. Төмен бағалау жағымсыз әсер етеді, ал асыра бағаланғандар балалардың өз креативті

мүмкіндіктері туралы түсініктерін нәтижені асыра көрсету бағытында бұрмалайды. Бірақ сонымен бірге олар іс-әрекетті ұйымдастыруда, баланың күшін жұмылдыруда жағымды рөл атқарады.

Бақылау тобында өзін-өзі асыра бағалау 12 адамда (24%) тіркелген, 17 адамда адекватты (34%), 21 балада (42%) төмен бағаланған. В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесі екі топта да жоғары бағалаудың бар екенін және адекватты өзін-өзі бағалаудың да орташадан төмен екенін көрсетті. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері 28-кесте мен 23-суретте көрсетілген.

Анықтаушы эксперименттің *төртінші зерттеу кезеңінде* Де Греефенің өзін-өзі бағалауын тексерудің қарапайым әдістемесі болып табылатын «Де Грееф сынақтары» арқылы зерттеулер жүргізілді. Әдістемені өткізбес бұрын балалармен «Жақсы және жаман балалардың мінез-құлқының айырмашылығы неде?» тақырыбында әңгіме өткізілді.

«Де Грееф сынақтары» зерттеу әдістемесінің нәтижелері эксперименттік топтағы балаларда өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы басым екенін көрсетті. 21% - 11 бала өзін тәрбиешімен тең дәрежеде көрсетті. 16 бала - 31% өз шеңберінен және тәрбиешінің шеңберінен түсетін сызықтарды бірдей етіп сызды. 25 бала-48% өздерінің сызығын тәрбиешінікінен сәл қысқа етіп сызды, бірақ бұл балалардың барлығы достарының сызығын өте қыса етіп белгіледі.

Бақылау тобында «Де Грееф сынақтары» зерттеу әдістемесінің нәтижелеріне сүйене отырып, балалардың ішінен 15 бала (30%) адекватты деңгейде, 10 бала (20%) жоғары, 25 бала (50%) төмен бағаланған деген қорытынды жасауға болады.

Әдістеме өтілгеннен кейін сөйлескенде, балалардың біразы басқалармен салыстырғанда өздерін мықты деп есептейтіні, өздерінде жоқ қасиеттерді иеленіп, кемшіліктерін байқамайтыны білінді. Екі әдістеменің нәтижесінде креативтік әлеует тұрғысынан өздігінен талдап, рефлексиялай алмады және бағалау мен өзіндік бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік, дағдылар, қимыл-қозғалыс жиынтығы төмен қалыптасқандығын көрсетеді.

Эксперименттің анықтау кезеңінде диагностикалық зерттеу жүргізгеннен кейін екі топтың едәуір бөлігінде креативті әлеуетінің даму деңгейінің төмендігін анықтадық. Топтардың креативтілік әлеуеті мен танымдық үрдістер, іс-әрекеті компоненті мен рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерінің деңгейі тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін Стюъдент критериі пайдаланылды. Жүргізілген зерттеуден алынған алғашқы эмпирикалық мәліметтерге сүйене отырып, төмендегідей статистикалық болжам құрамыз.

$H_0$: Креативтік әлеуетке қызығушылықтың деңгейі бойынша екі топтың арасында мәнді айырмашылықтар жоқ.

$H_1$: Креативтік әлеуетке қызығушылықтың деңгейі бойынша екі топтың арасында мәнді айырмашылықтар бар.

Екі топтың арасында мәнді айырмашылықтардың бар жоғын Стъюдент (t) критерийі бойынша анықтауға болады. Формула бойынша Стъюдент критерийінің $t_{эмп}$ мәнін анықтау.

$$t = \frac{\overline{X}_1 - \overline{X}_2}{\sqrt{\frac{s_1^2}{n_1} + \frac{s_2^2}{n_2}}}.$$

Эксперименттік және бақылау топтарында креативтік әлеуетін анықтау тесті бойынша жүз екі баланың креативтік әлеуетінің даму деңгейлері тексерілді. Алынған орташа мәндер айтарлықтай ерекшеленбеді, бірақ бізді осы екі топтар арасындағы креативтік әлеуеті көрсеткіштерінің біртектілік дәрежесінде айырмашылықтар бар ма деген сұрақ қызықтырды.

Екі зерттеу тобы мәліметтері арасындағы айырманы Стъюдент критериі орта мәндерін салыстыру арқылы, екі топтың арасындағы мәнді айырманың болуын немесе болмауын статистикалық түрде анықтап береді. Осыған орай, Стъюдент критерийі үшін екі топтағы тесттің алынған жалпы ұпайларының дисперсиясын және орта мәндерін салыстырамыз. Тест нәтижелері кестеде көрсетілген (28-кесте).

Кесте 28 - Эксперименттік және бақылау топтарының креативтік әлеуетін анықтау тестінің нәтижелері

| №1 | ЭТ n=52 | $X_i - \overline{X}_1$ | $(X_i - \overline{X}_1)^2$ | № | БТ n=50 | $У_i - \overline{M}_2$ | $(У_i - \overline{X}_2)^2$ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | 10 | 2,83 | 80,0 | 1 | 10 | 3,78 | 7,56 |
| 2 | 9 | 18,3 | 33,4 | 2 | 9 | 2,78 | 5,56 |
| 3 | 9 | 18,3 | 33,4 | 3 | 8 | 1,78 | 3,56 |
| 4 | 8 | 0,83 | 0,68 | 4 | 8 | 1,78 | 3,56 |
| 5 | 8 | 0,83 | 0,68 | 5 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 6 | 7 | 0,17 | 0,02 | 6 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 7 | 7 | 0,17 | 0,02 | 7 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 8 | 7 | 0,17 | 0,02 | 8 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 9 | 7 | 0,17 | 0,02 | 9 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 10 | 7 | 0,17 | 0,02 | 10 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 11 | 7 | 0,17 | 0,02 | 11 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 12 | 7 | 0,17 | 0,02 | 12 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 13 | 7 | 0,17 | 0,02 | 13 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 14 | 8 | 0,83 | 0,68 | 14 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 15 | 8 | 0,83 | 0,68 | 15 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 16 | 8 | 0,83 | 0,68 | 16 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 17 | 8 | 0,83 | 0,68 | 17 | 5 | -1,22 | 0,04 |
| 18 | 8 | 0,83 | 0,68 | 18 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 19 | 8 | 0,83 | 0,68 | 19 | 5 | -1,22 | 0,04 |
| 20 | 7 | 0,17 | 0,02 | 20 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 21 | 6 | -1,17 | 1,36 | 21 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 22 | 6 | -1,17 | 1,36 | 22 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 23 | 6 | -1,17 | 1,36 | 23 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 24 | 6 | -1,17 | 1,36 | 24 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 25 | 7 | 0,17 | 0,02 | 25 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 26 | 7 | 0,17 | 0,02 | 26 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 27 | 7 | 0,17 | 0,02 | 27 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 28 | 6 | -1,17 | 1,36 | 28 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 29 | 6 | -1,17 | 1,36 | 29 | 6 | -0,22 | 0,04 |

28 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 30 | 6 | -1,17 | 1,36 | 30 | 5 | -1,22 | 0,04 |
| 31 | 6 | -1,17 | 1,36 | 31 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 32 | 7 | 0,17 | 0,02 | 32 | 5 | -1,22 | 0,04 |
| 33 | 7 | 0,17 | 0,02 | 33 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 34 | 7 | 0,17 | 0,02 | 34 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 35 | 6 | -1,17 | 1,36 | 35 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 36 | 6 | -1,17 | 1,36 | 36 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 37 | 7 | 0,17 | 0,02 | 37 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 38 | 6 | -1,17 | 1,36 | 38 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 39 | 6 | -1,17 | 1,36 | 39 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 40 | 6 | -1,17 | 1,36 | 40 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 41 | 6 | -1,17 | 1,36 | 41 | 6 | -0,22 | 0,04 |
| 42 | 7 | 0,17 | 0,02 | 42 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 43 | 7 | 0,17 | 0,02 | 43 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 44 | 6 | -1,17 | 1,36 | 44 | 7 | 0,78 | 0,61 |
| 45 | 6 | -1,17 | 1,36 | 45 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 46 | 6 | -1,17 | 1,36 | 46 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 47 | 6 | -1,17 | 1,36 | 47 | 5 | -1,22 | 1,48 |
| 48 | 6 | -1,17 | 1,36 | 48 | 4 | -2,22 | 4,92 |
| 49 | 6 | -1,17 | 1,36 | 49 | 4 | -2,22 | 4,92 |
| 50 | 6 | -1,17 | 1,36 | 50 | 4 | -2,22 | 4,92 |
| 51 | 6 | -1,17 | 1,36 | | | | |
| 52 | 6 | -1,17 | 1,36 | | | | |
| ∑ | 372 | | 231,48 | ∑ | 309 | | 1090,032 |
| $\overline{M}_1$ | 7,15 | | | $\overline{M}_2$ | 6,05 | | |
| D | | | 5,59 | | | | |
| $□_1^2$ | | | 9,02 | $□_2^2$ | | 7,26 | |
| | | | | | | | |

$\bar{x}$ , $\bar{y}$ — эксперименттік және бақылау топтарындағы орташа арифметикалық мәндері, X және Y айнымалылары үшін дисперсиялары мен орта мәндерін есептеп, біз мынаны аламыз: $\sigma_1^2=9,02;\ \sigma_2^2=7,26$

$\sigma_x^{2}$- стандартты ауытқу

$S_1^2$ $S_2{}^2$- әр таңдау тобының стандартты ауытқуы

$\overline{X}_1\ \overline{X}_2$ – әр таңдау тобының орта мәндері

$S_1^2 = \frac{228,76}{51-1} = 4,57$ $\qquad S_2^2 = \frac{1773}{49-1} = 24,4$

$$t = \frac{\overline{X}_1 - \overline{X}_2}{\sqrt{\frac{s_1^2}{n_1} + \frac{s_2^2}{n_2}}}.$$

$$t = \frac{7,17+6,22}{\sqrt{\frac{4,57}{51}+\frac{24,4}{49}}} = \frac{1,339}{1,135} = 1,18$$

$t_{эмп} = 1,18$

Енді критерийлердің шеткі мәндері $n_1 = 52$ $n_2=50$ үшін шеткі мәндерін табамыз. Критерийдің қосымшасы бойынша $f = n_1+n_2 - 2 = 100$ мәні үшін шеткі

көрсеткіштер

$t_{крит} = \begin{cases} 1,982 & p \leq 0,05 \\ 2,625 & p \leq 0,01 \end{cases}$

$t_{эмп} = 1,18$

$$\text{"1982 } p \leq 0,05 \qquad t\text{эмп} = 1,18 \qquad 2,625\ p \leq 0,01\text{"}$$

$t_{эмп}$ мәні аралық зонада орналасқандықтан, $H_0$ нольдік болжамы шеттетіледі, бірақ әлі де $H_1$ жұмыс болжамын толық сенімділікпен қабылдай алмаймыз. Екі топ көрсеткіштерінің орта мәндерінің арасында белгілі бір айырманың бар екендігі анықталды, енді одан әрі жетікіліктілігін нақтылау үшін тағы да зерттеу жүргіземіз. Өйткені, анықтау экспериментінен алынған тәжірибелік мәліметтер бойынша топтардың креативтік әлеует деңгейі тұрғысынан айырмашылығы бар екендігі анықталады, бірақ осы айырмашылықтың статистикалық мәнді екенін қазірше толық сенімділікпен айта алмаймыз, яғни мұндай жағдайда зерттеу жалғаса түседі.

Осылайша, тұрақты эксперимент барысында алынған нәтижелер біздің ересек топтағы балалардың креативтік әлеуетінің деңгейін арттыруға ықпал ететін тәрбие міндеттерін, әдістері мен тәсілдерін анықтауымызға әсер етті. Осыған орай, диагностикалық әдістермен қатар балалардың креативтік әлеуетін дамытудың мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерін арнайы әзірленген «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың» бейімделген бағдарламасы, креативтік ойындарды ұйымдастырудың алгортмі негізінде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің ойын арқылы жоғары деңгейде дамуына жағдай жасап, зерттеуді жалғастырамыз.

Жалпы, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие-білім беру үдерісінде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың бейімделген бағдарламасы, «100 креативті ойын» жинағы, креативтік ойындарды ұйымдастырудың алгортмі, авторлық этнографиялық «Зергер» ойынынан тұратын әдістемелік кешен әзірленді. Бұл келесі параграфта, яғни мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды кешенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

## 3.2 Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту технологиялары

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту технологияларына кіріспес бұрын «технология» ұғымын нақтылап алайық.

Г.К. Селевконың пікірінше, технология - ғылыми негізде құрылған, уақыт пен кеңістікке сай бағдарламаланған әрі күтілетін нәтижеге әкелетін

педагогикалық үдерістің барлық компоненттерінің қызмет ету жүйесі [366].

Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау, жобалау, зерттеу әрекеті, ақпараттық-коммуникациялық, ӨТШТ (ТРИЗ), ойын, квест, геймификация, тұлғаға бағытталған, авторлық, толықтырылған шынайылық және тағы басқа бағыттар бойынша «Step by step», «Дж. Кюйзенер санау таяқшалары», «З.П. Дьенеш логикалық блоктары», «Монтессори технологиясы», «Б.П. Никитиннің дамытушы ойындардың кешенді технологиясы, «Н.А. Зайцевтің текшелер жинағы», «В.В. Воскобовичтің ойын технологиясы», «В.В. Финкельштейннің математикалық планшеті», «А.А. Гиннің ТРИЗ педагогикасының ойындары», «С.Л. Новоселова, Е.В. Зворыгина, Г.П. Петка компьютерлік ойын кешені» және т.б. технологиялардың түрлері қолданылуда.

Жумабаева З.Е., Түшіген Г.Б. мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау технологиясы жайлы айта келе, «Жобалау технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетін жобалау мен оның субъекті бола алуы. Жобалаудың тәжірибелік педагогикалық әдісі балалардың жан-жақты дамуына ықпал жасайды. Жобалау технологиясын қолдану арқылы шығармашылық қабілетін дамытудың тиімділігін арттыруды қажет етеді»- деп тұжырымдайды [99].

Зерттеу жұмыстарынан байқап отырғанымыздай бұл технологиялардың дені ойын технологиялары негізінде жүргізіледі.

М.М. Иманбеков, С.М. Абылайхан «Ойын технологияларының мақсаты: баланы тұлға ретінде дамыту, бойында кейіннен оның әлеуметтік тәжірибесінің табысқа жетуіне байланысты болатын психикалық жақтарын, ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру, өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолдарын үйрету. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді» - деп көрсетеді [367] .

Бұдан ойын технологияларының мақсаттарының өзі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытудың мақсат-міндеттерімен мазмұндас екенін, ойын технологияларының мақсаттарына жете отырып, нәтижесінде креативтік әлеуеті дамыған бала тұлғасына қол жеткізетінімізді байқаймыз.

Креативтілік ойлаудың ерекше алгоритміне, ойлау әдісіне, жақсы нәтижеге жеткізетін технологияларға негізделетіндіктен, ойын технологиялары ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда таптырмас құрал бола алады.

Н.И. Непомнящая «Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісі ойын арқылы ұйымдастырылады. Бұл шарт мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіне қойылатын талап ретінде әрекет етеді, мұнда жеке тұлғаның шығармашылық дамуы міндеті бірінші кезекке қойылады. Баланың креативтік әлеуетін дамыту балаға өз тәжірибесін байытуға және қоршаған әлемді өзгертуге тырысуға мүмкіндік береді» - дейді [368].

Ғалым ары қарай «ойынның көп түрлілігі ересек жастағы балалардың жеке басының шығармашылық дамуына түрткі болады. Оның мәні әр баланың креативтік әлеуетін ашу үшін ойынның құрылымдық бөліктерін өз бетімен

өзгерте алатындығында, яғни, баланың ойын әрекеттерін түрліше өзгертуі белгілі бір ерік күшін, қиялдауын, креативті ойлау қасиеттерін қажет етеді. Балалар ережелерді өзгертіп, ойынға жаңалықтар енгізіп, басқа түрлерін ойлап тауып, өзгеше нұсқалар іздейді. Ойын формасына ерекше ертегі не фантастикалық элементтерді қосу балалардың ертегілерге деген сүйіспеншіліктен, қиялға құмарлықтан байқалатын, үйреншікті, кәдімгі жағдайлардың шеңберінен шығуға ұмтылуына үйлесетін нақты мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді» - деп жазады [368, 144 б.].

Осыған орай, қалыптастырушы эксперимент барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойлауын, қиялдауын, сөйлеуін дамытуда фантастикалық элементтерді немесе қиял нәтижелерін қоса отырып құрастырылған төмендегі ойын әдістерінің тиімді екендігін көреміз.

Ф. Кунце ойлап тауып, Ч. Вайтинг жетілдірген фокалды нысандар әдісі [213] бойынша «Банан» ойыны құрастырылып ойнатылды.

*Ойынның мақсаты:* Фокалды нысан әдісін қолдана отырып, ойлануға, қиялдауға, басқа нысанның белгілері арқылы жаңа нәрсе ойлап табуға үйрету, ерекше банандардың суретін салдыра отырып дәстүрден тыс шешім қабылдауға баулу.

*Ойын барысы:*

1. Фокалды нысан ретінде банан алынды.
2. Бананға еш ұқсастығы жоқ 3 зат: машина, бұлт, гүл таңдап алынды.
3. Машина, бұлт, гүлдің қандай болатыны сипатталды. Мысалы, машина ақ, қара, үлкен, темір, жүреді, дыбыстайды, бұлт көгілдір, мақта сияқты, гүл хош иісті, түрлі-түсті, күлтешелері бар.
4. 3 затқа берілген сипаттамалар шетінен бананға телінді. Машина ақ, қара, үлкен, жүреді десек, банан ақ, қара түсті немесе темір болса, жүре алатын банан болса, машина сияқты үлкен банан болса қалай болатынын елестетулері сұралды.
5. Келесі зат - бұлттың сипаттамалары бананға берілді. Егер де банан көгілдір түсті, мақта сияқты жұмсақ және пішіні бұлттыкі тәрізді болса, қандай банан болған болар еді деген сұрауға жауап ала отырып, пікірлерін білдік.
6. Таңдап алынған үшінші зат - гүлдің қасиеттерін бананға беріп көрді. Гүл сияқты түрлі-түсті банандар болса ше, егер пішіні, түсі райхан гүлі сияқты, бірақ жесең дәмі банан болса, қалай болар еді деген сұрауларға балалардың жауаптары тыңдалды.
7. Педагог балалардың жауаптарын тыңдай отырып, бәрі бірге қорытынды жасады және балаларға түрлі-түсті банандардың суретін салды.

Балалар ойын барысында ерекше сезімде болды, қиялдарына ерік беріп, түрлі шығармашыл пікірлер білдірді, әсіресе, бананның машина сияқты дыбыс шығаруы немесе бұлт секілді көгілдір түсті болуының мүмкін екендігі таң қалдырды және түрлі-түсті банандардың суретін қызыға салды.

Фокалды нысандар әдісінің мәні өзге объектілердің қасиеттерін басты назарда тұрған нысанға аудару арқылы жаңа сипатты зат ойлап табу болып табылады. Саналы түрде ерекшелігіне назар аудармай жоққа шығаратын шешімдерді күтпеген жағдайда қабылдауға мүмкіндік береді. Кездейсоқ пайда

болған ойлар жаңа шығармашылық идеялар мен шешімдерге жетелейді. Сондықтан да бұл әдіс мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің дамуына көп үлкен үлес қосты.

Д. Родари фантазияның белгілі комбинаторлық техникасын сипаттап, оған *«Қиял биномы»* деген ат берді. Балалар суреттерді, ойыншықтарды көріп отырып, бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі затты таңдайды. Сол таңдалған заттар туралы өз ойларынан әңгіме, ертегі құрастырады. Автор кітабында «ит пен шкаф», «жарық пен бәтеңке» жұптарына құрылған әңгімелерді баяндайды [369].

Эксперимент барысында Д. Родари әдісі негізінде құрастырылған *«Қиял биномы»* атты ойын пайдаланылды.

*Ойын мақсаты:* балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын, тілін дамыту, дербес әрекет етуге үйрету.

*Ойын барысы:* Балалар кітап суреттерін, айналасындағы заттарды, ойыншықтарды көріп отырып, бір-біріне ұқсамайтын екі затты таңдайды. Мысалы, мынадай сөз жұптарын ұсынуға болады: қасқыр мен бала, қоян мен қызанақ, орындық пен гүл, ит пен дәптер т.б.

«Қасқыр мен бала» жұбын бір-бірімен байланыстыра отырып, тақырыпты қасқырдың баласы, баланың қасқыры, қасқырдың үйіндегі бала деп деп түрлендіріп алып, қызықты әңгімелер құрастыру тапсырылды.

Әйгерімнің құрастырған әңгімесі: *«Баланың қасқыры»*

*Ауылда бір мейірімді бала болыпты. Ол достарымен орманға қыдыруға барып, қайтарда күшік тауып алыпты. Ол күшікті үйіне әкеліп, тамақтандырып, бақты. Үлкен кісілер оның «қасқырдың бөлтірігі» екенін айтты. Күшік өсе келе қасқырға ұқсай бастады. Бала оны үнемі қасынан тастамай ертіп жүретін. Қасқыр оның сенімді досына айналды.*

Ойын нәтижесінде балалар қиялға беріле отырып, оқиға желісін ойлап тауып, түрлі әңгімелер құрастырды, шығармашылықтарын жетілдірді.

Ұқсас заттардың қатынасын табу жеңіл болғандықтан, педагог тарапынан баланың таным үдерістері іске қосылып, ойлануға, ойлап табуға әрекет жасайтындай күрделірек жағдайлар туғызылды.

Келесі кезекте авторлық этнографиялық *«Зергер»* ойынын ұсындық.

*Ойынның мақсаты:* балаларды қазақ халқының ұлттық бұйымдарымен таныстыру, сөздік қорларын молайту, ойлауын, есте сақтауын, зейінін дамыту, танымын кеңейту негізінде креативтік әлеуетін дамыту, елжандылыққа тәрбиелеу.

*Ойын барысы:* Ойынның негізгі материалы пішіні әр түрлі, көлемі үлкендеу 10 суреттен тұрады. Олар: киіз үй, домбыра, қобыз, бесік, сандық, торсық, дастархан, текемет, «Жайлау», «Зергер» суреттері. Олардың ішінде бірнеше заттың орны бос тұрады. Ол орындардың бетін жүргізушінің сандығынан шыққан сәйкес суреттермен жабады. Ойынға 5 балаға дейін қатыса алады. Олардың әрқайсысына 2 үлкен суреттен таратылады. Жүргізуші кез-келген суретті шығарып, «Мынау не? Бұл кімге керек?» - деп сұрайды. Балалар өз суреттеріне қарап, не екенін, қай суретке тиесілі екенін жылдам тауып, «маған керек» деп жауап беру керек. Ойын жүргізушінің сандықтағы суреттері

таусылғанша ойналады. Ойын соңынан әр бала өзінің суреттеріне сипаттама береді.

Ойынды алғаш рет ойнағанда балалар суреттегі кейбір заттардың атауларымен таныс болмады, көрсетілген суреттерді бірден таба алмады, ойлау жылдамдықтары төмен болды.

Ойынды қайталап ойнау кезінде балалар өзіне берілген суреттермен жылдам танысып, тақырыпты түсініп, жүргізуші көрсеткен сурет өздеріндегі суреттің бір құрауышы болып табыла ма, соны пайымдап, осының бәріне көп уақыт жоғалтпай, шапшаңдықпен әрекет етті.

Ойын нәтижесінде ұлттық бұйым атауларымен танысып, сөз қорлары молайды. Ойлау жылдамдықтары артып, танымы кеңейді, сурет туралы ой қорытуы тиімді ой жұмысына жетеледі.

Қалыптастырушы эксперимент барысында ересек жастағы балалардың ойын, қиялын, сөйлеу белсенділігін ынталандыру, баланың сөйлеуіне жауап беретін мидың нейродинамикалық үдерістерін дамытуда тиімді нәтиже беретін нейроойындар түрлері де қолданылды. Нейроойындар оң жақ және сол жақ ми сыңарларының арасындағы өзара байланысты арттыратындығымен ерекшеленеді. Мәселен, осындай ойындардың бірі - *«Алақан мен жұдырық»*.

*Ойынның мақсаты:* зейінді жылдам аудару қабілетін, есте сақтауын, қол қимылдарын дамыту, ойын ережесіне сай қимылдар жасау арқылы жылдам ойлауға үйрету.

*Ойын барысы:* Педагог балаларға қимылдарды көрсете отырып, түсіндіреді.

«Алақан» - үстелдің үстіне оң алақанымызды төңкеріп, сол алақанымызды жоғары қаратып қоямыз, сосын керісінше алақандарымызды жылдам аударамыз.

«Алма» - қолымызды жұдырығымызды түйгендей етіп ұстаймыз, бас бармағымызды қайыра ұстап, сабағын көрсетеміз. Бас бармақтарымызды ашып-бүгіп отырып оң қолымызбен сабағы бар алманы, сол қолымызбен сабақсыз алманы көрсетеміз. Енді керісінше жасаймыз. Осылай он шақты рет қайталаймыз.

Келесі қимыл оң қолымыздың жұдырығын түйіп тігінен ұстаймыз, сол қолымыздың алақанын төмен қаратып оң шынтағымыздың астына көлденең ұстаймыз және қолдарымызды қимылын ауыстырамыз. Он шақты рет қайталаймыз.

Жоғарыда келтірілген ойын, балаларға өте қызық, әрі ойын материалдарын қажет етпейтіндіктен педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеттерінде жеңіл пайдаланылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында *«Симметриялы сызбалар»* ойынының тапсырмалары балалардың ерекше қызығушылығын туғызды.

*Ойынның мақсаты:* балалардың қол қимылдары арқылы ми жұмысының белсенділігін арттыру, жасырын қабілеттерінің ашылуына ықпал ету, есте сақтау, қабылдау, ойлау, зейінін дамыту.

*Қажетті құралдар:* симметриялы сызбалары бар ақ парақтар, түрлі-түсті қақпақтар, қарындаштар.

*Ойын барысы:* Балаларға қақпақтар, төменде көрсетілгендей симметриялы сызбалары бар парақтар таратылды. Балалар бірінші кезеңде парақтардағы сызбаны төменгі жағынан екі қолындағы қақпақтармен бастыра отырып, жоғарыға қарай келеді, сосын керісінше төмен қарай түседі.

Екінші кезеңде үзік сызықтармен берілген симметриялы сызбаларды қарындаштармен бастырады. Басты талап екі қолмен бір уақытта бірдей жұмыс істеуге тырысу керек.

Нейроойындар мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың миындағы жаңа нейрондық байланыстарды қалыптастыруда өте маңызды. Бала көптеген дамуға белсенді нейрондармен дүниеге келеді. Бірақ баланың даму барысында ми қатпарларында нейрондық тізбектер пайда болмаса, олардың мағынасы жоқ. Мида қолданылмайтын нейрондар әлсірейді де, психологиялық және физиологиялық даму жүрмейді. Мектеп жасына дейінгі балаларға ойын тапсырмаларының жүйелі қайталануы арқылы бірте-бірте баланың миында нақты ақпарат қалыптасып, білім мен тәжірибе жинайды. Жинақтаған білім мен тәжірибесін өз бетімен қолданып, креативтілік дағдыларына айналдыра алады.

Сонымен қатар, «Таңғажайып болжамдар» ойыны да балалардың ойына айрықша қозғау салды.

*Ойынның мақсаты:* балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын, тілін дамыту.

*Ойын барысы:* Мұндай болжамдардың техникасы өте қарапайым. Олар сұрақтар түрінде болды: «Не болар еді, егер де...?» Кез келген нәрсені әрекеттің атауларымен біріктіре отырып, ойлануға болатын болжам шығарамыз. Мысалы: «Егер көліктер болмаса, не болар еді?», «Егер өмірімізде ақша болмаса, не болар еді» «Күн кенеттен ғайып болып кетсе не болар еді?», «Тобымызға аю кіріп келсе, не болар еді?»

Балалар қалаулары бойынша өздері жауап берді, қайталап ойнау барысында өздері сұрақтар қойып, әңгіме де құрастырды. Мысалы, «Тобымызға аю кіріп келсе, не болар еді?»- деген сұраққа, «аюмен Маша сияқты дос болатындарын», «жатын бөлмеге тығылатындарын», «хайуанаттар бағына хабарласатындарын», «ол цирктің аюы болса, қауіпсіз екенін», «оның есіктен сыймайтынын» айтып, түрлі пікірлер білдірді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың теңдессіз құралы ретінде, ойынға зор мән беріп, оны ұйымдастыру формалары мен әдістерін түрлендіру, жаңа әдістер мен тәсілдерді іздестіру, ойынды балалар іс-әрекетінің басқа түрлерімен байланыстыра пайдалану, ойын тәжірибесін, білімін байыту, ойын міндеттерін қоюға және шешуге баулу және т.б. арқылы ойын әрекетін ұйымдастыру әдістемесін жетілдіре отырып, балалардың креативтік әлеуетін дамыту мақсатына жетудің мүмкіндігі зор.

Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісінде баланың креативтік әлеуетін дамыту мәселесі шынайы көңіл аударуды талап етеді.

Олай болса, балалардың креативтік әлеуетін дамытудың негізі болып табылатын танымдық үдерістерге қозғау салып, оларды белсенді дамытуға септігін тигізетін ойын түріндегі шығармашылық тапсырмаларды мектепке

дейінгі ұйымдарда бейімделген бағдарламалар арқылы жүйелі жүргізе отырып, жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Зерттеу жұмысы барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» атты бейімделген бағдарлама әзірледік. Бағдарлама педагогтер мен балалардың таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында сағатына 2 ойыннан 36 сағатқа есептеліп жасалды.

Бағдарлама мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды мақсат етеді. Бағдарлама тақырыптар мазмұны бойынша түсініктерін кеңейту, білімдерін толықтыру; балаларды шығармашылық белсенділікке ынталандыру, қызығушылықтарын ояту, қабілеттерінің ашылуына түрткі болу; ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал ету; креативтік ойын түрлері арқылы ойлау, қабылдау, түйсік, қиял, зейін, есте сақтау, сөйлеу танымдық үрдістерін, қол моторикасын дамыту; балаларды дербестікке, еркіндікке, тапқырлыққа, белсенділікке, ойлау жылдамдығына, ұтқырлыққа, алғырлыққа, байқампаздыққа, табандылыққа өз бетінше шешім қабылдауға өзгелердің пікірін құрметтеуге үйрету; қимылдық, коммуникативтік, зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру; денсаулықтарын сақтауға және нығайтуға, табиғатты қорғауға, адамгершілік құндылықтарға, елжандылыққа, достыққа тәрбиелеу міндеттерін алдыға қояды.

Бағдарламаны жүзеге асыруда ӨТШТ (ТРИЗ) (өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы), оригами, ойын технологиялары, қиял биномы, фокалдық нысандар, кішкентай адамдармен модельдеу, ертегі коллажы, синектика, нейроойындар және тағы басқа әдіс-тәсілдер қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналып құрастырылған «100 креативті ойын» жинағының мазмұны қалыптастыру эксперименті барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуға арналған ойын түрлеріне бағытталған.

Жинақ ӨТШТ (ТРИЗ) элементтері бар, ұлттық үлгідегі, нейро, оригами, дидактикалық, қимылдық, музыкалық-ырғақты, көшбасшылық, сюжетті-рөлдік, театрландырылған, құрылыстық-конструктивтік және тағы басқа ойын түрлерінен құралды. Жинақ мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын, қабылдауын, зейінін, есте сақтауын, ойлауын, қиялын, тілін жетілдіру арқылы креативтік әлеуетін дамытып, олардың қарым-қатынас, қимыл-қозғалыс дағдыларының қалыптасуына, дамыту ортасына бейімделуіне, ой-өрісінің кеңеюіне, адами құндылықтарды түсінуіне бағытталған ойындардан тұрады.

Ойындар жинағын, бағдарламаны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта мектептердің мектепке дейінгі шағын орталықтарында, мектепалды дайындық сыныптарында, дамыту орталықтарының жұмысында пайдалануға болады.

Ойын жинағында берілген ӨТШТ (ТРИЗ) элементі бар, *«Бұрын не болған?»* ойыны бала танымын дамыуға, салыстыруына, ойлауына, ой

қорытындысын шығаруға үйретуімен ерекшеленді.

*Ойынның мақсаты:* балалардың заттардың неден жасалатыны немесе жан-жануарлар мен өсімдіктердің пайда болуы туралы түсініктерін қалыптастыру, салыстыруға, талдауға, қорытынды шығаруға үйрету, ойлауын, қиялын, тілін дамыту.

*Ойын барысы:* Педагог балаларға сұрақ қойды. Олар ойлана отырып, ол заттардың бұрын не болғанын тапты.

- Қой бұрын не болған?
- Ол бұрын қозы болған.
- Едендегі кілем бұрын не болған?
- Кілем бұрын қойдың жүні болған.
- Қалам бұрын не болған?
- Қалам бұрын пластмасса болған.
- Киім бұрын не болған?
- Киім мақта болған немесе синтетикалық талшық болған.
- Гүл бұрын не болған?
- Гүл бұрын дән болған.

Бұл ойынды бірнеше рет ойнап, жаттығып алғаннан кейін келесі кезеңге өтуге болады.

- Велосипед бұрын не болған?
- Ол бұрын темір болған.
- Темір бұрын не болған?
- Ол бұрын темір рудасы, яғни тас болған.
- Аяқ киім бұрын не болған?
- Ол бұрын былғары болған.
- Былғары бұрын не болған?
- Ол сиырдың терісі болған. Сиырдың ғана емес, қойдың, жылқының, тіпті қолтырауынның терісі болған.
- Олар бұрын не болған?
- Сиыр бұзау, қой қозы, жылқы құлын, қолтырауын қолтырауынның баласы болған.

Балалардың жауаптары әр түрлі болғанмен, әрбір жауапқа мән беріліп талданды. Ойын нәтижесінде балалардың байқампаздықтары, зейіні артып, сөз қорлары молайды. Аталған заттардың бұрын не болғаны немесе неден жасалғаны туралы ойланып, бір-бірімен салыстыра білуге, ойша жіктеуге үйренді. Қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылған ойындар нәтижесінде балалардың қызығушылық, ұмтылыс, қиял, ойлау, сөйлеу, белсенділігі, өзіндік бағалауы арқылы креативті әлеуеттің тұлғалық, зияткерлік, қоғамдық, эмоционалдық, танымдық түрлері дамыды.

Балалар көзімен көрген, қолымен ұстаған заттар және құлағымен естіген оқиға желісін өз бетінше өрбітіп, ойдан құрастырып, эмоциялық көңіл-күйге түсіп, ойын жеткізуде еркіндік пен сенімділікке ие болады. Ал, еркіндік пен сенімділік бала креативтілігінің дамуының негізі.

Баланың креативтік әлеуетін дамыту тәрбиелеу мен білім беру үдерісінің дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты болады. Ол үшін оқу-тәрбие

үдерісі әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қабілеттерін дамытып, талантын ұштайтындай етіп ұйымдастырылуы қажет. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мазмұны барынша толық, ұйымдастырылуы тиімді болуы мақсатын көздей отырып *креативті ойындарды ұйымдастыру алгоритмін* әзірледік.

*Алгоритм дегеніміз алдын-ала белгілі нәтиже бағытталған нақты іс-әрекеттердің реттік тізбегі*, ал, креативті ойындарды ұйымдастыру алгоритмі мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне ойын технологияларын тиімді ұйымдастырып, кезең-кезеңімен жүргізуде көмегін тигізетін нұсқау ретінде қолданылады.

*Креативті ойындарды ұйымдастыру* мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту.

*Креативті ойындарды ұйымдастырудың міндеттері:* креативтік ойын түрлері арқылы балалардың қабылдау, ойлау, түйсік, қиял, зейін, есте сақтау, сөйлеу сияқты танымдық үрдістерін, қозғалыс дағдыларын, қол моторикасын дамыту, шығармашылық белсенділікке, бастамашылдыққа ынталандыру, қызығушылықтарын ояту, қабілеттерінің ашылуына түрткі болу, дербестікке, еркіндікке, тапқырлыққа, өзіне сенімділікке, ойлау жылдамдығына, ұтқырлыққа, алғырлыққа, табандылыққа үйрету, өз бетінше шешім қабылдауға, өзгелердің пікірін құрметтеуге, ойын мазмұнына қарай адамгершілікке, елжандылыққа, табиғатты, өнерді сүюге, еңбек етуге тәрбиелеу.

Креативті ойындарды ұйымдастыру мақсат, міндеттеріне жетуде оған сәйкес бірқатар педагогикалық қағидаларды ұстанатын боламыз:

- баланың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы - баланың денсаулығы, психикалық және дене дайындығы, жеке ерекшелігі, бейімділігін ескеру;

- таңдау еркіндігі қағидасы – балаларға ойын түрін, желісін, рөлдерді және т.б. әрекеттерінде таңдау құқығын беру.

- белсенділік қағидасы – балалардың ойын үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

- жаңашылдық және тартымдылық қағидасы - ойын үдерісінде балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ойында жаңа элементтердің болуы және қызықты ұйымдастырылуы;

- дербестік қағидасы - ойын барысында шешім қабылдауда және іс-әрекетте балалардың дербестігін сақтауы;

- бәсекелестік қағидасы - балаларды ойында жетістікке жетуге ынталандыру;

- мәселелік қағидасы - мәселені шешу қабілеттерін көрсету үшін ойында проблемалық жағдаяттар туғызу;

- еркіндік қағидасы - ойын қимылдарын жүзеге асырудың еріктілігі мен өзгермелілігі;

- нәтижелілік қағидасы - ойынның нәтижелі болуын болжау;

- кері байланыс қағидасы – жаңа ойынмен танысқанда балалардың ойын ережелерін қаншалықты меңгергендерін білу, алған әсерлерімен бөлісу үшін

кері байланыс жасап отыру (29-кесте).

Кесте 29 - Мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмі

| | | |
|---|---|---|
| Мақсаты: | Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамыту | |
| Міндеттері: | - креативтік ойын түрлері арқылы балалардың қабылдау, ойлау, түйсік, қиял, зейін, есте сақтау, сөйлеу сияқты танымдық үрдістерін;<br>- қозғалыс дағдыларын, қол моторикасын дамыту;<br>- шығармашылық белсенділікке, бастамашылдыққа ынталандыру,<br>- қызығушылықтарын ояту, қабілеттерінің ашылуына түрткі болу;<br>- дербестікке, еркіндікке, тапқырлыққа, өзіне сенімділікке, ойлау жылдамдығына, ұтқырлыққа, алғырлыққа, табандылыққа үйрету;<br>- өз бетінше шешім қабылдауға, өзгелердің пікірін құрметтеуге;<br>- ойын мазмұнына қарай адамгершілікке, елжандылыққа, табиғатты, өнерді сүюге, еңбек етуге тәрбиелеу. | |
| Қағидалары: | баланың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру, таңдау еркіндігі, белсенділік, жаңашылдық және тартымдылық, дербестік, бәсекелестік, мәселелік, еркіндік, нәтижелілік, кері байланыс қағидалары | |
| Әдістері: | Фокалды нысандар; қиял биномы; КАМ, кинезиология, қарама-қайшылықтар, қиялдау, ертегі коллажы, эмоцияны бағындыру, синектика, ассоциация әдістері және т.б. | |
| Құралдары: | Ойын материалдары: ойыншықтар, құрастырғыштар, суреттер, пазлдар, балалар кітапшалары, музыка және дене шынықтыру құралдары және т.б. | |
| *Кезеңдері* | *Педагогтің іс- әрекеті* | *Балалардың іс-әрекеті* |
| Дайындық кезеңі | Ойын тақырыбына байланысты балалармен алдын-ала кіріспе әңгімелер, психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізеді | Балалар ойын мазмұны жайлы мағлұматтар алады, ойын түрлерімен танысады. |
| Ойынмен таныстыру кезеңі | Ойын мақсатын анықтайды, балаларды ережесімен, құралдарымен таныстырады, ойын әрекеттерінің кезеңдерін түсіндіреді. | Ойнауға дайындалады, ойын ережесін, мазмұнын меңгеру әрекетіне кіріседі, ойын материалдарымен танысады. |
| Негізгі ұйымдастыру бөлімі | Ойын үдерісін ұйымдастырады, ойын барысын бақылайды. Сұраныс болса, көмек береді, қажет болған кезде ойынға араласады. | Ойын іс-әрекеттерімен айналысады, яғни, ойнайды. Қажет болса көмек сұрайды. |
| Қорытындылау кезеңі | Ойынның мақсатына жетуін талдайды, нәтижелерін қатысушылармен бірге талқылайды. | Балалар өзінің және достарының әрекеттерін, жұмыстарын бағалайды. |
| Ұсыныстар кезеңі | Балалардан ойынды өзгертуге, толықтыруға байланысты ойлануға, ізденіске шақырады. | Балалар ойынды толықтыруға, өзгертуге байланысты пікірлерін білдіреді, өз нұсқаларын ұсынады. |
| Нәтижесінде ересек жастағы балалардың креативтік әлеуеті дамиды. | | |

Креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмін жүзеге асыруда ескерілетін мәселелер:

- ойынның мақсаты нақты қойылып, қажетті материалдардың алдын-ала дайындалуы;
- ойынмен таныстыру кезеңінде ойынның ережелерінің, жүргізілу тәртібінің балаларға толық түсіндірілуі;
- ойын әрекетіне балалардың түгел, белсенді қатысуын қадағалау;
- ойын үстінде балаларды ойлануға, шешім қабылдай білуге, шығармашылық танытуға жетелеу;
- ойынға қызығушылықтарын арттыру үшін ойын түрлерін, әдіс-тәсілдерін үнемі ауыстырып, өзгертіп, жаңа элементтермен толықтырып отыру;
- ойынның тәрбиелік мақсаттарын естен шығармау.

Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін дамытуда мектепке дейінгі ұйым педагогтеріні тарапынан балалардың ойын әрекетінің ғылыми тұрғыда ұйымдастырылуы; заттық-дамытушы ортаның талапқа сай құрылуы; ойын барысындағы педагог пен балалар арасындағы эмоционалдық жайлы қарым-қатынас, баланың таңдау еркіндігі мен тәуелсіз іс-әрекетінің қамтамасыз етілуі; тәрбиешінің жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, ойынды тартымды, шебер ұйымдастыруы жоғары жетістіктерге әкеледі.

Ойын әрекеті барысында педагог шеберлігімен, жаңашыл, ерекше әдіс-тәсілдерімен балаларды қызықтырып, олардың ой-пікірлеріне сыйластықпен қарап, жағымды қарым-қатынас орната білген жағдайда балалардың креативтік әлеуетін дамыту табысты болады.

### 3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға бағытталған әдістемелік кешен енгізілгеннен кейін эксперименттің бақылау кезеңінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетінің дамытуға кешеннің ықпал ету деңгейіне қайталама диагностикалық зерттеу жүргізіп, тиімділігін бағалау үшін эксперименттік және бақылау топтарындағы нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргіздік.

Мотивациялық компоненті бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейін О.М. Дьяченконың «Фигураларды аяқтау» әдістемесі бойынша екі зерттелуші топтар балаларының іс-әрекеттерге қызығушылығы, ойнауға құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа ұмтылысының жоғары, орташа және төмен деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Осылайша, ЭТ-та келесі көрсеткіштер 27 баланың (51,9%) іс-әрекеттерге қызығушылығы, ойнауға құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа ұмтылысының жоғары, 17 балада орташа (32,6%), 8 балада төмен деңгейі (15%) анықталды. БТ-да 13 балада іс-әрекеттерге қызығушылығы, ойнауға құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа ұмтылысының жоғары (26%), 16 балада орташа (32%), 21 балада (42%) төмен деңгейі анықталды.

Анықтау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелерін салыстыра отырып, эксперименттік топтағы балалардың іс-әрекеттерге қызығушылығы, ойнауға құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа ұмтылысының деңгейі

айтарлықтай жоғарылағанын көреміз. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға бағытталған әдістемелік кешен енгізілгеннен кейін, балалардың іс-әрекеттерге қызығушылығы, ойнауға құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа ұмтылысының орташа және жоғары дәрежелі санатқа көшкенін көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі мотивациялық компонент бойынша О.М. Дьяченконың "Фигураларды аяқтау" әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелері төменде көрсетілген (30-кесте, 27-сурет).

Кесте 30 - Қалыптастырушы эксперименттен кейін мотивациялық компонент бойынша О.М. Дьяченконың "Фигураларды аяқтау" әдістемесінің нәтижелері

| Шкалалар | Зерттелуші топтар | |
|---|---|---|
| | ЭТ (n=52) | БТ (n=50) |
| Шығармашылық әрекетке қызығушылықтың жоғары деңгейі | 27 (51,9%) | 13 (26%) |
| Шығармашылық әрекетке қызығушылықтың орташа деңгейі | 17 (32,6%) | 16 (32%) |
| Шығармашылық әрекетке қызығушылықтың төмен деңгейі | 8 (15%) | 21 (42%) |




Сурет 27 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі мотивациялық компонент бойынша О.М. Дьяченконың "Фигураларды аяқтау" әдістемесі нәтижелерінің диаграммасы

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың бейімделген бағдарламасы, «100 креативті ойын» жинағы, креативті ойындарды ұйымдастыру алгоритмі, авторлық, этнографиялық «Зергер» ойынынан тұратын әдістемелік кешен мектепке дейінгі ұйымдардың ұйымдасқан іс-әрекеттерінде шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдері, құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Қалыптастырушы эксперименттің маңызды бағыты

аталған әдістемелік кешеннің мектепке дейінгі ұйымдардың ұйымдасқан іс-әрекеттерінде шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдері, құралдарын пайдалануда балалардың ойлау, қабылдау, түйсік, қиял, зейін, есте сақтау, сөйлеу сияқты танымдық үрдістерін, қозғалыс дағдыларын, қол моторикасын дамыту, шығармашылық белсенділікке ынталандыру, қызығушылықтарын ояту, қабілеттерінің ашылуына түрткі болу, дербестікке, еркіндікке, тапқырлыққа, ойлау жылдамдығына, ұтқырлыққа, алғырлыққа, табандылыққа үйрету, өз бетінше шешім қабылдауға, өзгелердің пікірін құрметтеуге тәрбиелеу міндеттерін қойдық. Ойындардың баланың психикалық функцияларын, зиятын дамытуда, біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда, дүниетанымының кеңеюінде, жалпы жеке тұлғаның жетілуінде құнды құрал екенін байқадық. Келесі кезекте мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуеті деңгейін анықтау арқылы Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша мотивациялық компонентке диагностика жүргіздік (31, 32-кесте, 28-сурет).

Кесте 31 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі Э. Торренстің «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша балалардың креативті әлеуетінің даму деңгейлерінің коммулятивті кездесу жиілігі мен орта мәнінің көрсеткіштері

| Шкалалар | Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі эксперимент тобы № 166 балабақша (n=52) | | | | | | Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі бақылау тобы №108 балабақша (n=50) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-субтест | | 2-субтест | | 3-субтест | | 1-субтест | | 2-субтест | | 3-субтест | |
| | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% | $f_i$ | ω% |
| ҚЭД ӨЖ | 8 | 15,4 | 7 | 13,5 | 9 | 17 | 5 | 10 | 5 | 10 | 2 | 4 |
| ҚЭК ӨЖ | 10 | 19 | 12 | 23 | 11 | 21 | 6 | 12 | 6 | 12 | 3 | 6 |
| ҚЭД ЖД | 8 | 15,4 | 9 | 17 | 8 | 16 | 9 | 18 | 10 | 20 | 7 | 14 |
| ҚЭК ЖД | 16 | 31 | 13 | 25 | 17 | 32 | 10 | 20 | 10 | 20 | 8 | 16 |
| ҚЭД ОД | 10 | 19,2 | 13 | 25 | 12 | 23 | 11 | 22 | 14 | 28 | 11 | 22 |
| ҚЭК ОД | 18 | 35 | 21 | 40 | 20 | 39 | 14 | 28 | 16 | 32 | 18 | 36 |
| ҚЭД ТД | 26 | 50 | 23 | 44,2 | 23 | 44 | 25 | 50 | 21 | 42 | 30 | 60 |
| ҚЭК ТД | 8 | 15 | 6 | 12 | 4 | 8 | 20 | 40 | 18 | 36 | 21 | 42 |
| Ескерту: $\sum f_i$ - коммулятивті кездесу жиілігі; ω% - орта мәні ; | | | | | | | | | | | | |

Кесте 32 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінің нәтижелері

| Тұлғаның креативтілік әлеуетінің даму деңгейлері | Зерттелушілер тобы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ҚЭД (ЭТ) | ҚЭК (ЭТ) | ҚЭД (БТ) | ҚЭК (БТ) |
| | ω% | ω % | ω% | ω% |
| Тұлғаның креативтілігінің өте жоғары деңгейі | 11,6 % | 21 % | 8% | 10% |
| Тұлғаның креативтілігінің жоғары деңгейі | 16,0 % | 29 % | 17% | 18,7% |
| Тұлғаның креативтілігінің орташа деңгейі | 22,4 % | 38 % | 24% | 32% |
| Тұлғаның креативтілігінің төмен деңгейі | 50 % | 12 % | 51% | 39,3% |




Сурет 28 - «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінің креативтік әлеует деңгейлерінің қалыптастырушы экспериментке дейінгі және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі алынған нәтижелерінің диаграммасы

Диаграммада көріп отырғанымыздай, Э. Торренстің «Тұлғаның креативтігін диагностикалау» тесті бойынша креативтік әлеует 5 шкала негізінде 3 субтест арқылы даму деңгейлеріне қайтадан диагностика жүргізіліп, салыстырмалы түрде сандық және сапалық мәліметтері интерпретацияланып анықталды. Алынған нәтижелерді өңдеу барысында қалыптастырушы экспериментке дейін ЭТ-да балалардың креативтілік әлеуетінің өте жоғары деңгейінің орта мәні 11,6% құраса, жоғары деңгейі 16,0%, орташа деңгейі 22,4%-ды құрады, яғни ойын әрекетінде қызығушылығы, білуге құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа

ұмтылысы орташа деңгейді көрсетті. Тұлғаның креативтілік әлеуетінің төменгі деңгейі 50% құрады.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін ЭТ-да балалардың креативтілік әлеуетінің өте жоғары деңгейінің орта мәні 21%, жоғары деңгейі 16%-дан көрсеткіші 29%-ға артса, орташа деңгейі 22,4%-дан 38%-ға, яғни ойын әрекетінде қызығушылығы, білуге құмарлығы, орындауға талпынысы, жаңалыққа ұмтылысының орташа деңгейінің арттқанын көруге болады. Тұлғаның креативтілік әлеуетінің төменгі деңгейі ҚЭД 50% құраса, ҚЭК ЭТ –да 12%-ды көрсетті. БТ тұлғаның креативтілік әлеуетінің өте жоғары деңгейінің орта мәні ҚЭД 8% құраса, ҚЭК БТ-да 10%, жоғары деңгейі ҚЭД БТ-да 14%, ҚЭК БТ-да 18,7%, ҚЭД БТ –да тұлғаның креативтілік әлеуетінің орташа деңгейі 24% болса, ҚЭК БТ-да 32% құрады. Тұлғаның креативтілік әлеуетінің төменгі деңгейі ҚЭД 51% құраса, ҚЭК БТ–да 39,3% қамтыды. Ойын іс-әрекетінде балалардың қызығушылығы, білуге құмарлығы, талпынысы, ізденімпаздығының артқандығын байқауға болады.

Түрлі сұрақтар қойып, туындаған идеяларды дамытуға, толықтыруға, кеңейтуге деген ұмтылыстарының біршама артқандығын байқатты. Екі топтан алынған мәліметтер арасында мәнді айырмашылықтар айтарлықтай байқалды. 34-кестеден және диаграммадан көріп отырғанымыздай, креативті әлеуетінің мотивациялық компоненті бойынша даму деңгейі зерттеудің қалыптастырушы экспериментке дейінгі және қалыптастырушы эксперименттен кейінгі ЭТ-нан алынған мәліметтер БТ-на қарағанда біршама айтарлықтай мәнді айырмашылықтардың бар екендігі байқалады (33-кесте).

Кесте 33 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінің нәтижелері

| Шкалалар | Зерттелуші топтар | |
|---|---|---|
| | Эксперименттік топ (n=52) | Бақылау тобы (n=50) |
| Тұлғаның креативтілігінің өте жоғары деңгейі | 21 % | 10 % |
| Тұлғаның креативтілігінің жоғары деңгейі | 29 % | 18,7 % |
| Тұлғаның креативтілігінің орташа деңгейі | 38 % | 32 % |
| Тұлғаның креативтілігінің төмен деңгейі | 12 % | 39,3 % |




Сурет 29 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінің нәтижелері

Келесі зерттеудің танымдық компоненті кезеңінде қалыптастырушы эксперименттен кейін ересек топтағы балалардың танымдық үрдісінің психологиялық ерекшеліктеріне С.М. Жақыпов пен Ф. Бизакованың «Ойлау үрдісін диагностикалау», «Сөйлеу үрдісін диагностикалау», «Қиял үрдісін диагностикалау» әдістемелерін қайталап жүргізгеннен кейінгі зерттеу нәтижелері төменде берілген (34-кесте, 30- 32-сурет).

Кесте 34 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі танымдық компонент бойынша танымдық үрдістерін диагностикалау нәтижелері

| Әдістемелер | Танымдық үрдістер | Топ | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ж | О | Т |
| «Ойлау үрдісін диагностикалау», «Артығын тап» | ойлау | ҚЭД ЭТ(52) | 11(21%) | 17 (32%) | 24 (47%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52 | 22 (42,3%) | 27 (51,9%) | 3 (5,7%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 12 (24%) | 18 (36%) | 20 (40%) |
| | | ҚЭК БТ (50) | 14(28%) | 19 (38%) | 17 (34%) |
| «Қиял үрдісін диагностикалау: «Ойын ойлап тап» | Қиял | ҚЭД ЭТ (52) | 11 (21%) | 19 (37%) | 22 (42%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 21 (40,4%) | 25 (48%) | 6(11,6%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 9 (18%) | 17 (34%) | 24 (48%) |
| | | ҚЭК БТ (50) | 11 (22 %) | 19 (38 %) | 20 (40 %) |
| «Енжар сөздік қорын анықтау» | Сөйлеу | ҚЭД ЭТ (52) | 9 (17%) | 18 (35%) | 25 (48%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 20 (38,4%) | 28 (54%) | 4(7,6%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 8 (16%) | 16 (32%) | 26 (52%) |
| | | ҚЭК БТ (50) | 9 (18%) | 20 (40%) | 21(42%) |




Сурет 30 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Ойлау үрдісін диагностикалауға арналған «Артығын тап» әдістемесінің нәтижелері




Сурет 31 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Сөйлеу үрдісін диагностикалауға арналған «Енжар сөздік қорын анықтау» әдістемесінің нәтижелері




Сурет 32 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Сөйлеу үрдісін диагностикалауға арналған «Енжар сөздік қорын анықтау» әдістемесінің нәтижелері

ЭТ-та 22 баланың (42,3%) «ойлау үрдісінің жеткілікті деңгейі» (жоғары); 27 баланың (51,9%) «ойлау үрдісінің қалыптасуы» (орташа) байқалады; 3 баланың (5,7%) «ойлау үрдісінің» (төмен) екендігі байқалды.

БТ-да 14 (28%) баланың «ойлау үрдісінің жеткілікті жоғары деңгейі» бар; 19 (38%) бала «ойлау үрдісінің орташа деңгейін»; 17 бала (34%) «ойлау үрдісінің төменгі деңгейлерін» (35-кесте мен 28-сурет) көрсетті.

ЭТ-та «қиял үрдісінің жеткілікті деңгейі» (жоғары) 21 балада (40,4%); 25 балада (48%) «қиял үрдісінің қалыптасуы» (орташа); «қиял үрдісінің» (төмендігі) тек 6 (11,6%) балада байқалды.

БТ-да 11 (22%) балада «қиял үрдісінің жеткілікті жоғары деңгейі»; 19 (38%) балада «қиял үрдісінің орташа деңгейі»; 20 (40%) балада қиял үрдісінің төменгі деңгейлері айқындалды. Нәтижелер 35-кесте және 29-суретте берілген.

ЭТ-та 20 баланың (38,4%) «сөйлеу үрдісінің жеткілікті деңгейі» (жоғары); 28 баланың (54%) «сөйлеу үрдісінің қалыптасуы» (орташа); 4 баланың (7.6%) «сөйлеу үрдісі» (төмен) деңгейі екені анықталды.

БТ-да 9 (18%) балада «сөйлеу үрдісінің жеткілікті жоғары деңгейі»; 20 (40%) балада «сөйлеу үрдісінің орташа деңгейі»; 21 (42%) балада сөйлеу үрдісінің төменгі деңгейі көрінді (35-кесте мен 30-сурет).

Зерттеудің келесі кезегінде іс-әрекеттік компоненті бойынша "Мүсін" әдістемесі бойынша зерттеу жүргізгеннен кейін ересек топтағы балалардың шешім қабылдаудағы дербестігі, қарым-қатынас белсенділігі, орындау шапшаңдығы, жауап берудегі тапқырлығы деңгейін қайтадан диагностикалау барысында қалыптастырушы эксперименттен кейін келесі нәтижелер алынды:

ЭТ-да 15 бала (28,8%) жоғары деңгейге; 29 бала (55,7%) орташа деңгейге; тек 8 (15, 2%) бала төмен деңгейге ие болса, БТ-да 11 адам (22%) жоғары; 21 адам (42%) орташа деңгейде; 18 баланың (36%) деңгейі төмен (35-кесте, 33-сурет).

Кесте 35 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «іс-әрекеттік» компоненті бойынша зерттелуші топтарға жүргізілген «Мүсін» мен "Топтарға бөлу" әдістемелерінің нәтижелері

| Әдістемелер | Креативті әлеует белсенділігі | Топ | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ж | О | Т |
| «Мүсін» әдістемесі (саз балшық, сурет салу, жапсыру) | шешім қабылдау *дербестігі*, қарым-қатынас *белсенділігі,* орындау *шапшаңдығыж* ауап берудегі *тапқырлығы* | ҚЭД ЭТ (52) | 12 (23%) | 18 (35%) | 22 (42%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 15 (28,8%) | 29 ( 55,7%) | 8(15,2%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 7 (14%) | 19 (38%) | 24 (49%) |
| | | ҚЭК БТ(50) | 11 (22%) | 21 (42%) | 18 (36%) |
| «Топтарға бөл» әдістемесі | | ҚЭД ЭТ (52) | 14 (27%) | 18 (35%) | 20 (38%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 17(32,6%) | 32 (61,5%) | 3 (5,7%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 14 (28%) | 17 (34%) | 19 (38%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 16 (32%) | 23 (46%) | 11(22%) |




Сурет 33 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «іс-әрекеттік» компоненті бойынша креативтілік белсенділігі нәтижелері

Осылайша, эксперименттік топта мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуеті шешім қабылдаудағы дербестігі, қарым-қатынас

белсенділігі, орындау шапшаңдығы, жауап берудегі тапқырлығы тұрақты ұстанымға ие бола түсті.

Сонымен қатар, қалыптастырушы эксперименттің іс-әрекеттік компоненті бойынша мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтілігін дамыту үшін қолданылатын ойын технологияларына контент-талдау әдісі қайтадан жүргізіліп, эксперименттік тәжірибелік мәліметтер алынды. Қабылдау, ойлау түрлерін, қиялдау, есте сақтау, сөйлеу, зейін үдерістері; ақыл-ой, шығармашылық қабілеттері; жазу, оқу, санау, сурет салу, ән салу, билеу; заттарды өлшеміне, пішініне, түсіне, орналасуына қарай жіктеу, бүтінді бөліктерге бөлу, бөліктерді «ойша» қайта жинау, кеңістіктік ойлау; шығармашылық қиялды, фантазияны; мидың қызметін белсендіру, зейінді шоғырландыру, ми жарты шарларының қызметін үйлестіру, ақпаратты есте сақтау, бір әрекеттен екіншісіне жылдам ауысу, қимыл координациясын, ұсақ және ірі моториканың және т.б. даму деңгейлерінің артқанын және олардың талпыныстары мен тапсырманы орындау кезіндегі ұмтылыстарынан байқадық. Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі экспериментте эксперимент және бақылау топтары бойынша балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды ұйымдастыру тәсілдерін контент-талдау әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштерін талдадық және төмендегі кестелерде зерттеуде алынған мәліметтер көрсетілген (36-кесте).

Кесте 36 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі экспериментте ЭТ, БТ балалардың креативтік әлеует белсенділігін ойын технологиялары ақылы ұйымдастыру тәсілдерін контент-талдау әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері (%)

| Ересек топтағы балалардың креативтік әлеует белсенділігін ойын технологиялары арқылы ұйымдастыру тәсілдері | Кездесу жиілігі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылық қиял | жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы | дербестік, бастамашылдық, мақсатқа жетуде жақсы нәтижелер беруі | қолдың ұсақ моторикасы | талдау, салыстыру,жалпылау және тынды жасау қабілеттері | белгісіз мәселенің тиімді шешілуі | өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру | белгісіз мәселені шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау) |
| Анықтаушы эксперимент ώ% | 0,40 % | 0,42 % | 0,55 % | 0,57 % | 0,36 % | 0,40 % | 0,50 % | 0,40 % |
| Қалыптастырушы эксперимент ώ% | 0,56 % | 0,48% | 0,66% | 0,46% | 0,66% | 0,58 % | 0,68% | 0,75% |

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі эксперимент тобына қатысқан балалардың іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеуетін ойын технологиялары арқылы дамыту мақсатында ойын іс-әрекеті үрдісінде

өткізіліп, балалардың креативтілік белсенділігін ойын арқылы дамытуды ұйымдастыру әдістерінің кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері жалпы түрде мәселені тұжырымдау 0,42%-ды, «белгісіз мәселенің тиімді шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау» 0,40% құрады. Белгісіз мәселенің тиімді шешілуі 0,48% құрады. Анықтаушы экспериментте «өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру» 0,55% қамтыса, қалыптастырушы экспериментте 0,75% көрсетті.

Анықтаушы экспериментте эксперимент тобына қатысқан ересек топтағы балалардың іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеуеттің даму деңгейін ойын іс-әрекеттері арқылы бақылау мақсатында, креативті әлеуетін дамытуды ұйымдастыру әдістерінің кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері шығармашылық қиял 0,40% құрады, жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы 0,42 %, «дербестік, бастамашылдық, мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелер» 0,55-тен 0,66-ға артты «белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау» 0,40 % құрады. Талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттері 0,36% құрайды. «Өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру» 0,50 % қамтыды (37-кесте).

Кесте 37 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі экспериментте БТ бойынша балалардың креативтік әлеуетін ойын технологиялары арқылы ұйымдастырудың контент-талдау әдісі бойынша кездесу жиілігінің пайыздық көрсеткіштері

| Ересек топтағы балалардың креативті әлеуітілік белсенділігін ойын технологиялары ақылы ұйымдастыру тәсілдері | Кездесу жиілігі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылық қиял | Жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы | дербестік, бастамашылдық, мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелер береді. | қолдың ұсақ моторикасы | талдау, салыстыру,жалпылау қорытынды жасау қабілеттері | Белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі | өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен | Белгісіз бір мәселені шешілуі, жетті идеяны таңдау (идеяны талдау) |
| Анықтаушы эксперимент ώ% | 0,40% | 0,46% | 0,36% | 0,36% | 0,44% | 0,26% | 0,54 % | 0,48% |
| Қалыптастырушы эксперимент ώ% | 0,48 % | 0,52% | 0,40% | 0,42% | 0,48% | 0,45% | 0,60 % | 0,53% |

Анықтаушы экспериментте БТ-дағы іс-әрекеттік компоненті бойынша балалардың ойын арқылы креативтік әлеуетінің ұйымдастыру тәсілдері арқылы шығармашылық қабілеттерінің *шығармашылық қиял 0,40*% құраса, қалыптастырушы эксперименттен кейін, *жалпы түрде мәселені тұжырымдай алуы* 0,40 % -ды, «белгісіз бір мәселенің тиімді шешілуі, қажетті идеяны таңдау (идеяны талдау» 0,48 %-ын құраса, қалыптастырушы эксперименттен

кейін 0,53% құрады. Талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттері 0,44% болса, қалыптастырушы эксперименттен кейін 0,48%-ды құрады. «Өз ойын еркін жеткізу, халықтық тәрбиені сіңіру, ұлттық сана мен дүниетанымын қалыптастыру» 0,54%-ды құраса, қалыптастырушы эксперименттен кейін 0,53 % -ды қамтыды (37-кесте).

Бақылау тобында ойын технологияларына дәстүрлі ұлттық, ережелі және кейбір дамытушы ойын түрлері қолданылды. Ал, эксперимент тобындағы балалардың креативті әлеуетінің белсенділігінің артуына ықпалын анықтау мақсатында арнайы ойын технологиялары қолданылғанын ескерген жөн. Бұл зерттеулер екі топтың креативті белсенділігінің дамуына ойын технологияларының қаншалықты әсер еткендігін және екі топтың арасында мәнді айырмашылықтардың бар екендігін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу нәтижелерінен алынған көрсеткіштер ЭТ-да БТ-дағы балаларға қарағанда іс-әрекеттік компоненті бойынша креативтік әлеуеті мен шығармашылық ойлауының біршама артқандығын байқатты.

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі зерттеудің келесі кезегінде рефлексиялық–бағалаушылық компоненті бойынша балалардың креативтік әлеуетінің дамуына әсер ететін өзінің және өзгелердің іс-әрекетін бағалай алуы деңгейін қайта диагностикалау мақсатында В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесі және Де Греефенің «Де Грееф сынақтары» әдістемелері жүргізілді. Өзара бірлескен іс-әрекеттік қарым-қатынас саласындағы өзінің және өзгелердің іс-әрекетін бағалай алуы ұстанымын жүзеге асырумен қатар, Өзіне, өзгелерге талапшылдығы, нәтижені бағалаушылығы, ойын айтудағы еркіндігі, өзіне сенімділігі деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі «Де Грееф сынақтары» әдістемесі бойынша бақылаудан алынған зерттеулерінің нәтижелері төменде келтірілген (38-кесте, 34, 35-сурет).

Кесте 38 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша зерттеудегі ЭТ-дың өзінің және өзгелердің іс-әрекетін бағалау деңгейлері бойынша «Баспалдақ» және «Де Грееф сынақтары» әдістемесінің нәтижелері

| Әдістемелер | Зерттеу өлшемдері | Топ | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ж | О | Т |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| В.Г. Щурдың «Баспалдақ» әдістемесі | Өзіне, өзгелерге талапшылдығы, нәтижені бағалаушылығы, ойын айтудағы еркіндігі, өзіне сенімділігі | ҚЭД ЭТ (52) | 13(25%) | 18 (35%) | 21 (40%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 14 (27%) | 30 (58%) | 8 (15%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 12 (24%) | 17 (34%) | 21 (42%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 10 (20%) | 22 (44%) | 18 (36%) |

38-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| Де Грееенің «Де Грееф сынақтары» әдістемесі | Өзіне, өзгелерге талапшылдығы, нәтижені бағалаушылығы, ойын айтудағы еркіндігі, өзіне сенімділігі | ҚЭД ЭТ (52) | 11 (21%) | 16 (31%) | 25 (48%) |
| | | ҚЭК ЭТ (52) | 15 (29%) | 32 (61%) | 5 (10%) |
| | | ҚЭД БТ (50) | 10 (20%) | 15 (30%) | 25 (50%) |
| | | ҚЭК БТ (50) | 8 (16%) | 26 (52%) | 16 (32%) |




Сурет 34 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі рефлексиялық-бағалаушылық компоненті бойынша «Баспалдақ» әдістемесінің нәтижелері




Сурет 35 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі рефлексиялық бағалау компоненті бойынша алынған «Де Грееф сынақтары» әдістемесінің нәтижелері

Келесі кезекте эксперименттің анықтау және бақылау кезеңдеріндегі зерттелетін топтардағы креативтік әлеует деңгейлерінің салыстырмалы кестесін ұсынамыз (39-кесте, 36-сурет).

Кесте 39 – Эксперименттің анықтаушы және бақылау кезеңдерінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға бағытталған әдістемелік кешенінен кейінгі даму деңгейлерін диагностикалаудың салыстырмалы нәтижелері

| Креативтік әлеуетінің даму дейгейлері | Эксперименттік топ | | | Бақылау тобы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Анықтау кезеңі | Бақылау кезеңі | Айырма-шылығы | Анықтау кезеңі | Бақылау кезеңі | Айырма-шылығы |
| Жоғары | 11(21,1%) | 19 (36,5%) | 8 | 12 (24%) | 15 (30%) | 3 |
| Орташа | 19 (36,5%) | 28 (54%) | 9 | 18 (36%) | 16 (32%) | -2 |
| Төменгі | 22 (42,3%) | 5 (9,5%) | -17 | 20 (40%) | 19 (38%) | -1 |

Анықтау және бақылау кезеңдерін салыстыратын болсақ, эксперименттік топта тәжірибелік жұмыстың соңында деңгейі жоғары балалар саны 7%-ға өсіп, -36,5%-ды құрады. Бұл көрсеткіш экспериментті анықтау кезеңінде 21,1%-ды көрсеткен. Тәжірибе басында орташа деңгей 36,5% болса, соңында 54% жетіп, 17,5% өсті. Төменгі деңгейдің айтарлықтай төмендеуі динамикасы 42,3%-дан 9,5%-ға дейін, осылайша 32,8%-ға төмендеді.




Сурет 36 - Эксперименттің анықтау және бақылау кезеңдерінде мектеп жасына дейінгі ересек топтағы балалардың ойын арқылы креативті әлеуетінің даму деңгейлерін диагностикалаудың салыстырмалы нәтижелері

Зерттеу нәтижелері мектеп жасына дейінгі ересек топтағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға бағытталған әдістемелік кешенді қолданудың тиімділігі мен мақсаттылығы дәлелденді, бұл ересек топтағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың жоғары деңгейіне

жетуге мүмкіндік берді. Мектеп жасына дейінгі ересек топтағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырудың тиімділігі бар екендігі туралы болжам дәлелденді. Бақылау және эксперимент топтарында алынған салыстырмалы көрсеткіштер оң динамикасын айқын көрсетті.

Эксперименттік топқа мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға бағытталған әдістемелік кешенді қолданғаннан кейінгі пайыздық көрсеткішінің жоғарылауы және әдістемелік кешеннің тиімділігі жөніндегі тұжырымымыздың дұрыстығын дәлелдеу үшін және алынған нәтижелердің статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтауға Пирсонның χ2 (хи - квадрат) критерийін пайдаландық.

Ол үшін мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделіп, мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісінде білім берудің тиімділігін арттыратын оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілсе, онда қоғам талабына сәйкес, жан-жақтылық пен шығармашылыққа бейім креативтік әлеуеті дамыған ересек жастағы бала қалыптасады, өйткені мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы креативтік әлеуетінің жоғары деңгейде дамуына жағдай жасалып, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің тиімділігі артады деген болжамды тексереміз.

Н0 - нольдік болжам$_0$- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы креативтік әлеуетінің жоғары деңгейде дамуына оқу-әдістемелік құралдар әсер етпейді.

*Н1* - жұмыс болжам - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын арқылы креативтік әлеуетінің жоғары деңгейде дамуына оқу-әдістемелік құралдар әсер етеді.

$\chi^2$ критерийі бойынша теоретикалық үлестірімді эмпирикалық үлестірімнен салыстыруға және белгінің көптеген эмпирикалық үлестіріммен салыстыруға болады. $\chi^2$ критерийі мына формуламен есептелінеді.

$$\chi^2 = \sum_{j=f}^{k} \frac{(fej - fn)2}{fn}$$

f ej – эмпирикалық жиілік

ft – теориялық жиілік

k- топтың саны

j – топтың реттік нөмірі

fi= $n/k$

n – зерттелушілер саны

Мәселен, креативтік әлеует қызығушылығы басым эксперимент тобы (1-топ) пен тапсырмаларды орындауда байқалған сәтсіздіктен қашу мотивациясы басым, яғни креативті әлеуеті төмен зерттелушілер тобының түрлі қиындық деңгейдегі тапсырмаларды таңдауының үлестірімдерін салыстырып көрелік.

1-3 – өте жеңіл креативті тапсырмалар;

4-5 орташа қиындықтағы тапсырмалар;

6-8 – күрделене бастаған тапсырмалар;

9-10 – күрделі тапсырмалар.

ЭТ-та 6 зерттелуші, ал БТ-да 12 субъект өте жеңіл тапсырмалар таңдап алды, ЭТ-та 14 респондент орташа қиындықтағы тапсырмаларды, ал БТ-да 19 зерттелуші таңдаса, ЭТ-та күрделене бастаған тапсырмаларды 22 зерттелуші, ал бақылау тобында 11 зерттелуші таңдап алды. Күрделі тапсырмаларды ЭТ-да 10 зерттелуші таңдаса, ал бақылау тобында 8 зерттелуші таңдады.

Ең алдымен, ЭТ зерттелушілерінің түрлі қиындық деңгейдегі тапсырмаларды таңдау жиілігін (яғни эмпирикалық үйлесімін) теориялық жиілікпен салыстырайық.

*$H_0$ - нольдік болжам*$_0$- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын тапсырмаларын таңдау үлестірімінің теориялық үлестірімнен жеткілікті мәнді айырмасы жоқ, яғни жоғары деңгейде креативті әлеуетінің дамуына ғылыми-әдістемелік құралдар әсер етпейді.

*$H_1$ - жұмыс болжам* - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ойын тапсырмаларын таңдау үлестірімінің теориялық үлестірімнен жеткілікті мәнді айырмасы бар, яғни жоғары деңгейде креативті әлеуетінің дамуына ғылыми-әдістемелік құралдар әсер етеді (40-кесте).

Кесте 40 – ЭТ және БТ креативтік әлеуетінің ойын арқылы даму деңгейлерін тексеру тапсырмалары бойынша қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі мәліметтердің сандық және сапалық талдауы

| Тапсырмалар № | ЭТ көрсеткіштері | БТ көрсеткіштері | Барлығы $\sum fj$ |
|---|---|---|---|
| 1.1-3 | 6 (А) | 22 (Б) | 28 |
| 2. 4-5 | 14 (В) | 9(Г) | 23 |
| 3. 6-8 | 22 (Д) | 11(Е) | 33 |
| 4.9-10 | 10 (Ж) | 8 (З) | 18 |
| Барлығы $\sum f_i$ | 52 | 50 | 102 |

Бұл топтың эмпирикалық жиілігі кестеде көрсетілген. Ал теориялық жиілігі

$f_t = k/n = 52/4 = 13$

Жоғарыда берілген формуласы бойынша $\chi^2$ мәнін анықтаймыз.

$$\chi^2 = \frac{(6+13)^2}{13} + \frac{(14+13)^2}{13} + \frac{(22+13)^2}{13} + \frac{(10+13)^2}{13} = 15{,}98$$

v= $k - 1 = 4 - 1 = 3$ үшін $\chi^2$ критерийінің шеткі мәндерін табамыз.

$$\chi^2 = \begin{cases} 7{,}815(p \le 0.05) \\ 11.345(p \le 0.01) \end{cases}$$

$\chi2$ эмп $\geq$ $\chi2$ крит, яғни біз *$H_1$ -* жұмыс болжамын қабылдаймыз. Мектепке

дейінгі ересек жастағы балалардың ойын тапсырмаларын таңдау үлестірімінің теориялық үлестірімнен жеткілікті мәнді айырмасы бар, яғни жоғары деңгейде креативті әлеуетінің дамуына ғылыми-әдістемелік құралдар әсер етеді.

Енді алғашқы айтылған эксперименттік топ пен бақылау топтары зерттелушілерінен алынған мәндерінің үлестірімін салыстырайық. Ол үшін тағы да статистикалық болжам құрамыз.

$H_0$ - нольдік болжамы, яғни эксперименттік топ пен бақылау топтары зерттелушілерінің түрлі қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды таңдау үлестірімдерінің арасында жеткілікті айырма жоқ.

$H_1$ - жұмыс болжамы, эксперименттік топ пен бақылау топтары зерттелушілерінің түрлі қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды таңдау үлестірімдерінің арасында жеткілікті айырмалықтар бар.

Эмпирикалық үлестірімдерді салыстыруда теоретикалық үлестірім мына формула бойынша анықталады:

$$f_t = \frac{(\sum fi * \sum fj)}{\sum f}$$

$$\frac{(18*52)}{102} = 9{,}17 \quad f_А = \qquad\qquad f_{Б} = \frac{(18*50)}{102} = 8{,}82$$

$$f_В = \frac{(33*52)}{102} = 16{,}8 \qquad f_Г = \frac{(33*50)}{102} = 16{,}2$$

$$f_Д = \frac{(33*52)}{102} = 9{,}17 \qquad f_е = \frac{(33*50)}{102} = 16{,}2$$

